


Дәурен КУАТ

Элқисса



Дәурен ҚУАТ

ӘЛҚИССА

*Хикаяттар мен әңгімелер.
Публицистикалық ой-толғамдар*



**АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2015**

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Каз)
К71

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша жарық көрді

К71 Куат Д.

Әлкисса: Хикаялтар мен әңгімелер. Публицистикалық ой-толғамдар. – Алматы: «Каратай КБ» ЖШС; «Дәстүр», 2015. 288б.

ISBN 978-601-7204-28-0

Жазушы Дәурен Куаттың «Әлкисса» атты кітабына мерзімді басылымдар мен интернет-басылымдарда жарияланып, оқырман қауымның ыстық ықыласына беленген әңгімелері мен хикаялтари топтастырылған. Шығармалары өзіндік жазу мәнерімен ерекшеленетін қаламгер ауыз әдебиетіндегі «Әлкисса» жанрын пайдалана отырып адам ұғымындағы өмірдің килем шындығын мифпен, мистикамен шебер астастырып, тосын байладандар жасайды.

Кітаптың екінші белімі автордың уақыт, заман, көғам жайлы дер кезінде сергек үн катқан, өз көзкарасын білдіретін ой-толғамдарынан тұрады.


Кітап әдебиеттің құрмет тұтатын оқырманға арналған.

50789

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Каз)


ISBN 978-601-7204-28-0

© Куат Д., 2015.
© «Дәстүр», 2015.
© «Каратай КБ» ЖШС, 2015.



I бөлім

Хикаялар мен еңбімдер



ОН СОМ *(әңгіме)*

... Естімейді емес кой. Естіп жүрген. Бірак, жалын төгіп жайылмаса, картасы майланбайтын қалың жылқының қамы әлгі сыпсын сөзді елең қылуға мұршасын келтіріп пе екен? Әне, тағы, иегін алқымына тығып алып, ала аяқ торы айғыр құла қасқаның үйіріндегі бірнеше қулық бие мен байталдарды бөле жарып, куа же-нелді.

«Япыр-ай, сонда шынымен солай болғаны ма?».

Тік қабак сұрша әйел. Бар пәле көзінде. Сүзіліп қарайтын...

Сүзіліп қарайды...

Беліне ораған шылбырды оқыс тартып орнынан тұрды. Кер жорға құлағын қайшылап әнтек тыптыршыған. Жылқышы Ай астында есінеген тауға еңсеріле бұрылды. Естімейді емес кой...

Төнірегін құба жондар коршаған қолаттың қолтығына тығызып, үйқышыл ауыл жатыр. Бакша бауды жағалай өскен тал-терек, кора-қопсы тегіс түн тыныштығына елітіп, қалғып кеткендей.

Сол ауылдың шетіндегі үйге атын ілби бастырып жылқышы такай берген. «Қазір үстерінен түссем, екеуін де пәршелеп тастаймын». Қолы икемге бағынбай, жорға кердің шылбырын шарбакқа зорға байлады. Міне, есіктін тұтқасы. Он аяғын босағаға тіреп, серпи жұлқыған. Емен есік міз бакпады. Енді кеп әйнек терезені сындыраңдардай қағып-қағып жіберді. Көршінің қанден иті шәу етті де, іштен «бұл кім?» деген үрейлі сұлба көрінді. «Мен» деді. Деді ме? Деген сиякты. Құлағы тарс бітеліпті....

Кеудесін толассыз ұрған жүрегінің дүрсілі бүкіл ауылды шошытып оятардай аламан тасырға ұласқан.

Рабайсыз адымдап табалдырықтан аттады. Жып-жылы. Қарсы алдында жұқа шыт көйлекпен бірге есіліп, толки тербеліп сүрша әйел тұр. Қос құрсақ көтерсе де, құлын мүшесі қылаусыз.

– Зәремізді ұшырдың ғой, әбден. Балалардың құты тіптен қашты. Бұның не? Бірдене ұрттап алғаннан саумысың? Жылқын қайда? Тұн жарымындағы жүрісін тегін бе, әйтесуір?

Сүрша әйел сөйлеп жүріп шам жакты.

Электр шәугімді отқа косты. Дастарқан жайды. Бала-лары бауырына тығылған. Бауыры еріп барады. Үйдін іші самаладай жап-жарық. Эй, өмір-ай?.. Қай-қайдағы канку сөзге еріп. Карапши. Дүниені қара түнек баскан-дай, қанына қарайып келгені. Мынау келбет, мынау көз. Кептер төс. Білек кабар қос мықын. Жанды ерітпей коя ма? Кенет, жылқышы, о, тоба, тұнғыш рет әйел сұлұлығына еркек біткеннің бәрі сұғын қадап, сұктануға ерікті екенін ойлады.

Сол тұні ол жар тәсегінде жатып, ала аяқ торының құла каска үйірінен боз биені бөле жара куып шыкканын, куып шығып айдалада шағылысқанын түсінде көріпти.

«Содан,— деп, алқа котан отырған жиынды жіті шо-лып өткен жігіт, әнгімесін әрі қарай әкетті. – Содан, күн тұсау бойы көтеріле атқа конып, қос басына жеттім. Жылқылар дін аман көрінді. Ала аяқ әдеттегідей бұлік салып жүр. Құндерді қундер құбірткедей кеміріп, жаз өтті. Коныр күз түсті. Сиыр сәскеде мал дәрігері Оспан келді. Біреулер оны «сұйық жігіт» деседі. Өзім ондайын байқамаппын. Орныкты секілді. Кашанда кішілігі, құрметі әзір. Қобдишасынан екі бөтелке суырды. «Жыл он екі ай құрық сүйреткеннен қажыған шығарсыз. Демалыңыз. Сауық етелік» деді. Екеуден екеу бір-бірімізге тілек айтып, мәре-сәре болдық. Ех, жігіттер, сондай сәттерде «осыған өзі не жетсін?!» деп пайымдаппын. Өкпе, реніш, қызғаныш атаулыны түгел ашы су тұздай ерітіп жіберіпті. Бойым балқып, кер жорғамен қўйыл-

жытқандай күй кешіппін. Өй, сонда Оспанды елжіреп, жақсы көргенім-ай!

— Аға, — деді Оспан менін көніл-күйімді тап басқандай, сонғы бөтелкедегіні сарқып отырып, — балаларды, женгейді сағынған шығарсыз. Барып, аунап-кунап оралыныз. Ертенге дейін жылқыға мен қарайын.

— Ой, жаным-ау, иә, сүйтші. Тан рауанымен қайтамын.. жылдам қайтамын, — деп кер жорғаны ағызып, ауылға тарттым.

Жылқышыны шығарып салып тұрған Оспанның миығында мыстан күлкі қалды.

... «Байғұс тізесі бір жылынбай ертелі-кеш жылқының сонында салпактайды. Катынының қылышынан «хабарсыз-ау»...»

«Мал дәрігері Оспан мен мектеп директорының құшағында кезек аунайды. Неткен тойымсыз сайқал еді?!».

«Кейінгі айларда Оспанды менсінбей Директорға біржола ауыпты дейді ғой...».

«Осылай да осылай» деп ауыл өсегінің өрттей лаулағаны ка-ш-шан.

Жылқышы ат басын дарбазага тіреді.

Емен есіктің ілгешегі салынбапты.

Ауызғы бөлменің кабырғасын сипалап кара түймені басты.

Карауыткан бұйымдар айқындалып, электр лампысынан шашыраған өткір сәулелер жанарын карықтырды. Сұрша әйел ышкынып оянды. Босағада, біз өкше туфлидің жанында қисық бас кара бәтенке жатты.

Директор кәдімгі директор болатын.

Дір-дір етеді. Рені қашып, иегінің, жағының қыл-қыбыры ұзара түскендей. Көзінің қарашибыры батып кетіпті.

Жылқышы дыбыс шығармады. Сұрша әйелдің ашық омырауына актарылған шашы да сіресіп қатып калғандай. Қыбырсыз. Сұлық түсіп созылған өлі тыныштық.

Сыртта байғыз жылады.

Жылқышы жымиды.

– Конағымның сакал-мұрты үсқынына, сірә, келіс-пейді. Қараши. Көнілдесінің койнына жігіт үстіп келе ме екен? Қатын, су жылыт.

Асықпай, қалтасына қолын сұғып, түйіншек алып шыкты. Түйіншекті таркатып еді, ортасынан сабы ими-ген ұстара табылды. Жұзін жазып, керзі етігінің қонышына ұзак жаныды. Сұрша әйел құмғанмен су кіргізіпті.

– Бері жакында, сері жігіт.

Директордың шашын асықпай баппен ұзак сыпырды. Директор бейшарада «Тамағымнан орып жібермесс пе екен?!» деп зәре жоқ. Бір уақытта сұрша әйелдің күйеуі директорды итеріп тастады.

Тәлтіректеп түрегелген. Жүрмек еді, алдын керіп жа-йылған бесті айғырдың терісіндей алакан бөгеді. Қан са-сиды.

– Қызметімді өтемейсіз бе, мырза?

«Ә-ә, өтеу керек кой. Өтеймін. Алыңыз. Қызыл акша. Ақшадағы бас – менін басым. Өзініз тазалап, жалап-жұктап қайтарған басым ғой. Ха-ха-ха!».

Директор қап-қара кою шашын Жылқышының төрінс тастап, көк тұқылына дейін ағарған басын иығына кондырып далаға шыкты. Түк білмейді.

Он сом. Басын құйқалаткан директордың «қызметіне» орай саусағына қыстырған он сомы. Шайын ішіп, кесесін төңкергеннен кейін, әйеліне рахмет айтып үстелдің шетіне тастап кеткен.

Тағы да он сом... Кешкі астын дастарканын жинамак-ка ұмтылған әйелінің жеңіне сұнгітті:

«Етті жаксы асыпсын. Енбегін үшін».

Он сом. Он сом. Он сомдар. Он сомдар бетіндегі қызыл бас онашада сұрша әйелге иек қағып, көз қысып самбырлап сөйлейтінді шығарды.

Ауылда, елдің үрейін ұшырып екі жынды: ак бас директор мен сұрша әйел бірде сұнқылдан зар айтып, бірде күліп көше кезетін.

– Сөйтіп «екі адамның өмірі мен денсаулығына қасаңа зиян жасады» деген айып тағылып темір торға қамалдым. Жігіт әңгімесін тиянактап, әдеттегідей бұрынғы Кенес Одағының ақшасы 10 сомдық банкнотты төс қалтасынан суырды:

– Жігіттер, осы жаман қағазбен де кісіні жазым ету түк емес. Бәрінен бұрын адамға сабыр қажет. Әгәрәки, ашумен кос салдақыны бауыздап өлтірсем ғой, мойныма 25 жыл жүктелер еді. Ха-ха-ха!

Алматы, 2001 жыл.

БАЙФЫЗ ЭЙЕЛ *(әңгіме)*

Пәтер иесі тік кабак сұрша әйелдің бүл қалада ешкімі жок болатын.

Мені, әсіресе, онын осы бір хәлі аса қайран қалдырушы еді. Әнеуқұнгі аз-кем сұхбатымызда ол өзінің қалада дүниеге келгенін, түпкілікті қалалық екенін білдірген. Қаршадайынан көпшіл, бауырмашыл әрі кісіге жұтымды болып өскен аңқылдақ басым пәтер иесі әйелдің томага түйыктығын, жалғыздығын түсіне алмай-ақ койды.

Қызмет істеген шығар? Қызмет істесе, қалайша сырлас, мұндастан ада, жалқы жан? Тіпті, шаңырак көтеріп, тұрмыс күрмаса да, кім-кімнің де алыстан туысатын ағайыны болмай ма екен? Қайғысы мен қуанышы қат-қабат өмірде адамның күні адаммен емес пе?

Алайда, үміт пен күдік көнілде кезек толқыған күндердің күрмеуі сәл босаған соң ба, әлде, қаланың каткыл тірлігіне бой алдыра бастадым ба, бірте-бірте жанағы сұраптарға жауап іздеуден мүлде арылдым. Йә, жалғыздықтың несі айып? Сырлас-мұндастыбылай койыныз, кейбір кіді пенденің пейіл-ниеті өз ұрпағынан да суынып, ата-анасынан да айниды ғой. Адам – серік, адам – адап... тек өзіне ғана.

Пәтер иесі (оны сыртынан кемпір деуші едім) күнұзак не істейді, нені күйкі тірлігіне күйбен етеді білмеймін, мен жұмыстан оралғанда ол жататын бөлменің есігі үнемі жабық тұратын.

Бір күні кемпір менен:

– Ішесің бе? Таныстарың бар ма? – деп сұрады.

Ішімдікке әуелден үйір емеспін, ал, төлемақысы аз, талабы күшті кара жұмыс маған әлдебіреумен шүйрекелесуге мұрша бермей келеді.

– Ішпесең – ішесің, жөндемді таныс таппасаң – табасың, – деді кемпір мениң жауабымды құтпестен бұрыла бере. Үнінде қатты тарынғандай кейістік бар. Ептең еңкіш

тарткан бойы таныстыктан, артық ауыз сөзден тыжырына қашқандай бейдауа күй анғартады. Бұл, тапқан-таянғаны жамбасакысы мен жан бағысына әрен жететін бозбалага үлкен кісінің ескертуі болар деп, біз әдеттегі қалпымыздан аумадык. Қарекетімізден таймадык...

Жұмыска ерте кетіп, көз байланғанда келемін. Жарыкты көп жакпаймын. Суды ысырап етпеймін. Еденді, есік-терезені сұртіп, кейде, кемпірдің колына ауыр сырт киімдерін де жуып беріп журдім. Байқаймын, менің осы елгезектігім, сыпайы-сынық мінезім катыбас пәтер иесіне ұнайтын сынайлы. Біз әредік келте жауаптасып, содан сон екеуара әнгімеге икемделе бастадык.

Күн аркан бойы ұзарып, жазғытұрым мезгіл зәулім үйлердің көленкесінде каткан тоңды ашыған камырдай көмпітіп, көктемнің алғашкы жаңбыры жауатын шақ таяп қалған. Қаланың қым-куыт, айкай-шуынан биік аспан тұнғықтанып, тізіліп құстар керуені өтеді.

Жұмыстан ерте босап, көнілді кайтканмын. Ауладан көрші тұратын кетік тіс кісі ұшырасты.

– Пәтерші баласың ба? – деді ол тісінің бос орнынан тілін жылмаңдатып. – Анау үйде ме?

Шамасы, «анауы» – пәтер иесі. Мен басымды изедім.

– Ә-ә...

Көршім бәріне дән риза жан немесе әзілкеш, қуакы біреу болса керек, үнемі жүзіне құлкі үйіріп, ширак жүретін. Әдетінше, құлімдеп: «Ә-ә», – деді де. Кенет селк етіп: «Тым жас екенсін-ау?» – деп басын шайқады. Мен бесінші қабаттағы пәтерімнің терезесіне қарағанмын. Терезе передесі толқып жабылғандай көрінді.

– Нағыз алапес, онбаған, ыскаяқ. Қасына жолап кетсен, қайдағыны айтып миынды шайқайды.

Кешкі асымыз ортақ кемпірдің көршіміз туралы пікіріне мен де елп етіп сөз коса койдым. Себебі, маған оны сөйле ту қажет. Сөйлессен – ұғысасың. Ал, пәтер иесімен ұғыссан, жамбаспұлдың көлемі азауы мүмкін.

– Онбаған, ыскаяқ, – дейсіз бе? – Бәсе, өзі сумандап ауланы жалғыз кезеді ғой. Немерелерін ертіп шықпай ма?

– Келіні мен баласына сүйкімсіз сорлыға немере ере ме?

– Хм-м... Солай ма? Өз ұрпағына сүйкімсіз сорлылықтан, жылап өткен жалғыз ғұмыр баянды болар.

Жүргім шым ете тұсті. Ып-ыстық ине-тасқын өн бойымды дуылдатып барады. Қап, бекер айттым-ау.
...Сол тұні кемпір ахілеп-ухілеп көп күрсінді.

Біз бұрынғы үнсіз, жым-жырт мылқау калпыныңға кайта оралдык. Үй ішіндегі заттардын бәрі сұрықсызданып, сүйк зәй тартады. Төргі бөлмеден әлсіз, бірақ, шер-мұнына тірі адамның жаны төзбейтін кемпірдін күрсінісі естіледі.

Жұмыстан калжырап, ыстығым көтеріліп, әрен жеткем. Жайсыз жатыппын. Тұсініксіз, келте, коркынышты түстен шошынып басымды жастықтан жұлып алсан, так төбемнен төніп тұр: ак кебінге оранған Ажал! «Тым жас екенсін-ау!» Кетік тіс көршімнің дауысы самбырлап дәл құлағымның түбінен естілді. Ары қарай көк пен жердін шексіз өзегі. Сұнгіп барамын, сұнгіп барамын.

Оянсам, касымда кемпір отыр. Кәдімгі қамкор, мейірімді аналардын үнімен:

– Тұні бойы алағызып, ұйықтай алмадың, балам, – дейді.

Інір үйіріліп, кас-карайған бір кеште кемпір әлдекімнен құпияланғандай баяу сейлеп. сыр актарып еді.

– Менін барша касіретім театрдан басталды.

Әңгіме тыңдауға ынталы екенімді байқатып басымды изедім. Оның аксұр жүзіндегі тақыс тағдырдың жазуы іспетті әжімдері де құбірлеп кося сөйлейтіндей сайланып шыға келіпті.

...Касіретім театрдан басталды, – деді ол. – Кезекті маусымның шымылдығы ашылар тұста беделді бір аксақал жазушының туындысы койылмак-ты. Сол кезде бізді, әртістерді, «бас кейіпкер – әйел рөліне көкеміз кімді лайық көреді екен?» – деген сұрак сұмдық толғантатын. Азалы әйел. Керемет еді.

Жалқы сәт кейде жадындағыны тұтас жанғыртып өткенде, дәл қазіргі хәлінді танып тұрғандай қүй кешесін: мен кемпірдін әңгімесін бұрын, өзіме беймәлім уақыттың кеністігінде өмір сүріп жүріп естіп алғандаймын. Көнілім құлазыды. Тірліктे береке кем. Мұн мағынасыздыққа ұласыпты. Кімге керекпін? Кімге керексін, сен мұнлық?

– Саган бәлкім, түсінү киын шығар? – Кемпір маған үңіліп қарап қойды. – Сонда да айтайын. Талантты әртіс сахнадан өзі сомдайтын тұлғаны таныса бітті – жанын салады. Ауырады. Азалы әйел – менің рөлім болатын.

– Аксакал әйел рөліне сені лайық көріпті, – деді бірде мені онаша алып шықкан көркемдік жетекшіміз аксия құліп. – Өншейін сыпайы тілегі бар секілді, соны орындасан жетеді.

Мен әйел рөлінен бас тарттым. Алайда, ана шалдың сыпайы тілегі былайғы жұртқа сырсың сез болып таралды да, күйеуім ішіп кетті. Қөнілі лайланса, жан азасына берілетін дәрменсіз байқұс екен, аракқа салынып ақыры қаңғып өлді. Оның өлімі де маған пәле болып жабысты. Рөл тимеді. Жалакы аз. Маңыма ешкім жуымады. Қос жетімегімді қолтығыма қысып театрдың сұық бөлмелеріне конып қалып жүрсем де жанашыр жақын табылмады. Сөйтіп, бедірейген безбүйрек ортадан безіп, кара жұмыска жегілдім. Қеудем шерге толып, тіл байланды. Мылқау, мұсәпір хал кешіп ұлдарымды енді жеткіздім-ау дегенде екеуі бірдей суға кетіп, мен сорлы жалғыз қалдым.

Кемпір ағыл-тегіл егілді. Балаша солқылдан, токтамай жылады. Шыдай алмай мен де еніреппін. Сосын жұдырығымды түйіп:

– Әлсіздікке, әйелдің әлсіз жанына араша бар ма? – деп айқайладап жібердім.

– Әлсіздікті арашалау – кате. Әлсіздікпен құресу керек, – деді жана ғана жер таянып отырған жетім кәрі бойын тез жиып.

Кемпірдің түннен түнек жамылған курсінісі осы әнгіменден кейін ашық зарға ұласты. Таң сарғайып атқанша оның сұнқылдаған дауысы дамыл таппайтын. Әредік шашын иығына шашып қаракөленкे бөлмені кезіп, пышақ кайрап кіжінеді: «Бауыздал тастаймын!», «Өлтіремін!». Сонан соң шырпы тұтатып менің қасымда ыржыып тұратынды шығарды.

Кету керек. Шағын жүк сөмкемді көтеріп бірінші қабатка түсе бергенмін, кетік тіс көршімен маңдай түйістіріп қалдым.

– Ә-ә, қашып баrasын ба? – деді ол әдеттегідей «ә-ә»-сін созып. – Бұл кемпірден бәрі қашқан. – Тұған-туысының

бірі жоламайды. Екі ұлы жетімдер үйінде өскен. Ат ізін салғанын көрмедік. Сенің алдында зінгіттей бір жігіт жамбас пұлын төлеп тұрган еді. Ақыры сол байқұс еліріп ауыратын дертке шалдырып шықты ғой осының үйінен. Мынаның бар ма, мынаның пәлесі бар. Жалмауыз, әлде жәдігей. Талай рет доктыр шакырып, сыртынан нұқсан жібердік. Нәтиже жок. Түгелінің жауабы жалғыз: «Дені сау, дерті жок», – дейді. Дегенмен, шырағым, басын аман құтылғаның жөн болды. Өнін боп-боз, корыккансын-ау әбден. Келші, таңдайынды көтерейін. Баланың бойында үрей қалмасын. Үрей жаман. Ал, сау бол. Аман жүр, әкесі.

Әлгі үрей, мен кейін жастар газетінде қызмет істеген жылдары құрбы достарымының ортасында қызығушылық тудырып, ептеп театр жағалауыма тұра келді.

– Сіз осындай әртісті танисыз ба? – деп сұрадым баяғы көркемдік жетекшіні тауып алып.

– Аклима, Аклима Сыпатаева талантты актриса еді. Жетекші женіл құрсінді де, кабырғадағы фотосуреттерді көзімен шолып өтті.

– От еді ғой. Кез келген кейіпкердің бойынан драматургдарытып, режиссер дамыта алмаған курделілікті тауып алатын да, асқактатып жіберетін. Аксакалдың туындысындағы әйелдің роліне Аклима қатты қызықты. Бұл, рас, театрға келген жүрттың көз жасын бұлаудай ететін-ак дүние еді. Әйелдер, неге екенін білмеймін, трагедияға әуес кой. Қойылымның шырқау тұсында қаһарман әйел дүшпандар екі баласын тірідей бауыздап жатканда туған бауырын бауырына басып аман алып қалады. Ерлік пе осы? Мүмкін, бұл әйелдің еркінен тыс әрекеті шығар? Бәлки, баладан да жан тәтті: әйелдің тапқан тәсілі болар? Жауының өзі бекзат, беу дүние, бізден озған заманда катынға дейін кайсар, ер екен десек те, қайран Аклимаштың тағдыры бүлінбесе керек-ті.

– Сіз кінәлі емессіз бе? – дедім мен көркемдік жетекшінің жалының кайтқан жүзінеге тұра карап.

– Қарияның билеп-төстеп қалған бір жаман мінезі болды. «Аклиманы шакыр. Сөйлесейін» деген сон құл көргем. Женгетайлықка жүрсем, жаным шықсын. Ақыры күбір-сыбыр сез тарады. Аклиманың күйеуі, болашағы кемел актер еді, ішкілікке салынды. Аклима оған қараған жок, екі ұлын

жетектеп келіп жаңыға тұсті. Шал қырсыкты. Рөлді бермей қойды. Аклима шанқылдаپ сөйлейтінді шығарды. Бәсекелестері бел ала тұсті. Аклима театрдан кетті. Оны өнердің шалығы соғыпты. Ол өнердің касіретіне ғашық екен. Ал, шырағым, өнердің касіреті өмірдің азабымен кабаттасса, адам байғызыға ұксап тұнде сұнқылдайды. Тұнге шағынады. Тұнге жылайды.

Ілгеріде, жан-дұнием ешкіммен жаразтық таппай, Аклиманың қолына кіріп алған едім. – Көркемдік жетекші иығын кусырып жүдеп сала берді. – Төзбедім. Тіпті, жынды болып кете жаздадым. Бәріміз де әртіспіз ғой. Бірак, Аклимадай азалы әйел кейпіне енген ұлы актисаны көрген жокпын...

Құрмет тактасына ілінген фотосуреттердің орта тұсынан мен Аклиманың бейнесіне көз токтаттым. Жас, сұлу әйел маған уылжи қарайды.

Алматы, 2003 жыл.

ЖАЛБЫЗЫМ МЕНИң -ЖАЛҒЫЗЫМ (Громеск-әңгіме)

Каусаған шағында ардакүрең асауға мінгені не қылғаны...

Құсайынов кабинетінің құлпын бұрап ашып тұрып, екі тәулік бойы тілсіз жатқан науқас жайлы ойланған болды. Іле аурұхана ішінде сапырылысқан шаруаға селт етпейтін сака дәрігердің күйіне беріліп, терезенің тұсына барып іркілген. Мизам. Жаздың жыбырлап өтіп болмайтын құндерінен жалыққандай сағым аунаған дала сұлқ жатыр. Шағын қалашыктың іргесінен түрілген кара жолды шаңдатып жүк машинасы Баянжүректің колтығына тұмсығын сұғып барады. Кезекті еңбек демалысын күтіп жүрген Құсайынов дөңгеленген дүниедегі домаланған пенделігінен қажығандай тұңжыр күйге енді. Сосын самарқау ғана ой сауып, «Ажалына көрінген ғой» дей салды ішінен. Ал ажадамның әлпештеген жанын бірде ардакүрең асаудың жалынан аударып әкетсе, бірде қандауырдың қылпыған жузінен айнытып алады. Жұмсақ орынтақтың аркалышына шалқалай жайғасқан Құсайыновтың көз жанары кілегейленіп, кірпіктері айқаса бергенде әлдебірдене ағараң еткендей болған. Байқаса, соған бағанадан қадалып қалыпты. Аңылжыған кеністікке барып-қайтып, барып-қайтып ес таппаған санасында, міне, бірте-бірте ағарандаған болмыстың адами кейпі айқындала бастады. Кемпір екен. Астынғы ерні қызыл иегінен әрмен қарай дамылсыз құлап, сөйлеп отырғанына да едәуір уақыт болған сиякты. Сонысын ұқтырғандай орнынан көтерілді де, сәткө іркіліп, қалың ақ шуберектен сырып тігілген дорбаның ішіндегіні нұскады. Желгөзектен са-мал жүтіріп өтсе керек: Құсайыновтың нашатыр басқан бөлмесінде жалбыз исі анқып коя берді...

Бұл кезде жансактау бөлімінің төсегінде екі тәуліктен бері тілсіз жатқан бейдауа науқастың жаны аксау-

мал нұрдын бойымен тұнғиық көкке зырқырап шықкан болатын. Кенет аксаумал нұр дүлей қаранғылыққа жұтылды да Жан заһары зәндемнен сұық ағынға ілініп кете барды. Ағын тоқтар емес. Таусылар емес. Жан ышқынды. Тұнғиық. Ағын. Жалғыздық. Мәнгілік азап осы шығар деп ойлады Жан. Әйткенмен де куанып кетті. Ойлай алады еken! Бакида да өмір бар деуші еді ғой. Тұпсіздікте оянған түсісігіне мерейленген Жан жапжарық жаратылыста тұрғанын сезінді. Аспан да жок, жер де жок: әлдебір құдіреттің колына конғандай уыз тіршілік. Сол кезде көрді: тап қасында ыкшам әскери киім киген шенді офицер мен кенеп плащ жамылған карасүр кісі состия қалыпты. Офицер бұған жылы шырай танытып, сия көк жанарынан ұшқын ата қарайды. «Кел, жақында» дегендей ым қағады. Жанның жылағысы келді. «Мен сені шырамытатындеймын. Мен сенен адасып қалғанға ұқсаймын». Құс мамығындағы елбіреп, ақманар боп үйіған уыз тіршілікке енді кескінді әйел пішіні бітті. Ашық, сәнді терезесі жарқыраған үйдің ішінде әлгі әйел үрпекбас сары баланы алдына алып әндедегі. Сызылған сазды әуенге еліткендей сәби анасының мықынына басын сүйеп, бауырына тығылады. Үйге офицер енді. Жүзінде сұлу жарға деген ынтықтық пен сүйкімді ұлға деген әкелік мерейдің жүрек лұпілдеткен шаттығы ойнайды. Ыстық құшак, бакытты тұрмыс шаттығы. Үрпекбас баланы анасының алдынан алып төбесінен иіскеген офицер оны әуелете көтеріп, әткеншек ойынына кірісті. Офицердің қолы жоғары көтерілгенде үрпекbastың дәңгелете киған шаштары лап беріп құйындағы көтеріледі де, кері кайтқанда желп етіп басылады. Жан әкесінің алаканында әлпеншек теуіп сықылықтаған сәбидің Өзі еkenін таныды. Осы сәт жалғаса түссе еken, мәнгілікке үзілмесе еken. Жан енді анғарды: жаңағы карасүр кісі жамылған ұзын кенеп плаштың жік-жігінен баданадай ірі тамшылар атқылап, етегіне қарай сүйретіле құлады да, сырғи акты. Мөлдіреп аккан көз жасындаиді. Жан кенеп плаштың бойында дамылсыз сырғыған тамшыларға қызыға қарап қалған еді. Бір уақытта үрленген көбіктей ірі бір тамшының ішінде үрпекбас сары баланың ағып бара жатқанын

көріп шырқырай ұмтылған. Бірақ, кешігіпті. Үрпекбас бала баданадай ірі тамшының ішінде қолын жалғыз-ақ рет бұлғады да, аспанға ұмтылып аласұрған жер бетіндегі аждаһаның аузына топ ете түсті.

«Азат етуші армия» неміс фашистерінің табандасқан карсылығына ұшырап, Т. қаласына баса-көктеп кіре алмай көп іркілген. Екі жақ та қисапсыз шығынға ұшырады. Аспанды күкірт қауып, айналаны күлімсі ііс – сасық еттің исі түмшалап тастаған. Орыс жерінің аязды қысы от бүркіп, жалын құскан шынжыр табан танктерден тұра кашкандай төніректің кары жидіп, еріп жатыр. Кейбір сіре боп қатқан кардың құртігінен өлген жауынгердің құрт кемірген сүйегі аршылып қалса, күкірт арасынан қоламса қолқанды суырады.

Артынан қалың кол, ауыр артиллерия келіп сақайған «азат етуші армия» Т. қаласын қара ала етіп үйітіп, бәрібір басып алды. Женімпаз әскер шаһарға әндептіп кіргенде мұндағы жұрт көрден жана тұрғандай ербиіп, терісіне ілінген төзімнің ұясындау кеуделерін иген сыйнай танытқан. Қала – мекені жер саналатын мүгедектердің отаны секілді – сау адам емге жолықпады. Тас қамалға айналып, берілмен қалаға жау шебі емес, қыз-қырқынның ләzzат сыйлар төсегі деп карап тоят тілеген қырғын ерек ермек қылар ұрғашы табылмаған соң қырылуға таяғанда көшедегі канғыбас балалар нысанаға ілікті. Арасынан бәлиғатқа жасы толмаған жаратылысы әйел заты ұшырасса, ішімдікке мелдектеп тойған мас солдаттар құтырып кете жаздайтын. Сондай бір құтырынған топ жартылай қираған үйдің жертөлесінде үрпекбас сары баланы бауырына басып тығылған салпақ шашты Сашаның устинен түскенде шиберідей шулады. Усті-басы қара балшыққа әбден міленген Александраның иегіндегі балғын нәзіктікті алдымен аңғарған жалпақ сары, тіпті, сакылданап құліп те жіберген. Зенбіректердің оғынан міз бакпаған қиранды үйдің жертөлесіндегі зәй тартқан тас қабырғаларға Сашаның шар еткен үні соғылды да тынды.

Орыс кызы Александра мынау үрпекбастың әскери шені биқ әкесі мен ерекше сәнмен киінетін шешесін сырттай билетін. Олар осында тұрактап қалатын жандардай алыстан үйелменімен коныс аударып келіпті. Офицер мырза өзгелердей орыстарға сұық қабак танытпайтын. Ал фрау Рерих жиегі кең шляпасының астынан төнірегіне жәудірей караушы еді.

Совет әскерлері қалаға басып кіргелі бері жетімдіктін зар күйінс тұскен неміс офицерінің ерке ұлы мей байқұс Саша осылайша тағдырлас болып табысып, солдаттар төккен жуындыны тығылып жеп күнелтетін.

Құлағында қалғаны сол: үрейден ұшынып шар ете тұскен жалкы үн. Еміс-еміс есіне оралатыны – ұзын кенеп плаш жамылған түсі сұық қарасұр адам. Төнірегін түгел жасқап, саяқ жүретін әлгі адам бұған биртиған бармағының үстіне салып ботка беретін. Содан кейін так-тұқ, так-тұқ, тарс-тұрс, тарс-тұрс етіп талыксыған бір сарын. Анда-санда айдалаға маңып кеткендей үзіліп токтағанымен кайта жалғасады. Таңдайна ашқылтым дәм келеді. Ашқылтым дәм тынысын тарылтып тыптырағанда басын қылтитып шығарып қоятын. Сонда әлдекайдан жайкалып таңсық ііс анкып жететін. Кейде... таңдайын жаратын ашқылтым дәм мен таңсық ііс қарасұр адамның жаланаш қойнынан катар бұркыраған кезде үрпек бас бала онын бауырына тығыла түсіп, кеудесіндегі сүт ағарын сілемейлеп таставтын...

Көне-көне заманның шежіресіндегі кәрі Жонғардың мұзарт шындарында алабас атан бұлттар аунайды. Әредік зау биқтен жарқ етіп көрініп, ғасырлардың ғазалын сөйлердей бауырындағы тіршілікке ентелеп төніп кайтатын байтак Жонғар бүгін тағы бір сырдың күәгері болғалы тұр.

Қарасайдын аузындағы қараша ауылдың кәрі-құрттаны Тұқымбектің Керман соғысынан қойнына тығып әкелген баласына азан шақырып ат коймак. Дүниеде казактан басқаны танымайтын шал-шауқан мильтығынан жалбыратып тұлым жіберген ортадағы шикіл сары балаға тамашалай қарайды. Сәби де қаумалаған халайық-

ты тан көретін секілді. Эркімге бір жапактап, текеметтің үстіне төге салған ірімшікті теріп жеп, шөпен-шөпен етеді. Аздан кейін дабырлаған жұрт тыылып, иегіндегі ақ күміс сакалы әуелеп кайтатын карттын аузын бағып, мұлгіп қалыпты. Қарт алаканын жайып токтағанда дағарадай кимешектің астында шөкелеген кемпір орнынан кирелендей көтеріліп, тұлымды ұлдын колына кәрі жілік ұстартты да, басынан аттап өтті. Үйдегі жұрт коғадай жапырылған. Артынша тұлымды ұлдын құлағына алкам-салкам адырлардан атойлап шықандай алапат үн естілді.

- Сенің атын – Тәнірберген!
- Әкеннің аты – Тұқымбек!
- Тапқан анаң – Асылхан!
- Сенің атын – Тәңірберген!
- Сенің атын – Тәңірберген!

...Тәнірберген тәтті бала болып өсті. Төрт жасында жалаң аяқ ауылдың борпылдақ топырағын кешті. Бес жасында бұзауға мініп алатынды шығарды. Алтысында асау үйретемін деп көкесіне қыфылық салды. «Кой сана, шырак, кой сана, кабырган әлі каткан жок, бұғанан бекіп біткен жок» деген үлкендерге алты жасында байшұбар атқа ер артқан Алламыс батырды айтып жалынатын. Жеті жасында көкесі жетектеп апарып мектепке берді.

Ақсары жүзі тотығып қырдын нарт қызыл бозбасына айналған Тәнірберген он алтыға толғанда Жонғар Алатауының теріскейіндегі коянжондар тотияйынға малынғандай толықсып, барқыт белдерді шұғынық гүл жапты. Көрші үйдегі Жамал қыз да бұлықсып бой жетіпті. Өзіне мұлдем ұғынықсыз халмен Тәнірберген інір үйіріле Жамалдың пердесі жұка терезесіне телміреді. Әуелі бозбаланың ғазиз жүрегін жандырып, барлық бөлменің шамы самаладай жарқырайтын да, соншалыкты ыстық бейне шарайнаның алдында бұландалап тұрып алатын.

Түннің бір уағына дейін шал мен кемпір күбірлеседі.

– Көкесі-оу, жалғызды аяктандырмаймыз ба? – дейді кемпір.

– Менің балам оқиды, нәшәндік болады, – дейді шал.

– Ата-баба, зәу-затында оқумен ағарған пенде жок.
Койши, – деп тыржындайды кемпір.

- Болмаса – болады, – деп егеседі шандыр шал.
- Мына Жамалдай эйбэт боп өскен бала жок осы ауылда, – деп тамсанады кемпір.

Сонда... күнұзак шоктан түспейтін үлкен жез шәугімдей ысылдап лезде үйқыға бас қоятын шал қайта оянып, көніліне алаң кіріп, кірпігі қамыспай жаткан зінгіттей үлын еркелеткендегі үнімен: «Жарығе-е-ем, жарығе-е-ем», – деп дей далаға лағатын.

Аспан асты сайрауық құстардың әнімен тербеліп, ал-қынған күндер зымырап өте шықты. Ауылдағы оку аякталды. Тәнірбергеннің көкесі қашаннан бір сөзді адам: жалғыз үлын нәшәндік кылмақшы. Жамал да, мектепті үздік тауысқан тағы бірнеше талапкер Алматыға сапар шегіп барады.

– Кеткениң ғой, қу жалғыз. Енді қайтып ак мандайыннан ііскер күн туар ма еken, тумас па еken? – деп кемсендеді анасы. Сырға берік, мінезге мәрт кариялар мен кейуаналар зар-мұнлықты ананың мына сөзіне қайсып: «Зекетің боп өтейік. Жаман ырым бастама. Ұлың әлі-ак арсаландап кеп мойныңа асылады», – десіп жа-мырай тіл катқанымен, айбоздағының талайын соғыстың жұтқыр көмейіне беріп, қайғы шеккен жылаулы елдін ішінен кәрі шешелер анырап даусы сала бастады. Қөптің шуылына селт етпей Тұқымбек қана Жонғардың апай тесіне шаншылып қалыпты. Медет тілегендей. Матай стансасынан Алматыға баратын жүрдек поездың жүретіні хабарланды. Осы кезде ғана анасының құшағынан босаған Тәнірберген көкесін бас салған. Эке баласының самай шашын қайырып, жұпар жұтқандай тенселді. Бала әкесінің майда әжімдер торлаған мойнын тістелеп тұрып алды. Көзінен ыршыған ыстық жас көкесінің алқымын шимайлаған әжімдерді селдей қаптап, сырғанап ағады. Кәрі кеуде жусанға шомылғандай бүркүрайды. Таңдайды ашқылтым дәм сокты.

Тәнірберген қаладан тез түңіліп, жатақханада бірге орналасқан Жамалды да «ауылға қайталық та қайта-

лық» деп азғырып жүріп, акыры соңғы сынектан құлаған қызды жетектеп поезға мінген. Ата-анасын, ауыл-аймағын, Жонғар Алатауының бауырына бас қойып балбыраған қырдағы тыныштықты ансаған жастардың көніл-күйімен жарысып жүрдек поезд жүйткіді. Таныс өлкеге жакындаған сайын «Келіп калдыңдар ма?!» деп куанған құрбыларға ұксап, аланқайлардан тал қайын ойнап шықканда Жамал аялы көзін төңкеріп Тәнірбергенге карап коятын. Дірілсіз көkte калқыған мамық бұлттар жан шуағы дархан аналардың жаулығындай ағарандап өтеді.

Матай стансасынан түскен кос жолаушы ештенеге карайламай, Баянжүректі бетке алып шыкты да, көк теніздей толқыған қалың жалбызға көміліп, аунай кеткен. Сол жылы күзде Тұқымбек карттың шанырағына келін түсті.

Келер жылы күзде Қарасайдың аузындағы қараша ауыл Тұқымбек карттың тұнілігін желпілдеткен қуанышка – шілдехана тойына жиналды.

Жасынан асауды албастыдай басып үйренген Тәнірберген шалдың ардакүреннен жығылып, ауыр халде аурұханаға жеткізілгенін көрген сака дәрігер Құсайынов «адам болмайды» деп бір-ак кескен. Шалдың арты кара орман – немере-шөбере деген жетеді өзінде. Енді өлсе де арманы жок шығар. Сейтіп, самарқау халде сарқылып отырған Құсайынов Жамал әженін кіріп-шықканына да аса мән бермеген-ді. Есіктен ентігіп жас медбике Айғаным кіргенде ғана шала тұс көріп оянғандай басын әнтек көтеріп алды.

– Ана жакта, – деді жас медбике екі иінінен дем алып, – өледіге есеп қылған шалыңыз шашалып бірденелерді айтып жатыр. – Құсайынов лып көтерілді. Екі аттап есікке жетті де, алактап артына бұрылды. Қалың ак шуберектен сырыйп тіккен дорба. Аузын бұрап, бауымен мұқият байлапты. Жылдам шешіп ішін актарған: бір уыс жалбыз! Нашатыр шашылған бөлмеде желгөзектен жүгіріп өткен даланың саумал исіндей анкиды. Құсайынов жалбыздың майда жапырактарын сауып-сауып

алды да, жебей басып жансақтау бөлімінің төсегіне танылған науқастың танауына тоскан.

– Чудо! – деп айқайлап жіберді жас медбике. Қос тәулік бойы ЭКГ аппаратының бетінен әредік секіріп өтетін науқастың жүргегіндегі кан айналымы туладай жөнелді.

– Кәрәмәт, – деді Құсайынов та өз көзіне өзі нанбай.
– Осы шалды бағыда соноу Еуропадан жалбыз исі жетелеп келді деуші еді. Рас екен. Кәрәмәт.

ЭКГ-ның бетіндегі қауырт қозғалыс талықсыған бір сарынға ұласты: так-түк, так-түк, тарс-түрс, тарс-түрс. Таңдайын ашқылтым дәм үйірді. Ашқылтым дәм тынысын тарылтып тыптырлаганда басын қылтитып шығарып коятын. Сонда әлдекайдан жайқалып таңсық иіс анқып жететін. Ұлы дала мұздай жаңбырымен жуындырып, аптабымен болаттай балқытып шындаған тәннен шырқап шықкан Жан Гайып ерен Қырық шілтен жебеп, ұзын кенеп плащ жамылған көкесімен қауышқан сон, үрпекбас сәби калпында мына фәни дүниеге кайта оралып келе жатты...

Алматы, 2008 жыл.

МҮЙІЗ ТАРАҚ *(хикаят)*

Алдымен айнала, алқа котан отыруға ынғайлы дөңгелек үстелдің бетіндегі дастарханның шетін қайырып, алаканын жайды: «Аска адалдық, басқа амандық бере гөр, Алла!». Бауырын көтеріп апыл-тапыл басқан баланың бойындағы ғана терезенің ендігінен екіншінің күні енкейіп, сыйалап тұр. Кешкі інір мен түннің сұық түсін ұзағырап ұстап қалатын жұқа әйнектердің ар жағынан алып теректердің діні карауытады. Бір кезде бұл теректер балғын шыбықтар еді. «Казір тіпті үйдің төбесіне шығып алып шулайтын болды», – дейтін кемпір осы ауылдағы бәрінен биік шынарлардың өз бағында бой салып өскеніне мактанғандай. Шалының шымнан түйіген үйі аласарып бара ма, әлде теректер аспандап кетті ме, казір кемпір сыртқа көз салса, көретіні: бұтқақ бітпей шемен катқан түйектер мен адырайған тамырлар ғана. Осыдан бес, алты жыл... жок, одан әріде-ау, шамасы, Тойшаным еккен талдардың жапырағын көрші көленнің ешкі-лағы жалмап коймасын деп корып жүретін. Енді, міне, катты жел тұрып, шайқалғанда ұшар басы үрей шакырып, ту биіктен төнеді.

Кемпір шоқаңдай сырғып, ошактың аузына барып отырды. Ас үйдің бір қабырғасына қапталдаса мінген пештің ішіне от тұтатты. Астына құрғак тамыздық басып каланған ки сия көк жалынға оранды да, жана бастады. Кемпір мұлгіп кеткен. Аузы-мұрнынан әделкідегідей ыс теуіп алған москал пеш інір каранғысы ұйыған бөлмеге жылылық шашып, жылт қызыл сәуле ойнатып кояды.

Кенет, тамсана түсіп, тәтті мұлгіп отырған кемпір төнірегіне бағжия қараган күйі оянып кетті. Сол бағжиянда есіней беріп еді, пештің көмейі ғүрілдеп, төргі бөлмедегі қашанғы кәрі сағаттың тілі сарт-сұрт соғып сарнай жөнелді. «Ойбүй-ууу, қара басым-ай, катып ұйықтап қалыппын ғой. Тойшаным келетін уақыт

болды емес пе? Жұмыстан өзегі талып жететін баланың ас сүйн камдамай қара басканы-ай мені әбден!».

Кемпір тағы да шокандай сырғып, есіктің аузына іркілді де, бес бүктелген белін зордың күшімен жазып, электр сымының түймесін ағыткан. Бөлмедегі бұлдың-пүшпактың қалтарысына жабысқан каранғылық каша жөнелді. Тіпті, жабындысы солбырайған ағаш кереуеттің іргесінде күндіздің өзінде кеппей жататын тұннің дымқыл бояуы да іріп сала беріпті.

Кемпір шокандаған қалпы тошалаға сұнгіп кетті де, казан сүйреп қайтты. Қазанының түбінде қарайған бірер сүйек пен бір кеспелік ет бар сиякты. «Қарғам да қазір кеп қалар» деп, шеті қайрылған дастарханның бүктеуін жаза бергенде, сыртқы есік сықыр етіп ашылғандай болды.

– Сүрдің иісі-ай! – деді ұлы.

– Кәрі шешенниң етті күн мен желге қактамай аскан кезін көрдін бе? Жас ет – жасық ет. Осы күнгі катындар етті сүрлеу дегенді білмейді, білсе де ерінеді. Терісінен жана арылған малдың етін сорғалаткан күйі апарады да, тоназытқышка тоғыта салады. Тоназытқышта тонып, үсіген етте дәм бола ма, тәйірі. Бүгінгінің кербак-кан кесір катындары, несін айтасын, кеселді салып-ак жүр ғой. Соның бірі біздің күлбет келін еді.

– Апа, атын атамаңызыңыз кәпірдін.

– «Құтырғаннан – құтылған», кетіп тынғаның кейін күп көрді өз басым.

– Койыныңызы, «катын жіберген не сұмдық?» деп, бетімді талай қайырған өзініз емес пе едініз?

– Е-е, біз кайдан білейік. «Келінге келін болсан жағасынның» керімен соның жағында болып, сойылын сокқандағым сол: жүре түзелер, ойланар деген дәме еді. Олай шықпады. Ол ойым әдірам калды.

Кемпірдің келін-кепшікке, катын-калашқа кейісі ас ішіліп, дастархан жиылғанша біткен жок. Кейіген күйі ол асадал мен тайпак үстелдің арасында шокандап жүріп алды. Бір колында добалдап жасалған кішкентай орындыққа ұксас сүйеніші, бір колында шәйнек – асадалдың аузына әрен жеткен. Енді кайта оралып, күмшекер салынған ыдысты іліп әкетті. Сосын шокандай

жылжып барып ток шәугімді бауынан босаткан. Орындық сүйенішке батқан саусактарын тарқатып, кары талған білегін укалап, уніледі. Орындыққа қайыра жабысты да, төрттағандап дәлізге беттеді. Дәлізге бара жатып қара шелекті канғырлатып ерте шыкты. Ки әкеліп, пешке қалап кою керек, әйтпесе азанға дейін жыртық жамаулы үй азынап кетеді.

Кара шелектегі киды пештің көмейіне жытырып болған соң жаулығын шешті де, тұқылдана бітіп, тұтамға айналған бұрымын тарқатып, жан қалтасынан мүйіз тарағын суырды. Самай шашы тұтас ағарып, төбесі шала бурыл тартқан құйқаға мүйіз тарактың тісі сінгенде кемпірдің жүдеу басы дуылдай жөнелді. Мүйіз таракты сағынып қалыпты. Мүйіз тарак... кемпірдің көне көз серігі. Бұлықсып бойжеткен шағында ағасы Тұрсынахметтің сыйға тартқан күміс тарағын ұстап жүретін. Е-е, ол да бір заман екен гой. Тұрсынахмет ағасы жігіттің маркассасы еді. Жұрт жаппай «ашылып-сайрап» саясатка ұрынған. Аш-арық. Алдындағы малды адалдан сойып жей алмайсын. Арғы бетке (Советтік Қазақстан жакка. – авт) өткен ағайыны туралы аузын ашқан адам «кос жүрек» атанып, түрмеде шіритін. Сонда да ағасы бұны шекара асырудың амалын тапты. Сондағысы – бәлиғатқа жана толған карындасын қырыққа таяған қырма сакалды жігітке ұзату екен. Қырмасакал – біртоға, өкіметке берешегі жок, қылмыс өткермеген жан. Сонызына орай сәбетке өтуіне Мао жолдас қарсылық танытпапты. Ол өзімен бірге жар етіп жас қызды да ала кетуге қақылы екен.

– Акботам-ау, – деген сонда ағасы бұны бауырына басып тұрып, – ата-анаңа қарайлап, мұнда қалғанда күнің не болады? Қайдағы бір мәжусидің коланса сасыған қолтығында корлыққа көнгенше, өз наслілін, осы ердің етігінен ұста да айрылма.

Осынын айтқан аға зор тұлғасын түгел сілкінте, солқылдан жылап жіберген. Кейін... көп жылдар өткен соң жанашыр бір ағайынның аузынан естіді: ағасы «кос жүрек» атанып, қытайдың түнек басқан түрмесінде «Акботамның арда басын корлыққа бергенім жок. Ах, дарига, дүние-ай, әйтсе де, ақша жүзін бір көрсем-ау» деп жатып, дүниеден озыпты. Ал, ағасы аманаттаған ер ки-

тай ішінде бойын жасырып қана жүрген жігіттің сұлтанды болып шыкты. Атажұрт, баба қоныска оралған сон түлеп сала берді. Өзі әнші, өзі сері. Аз жылда айналасына жора-жолдас үйіріп, жігіттің бозтайлағы атанды.

Бұлардың үйінен қонақ арылмайтын. «Келіннің асы дәмді, қолы ашық» дегенді сұлтау етіп, ауылдың басшы-косшылары жоғарыдан ұлық атаулы келе калса, ұлардай шулатып тобымен осында әкелетін.

Бір күні ак жағалы дәкейлер қауымын кезекті рет күтүге тура келді. Бұл дәкейлер бұрынғы дәкейлерден әлдекайда әлеуетті көрінеді. «Дастарханның басынан ауылдың шолак басшылары былай тұрсын, аудандағы әкім-карапардың қарасы көрінбеуі керек, олармен тек облыстағы сот, прокурор ғана табақтаса алады» деген сөз Салқынбелдің жазығында жылқы бағып, бие байлап отырған бұларға дакпырт-данғазасын алдына салып, ақырандаш жеткен. Бұнын бәрі ештеңе емес, ерлі-зайыптының зәресін қашырған сөз: «дәкейлердің бірі құлын етіне жерік» деген сөз болды.

Ері екеуі құлындарды аса жақсы көруші еді. Отаскандарына бес-алты жылдың жүзі ауса да бір шакалактың жұпар ісіне зар болып жүргендіктен екі мұнлық бие құлындаса, құрак ұшып жанынан шыкпайтын. Биыл бір ак жал сары бие кадаға онбай жығылып, іштегі құлының жылқышылар жарып алған. Жетім құлын содан бері қолдан сүт ішіп, қолдан жем жеп әбден жетілген еді. Жұныттай. Құйрығын тігіп, құлдырандай шапқанда Құдайдың бір қызығы, бір кереметі осы ма дерсін. Кейде сол кереметін кереметке ұластырып, алтын түкті аймаңдай құлын бұнын алкеудесіне тұмсығын сұғып, ұмсынатыны бар. Анасындағы көреді. Сонда, жас әйелдің алпыс екі тамыры иіп, әлдебір тансық күйге елтиттін. Енді, міне, құлын жейтін қонақ келе жатыр. Ак жағалы үлкен ұлық.

Ұлыктар күн шапағы Жонғардың алқарапек шындағына түйреліп, Алтыншанырақ тауының иығына кона бергенде жінігіп жетіп келді. Шетінен кызу. Шала мас. Арасаның шипажайында таң атканша аракқа бөгіп, әбден-ак сілеленіпті. Сілекейлерін жұтып әрен сөйлейді.

-Тамак дайын ба?

- Дайын, нәшәндік жолдас.
- Не бар?
- Үйітілген койдын еті. Қазы-карта, жал-жая.
- Құлын еті ше?
- Оның мәнісін білмедік, нәшәндік жолдас.

Нәшәндік жолдас барқырап, таңғы тыныштықта та-
мылжыған тау арасын азан-казан етті. Әлдекімдерді
боктап жүр, боралап жүр. Орысша боктайды. Орысша
боктықты түсінбеген де жаксы екен, бірақ кәпірдін түрі
жаман, екпіні қатты. Орысша боктықты қайтсін, осы
кезде үйірден суырыла шығып, ак жал сары құлышының
құлдырандай шауып, анасына жакында бергені...

- Ұста мынаны! Жық, бауызда!

Жас әйел аузы түкті жалмауыз бауырындағы бала-
сын тартып жетіндегі шар ете түскен. Одан арғысына
дәрмені жетпеді. Жанарын ала кашканда құлышының ай
мандайы Жонғардың жондарында шашылған күннің
кан қызыл шапағына шанышылып калды.

Ұлыктар үйітілген койдын етінен комағайланған асап.
былқып піскен құлын етін тауыса төңкөріп, Салқынбелдін
тас бұлағы төгілген аңғарында мырғамға батты. Екі-үш
күн тойлады. Ен бастысы, нәшәндік жолдас риза. Тізесін
қапқан карының іркілдетіп, карк-карк қуледі. Нәшәндіктің
құлын етіне таңсықтығы – әйелқұмарлығынан екен. Жа-
нында бір майысқақ, жылмантөс казак бар. Ұлығын құ-
лын етінің құдіретіне дәніктірген сол екенін билетіндер
кейін айтып та жүрді.

Әлгі неме аулакта, казан-ошактың маңынан ұзамаған
жас әйелдің касына, конактар бір тыныс тапқан кезде
ыржалактап жетіп келді. Ыржиганда бет терісі құлак
шекесінә карай түрліп, ылжыраған ауызға айналып ке-
теді екен.

– Жүр, – деді ол келе сала, – жүр. Сәбет әйелі ошак-
тан озған заман бұл. Біз сізді бұлай күтуші етіп қойып,
карап отыра алмаймыз.

Әйелі еріне караған. Ері «бар» дегендегі басын изе-
ген соң, амалсыз шай құйып беруге көнді. Ынғай еркек,
оның үстіне жартылай жаланаشتанып тастап, қызара
бөрткен «бөріктілердің» маңына әдепті казак әйелі аяқ
баспайды. Келіншек «ошактан озған заманның» сал-

тына амалсыз бағып, ұлықтардың алдына тізе бүкті. Басында қызыл шәлі. Үстіне кен, молдау етіп пішкенімен ток мықынын, аршын төсін солқылдай кеп соғатын батсайы көйлек киген. Бояусыз, опа-далапсыз әйелдің жүзі әлде ұялып қысылғаннан, әлде намыска булықкан ызадан алаулай албырап, «айғыр жалды» топ еркектің көзін арабай түскен. Шай құйысы қандай сәнді. Бір қырындалп қонактарға кесе ұсынған кезінің өзінде мөлт кара көздерін кірпігімен жасыра кояды. Ай астында аунап аккан түнгі өзеннің сыйдырындаи бойынан елеусіз діріл байкалады. Нәшәндік орысшалап былдырға басты. Майысқақ казак ынсапсыз ыржиды. Сосын:

– Жолдас, – деді, – сіздің қызметінізге, дәмінізге мына үлкен кісі рахметін жаудырып жатыр. Сіз де қысылмай еркін отырыныз. Сәбет әйелдері еркін, ашық болуы керек. Сол үшін алдымен мына басыңызағы жаулыкты сыпыра салынышы. Қытайдағы іріп-шіріген әйелдер болмаса, біздің казак-сәбет әйелдері бүндайды казір бүйим көрмейді. Кане, жұлып тастаныз, құрысын!

Әйел кірерге жерден тесік таппай қысылды. Бірак жаулығы басынан сусып түсе берген. Жылман казак жаулыкка жармасып ұлгеріпті. Бұрымы да арқасына суси құлады.

– Охо! – деді осы сәтте төрдегі салкар орынды жалғыз өзі иемденген құлын жегіш құрдым, – анау не?

Құлын етіне құмар құлқыны терен ұлыкка бұлғандап отырғанның бәрі ентелей калысты. Бұл – келіншектің ағасы сыйға тартқан күміс тарап еді. Таңертең бұрымын бос өріп, алас-капаста асыға жүріп шашының ұшын тарапына орай салған. Мыналардың мастыктан кілкіген жанаарларын жарқ еткізген сол күміс тарап алдымен нәшәндік жолдастын колына тиді. Ол тарапқа сүзіле каратап, еш кымсынбастан тістеп те көрді. «Күміс». Сосын осындайдағы әдетіне көшіп ұзак былдырлады. Артынан майысқақ казак сөйледі. Ол да кайдағы пәлені жаулырып, біраз бұрқылдады. Ұкканы: мынандай таракты ұстая кате екен. Түбірімен саяси кате. Бұнын түбін тергеп-тексеру қажет. Қайдан шыққанын анықтау ләзім. Әйтпесе киын, өте киын. Жә, нәшәндік жолдас бір жолға кешірім етеді. Нәшәндік жолдас мейірімді, өте кен

адам ғой. Сондыктан ескінің сарқыншағы саналатын тарактың көзін құрткан абзal.

Сорлы келіншек «ағамның сыйы еді» дей алмады, көз жасын бұлап, үнсіз егіліп кала берді. Құлын етіне мелдектей тойып, күміс таракты олжалаған ұлық белінде тасыған канның қызыумен құтырып, құмасы жыртылып-айрылатын қаласына қайтты.

Содан кейін... күміс тарағын ойлап құрсінетін әйелге сәбет дүкенінен екіжүзді: бір жағының тісі сирек, келесі жүзінің тісі тығыз, мүйіз тарап жолыккан. Тісі тығыз жүзімен битті, сірке мен қайызғакты сүзуге болады екен. Бұған да рахмет. Көп жылғы серігі. Көптен бері жан қалтасында.

Мүйіз тарап кемпірдің жұдырықтай семіп, жұқарып солған жүдеу басының айызын қандыра тырналады. Тісін төбе құйқасына батырып, самайына сырғығанда бір уыс шаш болып бұрқырап шығады. Әйелдің шашы шашылмау керек. Әйелдің шашы жерде шашылып жатса, бұ фәни жалғанды ерте тастап кеткен ұрпағы әр талын жинап, киналып жүретін көрінеді. «Астапыралла, алжыған басым не сандырактап отырмын? Балам аман, бауырым бүтін. Тойшаным. Томпиып алып ұйқыны соғуын-ай өзінің? Алаңсыз. Алаңсыз ұйыкта, аймандай құлыным менің. Сен оянғанша анаң ошактың отын үзбейді». Кемпір мүйіз тарағының тісіне байланып, құйқасынан сыптырылған бір уыс шашын шөкемдеп алды да, шоғы құлгін тартқан пештің аузын аша берді.

Мектеп қабырғасындағы кезіміз. Ауылымызда Рымкеш есімді кейуана тұратын. Жалғызлікті жан болғандықтан үйіне жиі бас сұғып, мектеп оқушылары ұсак-түйек шаруасына колғабысымызды тигізетінбіз. Ұлдар отынын жарып, сүян тасысак, қыздар кемпірдің кір көнүн жуып, ас-ауқатын әзірлейтін.

Шалының жылқы бакқанын білемін. Түнде жылқыларын айдың жарығымен айдал, біздің үйдің жанынан дүбірлете өтіп бара жататын. Тойшан есімді ұлы бар

еді. Әскерден босаған бетінде кала жактың тырна си-
рак қызын қолтықтай кайткан. Кейін сонысы бұзылды.
Женіл жүрісі койының құмалағы санаулы біздің ауыл-
да тез білініп, акырында карасын батырып тынған. Ка-
тыны жаман атын шығарып кеткен соң, Тойшан ағам-
ды ауылдағы шарап сататын дүкеннің маңайынан жи
көріп жүрдім. Өзі бір ак жүрек жан еді. Амал не, ат құ-
лағы көрінбейтін соқыр тұмандада бағытынан жаңылып,
тракторымен Аксудың құлама тік жарынан ұшып өлді.
Шал жалғыз ұлдың қүйігіне шыдамады. Екеуінен соң
кемпір байқұс шалыктап қалды. Ертеректе бізді «Той-
шаным еккен теректердің жапырағын жұласындар»
деп бажылдай қуатын. Кейін сол теректердің түбінде
отырып Тойшанымен өзінше құбірлесіп сөйлесетінді
шығарды. Тойшанына баяғы тырна сирак катынын ай-
тып ұрсады. Іле онысын жуып-шайғансиды. Тойшанын
тындаған болады. Содан соң ак жал сары құлын туралы
айтып егіледі. Жылай-жылай тарамыстана катып, бұк-
теліп қалған. Кішкентай орындыққа жабысып төртта-
ғандап кана жылжтын. Бірак ол Тойшанының бұз дү-
ние жалғанды баяғыда тастап кеткеніне сенген жок. Біз
отын суын тасып жүргендес: «Тойшанымның жұмыстан
келетін уакыты таяп қалды», «Ой, Тойшанымның тойы
алда», – деп мәз болып отыратын.

...Бір күні естідік, кемпір мүйізден бітірген тағды-
рына мәңгілік мойын ұсынып, мүйіз тарактан суырған
шашын шөкемдей ұстаған күйі ошағының аузында көз
жұмыпты.

Алматы, 2013 жыл.

КҮНГІРТ КЕП... *(әңгіме-элегия)*

Атасын ауылға шығарып салып тұрып көрген екен. Ақырғы рет. Қарашығы тозған кой көздері жасаурап, еңкіш тарткан жауырыны құнысып, жүрдек көліктін ішіне кіріп бара жаткан болатын. Әжесінің ухілеп көп күрсінгені есінде. Күтіп отыр. Қазір келеді. Алдымен темір табалдырығы қажалған есікті екілене жұлқып ашып, шакұр-шұқыр шайнасан топса мен жактаудың жаңын шығарып алады да ауыр бәтенкесін босағаға тастай салып, төрге озады. Бөлменің ішінде бөккен қаракөлеңкеге ілініп аз тұрған соң сұлай кетеді. Содан, үрей шакырған үнсіздікті бауырына басып жаткан бойы қыбырсыз қалады. Құлазыған тыныштық кана бала жаңын безек қактыра қуалап, таң бозы бозамық сәулесін себезгілеп шашканша, шырқыратады-ай келіп.

Жо-жоқ, олай емес. Атасы касында. Әжесі әне отыр. Акнұр дүниенің жарығы саулаған кең бөлменің іші жып-жинақы: қаздың балапанын қараканаттандырып өсірердей жып-жылы. Атасы құс жастықты шынтақтап теледидардан соңғы жаналыктарға құлак түре калыпты. Әжесі әлденеге мейірленіп шукіршілік айтып кояды. Қазір келеді. Байыпты. Байсалды. Манғаз. «Нағашыларына тартқан». Әжесі солай дейді. Жүрістүрьсінын өзінде бек сенім, берік байлам бар. Сонысыменде біртүрлі бөгде адам. Бойын енді үйрете бергенде көзінің киығында салмай ызбарланып касынан өте шығады. Бітті. Бұның жан тартып, жакын көрген талабынан түкте калмайды.

Анасы бәріне мәз, аяғының ұшынан басып кашанда калып жүргені. Бірак, ол да бөтен сиякты. Бала ата-әже деген әлемде ғана өмір суре алатынын іштей сезеді. Осы екеуінің көзі тая калса, тәтті түс көріп оянғандай хал кешетінін, өкініп, өкситінін жаксы біледі.

Ұйқыдағы калаға абажадай болып төнген Алатауды бетке алып жалғыз-жаяу аттанаңты. Кетіп барады, кетіп барады екен. Алдынан анқылдалады адырлар шыкты. Аттап өтті. Белін бүктеп белдер көтерілді. Басып өтті. Караса, атасының қыстауына келіп калыпты. Төбесінің шатыры омырылыш ортасына батқан көне кора, сылағы түсіп құңсіген токал там уақыттың бір пұшпағынан елбіреп шыға берді. Мамаағаш-

қа иегін артып шыбындаған торшолақ аттың көленкесінде тілі салактап, бүйірін соғып маңғаска тәбет жатыр. «Келдін бе? – деді. – Мен сені осы жерде ұзак күттім ғой». Таныды. Экесі еken. Қоныр жүзі қоныр таулардың төбесінде шашылған ойынпаз құннің шапағымен шарпысып мейірім төгеді. Қой кораның іргесінен өрген көне сүрлеу жиде талдардың түбіне оралып, түтіле созылып, көк барқыт жазықтың балағына барып сініпті. Тастан тасқа секіріп актарылған акбалтыр тау бұлағының шолак ірімі ақезулініп асыға ағады. Бейне бұның асыр сала шапқылаған аусар кезіндей. Өзі өскен, өзіне ыстық дүние еді бұл! Жүргі жанып, көнілі шаттанған бала: «Әке, – деді күбірлеп, – мен саған келдім».

... – Экемді жек көруші едім, – деді ол бағанадан әнгімесін ұйып тындаған досына қамырықты жүзін бұрып, бі рак, оны үлгі тұттым. Жолсыздыққа бас имейтін қайсар адам еді. Біздін әкеміздің тұсындағы заман – сол уақыттың тілімен айтқанда, «екі койың бес тыын» – арзан заман болған ғой. Сол арзан заманда ол азған жок: қорлық пен мазакқа тілсіз көніп, тілсіз егесіп өмірден өтті. Мен әкемді таудың жакпар тасына ұксаттым. Жакпар тастың өзін жанбырлар мен ғасырлар қашап отырып мүсіндеңен емес пе. Менін әкем де тас мүсін адам еді. Мейірімсіз еді. Маған мейірімсіз еді. Әкемнін мейірімсіздігінен мен алдағы өмірімді коркынышпен елестетіп, киялмен болжайтын бала болдым. Киялымда атам мен әжем өліп калып жетімдіктің зарын кешетінмін. Ал, әкем үйге үрей әкелетіндей көрінетін. Бірак ол бір мен үшін таусылмайтын камкор тірлігін қанжығасынан тастаған емес. Ішінде шер мен сағыныш та кеткен сиякты. Сол сағыныш пен шер маган көшіпті.

– Түсінбедім, – деді досы тұнжырап, – түкке түсінбедім. Осындағы сөздер талай айтылған шығар. Кімді кім түсінген? Сені койши, ақын-жазушылар да біреудін әкесі туралы жазған бола отырып өз әкесінен, әке болған өзінен айналып өте алмайды. Міне, өткеннің ізін өкшелей куып өзің де өлшеуліғана өмірдің жартысын өткеріп тастапсын. Бала-шаған бар. Бәлкім, сен де оларға жұмбаксын. Бәлкім, сен марқұм әкен туралы емес, өзін және ұлың жайындағы қунгірт бір кепті айтып отырған боларсын. Қайдан білейін? Мен қайдан білейін...

Бала да: «Солайы солай-ау», – деп басын изеді.

Алматы, 2013 жыл

ӘЛІМБЕКТІң ӘУЛЕТІ *(хикая)*

Жонғардың бауырындағы барқыт бел бұралан сокпактарға жеткенше осы енді: айналанды аптап қамап ал-кымдайды да отырады. Апалактап асығыс самал жүгіріп өткенде жетім шуда таркатып барып құлайтын кара жолдың шаныткан бетінен жер дүниенін ыстығы шалки көтеріліп Жонғар Алатауының аксауытты шындарымен шарпысқандай болады. Сол кезде танауынды ерменнің өткір демі күшіріп Тілеуkenің қылт еттесіне қарап жұтынасын: шіркін, бір саптаяқ кымызды төбене бір-ак көтеріп сарық басар ма еді. Тілеуке, Тілеуке, Тілеуке. «Тілеуінді бергір, Тілеуке, кашан жеткізесін?» Қакпандай каппа тастары ат беліндегі адамның бүйірін соғатын жылан жон Тілеуkenің тігінен талай кой жамыратып, жылқы айдал түскенбіз. Сонда Тілеуке деген бізге жайлау мен қыстаудың жолында жатқан белдеудей сезілетін.

Кейін жорналшылық қызметке іліккен сон «бул асу неге Тілеуке аталды» деп тұртінуді шығардым. Сипарына дейін сыптырып-сирып өзі жазып беретін белсенді басшы-косшылар тұрғанда аудандық газеттің тілшісіне жұмыс кала ма, осылай коныс пен өрістің, жер мен судың атын тергеп әуіреге түсуді әдет қылыш алады екенсін. Біздін жакта «Қыземшек» деген де тау бар мысалы. Аумайды. Бірақ, сонда да сұрайсын. «Ұқсайды, – дейді, – артық-ауыска сөз шығындағысы келмейтін ауыл адамы. – Ұқсайды». Бітті әнгіме. «Ал, сонда Тілеуке неге ұқсайды?»

«Тілеуке Тілеукеге ұқсайды, – деді Токан карт бірде жолаушылап келе жатқанымызда. – Етегіндегі коныр төбелердің төбесінен төнбей бойын жасырып, желкесіндегі айбарлы таулардан жасымай тікке өрлеген Тілеуке туған жұртыймыздың әр тал, әр бұтасына тілеуlestігін анғартып тұрғандай емес пе? Қарашы».

«Е-е, тыңдай білсен туған жұрттың туралы мынандай әнгіме де бар...»

Әлде жок қараған, әлде жер шолған бір жолауши түксиген түлей түзді күн-түн кешіп келе жатты. Соңадайdan сопаң етіп көрініп, сопақ көленкесімен бірге ұзарып, содан соң бірте-бірте алыстап сағымға сініп кете баратын сар даланың бір жұмбак жаны еді бұл да. Ол туралы жалбыз жамырап, жусан жусаған мынау ман төбелер де, анау адырайған шындар да ештене айтпайды. Жолаушының өзі де жетер жерінің ұшпағында қарайған бір нокатка айналып, тау мен тастан мәнгілік тыныс табардай сырт дүниеге сәт салар емес.

Әй, сар даланың адамдары-ай, сендерді, сіра, кім ұқкан?..

Жолауши алдындағы тебінгі бетті тепсендеге көтеріле бергенде он жак бүйірден дабырласып шыға келген салт аттыларға ұшырасты. Ақсақалдары алқымдарына төгілген кария кісілер екен. Жолауши әдеппен іркіліп, он колын жүрек тұсына койды да: «Жол болсын, жақсылар», -деді. «Әлей болсын». Әлей болсынан кейінгі әнгіме түз жүргіншілерінде жөн сұрасуымен жалғасады. Жалғыз жолауши жөнін айтты. Бұркұттінің бектеріндегі Баянжүректен шығыпты. Откен кыстын аксұр бұлты Жөңкенің жотасында жеті күн желпілдеп тұрыпта да акырында Жонғарға қарай ауып алып адырлардың аузында бүктеле беріпті. Бүктеле-бүктеле буыны катып, бурадай шабынып, жын атып Балқашка дейінгі бұлын-пұшпактын бәрін жауыпты. Содан кейін әуеден жапалақтай жыртылып түсе беріпті, түсе беріпті. Ой мен кырды арқар ойнаған ак иық шындарға дейін көтеріп, артынан жым-жылас жоғалғанда Бұркұттінің бектерінен сызылып шығар сынық тұтін калмапты. Тек костағы жылқымен бірге ығып кете барған жолаушы ғана Құданың құдыретімен жарқыраған жазға жанын жалдап жеткен көрінеді. Ендігі беталысы Алакөл екен. Алакөлде түп нағашысының жұрты бар. «Е-е, жарығым-ай, елінен айрылған ердің беліндегі бір тамшы қанда елу ошактың жалыны шалқиды, – деп калды осы кезде кариялардың бірі, – мына бір тұрған молаға ат басын бұрып, бүгін осында түнейік».

Жалғыз жортқан жолаушы карияларға есімінің Әлімбек, сүйегі Емелелі Тінібек екендігін білдірген. Әлімбек лып етіп атынан түсіп, карияларды қолтыктап әкеleiп, ку моланың касындағы шалғынға көміп таставды. Шалғынға көмілген шалдар аяқ-колдарын жазғанша, бұл буы бұркыраған құліктерді қантарыпта үлгерді. Коржынындағы азығын ортаға жайып салып үлкендерді дәмге шакырған. Бірак кариялар бірінен кейін бірі алкалап бата бергені болмаса, құлын терісінен иленген жарты құлаш жарғакка кол созбай отырып алды. Әлімбек сонда ғана ғайыптан қосылған кариялардың жүзіне зер сала қараған-ды. Жеті шал. Бір аданың құрсағына бітіп, бір атаның бауырынан өргендей бітімдерімен бір-бірін капысыз кайталай қалыпты. Қыран қабак, жал мұрын, айғыр иек жетеуіне де айна катесіз дарыған. Жетеуі де сүйк жанарының сұғын Әлімбектің жарқылдаған жүзіне жылдықандай мейіріммен карайды. Әйткенмен де... Әлімбектің жон терісі тітіреніп кетті: жеті шал бар мен жоктың арасындағы әлдебір құпия кепті анғартқандай мұлгіп, боз селеулі даланың қөгіне әне-міне көтеріліп кететіндей шалғын үстіне мықын малмай қалқып кана отыр. Әлімбек карияларды тағы да дәмге қолкалады. Сонда ғана шалдардың бірі ортада үйліген елік етінен ерін кимылдатар жалғыз түйірді іліп алды да аузына апара бере иегінін астына тастай салды. Өзгелері де соны істеп қаужандаған бола қалыпты. Әлімбек білді. Білді, бірак, білгенін білдірmedі.

Тан қылан бере оянып жан-жағына караса, жалғыз жатыр екен. Кариялар сол қалыктап отырған қалыптарында ғайыпка сіңіп кетсе керек. Атына мініп бір бел асканда күміс баулы нокта көрді. Иіліп алды да ерқасына байлады. Арықарай жүріп кетті. Алдынан кешегі кіслер дабырласып шыға келді. «Ағарып көптін алдына түспесен де қарайып жүртта қалмайсын. Аузынның дуасы жетпіс жеті ұрпағына жетеді. Ғұмырында көрер азабын да, ғажабын да аз емес» деді кариялар жамырай үн катып. Бұл – Тәнірі жаратқан пенденін таңдаулысына ғана жолығатын Қызыр әулие мен Ғайып ерен пірлер еді...

Күміс баулы ноктадан күлдір-күлдір кісінеп жалын төгіп жылкы өрді. Әлімбек нағашы жұртынан бас құрап, баяғы баба конысына кайтып оралды. Кара ормандаі жайылған Қаракерейдей елден келген қыздың құрсағы құрғамай айналдырған алты-жеті жылда Әлімбекті алты-жеті ұлдың атасы етті. Айналасына ағайын үйірлді.

Адамша куанып, адамша жұбанатын сайын даланың самбырлап сөйлеп кететін кездері де болады. Сол кезде байтак елдің байыбын тапқан баябан тірлігін Аксу өзені жағасына ақ маржан төгіп жырлап жатыпты. Тәкаппар Жонғар да акқырау басы буланып елжірей қалыпты дейді, әлкисса.

...Тегінде тау мен тастың талассыз таң атырып, күнкілдеспей күн батыратын жұртына бүйірден тиіп, бүйідей шағатынның бірі жасанған жау да, бірі дауасыз дерт-тұғын. Қайтседе бірак, жаудын жазасы – жалан кылыш, ал, дерттің жазасы – сары жұртка шала тастап көшү. Соның солай екендігін дәлелдеп сол заманда Әлімбектің елін жау емес, шиттей сәбілерге шешек егіп, шенгелін жазған дерт алды. Шала шарпып ыстанған, түтін түтеп тұншықкан дала ақырет кебінін жамылғандай бар жамалынан айрылды. Мәнгілік кек аспанның аясынан дем тартып шалқалай тыныстаған карт Жонғар күйік жұтты.

Үдере ауған көштің шоғыры үнссіз шөккен белдерден асып, бетеге беті сарғайған күні Әлімбек те ең кіші ұлдының уыз жүзіне араны сұық кабір басынан ақырғы рет көз салып тұрған еді. Дауасыз дерт естанды етіп, қайғы капкан қос бейбак – Әлімбек пен қемпірі бұл кезде қасіреттің ғана тілінде сөйлейтін. Жеті бірдей сәбидің тұлымын желпілдеткен күйі әкеткен шешек ерлізайыпты мұндықтың екеуара күбір-сыбырын да шолак кайырытып, шошындырып койған-ды.

– Мынау да албырап, күйіп-жанып барады.

– Ұзакка жетпейді. Таң ата үзілер. Қамданайык.

Бұдан кейін кейуана мен кепкен шал бір-бірінің бұжалғанда бар-жоғын ұмытып кезек сұнқылдастын болып алған.

– Шешек, өсіп зертен бол.

- Ажал, келсөң аймағынмен, бота-тайлағынмен кел.
- Алапес қылыш адырға таста.
- Ку басымды ку даланын қурайына қадап кой.
- Сүйегімді қанғыған ит, өлексе тінтіген өлекшін мұжісін.
- Эй, Әзірәйіл, қайдасың? Апшымды қуыр да ал жа-нымды!

– Шыккыр, жаным, неге ғана шығып кетпейсін?

- А, санырау, Құдай, а, көрсокыр, Құдай, жасының-ды түсіріп жай таптырар күнін бола ма еken мені?

Осылай жарыса сұнқылдасып, зар құса жүріп Әлімбек котанындағы азын-аулак малын өріске айдал кетеді. Сорлы кемпір кирелендей басып әрнеге жамау салып, жыртық астаудың түбін қырғыштайды. Жетім кәрілердің жанын құбірткедей кеміріп, қунделеп тастаған қундердің өзегінде өзгермеген бір ғана қөрініс осы: шал мал сонынан өріп, кемпір таусылып бітпес қайғысын қайта шакырғандай көзіне түскен дүниеге жамау жапсыра береді.

Ай аунап, жылдар жылжыды. Сарыжүртта қайғы жұтып қалған каралы жандардың тілегіне Құдай, бірақ, құлак аспай койды. «Күн орнында, ай мен жұлдыз орнында. Тау мен тас та ықылым замандағы мекенінен тапжылған жок. Ау, сонда Құдай қайда?» – дейтін шал қуніреніп. Күніреніп кеп күпісін жамылып жамбас суытатын ол Шолпан тua түс көрді. Түсінде баяғы айғыр иек, жал мұрынды қариялардың бірі: «Балам, бүгін койынды Баласазға дейін жайып қайт», – деді де ғайыпка сінді.

«Жайсам жайып қайтайды».

Шал ертөнгісін ерте бөктермесін компитып ат беліне қонды да, малынын тұяғын Баласазға баратын анғарға іліктірді. Анғар танауды жаратын танқурайдың іісіне тұнып, аңқып тұр еken. Тау мен тас қайта түлепті. Ба-бына енген балкаймақ дүние балбырап жатыр. Зау биіктен күйылған Күн нұрына жонын төсеп жылынған зауза конызға дейін мәз-мәйрам тіршіліктің күйіне елітіп, өзінше гүж-гүж етеді. Бидайық мол біткен алқоныр аланқай ұлп еткен самалды уыстап шашып асыр сала алқынады.

Алды тояттап, арты ілбі ілескен отарды кайырмалап, кебеже карын күдіс жалды торының белінен түскен шал құлақшының түрген. Сол мезетте айнала гулеп коя бергендей болды. Әуесі бар болғыр сүылдай ма, кайтеді-ау? Бұлағы бар болғыр былдырлай ма, тәйір-ау? Әнебір жотаның ар жағынан әупілдеген не екен? Шалдын тарс бітелген құлағы санлауынан сыртқа дымқыл төпті. Сынған шөптей сыртылдаш ашылып, әнтек шашып ақкан дымқыл шалдың сырғалығына құлағанда, бір тәтті үн естілді. Сәби! О, тоба, сәби үн! Інгәлайды! Шал шалкалап кеткен. Шалкалап барып жел көтерген балдырғаның жапырағында орынан жалбырай көтерілгенін біледі. Аяғы аяғына тимей жүгіре жөнелгенін біледі. Ірің қеуlep ішінен жарылған ісіктің көзіндегі белгісі ғана қалған күистан ытқып-ытқып жас саулағанын біледі. Есін жиса, киізбен құндақталған шакалақтың бетіне үніліп сәніретіп отыр екен. Жерошакты көрді. Қазанды көрді. Баланы киізге орап, жерошакқа тығып үстін казанмен жауып кетіпті. Шал соны білді, басқаға басын катырған жок. Тәнірім берді. Қызыр әулие қолдады деді де сәбиді құндақтаулы қүйінде әкеleп кемпірінің баурына салды. Сонда кемпірі айтты: үш күн, үш түн маңыма жолама, қаранды көрсетпей аулак жүр деді.

Шал үш күн үш түн алыстан тың тыңдал кана жатты. Бірінші күні баланың жағы талмай жылады. Екінші күні емшек сұрағандай ауық-ауық інгәлады. Ушінші күні ықылых атып, ішегін тартып күлді. Ушінші күні кемпірдің тас емшегі жібіп, омырауы бұла кезіндегідей бұлқына теуіп сәбиді емшек сүтіне әбден кандырған еді.

Шал мен кемпір сәбиді тымакка салып керегенің көзіне іліп койды да Тымакбай атады. Тымакбай жарты жаска жеткенде кемпір жамау жыртық көйлегін сиптирып, жадау қүйінен арылып баяғы Үммүгүлсім қалпына оралды да тоғыз ай он күн дегенде ұл туды. Есіміз кіргенде сүйген ұлымыз ғой деп Әлімбек пен Үммүгүлсім балаға Есім деген ат берді. Есімнен кейінгі ұлды «Күдай тілегімізді әбден-ак кабыл етті ғой» десті де Тілеуке атады. Төртінші ұл ағаларының койын баксын деген ырыммен Қойбағар есімін иеленді.

– Сөйтіп Әлімбек бабамыз барша мұратына жеткен екен ғой? – деп әнгіменің аяғына канбай калағанымды аңғартып Тоқан картка самарқау тіл қаттым.

– Ұмытып барады екемнін, – деді Тоқан. – Барша мұратына жетіп байыркалаған Әлімбек әбден картайған шағында балаларын сынға алады. Байқса, Тымақбайы тым пысық, Есімі етеп өзімшіл. Тілеукеңі тұнғиық, Койбағары ағаларының ығынан шықпайтын ырық баккан жас болып өсіпті. «Әй, осылар түбі бір бұлніп жүрмесін» дейді де шал балаларын жинап алып басынан кешкенінін каз-калпында баян етеді. Сөзінің сонында, бірақ: «Тымақбайды ортандан бөлектеме. Тымақбайды ортандан бөлектесең, екі дүниеде жүзлерінді көрмеймін», – деп жағынан жаңылады. Бұл сөзді естіп: «Ә-ә, мен атадан тумаған екемнін. Тумағанымды мына шал өлерінін алдында бетіме басты», – деп Тымақбай мүкәмал-мұлқін тендей кашады. Сонда Тымақбайдың байлығы мен зеректігін сыртынан күндейтін Есім үнсіз калып, Койбағар Есімнің ығына жығылады. Тек Тілеуке ғана «көкелеп» Тымақбай көшінің сонынан ереді. Тымақбай көшіне күн-тұн ілесіп жүріп, ағасын тәтті тілімен баурап бетін бері бұрады. Тымақбай көшінің сауға бергенін естіп Әлімбек карт осы Тілеуkenің басына балаларын жиыпты дейді кәрікүлак.

– Ай, ұрпағым, – депті сонда Әлімбек құркіреп. – Мен сендерді Жаратушы хактан зарлай жүріп сұрап алған едім. Алдымен Қызыр әулие мен ерен ғайып пірлерге жолықтым. Зәузатым, Қызыр жорткан даладан енді сендерге коңыс сайлайын. Әулие маған «аузынның дуасы жетпіс жеті ұрпағына жетеді» деп еді. Сендердің есімдерін тау мен тастың бейнесінде біз білмейтін заманаларға ес болып тұрсын.

– Тымақбай балам, анау Баянжүректен бергі шоқылар мен Бүркүттінің қабағына дейінгі иен жазықты сен жайла. Ұрпағын көп болады. Өз жүрттынан сая таппаған ел де сені арқа тұтады, – дейді.

«Расында, тымақбайлар көп және кай-кай замандағы үркіншіліктің халкы осы иен жазықтан пана тауып. өсіп-өнуде», – деп бір кайырды Тоқан карт әнгімесін.

– Есім, сен Қаракүнгейдің терістік бетін мекенде. Бауырларыңды ылғи сағынып жүр.

«Әлімбектің дуалы ауыздырының бір белгісі сол – есімдер тым бауырмашыл. Елжіреп тұрады. Бак қонып, байлық дарыған әulet», – деп жолсергім және бір түсінік беріп өтті.

– Қойбағарым, малсағым, сенін кыс-кыстауың мына Қарасайдың аузы мен Аршалының шаткалы болсын. Төрт тұлігінді ағаларына түгендетіп тұруды ұмытпа.

«Айтқандай-ақ, қойбағарлар малды-жанды тұқым. Шетінен мырза. Әлікүнге ағаларының алдына түспейді. Ойнап сұрағаның ойдай етіп береді», – деп шалқыды әнгімешім.

– Тілеуке ше, Тілеукеге түк бұйырмағаны ма? – деп қалдым мен.

– Неге бұйырмасын? – деді Токан, – мына асуудың Тілеуке аталғаның әнгіменің басында-ақ айтқан жокпын ба? Өзге балаларынан Тілеуkenің өзгешелігін тап басып таныған әулие әке:

– Тілеукешім, осынау мекеннің тауы мен тасын, аны мен құсын, адамы мен мал-жанын саған тапсырдым, – депті.

«Тілеуке тұқымы аса көп емес. Бірак шетінен өр, шетінен тілді, шешен. Еңкейгенге – енкеюдін, шалқайғанға – шалқаюдың үлгісін тілеукелер көрсетумен келеді. Мандайы жарылған батыр да, тандайы жарылған акын да осы Тілеуке тұқыманан. Біздін Үш Матайдың мінезін тілеукелерден таниды былайғы жұрт», – деген Токан аксақал әнгімесін тиянектай берді.

Тұс әлеті. Біз де Тілеуkenің жалына ілінген екенбіз. Алдымызда Жонғар Алатауы аскактап, акнұр дүние жаркырап тұр. Мен соныма кайырылдым: Тілеуkenің белінен Әлімбек бөлген өріс көкжиекпен қымтансып, айнала үйірліп тұтас көрінеді. Боз селеулі даланы белуарынан кесіп бара жатқан жалғыз караны көзім шалып қалды.

P.S.

«Әнсекең қария «Жезқазған» дейтін қатада «жер қазғанның» оқуын әне-міне толмаудауға

таяған жағынан айрылышты. Кемпірі байқұс ақпаниның ақсөңке боп қатқан қарына бауырын төсеп, ыңғысын жатыр екен» деген сүйк сөз сұман-сұман етіп аяз қарыған ауылды арағап кетті. Ақсақал біздің үйдің іргесіндегі қозы көк жаійылымга ат арқандап жүретін. Тіп-тік, қапсағай бойын жасап қара шекпеніне қасірет шөккендей қорқынышты адам еді жарықтық. Алагеуімде күңгірт тартақан аспалы шамының жарығымен асты енді алдымызға ата бергенде «Құсайын байдың, бәйбішесі, бармысың?» – деп кіріп кілетін. Дәмнен ауыз тиген соң, әрқайсысы сабадай стусақтарын салатай созып бата беретін де іргеге қолын созып: «Әпкел бері» деді еді. Құсайын байдың бәйбішесі – менің ажем, қарттың қолына балқомей қоңыр домбыраны ұсана түсіп, маган: «Назашың күй шертеді, оқудан айран ботқага айналған миңды тазағап ал. Құдая тоба, осы күнгінің оқуы оқу ма?», – дейтін.

Әнсекең қарттың ұлы – Қошербайды жағы рет көргенім бар. Тілеуkenің тігінен мал айдан түсіп, ауылдың шетіне ғтіне бергенімізде, Қошербай назашыл қолын көлөгейлей күнсалып бізге қарап тұрды. Иығына төгілген қап-қара шашы, бүркіт қабагы, тұнжыр көзі, сия көк көйлегі, біз тұмсық түфлі... бәрі есімде... және сол қатың жадымда сақташып қатыпты. Енді жоқ. Жоқ енді ол.

Ұлының қазасын естіген күні қашысының қанқызын түсті сабын азу тісіне салып шайнап отырады да Әнсекем: «Жезқазған» деген Арқа ма? Арқаға Матайдың аүғанырас па?», – деп айналасындағытарға адырая қарайды. «Онысын білмептіз», – депті сонда жүрт.

Ендігісін қысқадан қайырайын. Мениң естігепен әңгілемем былтай:

Әнісбек ақсақал Жезқазған барады. Мәйітханаадан ұлының сүйегін тауып өбектеп енді шыққаты тұрган кезінде ақсақалға бір топ

кісі келіп сөлем береді, қайғыга ортақтас-тығып айтады. «Қошкентай, – дейді әлгі бейттаныс жаңадар, – ініміз еді». «Сендерге ол қайдан іні болып жүр?» «Ой, ақсақал, сонда бір замандарда атапарымыз ауып осы Арқаны қоныс сайлатты. Біздің түп қазығымыз – Жетісуда. Осында біреуден біреу етбесін-септесіп жүріп Қошербаймен ұшырастық. Жігіттің ақтаңкері еді, амат нешік? Айрылыштың қалдық. Бәрі бір Алланың қолындағы шаруа». «Садағатарың кетейін-ай, сендерге мен не дейін? Ғұмырымның бесіні ағдан сәтінде бесігін тербеттірген құтыным еді, сірі жасынды суйреткен шагымда сүлдеріме таңған тағдырым – бұны да көрдім, жарқындарым, енді көмектерінді аямаңдар, ұтынды туған топырағына апарып бөлтейін». «Кария, – деседі сонда әлгі адамдар, – құтыныңыздың құлынын жетелей қайтыңыз Жетісуга!».

... Ақманар сұлудың өзі еді. Әйбап еді гой ол сондай. Нұ қара бұрымының ұшын алқымыма тығып қытықтап-қытықтап атып жайлапта қашатын да: «Қызғанишақсың, – дейтін, – қытықшыл адам – қызғанишақ. Тура Қошербай сияқтысың. Ол да сен сияқты қытықшыл». Бұл кезде Әнісбек нағашым Жетісуга жетелеп келген Өсербай аяғын аныт-тапталғасын қалған-ды.

«Таяу күндерде елге бірге барамыз» деп серттескен екі жас ертерек жұптасып қойса керек. Сертінен таймадан Жамал жесенешем Қошербайдың тұяғын Әнісбек қартқа тапсырды да өзі сол шаңырақтың қызындағы болып ұзатылып, Баянжүректің бауырындағы Бағасаз деген ауылдың Әлімбек есімді жігіттімен бас құрады.

Алматы, 2013 жыл.

МЫСЫҚ ПЕН МАРУСЯ *(әңгіме)*

«Жок болды жоктауың асқыр. Мұләйімсіп, тәлімсіп қасымнан шықпаушы еді, қайда ғана құрыды еken, a? О, Құдай Ана, құrsaғыма біткеннін мойнын теріс бұрғызып койып едін, енді мынауың не? Не қылғанын тағы да? Апыр-ай, осынша катыгез, осынша мейірімсіз, осынша аяр деп кім ойлаған оны? Оңбаған, нағыз най-саптың өзі еken барып тұрған!»

Маруся Агафьевна кабырғаға ілінген Полковниктін суретіне қарап отырып бұлқан-талкан болған. Полковник, бірак, міз бакпады. Жаксакалы үртyna кұлаған тұстан будырай көтеріліп, мұртының қылышы сынбай, кашанғы әдетінше сәнденіп, ымырт үйірлген кештін коныр бояулары тараған бөлме ішінен бұған тесірейе қарайды. Байқұс Маруся дерт мендеп, ажал алкымынан қыса бастаған күндерде де осы бір тесірейген сұык жаңардан жанын ала қашып, қайда тығарын білмеген еді. Сол мезетте суреттегі Полковниктін қеудесін жапкан сөлкебайлардан жап-жасыл ағындар төгіле тұсіп, әл үстіндегі бұны жағалай камап алғанын да сезіп жатты.

Маруся Агафьевна үйінен колшатыр ұстап шығатын. Содан кейін құн каппаған аппак, әжімсіз омырауын пандана көтеріп, жырық етек юбкасын жыртып жібердей сыртқа тепкен кос бөксересін кезек толқытып, шымкай қара «Волганың» ішіне сұнгіп кетуші еді. Ауладағы сандал сүреткен әйелдер сол кездे әдеттегідей сүйрәндесіп калатын.

- Осы катын-ак ашық аспанның астында колшатыр жамыллып жүргенін коймады ғой.
- Байын былқылдатып ауланың как ортасында машинасын көлденен тосып, басыннан құс ұшырмай тұрса, сен де сөйтір едін.

– Бұл катын біз сиякты кара жұмыс істеп қакталып көрмеген жан ғой, күйеуі әскери адам. Полковник. Өзі статупарвленниенің шынылы кенсесінде керіліп отыр. Бұл кердендемегендеге енді кім кердендесін?

– Кердендесе, кердендесін. Соңда да пенде баласына көз салып амандасуды білмейді. Амандаспай-ак койсын, тіпті сәлемінді алмайды. Сонысы батады жаныма.

– Перестань, Клавдия, угодничать, довольно! – Койшы, Клавдия, жалпандауынды қойшы, осы!

– Жалпандағаным емес, ізет кой менікі. Бір аулада, көрші тұрамыз. Пәтеріміздін қабырғасы жапсарлас. Кақымыз тен катындармыз. Әуелдесен кереуетіміздін сықыры естіліп жатады. Соның бірін ескермейді кейкип. Мегежін!

Қатындардың сөзшені де, тілдісі де, алқынған ашушены да, сосын жылдам қайтып, жылай салатыны да Клавдия болатын. Өзі жактырмайтын мекерлеу әйелді «мегежін» деп салған да сол.

Бірінен бірі аумайтын сұрқап үйлердің ауласынан күндер көшіп, жылдар жылжи берді. Маруся Агафьевна колшатырының астынан со күйі көрінбей, катындар оны күндеуден жалықпай, жамырай сөйлеп, жактарын жаман сөздермен ауыртып жүре түсер ме еді, кім білсін... Иә, кім білсін, Полковник казага ұшырады да, олар аз уакыттын ішінде Марусянын мұндастары болып шыға келді. Бұл кезде ілкідегі қымбат көйлек-көншегі олпы-солпы тартқан Маруся да шүйкедей кемпір бейнесіне еніп ұлгерген-ди. Әйтсе де, әредік барын киіп, барына малынып аулада отыратын. Қатындар енді соны сөз ете бастады. Ақырында Маруся байқұс көнді. Көнгерлі тағдырына да мойынұсынды. Мойынұсынбай кайтеді: жасы ұлғайды. Шалы шалқайып о дүниеге аттанды. Қазақстанды, Алматыны койып Мәскеуде, Ленинградта оқытқан ұлы мен қызы казалы рәсім үстінде әкелерінен қалған дәүлетке таласып, жұз шайысты да караларын батырды.

– Әкем акымак жан еді. Акымактығынан танбай өлген екен ғой, – деді ұлы. – Анау тау бөктеріндегі котеджді біреуіміздің атымызға жазып кетпеді ме екен, соңда дау да, дамай да болмас еді.

– Ал, папамның жұмыстан колы босамады делік. Уақытпен жүріп-тұрды. Сен кайда карадын, мама? – деді кызы долданып. – Банктегі милиондарды кім кол коюп алады? Екеуміздің бірімізді соған мұрагер еткендерінде бұлайша ырылдаспас едік.

Кыз бен ұлды кайырысyz қылып өсіріпті. Қазір бірі Канадада, бірі Австралияда. Бұнын бұжығанда баржоғын білу үшін ғана әредік конырау шалатындары бар. Сонда құса мен кападан қекірегі карс айырыла жаздайтын Маруся: «Кап, – дейтін, – кап, әттеген-ай!..»

Бір күні калтылдаپ аулаға шықкан ол Клавдия кемпірді көрді. Жылады. Мұнын шакты. Жанашыры жок жалғыздығын айтып шағынды.

– Жылама, – деп жұбатты оны Клавдия. – Жылама. Жылағаннан не пайда? Бәріміз өлеміз. Бәріміз де сүлдерін сүйреткен тірі аруактармыз. Мен де жалғызбын. Жалғыздық – біздей мұндықтар үшін жапа емес. Бай өлген, бала... болып па еді сол менде? Білмеймін.

Маруся егіліп кетті.

– Сен ғой, Клавдия, қайғы-зар кешу үшін жарапған жан сияктысын. Сондыктан бәрін көтересін. Сорлағанда мына мен сорладым ғой. Өмірде киындық бар, өлім бар, жокшылық бар, ауру, дерт бар деп еш ойламаппын.

– Енді кайтесің, сорлы-ау, – деді Клавдия да кемсендеп. – «Көресіні көрмей көрге түспейсін» деген – осы.

Кемсендескен кемпірлер сол күннің ертеңінде керісіп, онын ертеңінде өткен-кеткендерінен сыр бөлісіп, тамырласып алды. Клавдия Марусяны ауладағы кемпірлермен тегіс таныстырып шықкан. «Бұрын, сайтан алғыр, калай байқамағанмын, бәрі де жандары жайсан катындар екен ғой» дейтін Маруся құрбылары туралы мысығына қарап әнгіме айтканда.

Мысық – Клавдияның сыйы. «Жалғызбын», «жалғыздың» деп көз жасынды көлдеткенше, мә, мынаны бауырына бас, жалықтырмайды» деген еді ол жонынан жолак құлаған бала мысықты бұның қолына ұстасып. Содан бері мысық пен Маруся бірге. Бірге ішіп-жейді. Төсекке бірге құлайды. Кемпір шокптын жамылып кисая калса, мысық бырылдаپ келіп бүйірін. сұық сорып тұратын аяғын жылтып, маужырап жатады. Өзі

бет-аузын сулап жуынғандай ырым жасаған сон кемпір мысығын шомылдырады. Басында тарғыл неме жылы судан кашып, кемпірдің терісі ұлдіреген тарамыс саусактарын, кен көйлегінің астарында көшіп жүрген омырауын тырнап, айғыздап тастаған. Кемпір катты ашуланды. «Жуынуды, тазалыкты білмейсін, – деп ұрысты. – Тамакка карының тойса бітті, ұйқыны соғасын. Көрі шешенді алдандырып, асыр салып ойнауды да білмейсін».

Мысық, бірақ, жылы суға шомылудын, шомылған сон жұмсак сұлгіге оранып мұлгудін рахатын әбден ұғып алды. Сабалак жүндере сорғып, құрғаған сон кемпірдің алдына көлдененінен сұлай кетіп, денесіне тиғен тарак тісінің діттеген жерін қасып, бойынан күйі таркайтын сәттің тәттілігін жиі тілейтін хәлге де жетті. Жалғызлікті кемпірдің күбірі мен күнкілі де оған қатты ұнайтын.

«Әken, – деуші еді кемпір, – оның жаны көктен жай тапсын, мені еркелетіп бакты ғой. Қандай еркелігіме де шыдайтын. Бірде, әй, жындымын-ау, жындымын, қакаған қыста бетін мұз құрсаған көлдін сұына оттай жанған тәнімді малып, құмардан шыккым келді. Әken басын шайқап отырды да, «Жұр» деді. Сөйтті де, казармадан төрт-бес солдатты бұйырып шығарып, сүйменмен мұзды ойғызды! Қаршылдатып олар мұзды ойып жатыр. Мына жакта мен тұрмын қысыр қынсыладап. «Болындар!», «Болындар!» дейді әken. Солдаттар жантала-са кірісуде. Кенет түймедей ойық қарс-карс айырылды да, әлгі немелердің бірі суға күмп етті. Өзгелері оған жанұшыра ұмтылған, құтқару колдарынан келмеді. Солдат суға кетті. Сонда сілейіп көп тұрып қалсам кепек, ертенінде ұшып түстім. Ыстығым көтеріліп жаман ауырдым. Дәрі ішіп, укол салдырып, система койдырып әрен айыктым. Әken бар ма, әken мені еркелетіп бағуши еді».

«Аға-әпкең мектеп бітірісімен Москва мен Ленинградта оқыды. Әкеннің таныстары көп еді. Мына жактан конырау сокты да, балаларды оқуға түсірді. Әкеннің сол енбегін екеуі де ескермеді, кайтейін. Бірі ел көзінен тасада ұстап отырған, қамалы биік коттеджімізді қыруар

ақшаға сатып, бірі банктегі миллиондарды жымкырып тайып тұрды. Мен еркелікпен ескермеппін, әкенін тыккан дүниесінде кисап жок екен. Марқұм, жаны көктен жай тапсын, ұра казып, кару-жаракқа дейін сықапты. Соның бәрін тұз-түгелімен екі жетпегір үтпеп кетті ғой, үтпеп кетті».

Мысық Марусяға жалғыздығын ұмыттырды. Әредік азық-тулікке аяқ шаршатып кайтатыны болмаса, кемпірдің казір сыртқа есік ашкысы жок. Қоршілері де мазаламайды. Рахат. Анда-санда әлті екеуінің келіп, бөлмелерді жыстырып, переделерді ысырып, еденді жалап-жұктап, кір-конын жуып кететіні бар. Сол онбағандар ғой мысығын жаман үйреткен. Әйтпесе, сүтке езген наң мен жұмсақ шұжықтан өзгені тамак деп білмейтін мысығы бұлайша бұзыла коймас еді.

Бірде екеуі арсаландап кіріп келді. Еркегі мәз. «Бабуля, – дейді жампандалап, – бабуля, сәбіременний мысықтар қазір сүтке езген наанның қиқымын ауызға алмайды. Міне, мысықтың асы!» Мына кенкелестің мырзалығына кемпір тыжырынғанымен мысығы мияулап жіберіп, женсік асын көргендей жетіп барды да, бас салды. Содан бері шұжық пен сүтке бұқтырылған наанның кесегіне қараудан ада-күде бас тартты Ол. «Мияу-мияу». Кемпір «кис-кистеп» шакырса, мысығы «вискистеп»* мияулайды.

– Эй, онбағандар-ай, онбағандар!

Кемпір өзі талғажау ететін тамағына кося енді теледидардан жарнамасы жиі кайталанатын мысықтың кымбат азығын тасып, аяғынан таусылды.

– Эй, онбағандар-ай, онбағандар! Ниеттерін қарау сендердің!

– Ниеттерінің қараулығы несі? – деді бір күні мысық кемпірге тіл катып.

Кемпір абдырап аз тұрды да, бұркырап сөйлей жәнелді:

– Мышым, сен білмейсін оларды. Олар мені өлсе екен деп тілейді. Мен өлсем мына пәтерді, мүкәмәл мүлікті басып калмак, білдін бе?

– Олай бола коймас, мамасы.

– Саған сол екеуі ұнай ма?

– Ұнамайды! Әсіресе, әйелі.

– Неге?

– Ты не заметила, мама, его жена беременна! – Сен байқамағансың ба, мамасы, оның әйелі жүкті!

– Е-е, бәсе, неге көзінің алды көлкілдеп, кіндік тұсы шенбірек ата айналып жүр десем. Жүкті де.

– Иә, жүкті. Ол әйел мені жек көреді. Өткенде босағадан аттай бере дәліздегі каракөленкеде жаткан мені аяғымен ысырып жіберді.

– Байқұс балапаным-ай, сені аяғымен тепті ме ол салдақы?!

– Тепкенде қандай, кабырғаларым какырап кетті!

– Енді аттап бастырмаймын табалдырыктан.

– Мама, сен бұларды қайдан тапқансың?

– Мышым, әкенін кала сыртында құжырасы, он со-тық жері болған. Әбден қараусыз, иен қалған еді. Өткен жылдары өртеніп кеткір құжыра есіме түсіп барсам, әлгі екеуі телмендеп баспана іздел жүр екен. Содан, Клавдия кемпірдің ақылымен, пәтерші қылыш алғанмын. Жамбаспұлын ай сайын төлеп тұрады. Қарі шешенін картайғанда тапқан амалы, әйтеуір өлмestін камы. Ақша сен екеумізге аудай кажет кой, күнім.

Кемпір көп күбірлеп, күнірене күнкілдеп көзін әрен іліндірген, мысығының абы мияуынан оянып кетті. Мысық бөлмелерді аралап безіп жүр екен. Қайта-қайта шығар есікті тырналап безек қағады.

– Мышым, саған не болды?

Мысық мұләйім кейіппен басын шайқап бырыллады:

– Білмеймін, мама, өне бойым өртеніп барады.

– Ауырып қалғаннан саусың ба өзі?

– Білмеймін, – дедім ғой, – мама, білмеймін!

Мысық құмыға мияулады да, тіл қатпады. Сөйтіп, үш-төрт күн бөлмелерді аралап әптер-тәптерін шығарған. Жанарлары жасылданып, кемпірге жат көзben қарайды. Кемпір коркайын деді.

– Дәрігер шакырсам қайтеді, а, мышым?

– Керек емес, мама, есікті ашынызшы, сырттағы дүниені бір көріп келейін.

Кемпір есікті ашып үлгергенше, мысық зып берген. Міне, бір аптадан асты – жок!

Маруся тағы да ауладағы кемпірлерді тапты. Тағы да зар-мұнын төкті. «Сендер бұрыннан жоқшылыкка, жалғыздыққа, кемдікке бой алдырыған жансындар ғой. Сендерге жылап-сықтау сөз емес. Мына мені айтсаңдаршы, картайған шағымда сорладым сорлағанда» деп сорғалады кеп, сорғалады. Кемпірлер Марусяның кайғысына төзе алмай қайкан-қайқаң етісті.

- Милиция шакырайық, – деді бір кемпір.
- Жән сөз, шакырсақ шакырайық. Іздесін, тапсын мысығымызды. Зарлатып қоямыз ба мына байқұсты?
- «Байы өлген орыс маржасының миы жартылай іс-тен шығады, мысығы жоғалса, мұлдем кәдеге жарамайды» деуші еді біздін мұжықтар. Милиция мысығынды қайтеді? Менде басқасы бар, соны ал. Эйтпесе, анау пәтерші балаларың тым жақсы-ак кой, соларды қолына кіргізіп алсан болмай ма?

– Клавдия, сен алжыған какпассын! Пәтершілер бейшара Марусямызды бір кунде мылжалап өлтіріп, пәтерін иленіп кетсе қайтеміз?.. Былай да осының үйіне жиі келгіштеп жүр. Кірін жуады, тазалайды, дүкеннен азығын сатып әпереді. Тамағын істейді жәдігөйленіп. Маруся, байка, тамағыңа у косып, тастай катырmasын сен байқұсты. Ал, сен, Клавдия, айтпа әлгіндегі сөзді, тісіннен шығарма!

Кемпірлер шуласып-шүркырасып аудандық полиция баскармасына қонырау шалды.

- Мысық жоғалды дейсіздер ме? – Телефон тұтқасын жарқын дауысты жас жігіт көтерді.

– Иә-иә, мысық жоғалды. Бір апта өтті, көз жазып калдык.

- Мысығыңыз ұры болды ғой, шамасы? Қашып кетті ме?

– Былайынша, иә... қашып кетті десе де болады. Бірак ұры емес, кәдімгі мысық, үй мысығы. Қанғыбастардың сортына жатпайды. Ақылды, бекзат мысық.

– Ақылды, бекзат мысық ұрлық жасамайды деп кім айтты сізге? Біздін елде ақылды бекзаттар жетіп артылады. Сосын да ұрлық жасайды. Ұрлық жасайды да, елден тайып тұрады. Қашады. Халықаралық денгейдегі қашқын атанып, алыс киянда жаймашуақ тыныш өмір

сүріп, мырғамға батады. Сіздің мысығының да, сөйтіп, бір жерде бөгіп жатыр, бәс тігемін.

Полиция қызметкерінің жауабын естіген кемпірлер жінігіп кетті. «Мынау мазактау ғой, корлау ғой бізді, – десті олар. – Қакымызды аякка таптап, ашық келеке қылды. «Осылай да осылай» деп газетке жазу керек». Кемпірлер мысықтың жоғалу хикаясы мен Марусяның аянышты халін тірнектей тізіп, кезекші милицияның жауабымен атышұлы «Ка-451 градус» газетіне жолдап кеп жіберді. Кемпірлердін арызы газеттің әбжіл ки-мылдайтын қызметкерінің колына тисе керек, бірінші бетке «Орыс әйелінің жан төзгісіз тағдыры» деген та-қырыппен жарқ ете қалды. Расында, Марусяның, Ма-русяның ғана емес, сұрқапталды сұркай үйлердегі кемпірлердін күйі мүшкіл еді. Клавдияның байы жаза-тайым пойыздың астына түсіп өлген, баласы Сібірде. Антонинаның шалы елірме дертке ұшырап көз жұмған. Александра Ивановна әуелден жалғызбасты. Баб Зи-наны құрт ауруы кеміріп бітті. Бәрі де үйлерінде мы-сық, ал косымша бөлек пәтерлерінде жалдап тұратын жас отбасыларды, саудагерлерді ұстайды. Осы кейуана карттар мекендейтін зәулім үйлердін ауласы мен өзге де аулаларда казір ешкімнен именбейтін, ізет-құрметі кем жастар, бұзакылар, нашакорлар каптап, өріп жүр. Кауіпті. Өте қауіпті. Газет тілшісі өз тарапынан жазған түсінктемеге аталған жайттардың бәрін косыпты. Макала оқырман қауым мен коғамдық ұйымдарды дұр сілкіндірді. «Үміт аралы» дейтін қор жоғалған мысық-ка іздеу жариялад, «Сонғы толқын» козғалысы кезекші милицияның сонына шам алып түсті де, қызметінен күйп тынды. «Сонғы толқынның» күрескерлері мұ-нымен де шектелмей, «Нашакорлардан, бұзакылардан каламызды азат етейік!» деген ұран тастап, әлеуметтік, ұлттық маңызы зор ұран өзге де ірі калаларда жалға-сын тауып, куанға тиген өрттей шалқыды. Белсенділігі-мен, сөзуарлығымен эріптестерінің алдын орап кете беретін бір депутат әйел Парламент мінберінде тұрып, мемлекетіміздін ұзак жылдарға арналған стратегиялық бағдарламаларында үйінде ит пен мысық асырайтын жандардың жайы камтылмай калып жатқанын айтып

ашынды. «Ит пен мысық – кәрі әке-шешелеріміздің серігі. Қарттарымызға қашан да куаныш сыйлайык» деді депутат ханым сөз сонында.

«Орыс әйелінің жан төзгісіз тағдыры» Казакстан-ның шекарасынан асып, Ашық хат түрінде көрші мемлекет басшысының құзырына жол тарткан құндердің бірінде Маруся Агафьевна қашып жоғалған мысығын қарғап-сілеп, Құдай Анаға жалбарынып. Полковниктің қабырғадағы суретіне қарап отырған. «Мияу». Ауызғы бөлменің есігін біреу тырналап, жалынғандай дыбыс шығарды. «Мияу». Кемпір емпендей жөнелген. Ашса, мысығы! Жалым-жұлым, жалбыр-жұлбыр. Жолакта-ры құлайтын жон терісі сыптырылып бауырына түскен. Кемпір бажылдап қоя берді. Байқұс Марусяның бажылын естіп Клавдия бастаған көршілер мысықтың айналасына үйірле қалыпты. Мысықтың көзі тарс жұмұлы. Түймедак танаудынан дем тарткан тынысы да білінбейді. Кемпірлер әл үстіндегі бейшараны көріп ерін ұшымен жыбырласты.

- Өледі.
- Өлмегендे кайтеді?
- Әбден сорлаған еken, сорлы-ай!
- Ит талаған ба өзін?
- Ит пе, әлде мына аулаларды кезіп журген қанғыбас бұзакылар ма, кім біледі?
- Болса болар, солар осы ит жейді, мысық жейді дейді ғой білетіндер.
- Амал кем, – деді кемпірлер Марусяны аяп, – тан атканша күт, тан ата жантәсілім кылар. Соын мынау балабақшаның бағына апарып жерлейміз.

Кемпірлер кетісімен құлыптанбаған есік кайта ашылды. Пәтершілер еken. «Бабуля, – дейді еркегі баяғысынша жампаңдап, – не, мысығының ауырып қалған ба? Ойбууу, сау тамтығын калдырмапты-ау, ит талаған ғой?». Эйелі кабағының қыртысын жазбай, жиіркене бас шайқап, ас бөлмеге өткен. Еркегі дабырлап, дал ұрып жүр. «Маруся апа, мен білемін, ит пен мысықтың қаламызда емханасы бар. Мен қазір ұшып отырып мы-

сығыңызды соған апарып келейін. Көресіз, жазылады мысығыңыз. Құлан-таза айығады, апа!» Марусяның мәү дегеніне карамастан, ерлі-зайыпты пәтершілер мысықты орап алып сыртқа атылған. Тұн жарымында жарасы таңылған, үстінен құмсабынның ісі анқыған мысықты қайың қабығынан токып өрген себетке салып бір-ак оралды.

Қайғылы, жүдеубас Марусяның үйіндегі электр шамдары өлеусіреген жарығын айналасына себезгілеп қана тұратын. Пәтершілер дабырласып кіріп келгенде ол да жарқ ете қалғандай болды. «Мысығыңыз міне, апа!» Марусяның колына тиғен мысық жіпсітіп көзін ашты. «О, Құдайым, О, Жарылқаушым, О, Құдайдың ұлы, мені ұмытпаған екенсің ғой! Мышым, мышым менін! Сүт ішесін бе? Нанды сүтке быламықтап берейін бе? Шұжық жеші, мә!» Маруся ұзак толғанды, мысығына ұздіксіз мейірімін төкті. Бәйек қағып жанын коярға жер таппады. Тұннің бір шамасында анасының аялы алаканында жатып аяулы мысық бір шыны сүтке тұмсығын батырды. Осы кезде-ау, шамасы, Маруся дәлізден әлдекімдердің сұлбасын аңдаған. Каранғыда бой тасалап, ұрымтал сәтті баққандай сыйырлассқандарын да анық естіді. «Ұрылар, – деп ойлады ол жүргегі атқактап, – ұрылар, қазір мені тұншыктырып өлтіреді де, үйімді тонайды. Сорлы мысығымның да жанын жәннамға аттандырудан тайынбас». Сосын сыйбырызың сак кимылмен телефон тұтқасын көтерген. Сүт пісірім уақыт аралығында сақшы машинасының қикуы аулаға келіп жетті. Сарт-сұрт, тарс-тұрс. Мұздай қаруланып, бастарына темір телпек киген полиция қызметкерлері Маруся Агафьевнаның пәтеріне жылдам көтерілді де, каранғы дәлізде отырғандарды бүктеп басты.

– Біз – Маруся апайдың дачасында тұратын пәтершілерміз. Баратын жеріміз тым алыста болған сон осында түнеп калып едік.

«Е-е, әлгі екеуі екен ғой». Маруся ойын жиғанша, алдына серейген ұзын бойлы, ат жакты подполковник шеніндегі офицер тіктеліп тұра калды:

– Рахмет, сізге, Маруся Агафьевна. Көптен бері ізін жасырып, дәт дегізіп жүрген аса канқұйлы каракшы-

ларды ұстаяға көмектестініз. Сол үшін сізге бөлімше атынан алғыс айтамын. Сергектігінізді, батылдығыныңды ертең газетке де жазып, өзге карттарға үлгі етеміз.

Сібірлеп аткан таңын ак тозаны алакеуімдеген аула-дан пәтерші еркектің шырылдаған дауысы естілді:

– Ішке теппенізші ағай, ішке теппеніз, әйелім ғой, жүкті еді. Ішке теппеніз!

Тарғыл мысықтың бауыры жер сызады. Маруся мәз. Күледі. «Өй, сайқал, мен сені іздеп жер-көкті шарқ ұрып жүрсем, сайранды салған екенсін-ау сен әбден. Бәсе, өне-бойы неге өртене калды десем. Мауығын басылды ма? Твоей старой матери теперь придется нянчиться с твоими детьми. – Кәрі шешен сенің балаларыңды бағатын болды ғой енді!»

... Ерте көктемнің көкөзек шағында «Ka-451 градус» газеті А. қаласындағы М. аудандық полиция баскармасының мәліметіне сүйеніп, адам баласының жаңын түршіктіретін хабар таратты. «Ауырып өлген жалғызлікті кемпірді аш мысықтар талап, жеп койыпты» деп жазыпты газет.

• «*Whiskas*» – американдық *Mars* компаниясы өнідіретін мысықтың асы.

Талдықорған-Алматы, 2014 жыл.

**ӘЛҚИССА.
ШАХМАРАННЫң
КІТАБЫ**
(хикаят)

«Осы хикаятын маган арнаға-
ныңды көрсөтіп
жазыши», – дейтін ол.

– Иә, бұл шығарма саған арнаға-
сан. Саған арнадым, құрметтім!
Аяұлы досым Әмірхан Балқы-
бектің руҳына тағзым.

Автор.

Аяғынан алжыған Солтанбай шалды сакалынан алты тарам жасын ағызып баласы қалаға сүйреп әкеткен күні бұл жалғыз қалды. Әуелде жалғыздығын құмәнінің жетегіне байлап аныраған ауылдын ішін аралап көп сенделетін. Қара ағаштардың басына қалбаңдай кеп қонатын карғалардан өзге қаран етер жан жок. Құлазыған тыныштық. Әредік Солтанбай карттың нәлі тайған керзі етігінен түскен ізді көзі шалады. Өкшесі қисайып, добалbastанып жатыр. Жамау жүрелей отырып сол ізді сипап қояды. Жарықтық жасы ұлғайып, мәлкілдеген шағында аяғынан алжыды ғой; әйтпесе санасты сайрап тұратын. Тек бар айыбы күнді күн демей, түнді түн демей, үйінсі шығатын да жүре беретін. Ақырында тау мен тасты кезіп, арқа еті арша, борбай еті борша болып бір-ак оралушы еді. Сұрлеулер әжімдеген сүлей даланың ең соңғы иесіндей еді ол. Кейбіреулер одан «елес ертіп, аруак айдал жүрген адам» деп шошитын. Ал, Солтекен болса, бір кезде өзі сайран салған өлкенін бедерінен табаны жанып, құшыры қанып кайтканына шалкитын. «Сарытауымның ойы мен қырын армансыз шарладым, – дейтін қалаға қаптай көшіп, жарыса қол бұлғап бара жаткан жакын-жұрағатына қарап шал байқұс, – Сары-

тауды көріп саңлағым бір көтерілді». Шалдың сөзін шалық үрғанның сандырағына балап сол Сарытаудың бөктерінен калаға бет түзеген ауыл көшінің акыры Жамаудың жұрт бағып калуымен аякталды.

Алдымен калаға ауылдың жастары аттанған. «Керемет калада еken. Ақша аяктың астында ыбырсып, шашылып жатады еken. Тек ерінбей енкей де етегіне толтыра бер». Сонысы рас-ау шамасы, калаға тұрак тепкеннін алды ала көбік ауызданып ауылға соккан сайын елді естанды етіп бітірді. Содан кейін-ак ауыл калаға қарап жұтынатынды шығарды. Сөйтті де жылы орынынан жылыстап көше бастады. «Көшпеймін, көше алмаймын» деген бұл ауылдағы жұмыр басты пендे жалғыз Жамау болды. Тегінде, терісін сүйегіне кептай салғандай қапсағай бойлы тыржау жігіт еніреген ере-гестің адамы еdi. Қалаға түп котарылған ағайын туысана жон арқасын көрсетіп, міне, енді. жалқы күн кешіп ауылда жүр.

Жамаудың күндегі әдеті осы: албарындағы азын-аулак ірі-карасы мен ұсак малын айдал апарып Карапайдың аузындағы аңғарға кептатып жібереді де, са-мал жүгіріп тұратын өленді өзектің салқын сабатына көміліп отырады да кояды. Файыптан бір жолаушы тап бола кетсе. Жамаудың мына кейіпін бейдауа дүниеден іргесін аулакка салып әр күнін мінәжат үстінде мұлгіп кана өткізетін мүмінге ұқсатар еdi.

Іш жидітер тыныштық ішегін тартып сынсыған бір уілге ілініп калған. Жамау анық естиді. Уіл үздіге соғып үзіле боздайды. «Е-ей, Алла-ай, – дейді ол содан сон күбірлеп, – тыныштық екеш тыныштық та жалғызы-сырап жылайды еken ғой».

Құныскан жауырынын жазып төнірегіне көз тастаған. Аңғарларда ұйыған алып қөлеңкелер кемерінен асып иен жүрттағы ауылға қарай жайылып барады. Ымырт үйірлуге бет алышты. Ұясына енбес бүрын Баянжүрек тауының басына қонып алып күмбезкөк аспандағы се-руен жолын тамашалайтын батар Күн иесіз үйлердің шатырына шапағын шашып, шолак көшелердің бойына құба қызыл алаша төсеп тастапты. Ілкіде сол шолак кө-шелердің койын-конышынан таяқ ұстаған, сырый сүй-

реткен кәрі-құртанаң, бала-шаға актарыла шығып өрістен қайткан малдың алдын тосып тұратын. Кешке дейін бұғынбақ ойнап, қызыл інірде бір-бірін тауып ала койғандай шұрқыраскан бір дәурен еді ол кезде.

Анау көлтықтағы дөннің жалпак төбесіне кариялар жайғасатын. Дөннің шилемеүіттеу тұсына кәрі шешелер мен жаулықтары ағарандап жас әйелдер жиналатын. Энебір күміс бастау інінғашты қыз-келіншектерге толып кетуші еді-ау. Тай-құнандарын жүгірткен бозбала, жігіт-желен әлгі күміс бастаудың аяғынан шөл басардай ентелеп кеп іркілетін. Соқасын көтеріп, темір тұяқ «тұлпарларын» қантарған ағалар да өріс баккан жүрттың өресінен табылар еді. «Соның бәрін кала жұтты, – дейді Жамау күрсініп, – кала жұтты». Дөн басына дөңгелене малдас құрған шалдар жарыса жер томпайтып, бақиға аттанысымен, бір токтыны қандап бітіретін ағайын арасындағы кілт еткен кикілжің атаулының кірі қалындалап, әркім өз ұяты мен намысының шылауына байланып, қабағын теріс салды. Содан кейін-ак:

– Сырты тұкті, іші бок бірер хайуан із-тұзссіз жоғалып, бір-екі азамат сottалып кетті;

– Қазан теуіп қағынған тентектер көбейіп, кас жарылып, тіс сынды;

– Келін-кепшіктің сұйық жүрісі білініп, он босағадағы қыздың ойпан белі шенбірек атып шанырак астында төлледі;

– Ала жіп көрсе, асылып өлеңдер көбейді;

– Сөз жарыстырғаннан бөз жарыстырған озып, бәкене бойлы бәсеке қүшейді.

Осының бәрін Жамаудың ауылы өз ішінде коздатып, өсіріп, уышықтырып, балалатып алды да, артынан шошығандай түршігіп тұра қашты. Қалаға. Біреуді біреу біліп болмайтын қалаға. «Бұл ауылдың адамынғана емес, ұяты мен намысын да аузын арандай ашқан кала қылғыта салды». Жамау тауларға карайды: бой таластырып шалки көтерілген күз жартасты көк сенгір таулар аспанға баар жолдың баспалдактары сиякты – бір-біріне мінгесіп, ұштасып алыстан айбар төгеді. Аяғының астындағы қара жолға телміреді: қара жол данғылға біткен даналықтын тілінде сөйлеп кетердей ым

қағады. Бұлакқа құлак тосады: бұлактар бетін басып үяла қашкан бұла бойжеткендей сылан қағып бір тынбайды. «Бұл ауылдың адамдарына, – дейді сонда Жамау, – мына таулардың тәқаппар мінезі, мына жолдардың көнені қөгендереген көpbілгіштігі мен көнтерілі төзімі, мына бұлактың мөлдірлігі мен баландығы дарымапты». «Тегінде солардың калаға ауып кара батырғандары да дұрыс болды, – дейді содан соң, – өмір – алыс-жұлыс бәсекенің шегінде жалығу үшін берілген уақыттың өлшемі ғой. Мен білмейтін қалада қалай қырбайласса да өздері білсін».

Жамау мен Жамауды жалғыздықка көндірген өлкे жер-жаһаннан бөлініп уақыттың әлдебір мекенсіз, мезгілсіз ұшпағында калып койған сиякты. Таң қалай атса, кеш солай батады.

Жамау жетім ауылдың сыртындағы балуан жоталы белге көтерілетін. Сосын әбден үйренген көзі түнге сініп кеткен түлей түздің түкпірінен жіптей сзық тартылып өтерін капысыз анғарады. Жіптей сзық сәлден кейін жұлдыздардың сәулесіне ілініп, маңдай тұста ағарандап жүріп алады да, жарты еліге өсіп білезіктене бітіп токтайды. Әлгі білезіктің үстіне тағы бір аккүміс білезік киіледі. Аккүміс білезіктер калындалап, бүктеуін жазған сайын бықып жатып алған түймедак жұлдыздар өлермендене аспан төсіне өрлеп, бадана көзді басбармактай жұлдыздардың жарығы жайыла түседі. Шығыстан білезіктеніп тан білінді, тан атты деген осы.

Бояуы солған бозамыктан Жонғардың аппак жузі қылан береді, дөңқиپ Аршалы түрегеледі, ұйқышыл Сарытаудың шошак төбелері карауытады. Ерте оянған Жонғарabyз тау, аксакал тау – Аршалыға алдымен сәлем жасап, Аршалы алды-артына абажадай төніп отырады да, айналасындағы бала тауларды аса таяғымен түртіп оята бастайды.

«Таулар тәртіпті, – дейді Жамау, – тауларда тәртіп бар».

«Таулар тәртіпті, тауларда тәртіп бар». Жамау жалғыз өзі бір жылды өткерді.

«Таулар тәртіпті, тауларда тәртіп бар». Жамаудың жан баласына жақ ашпағанына және бір жылдың жүзі ауды.

«Таулар тәртіпті... «иә, тауларда тәртіп бар» деп дауыстады біреу тап касынан. Қара кісі. Таң алажеуімінен таңғажайып тұс аулағандай айналасына тамсана қарап тұрды да жол бастады. Ауылға. Иен ауылдың шетінде екеуі іліне бергенде ағарандаған әлденелерді Жамаудың жанары іліп түсті. Бір – біріне ұнсіз мұн шаккан мұржа-сыз тамдардың іргесінен тұн түтіліп барады екен. Сол кезде анық байқады: кебіндер керуені керімсал лепке ілесіп касынан сұылдан өтіп жатты. Ауылдан дым сің-ген шикі топырактың иісі анқиды.

... Қара кісі Жамаудың жанын жайлап алды. Екеуі күн батырып, тан атыруға келіскендей көкке телмірген тылсым күй тауып әбден бітісті. Айнала төнірек елбек қағады. Таулар тулап, төбелер шырқ үйріледі. Кейде, тіпті, найзакек шындар тіккс атылып, әуе как жарылады да жұмсақ тыныс тапқан акнұр дүниеде Жамау жалғыз қалады. Міне, тағы да жалғыз қалыпты. Анылжыған ұшы-киырсыз мекенді кешіп келеді екен. Алдынан есігі түрүлі ақ отау тап бола кетті. Кіріп келсе, іші толған хоркызы жайрандай құліп Жамауды төрге шығарды. Бірі акша жүзін тосып, бірі тілінен бал жұтқызды. Құлкісінен күміс төгіліп тағы бірі дастархан жайды. Сосын бәрі жабылып бұны шымылдық ішіне енгізді де басына құс жастиқ тастаған. Оянса, маңайында жан баласы жок жалғыз өзі бұлт жамылып жапан түзде жатыр. «Оуууу, ауууу, кайдасындар?!» Алыстан тұяқ дүбірі естілді. Жер апшысын қуырып төпеп келеді. Манңайында жалғыз көзі бар сиякты. Таптап оте шығатынға ұқсайды. «Айбөкеен! – деп айқайлады Жамау, – Айбөкен, бұл сенбісін?!» Жамау тап сол кезде өз айқайының алапат зор ұнге, самбырлаған дауысқа ұласқанын андап таңдана құлак тоскан. Дауыс Жамауды жапырактай қалтыратты. Ояна кетсе, тағы да түсі екен. Қасында қара кісі отыр. «Көресің, – деді Қара кісі, – сен енді оларды көресің». Жамау айнала аспан таулардың алып көр түбіне шөгіп, шөкелей түскенін көрді. Иен ауылдың несіз үйлерімен бірге Жамау да көр койнына жұтылған, кенет-

тен... көзі шырадай ашылды. Жан калтасынан сұрып алып караса, сағат тілі танғы алты жарымды қайырыпты. Күміс білеңіктенген көкжиекке қадалған бетінде қалғып кеткенге ұксайды. Бидайық басын тербелткен танғы серпінді ауа Жамаудың бойын сергітіп, стектегі ауылға жетелей жөнелген. Ауылға таяғанда белбеуіне жүген қыстырған Байғазы шалды кездестірді. «Астапыралла, бұл шал баяғыда бакилық болмап па еді?» Жамау Байғазы шалға кос колын созып сонда да тұра ұмтылған. Шал, бірак түсін салқын ұстап бұған бұрылып та қарамады. Алабұрта адымдап үйіне жеткен. Төрде малдас құрып отырған Солтанбай картты көріп сілейіп қалды. Сосын егіліп жылап жіберді: Солтеке-ау, мен сорладым ғой. Сорлы болдым ғой әбден. Жалғыз өзім жүрттан аумаймын деп жүріп, ес-акылынан айрылған бір бейшара болдым ғой мен. Біресе, шалықтап көкте жүземін, біресе, көрге кіремін. Жанағана белбеуіне жүген қыстырған Байғазы марқұммен жолыктым. Мені жын иектеп, сайтан қуаламаса, өлі аруакты тірі адам сиякты көремін бе? Ататай-ау, күткаршы мені, садаған кетейін бойыма дем салып санамды сауыктыра көрші...

Жамау солыктай келіп Солтанбайдын алдына жығылған. Карт құлімсіреді. Қабағын жазып баудай сақалын уыстаған күйі иегін қакты. Жамау жас парлаған жанарын сүрте алмай жатып буалдырланған карт бейнесінен Қара кісіге ұқастықты анғарды. Қара кісінін... жо-жок, Солтанбайдын кәрі сойдак тістеріне бағынбай ерінін жалап, жылмаң қағатын құзгі жалбыздың піскен жапырағындай канқызыл тілі Жамауға қайтадан ес бітірді. Шал әдеттегідей езуіне түкірігін іліп алып, ұртын компандатып ұрып отыр. Эредік алаканын жазып әлденеге таңданады, әредік сұқ саусағымен көкті нұскап екілене сойлейді. Иығын кусыра түсіп, бұқтелген белін бүгжінген кеудесімен басып енкендей ентелеп әлденені ежіктеп түсіндіреді. Жамау картка риза болды. «Жарықтық-ай, ата мекен, баба қонысына жеткен екен-ау жер түбінен күніреніп. Бәсе, атты кісі тақымға салып тартса да жұлынбайтын шидің сабағындай тамырын туған жерден үзіп кете алмайтын бір пенде менін қасымнан табылса керек-ті».

Ауыл калаға актарылғанда Жамауды таңғалдырған бір керемет – кәдімгі шилер еді. Бірде Жамау ерігіп жүріп ат үстінде шидің бір сабағын тамырымен жұлып алмақ болған. Қозғалмады. Содан кейін такымына ба-сып тартып байқаған. Мынқ етпеді. Қайта сабығынан сынып Жамаудың алаканын тіліп-тіліп түсken. Қыста кар астынан қылтиған үрпек басы үлпілдеп, аязға тұн-шықкан түрі аяныш шакырып, көктемде балғын тартып бойлай өскен көркі дүниеге бір ыстық әр беретін ши-лердің, шилі өлкенің өскіні Жамау үздіге соғып үзіле боздаған уілді қайыра естіді. «Бұл не уіл? Оты сөніп, ошағының аузы талқандалған жетім үйлер ілкідегі тіршілікті жоктап зарлай ма? Әлде, түтін ансаған мұр-жалардың өзегін кернеген өкісік пе?»

- Жылауық Жамау.
- Мен бе жылаған?
- Адамның шын досы – көз жасы.
- Мен оны білемін. Мен жыласам рахаттанамын.
- Жылаған адамның жанын періштелер әлділейді.
- Сен кімсін?
- Танымадың ба? Дұрыстап карасаншы.
- Мәулійм? Сен осыдан...
- Иә, мен осыдан он жыл бұрын бакиға аттанғанмын.

Тұн – рухтың мекені. Біз тұнді кеземіз.

– Ал біз түннен коркамыз.

- Уакыт та түннен корқады. Тұн мәңгілікке жалғаса берсе, уакыт есептен қалар еді.

– Сендер бізді көріп тұрасыңдар ма?

- Міне, сен де бізді көріп тұрсын. Мен өзгеріппін бе?
- Жок, бәз-баяғы қалпын. Тіпті, он жак көзінін астындағы тыртық та орнында. Осы тыртық ашушан экеннін қатты сермеген камшысының ізі емес пе еді? Экеңе әлі өкпелі шығарсың?

– Менде әке болған емес. Мен ол адамнан бұрын туғанмын. Онын мені көрген бетте қалышылдап, құтырып, айқайлап кететін себебі сол еді.

– Сен соны білдін бе? Білсен айтпадын ба?

- Фәниден бакиға баратыны әр пендеге ақикат. Баки-дан фәнінге оралғанын сезетін жанның екі дүние ара-

сындағы халі өзіне де жұмбак: түйсіктің түкпіріндегі әлемге жету тірлікте неғайбыл.

– Кеше жалан-аяқ, жалан-бас далада ұйыктап калыпсын, – деді ертенінде Солтанбай карт Жамауға қарап, – көтеріп әкеліп төсегіне жатқыздым.

Жамау кештін батуын асыға құтті. Алыстан талығып жеткен уілді жетім ауылдын кора – копсысында жамыратып тағы да түн келді. Жамау төсегінен ұрлына ұмтылып сыртка асықкан. Төнірек тұтаса ағарып, сүттей жарық шашкан тан өн мен түстің арасын жалғап калыпты. Албарда ыскырып аппак жылан тұр. Кос желбезегі канаттанып, кайқандай жорғалаған жылан Жамауды жанап өтіп зау биікке ширатыла бір-ак шапшыды.

– Көрдін бе? – деді Қара кісі Жамаудың құлағына сыйырлап, – сені ауылдан ұзатпай арбап алып қалған осы әбжылан еді.

Ертенінде Солтанбай карт Жамауға бағзы бір заманын хикаясын баян қылды.

– «Ертеректе болса керек, – деп бастады карт әнгімесін. – Біздің мына Аршалы тауының терең шатқалдарын жайлаған жыландардың ордасында бір адам өмір сүріпті. Әлгі адам түнде жыланға айналып, күндіз кісі кейпіне енетін көрінеді.

Жылан-адам сауытын шешіп тастап, кейде алыс киырларға сапар шегеді скен. Сөйтіп, елден елді, жерден жерді аралап келе жатса, шакырайған күннің астында ешкі сауып отырған бір кедейге ұшырасыпты. Осы кедейді бір сынап көрейініші дейді де, жігіт жылан кейпіне еніп кедейдің лашыған кіріп барса, байқұс кедей орнынан ұшып тұрып өрнене маймиған қалайы легенге сауған сүтінің жартысын құйып беріпті. Жылан сүттен тойғанынша ішіп, алтын ділда тастап шығып кетеді.

Осыдан кейін жылан күнде сұт ішуге келіп тұрады, кедей сорлы да күніне алтын тілләлі бола түседі. Күндерден күндер өтеді. Төртқұл дүниге аты кеткен бір патша тұс көреді. Ол тұсін ешкімге айтпай «тұс көрдім, тұс көрдім, тұсімде не көрдім?» деп айта береді. Үәзірлері. ғұлама молдалары жиылдып патшаның қандай тұс көргендігін таппайды. Каракұрым халқы жиналып кеп айта алмайды. Сонда патша: «Менін дәрегейіме бас ұрған пенде баласы калмасын. Бәрін жиылдып келгенде не тұс көргенімді білмесендер тегіс басынды аламын», – дейді. Мұны естіген караша халықта ес калмайды. Патшаның жарлығын кедей де естилі. Кедейге де жан тәтті, қайтерін білмей, кіріп кетерге кара жердің қыртысын таппай отырса, оған жылан кеп тіл катады.

– Сен патшана бар. Патшана жолықканша менің сөзімді тісіннен шығарма. Патшан тұсінде тұлкі көрді. Осыны айтсан, патша қуанып саған сый-сияпат жасайды. Бірақ, сен патшаның бергенін менімен бөлісуге тиіссің – дейді.

Кедей қуанып, құнжын қағып жүгіре жөнеледі. Шашарға барса, құжынаған халық дейді. Күніреніп жатыр еken дейді. Кедей патшага кіруге мұрсат сұрайды. Бейшара ажалына асықкан біреу ғой деп, күзетшілер оны патша сарайына кіргізіп коя береді. Кедей патшаның алдына бара жығылып:

– Тұсінізде не көргеніңізді мен айтайын, таксыр, – дейді.

– Айт! – дейді хан акырып.

– Таксыр, – дейді көзін жұмып мұлгіген жарлы, – көріпкел-әулие пірлерімнің сездіруіне қарағанда, сіз тұсінізде тұлкі көрдініз.

Мына сөзді естіп патша қуанып:

– Менін жұртыйның ішінде де ақылды, әулие адам бар еken ғой. Әулиеге көтергенінше алтын тіллә тарту етіндер!, – деп әмір етеді. Әулие тұсін жорып, көнілін тыныштандырған соң, патша да мейірленіп халқына хұрсан жариялады.

Аяқ астынан әулие атанған кедей жарты кап алтын ділдәні көтеріп келе жатып «Әй, осыны жылан біледі

ғой дейсің бе?» деп алтын ділләларын жарты жолға көміп, тығып тастайды.

Арада неше жылдар өтеді. Жарлының лашығына кіріп жылан күнде сүт ішеді, күнде бір ділда қалдыра-ды. Кедей оны жамбасына басып жата береді. Патша бір күні баяғысынша тұс көреді. «Тұс көрдім, тұс көрдім, тұсімде не көрдім?» деп айқайлады патша. Ел іші тағы дүрлігеді. Уәзірлер кедейді іздейді. Ат шаптырып кісі жіберсе, кедей шалқасынан тұспін шалжынып жатыр екен. Шабармандар алқынып: «Әулие жарықтық, халқынды құтқара гөр, катігез патшамыз тұс көріпті. Бізben жүр. Тұсінде көргенін айттып бер», – дейді. Кедей: «Сендер жолдарыннан қалмандар, мен сондарыннан барамын», – дейді де өзі емпендей жыланға жетеді:

– Басынды көтер, Мар ата, патшамыз тұс көріпті.

– Ку тұяқ кедейім, келдін бе? Патшан тұсінде қасқыр көрді. Бар да айт. Бірак, олжаны бөлісуді ұмытпа!

Кедейді патша жылыұшырай қарсы алады. «Әулием, айта ғой, тұсімде не көрдім?» «Тұсінізде, – дейді кедей, – тұсінізде таксыр хан, қасқыр көріпсіз».

– Ойбоой! – деп шалқиды патша. – Менің карашы жұрттымның ішінде нағыз әулие бар екен ғой. Мынау нағыз әулие. Әулиеме көтергенінше алтын ділда беріндер!

Қап толы алтынды арқалап келе жаткан кедейдін ішіне арамдық кіріп: «Осыны жылан біледі ғой дейсін бе?» – деп әдеттегідей қапшығын жарты жолға жасырып көмеді де, жыланды таспен ұрып жарадар етіп маңынан куып жібереді.

Арада жылдар өтеді. Тұс көргіш патша ел ішін бұрынғысынша азан-казан қылады. «Тұс көрдім, тұс көрдім, тұсімде не көрдім?» Уәзірлер кедей байқұсты естеріне тұсіріп шапқылатып шабарман аттандырады. Шабармандар барса, кедей сол баяғы шыр бітпеген қалпы ешкісін сауып ішіп отыр екен дейді. Шабармандар ат белінен тұспей мән-жайды баян етеді. «Сендер бара беріндер, – дейді кедей. – Мен де жетемін». Сөйтіп, ол тарынып жылап, енді ғазиз жаннан баз кешкен шығармын деп зарлай бастағанда жылан касынан табылады.

– Э, сыйыр кедей, соранды ағызып неге зарлай қалдың?

– Мар ата, жаздым-жаңылдым. Өзін бірдене қылып ептемесен өletін шығармын. Тұстен өзге ісі жок патшамыз ұйыктап жатып тағы да ит-кұска жолықса керек.

– Патшан бұл жолы түлкі де, каскыр да емес, кой көрді, – дейді жылан.

Патша әулиесін көргеніне қуанып: «Өзінізден сұрайтын сонғы мәуітім бар еді», – деп бастағанда кедей жұлып алғандай: «Таксыр ием, түсінізде кой көрдініз ғой», – дейді бес сенімді түрде.

Патша есі шыға қуанады. Кедейді сый-сияпатка кепнелтіп жолға салады. Кедей жолда келе жатып «осы бай адам мендей-ақ болар, екі қап алтын ділдам бар. Жылан досымнан жиған ділдаларым бір тәбе. Енді ынсан қылайын. Мына арба толы алтынды Мар атама берейін» деп қанағатқа кенеледі. Мұны білген жылан кедейді жолынан тосып алып былай дейді:

– Маған сенің алтын көмбен керек емес. Мен сені сынға алып ем. Әуелі патшан түсінде түлкі көрді. Өйткені, халқы тулкі сиякты еді. Бірін-бірі алдап өмір сүретін. Сен де түлкілік жасап, жарты қап ділдәні тығып таstadtың. Одан сон патшан түсінде каскыр көрді. Халқы да каскыр еді ол кезде. Сен де каскырлық жасап, алдынды болжаған достығыма қастық қылдын. Енді ел тойынды. Жуасыды. Патшан да түсінде кой көрді. Оны сен мен арқылы жорып баян еттін. Патшаңың көнілі тынды. Енді сен мені тыңда. Қазына мүлкін жетеді. Үйлен. Қатының ұл туса, атын Мәулім ғой. Мәулім мені іздесін. Мен – жыландар патшасы Шахмаранмын.

Осыны айтады да жылан көзден ғайып болады. Кедей үйленеді. Қатыны тоғыз ай, он күн дегенде толғатып ұл туады. Ұлдың атын Мәулім деседі. Мәулім бала кезінен садак тартып, аң атып әке-шешесін асырайды. Бір күні Мәулімнің көз алдынан бір елік тұра кашады. Мәулім куа жөнеледі. Елік каша-каша бір үнгірге кіріп кетеді. Мәулім де үнгірдін ішіне енеді. Үнгір тас караңғы екен. Анда – санда еліктің көзі жалт етіп шалынып теренге бастай береді. Мәулім еліктің соңнан еріп келе жатып үнгірдін ішіндегі бір тұпсіз шынырауға түсіп ке-

теді. Шыныраудың ішінде жатып Мәулім жан-жағын жебесінің ұшымен казса, жылт еткен жарық көрінеді. Не болғанда да осы шыныраудын түбінде қалдым фой, одан да каза берейін деп каза берсе, ар жағынан ысылдап ордалы жылан шыға келеді. «Сені біздін патшамыз Шахмаранның күткеніне көп болды» дейді жыландар. Мәулім жыландардын ордасына келсе, Шахмаран алтын табактың үстінде жатыр екен. «Қорықпа, мен де жартылай адаммын. Жер бетіне шықсам кісі кейпіне енемін. Жер астында жыланмын. Жыландар патшасымын. Мен саған бір құпиямды ашамын, Мәулім ба-лам. Сен ол үшін менін қасымда ұзак тұруға тиіссін», – дейді. Мәулім Шахмаранның әлемінде ай өмір сүреді, жыл өмір сүреді. Тіпті, көп жылдар өтеді. Бір күні Мәулім кәрі ата-анасын есіне алып жылайды. Шахмараннан жер бетіне шығуға рұксат сұрайды. Шахмаран келіседі. Мәулімді жер бетіне шығатын жолға салып тұрып жыландар патшасы ұртына жасырған гаухар тасты байқатпай ұстата кояды да:

– Мына гаухар тас жер бетіне шыққан кезінде кітапқа айналар. Мұнда неше ықылым заманның сыры бар. Бұл кітаптың сенде кеткенін білсе, жыландар мені өлтіреді. Мені көргенінді пенде баласына сен де сездірме. Олар білсе саған да, маған да қастық қылады, – деп коштасып кала береді.

Мәулім шыныраудан көзді ашып жұмғанша көтеріліп, жарық дүниеге оралады. Арып-ашып жүріп ауылын табады. Барса, экесі бакиға аттаныпты. Анасы жалғызын жоктай-жоктай басыр болып қалыпты. Мәулім сонда Шахмаранның кітабын есіне алып, бірер бетін ашып оқып, анасының көзіне дем салса, кейуананың шырағы қайтадан жанып шыға келіпті.

Әлкисса. Мәулім кітабын оки берсін. Біз енді жазыл-мас дертке шалдығып, ғаламның оқымысты молдала-ры мен дәруіш-күшінаштарын жиып алған патшаға келейік. Патша жан адам білмейтін наукасқа ұрынып Жаратканнан жанына сауға сұрап жатыр екен. Сол кезде жын-перінің тіліне жетік бір молда Ніл дария-сын кешіп, Мысырды басып, Шам шахарынан жетіпті дейді. Келе патшаның тамырын ұстап көрген сұнғы-

ла: «Таксыр, сіздің емініз – жыландар патшалығының патшасы Шахмаранның еті. Шахмаранның басын алып миын кайнатып ішініз, жон терісін сыпрып жамылып жатыңыз, сонда бар дертіңізден кұлан таза айығарсыз», – дейді. Мына сөзді естіген патша уәзірлеріне бүйрып: «Қайтсендер де Шахмаранды табындар», – дейді. Молда айтады: «Таксыр, уәзірлерді бекерге әуре етесіз. Мен сіздің шахаранызға кірген бойда байқадым, бір караша үйдің түндігінен алтын бу шығып тұрды. Сол үде Шахмаранды көрген бала бар. Маған нанбасаңыз баланы шешіндіріп караңыз. Баланың денесі қеудесінен төмен карай қекала. Шахмаранды көрген жанның тәнінде сондай белгі болады», – дейді. Дегенше, уәзірлер Мәулімді байлап-матап алып келеді. Шешіндіріп жіберіп қараса, расында денесі қекала екен. Патша көзі жайнап Шахмаранды сұрайды. Бала айтпайды. Патша қахарына мініп, ызбарлана сұрайды. Бала тіл катпайды. «Мынаны апарып зынданға салындар», – дейді. Патшаның жаналғыштары баланы ұрып-соғып күнде сұрайды. Мәулімнен дыбыс шықпайды. Амалы құрыған патша баланы дарға асуға бүйірады. Бұл кезде шахарға каусет тарап, пәрмені зор патшамыз бала кейпіндегі айдахарды өлтіреді екен деседі. Патша жарлығы жария етілген күні жұрт дар ағашы тұрған аланға ағылады. Қараса, көркіне көз тоятындей түбіт мұрт бозбала екен. Апыр-ай, мынау бір бейкүнә бала ғой деп жұрт гүлей бастайды. Қала жұртының осылай қауырт жиналғанын күткен Мәулім жendetтердің жетегінде келе жатып пырр етіп торғайға айналып зау биікке көтеріледі де: «Қап-қап, Шахмаранның кітабын тауысып оки алмадым» деп, бұлдырап кете барады. Торғайды кенет қырғи бола койған молда куа жөнеледі. Сол кеткеннен Мәулім де, молда да оралмапты. Ауру патша дүние салыпты. Ал, Шахмаранның кітабын көрген жан бұ дүниеде жок екен».

Солтанбай карт Жамауды тан-тамаша еткен әнгімесін тиянактай бере сөзін былай деп корытты:

– Со заманның куәгерлерінен қалған сөз екен, балам. Кітапты Шахмаран Мәулім арқылы жер бетіне шыға-

рып, адамзат баласына тарту етпек болған. Ол кітапты жаны ізгі, жаманшылық ойламайтын бекзат кісі ұстаса деп армандапты. Кейін адамдардың арасына оқымысты-ғұламалардың кейпіне еніп кіріп кеткен ібілістерді сезіп, кітапты Аршалы тауының бір құз-жартасына тығып тастапты. Осылайша Шахмаран қундіз кісі, түнде жылан болып әлгі кітапты әлі қунге дейін бағып жүрекен.

Ертеңінде Жамау Аршалыға апарар бұралан сокпак-қа түсті. Тау етегі коянжонданып бел-белеске ұласқан сайын баяғы уілдің сарыны төніректі сапыра көшіріп Жамаудың екі аяғын жерге тигізбеді. Төменде иен ауыл кой тастардай үйіліп қораш көрінеді. Сарытау табан астында тапталып, басында алабас атан бұлттар аунаған Баянжүрек белден төмен қалды. Жамау демін басып, жан шакырып караса, аспанды алкымдаған алып бір құзар шынының ұшпа биігінде дамылдапты. Дәрмені таусыла, буындары құрсауланып бүктеле құлаған. Кенет бойын жазды да созылып сала берді. Сөйтті де, жакпар тастан желбезегін шығарып, ыскыра арбал тұрған әбжыланға карай басын октай шаншып ирелендей жөнелді.

Атырау-Атматы, 2005-2014 жылдар.

ҚЫЗЫР ӘУЛНЕ МЕН МҰСА ҒАЛАЙАССАЛАМ *(Хикаят)*

*«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп»
Абай.*

Ысырайыл жұртымен ол үш мың жылдан соң жүздесті. Бәни Ысырайыл... Көне де емес, жана да емес. Көнесі жаңасымен, жаңасы көнесімен жарасым тауып, жалғасып жатыр. «Ескілігін есте ұстайды, ескермейтіні және жок» -деді ішінен күбірлеп. Себебі, Бәни Ысырайылдың жадын бұл жақсы білетін. Иә, Перғауынның билігі мен көпіттерден түніліп, осында елін бастап әкелген Мұса қаламолланы да көрген. Пайғамбарлық конып, Жаратқаннан аян алып, басынан небір хикметтерді өткерген Мұсадан біреу: мына жарық дүниеде сенен аскан білімді жан иесі бар ма деп сұрапты. Сонда Мұса Хактың бірлігін, Жаратқанның Бәни Ысырайыл жұртын шапағатына кенелткенін, өзіне ерекше дарын сыйлағанын, теңізден жол ашылғанын, Перғауынның теңіз түбіне кетіп ажал құшканын, сикырлы колы мен асатаяғының киесін айта отырып, мен – мұрсал пайғамбармын, Алладан қысылғанда мұғжиза көремін, осыдан аскан абырой, атак бола ма? Соған карағанда, жер бетіндегі кемел білімнің иесі мен шығармын дейді. Сейткенде, Жаратушыдан уәхи жетіп: «Әй, Мұса, сенін әлгі сөзің не? Соған өлшеусіз білім мен кисапсыз кабілет дарытканда менің мүмкіндігіме күмән соғатындаі ойға беріл деп пе едім? Бұ дүниеде білімі сенен аскан, хайыр-шапағатыма бөленген тағы біреу бар» дейді құдіретін кезекті рет әйгілеп. «Раббым, сондай ғұлама жан иесімен мені жолықтыршы» дейді Мұса ғалайассалам жалынып. «Кездесесің, – дейді Раббы, – уағдалы күні кездесесін».

Әлкисса, бұл әңгімемізді осымен ірке тұрайық та, ілкі уакыттан беріге өтейік.

... Кария көпке жұғымсыз көрінгенімен қадірлі еді. Былайынша оның жұғымсыздығы – түр-түсінін өзгешелігі мен жүріс-тұрысының ортаға ұксай коймағандығынан аңғарылатын. Әйтпесе, бау-бақша баптап, мал өсіретін, колынан ақ таяғын тастамайтын ауылымыздасы аксакалдардың бірі болды. Жаназадан, топ-жыыннан да қалмайтын. Дөңгеленген жиегі баланың құшағынан үлкен дағарадай кара қалпағын киіп алып үлкендер бас коса қалған үйге карай аяңдап бара жатканын талай көрдім. Біздің карттар да оны іш тартып тұратын сиякты: жолығыса қалса, қауқылдасып, арқадан қағып, амандық-саулық сұраса жөнелетін. Тек, Есімбек молдағана оның тегін тергеп, қабағын теріске салып, өзіне бейім ете бермейтін.

Біз естігелі бұл кісінің есімі – Әбірем. «Ұлты басқа. Қапказ-ноғай ма еken, әйтеуір, орыс емес. Ал «пәмилесі» – Найман» деуші еді атам. Қараторы. Жок, қарасұр кісі. Көзінің қарашығы қекшілдеу. Әйтсе де, орысқа ұқсамайды. Ал, кажет кезінде орысшаға судай. Қазаша, тіпті, камшы салдырмайды. «Тірлігі құдды мұсылманның тірлігі. Алакан жаяды. Мінәжат етеді. Бірак, пайғамбары бөтен көрінеді», – дейтін ауыл адамдары. Осындаи әңгімелердің бірінші себебі – Әбірем аксакал біздің ауылға Арқа жактан қоныс аударған. Қоныс аударып, біржола орнықкан соң, өзін көпке дейін тұйық ұстап, кеншардың көлденен жұмысына жегіп жүре берген. Кейін Құдайға құлшылық етіп, мұбәрак пайғамбарымыздың атын айтуға ентек кендік жасалғанда, Әбірем өзгеше бір такуалыққа көшсе керек. Осыдан кейін Әбекеннің Құдай жолына тас бекіп түскен такуалығы алақандай ауылда әртүрлі әңгіменің арқауына айналыпты.

Жаз айы. Алматыдағы оқуынан нағашы ағам демалысқа келген. Оқуға бас қойғаны, қаланың ауасын жұтып, ағарғаны әбден-ак байқалады. Жөншемді адамда шаруасы жок, өзімен-өзі тау сағалап кетеді, қалың кітаптардың бетін актарады. Бір күні ол бәріміз дастархан басына жиналғанда: «Мына көршіміз «жөйт» екен.

Бұлар Совет өкіметі құлағанша, арғы түбін жасырып жүріпті. Аты Әбірем емес, Абрам», – деп жаңалық ашты. Оқымысты ағамның сезінен ұқканым: Әбірем аксакалдың ауылынан пайғамбарлар көп шықкан көрінеді. Тілдері де көне тілдердің бірінен-мыс. Бұлар әр-әркезде куғынға ұшырап. Құдай Тағала өзінің сүйген құлдарын кейде қырына алып сынайды екен. Өздері шетінен ақылды деседі. Ақылы мен білім-парасаты жер бетіндегі билеуші-әмірлерге де жакпай зәбір-запаны да көп шеккен. Совет өкіметі кезінде де абрамдар ашық бой көрсетпепті. Алайда, олар бір-бірін жаксы таниды, қамкор. Қашан бабаконыстарына жеткенше, осылай жан баға тұралық деп уағдаласыпты. Бұлар пайғамбарлар жайында небір аныздармен бірге жасаған халық дейді. Тілдерін де ұмытпапты.

Ағамның әнгімесі құлағымның құрышын қандырған күні-ақ мен Әбіремнің ауласына енді өзгеше көзбен қарайтынымды сездім. Өйткені ол – «Ашыбұлак» аталатын аланғасар, аккөңіл ауылды сағалап журген жат, құпия адам. Әбірем бала сүйемеген, кемпірі екеуі ғана тұратын. Ал, кемпірі – «Ашыбұлактағы» өзімен жасы катар карт аналармен шүйіркелесері кем, сұыктау жан. Үнемі әлдекімнен үркіп-корықып, жер таянытқан кәртамыс тағдырынан тарынғандай жабыранкы, жалғызілікті өмір сүретін. Тіпті, осы кемпірдің шалымен дабырласып сөйлескенін көрші отырып естімеппіз. Жым-жырт. Кемпірінің жаңағы мінезі мені Әбірем карттың үйіне жетелей түскендей. Несі керемет, зерттеу керек? Нені жүртттан жасырып, жария етпей келеді? Әлбетте білу керек. Кімнен коркып, кімнен құпияланады бұлар? Карасам, Әбірем ауласында, кара қалпағының астында отыр екен. Бар тұрпатын кара қалпактын ішіне бүктеп тыккандаі – өзі көрінбейді. Жарыктық шөгіпті ғой әбден.

Жаз таусылып, күз түскен. Алдағы көктемде мектептің окуы тәмам. Аңсарым – Алматы. Ғұлама оқымысты, әйгілі жазушы атасып ауылға анда-санда соғып журмекпін. Ауылыма ризамын. Көне ертегілер мен ки-са-дастандарға қандым. Қарттарым, сендерге рахмет! Енді Әбіреммен әнгімелесуім қажет.

Әбіреммен әнгімелесу үшін сылтау іздеймін. «Аксакал, ассалаумағалейкүм!» «А, шалаумелейкүм!». «Кेңрия, сиырларыныз бер ешкінізді өріске беттетіп берейін бе?», «Әтуре болма, картайсам да калқайып мал сонынан өруге жарайтындай хәлдемін». «Ата, қыстан хабардарсыз ба? Отын-суыныз аз ба деймін. Ағаш аралап, бұтап тастайын, кане балтаңыз?», «Кой, шырағым, сабағынды оқы. Әзірге кісіге сідетімді арттаймын. Балта шабатын бағымнан таяғаным жок». «Әнгімс айтынызшы?», «Өй, балам-ай, бізде не әнгіме болсын?». «Арқадан мұнда кай Құдай айдал келді сізді? Тым күрыса, соны білдірінізші?», «Қай Құдайы несі? О тоба, Құдай – бір Құдай емес пе? Құдай пендесін кайда бастаймын десе де өзі біледі. Бізден сұрамайды. Сен де сұрағынды көбейтіп, басты катырма!» Шалдын ашылып сөйлеуі киын сиякты.

Үйде атамды қажаймын.

– Құдайы көршіміз Әбірем қарт сөзге сараң кісі ме деп калдым.

– Ие, ол сөзге кіді адам.

– Ой, осы баяғыда қауқылдасып тұратын едініздер ғой?

– Өй, біздікі әншнейінгі қысыр әнгіме еді. Малдың төлі, Салқынбелдің шөбі дегендей. Шаруаның адамы бұдан өзге нені сөз етсін?

Әбіреммен әнгімебітті ендеше. Эйткенмен, аты қызық, ә? Әбірем. Бәлкім, Әбдіретім шығар?.. Пайғамбарлардын хикіметінен де жүрдай біреу-ау... Білсе, айтпай ма? Ар жағы қапқаз берен ноғайдың ел естімеген бір соғынан болар. Сотталып Арқадағы көп абактылардың бірінде жазасын өтеген де, үйленіп, аяғына тұрған сон «Ашыбұлакты» тапқан. Дұрыс тапқан, эрине. Орталыктан алыс, онаша ауыл. Как-сокта шаруасы шамалы. Өкімет адамының алдына жеткізбей анау-мынау даушарын өз ішінде тындыратын тыныш мекен.

Сонымен, оқымысты ағамның әнгімесі ұмытылып, Әбірем «әдірем» қалған.

Бірде өрістен малын қайтарып, қорасына таяи берген Әбірем мықшындарап кап аркалап келе жатты. Қызыл інір. «Шал не, тезек теріп жүр ме?» Бұрынғы әдетімше жұмбак карттың ауласына көз тіктім. Шал қабын кілет үйінің аузына әкелді де, дұрс еткізіп тастай салды. Сонын төкті. Төккені – аузы шешілген қаптан салдыр-салдыр актарылды. Тас па? Тас қой. Тезек бұлай салдырла-маса керекті. Жедел басып жетіп барайын.

- Оу, кәрия, мынауыныз тас па?
- Тас.
- Тезек орынына тас тергенсіз бе?
- Мен ылғи тас теремін.
- Жанатын тас па?
- Тас жанбайды, жарығым.
- Жанбаса, неге керек?
- Керек. Мұның сыры саған беймәлім.
- Сізге ғана мәлім бе?
- Маған да мәлім емес. Құпиясы құлыптаулы.

Мен шалдың шаршап-шалдығып, бүгжендереп әрен жеткізген тастарына үңілдім. Біртүрлі қызық тастар. Мысалы, мына біреуін ұршықтың тасы дерсін. Енді бірі наизаның ұшына келеді. Сүйір. Қайсібір қаймак тастың бетіне таңба-бедер түскендей.

– Ата, сіздің тастарыныз көне, тым көне заманың адамдары пайдаланған тастарға ұқсайтын сиякты. Мұны ол заманың адамдары құрал-жабдық, аңға шықса, кару ретінде кәдесіне жаратқан.

Кария маған антарыла қарады.

- Кір кілет үйге.

Біздін ауыл «кілет үй» деп атایтын күди-сөди, артық-ауыстың құжырасы, кәдімгі жаппа там – тошалаға бас сұқтым. Мұнда да толған тас.

- Пәлі, ата, тасты үйіп тастапсыз ғой?

Кария демін басты да сөйледі:

– Айналайын, бұл – осы даланы мекен еткен сенің ата-бабаларының көзі. Бірі – мұлік, бірі – кару, бірі – тіл. Мұлкі де, каруы да, тілі де үн катуға бейіл. Бірақ соны еш ескермейсіндер!

– «Сенің ата-бабаларының көзі» дегенініз қалай? Сізге бұл дүниелер жат па?

– Шырағым, білмекке ұмтылып, ішінді тесіл жүрген жайды жасырмайын сененен. Мен – ебіреймін. Оқымысты нағашы ағаң айтпакшы, «жөйіт» десен де болады. Ебіретекендігімді ілгеріде жүртқа жария қылмадым. Жария қылғаныммен ебіретекінді «Ащыбұлактың» адамдары не қылсын? Арқадан келдім бе? Келдім. Арғы жағын ағайын-жүрт үнгімеді, казбалап сұрамады. Онысина құмбылмын. Казак деген ғажап халық кой. Казактың бір ғазиз аксакалының аркасында көрер жарығым мен су ішерлігіме селбесіп, адам катарына қосылып едім кезінде.

Абрам аксакал көк жүзіне шалқып шығып алған Айға қарап койып, терен тыныстады да, сөйлей түсті. Ауыл тыншыған сәт. Құндіз салқы төсін самалға өптіріп, алқам-салқам боп жататын Аршалы тауын салбырап басқан түн жұтып барады. Күз етегін сарыала етіп түруге кіріскең күренсіл жазғы бактардан бақалардың күрғақ күрүлі естіледі. Абрам карттың әнгімесі Арқаға ауған.

– Арқада мұндай аспан таулар жок. Бір өнкей сәуке-лелі сұлу шоқылар деп кояды.

Карағанды жеріндегі «Карлаг» дейтін аждаһа апанына 27 жасында түсіпті. Болашағы кемел ғалым атала бастаған шағы екен. Тарихшы. Азия мен Африканы тануға аңсары ауған. Перғауындар заманын шарлап, Мұса пайғамбардың сокпағымен жүріп өтпекке талпынған. Ұлы даланың сарыны да кеудесін күмбірлетіпті. Мәңгі көк аспан елін көктей етіп, Құнғызымен тілдесудін тәуекеліне бел буған. Бел буғаны күрісін, ақырында саяси қауіпті адам, ресми тарихты мойындағайтын делқұлы, дерпті жан ретінде танылып, «Карлагтағы» тұтқындардың катарын толықтырады.

– Небір ғажап білімдар адамдармен «Карлагта» ұшырастым. «Карлаг» мен үшін абакты емес, Академияға айналды, – деді де Абрам карт күрсініп өксігендей, үнсіз күйге көшті. Сосын: «Абай кандай азапты ғұмыр сүрген. Даналық пен пайғамбарлықтың азапты ғұмырын», – деп аяғын жазып, бойын тіктеген.

Әбірем қартпен әнгімеміз жарасты. Карт казына екен. Әуелі, абактыдағы азапты құндерінен естеліктер тиегін ағытты.

— «Қарлаг» деген — Қарағандыдағы көп түрменің жиынтық атауы, — дәп бастап, жұмбак жанының қалтарысын актара шешілген.

Әбірәм карттың әнгімесінен түйгенім: ойшылдар, өнер тапқыштар, ғұлама ғалымдар, суретшілер, музиканттар, ақын-жазушылар, қысқасы — адамзаттың ерекше жаралған дегдар қауымы, асыл ұркы «Қарлагта» тұрыпты.

— Совет Одағының бар жаксысы мен жайсаның Сталин сонда тоғытты ғой. — деуші еді Әбекен.

— Аты әйгілі 500 пианист сол «Қарлагта» саусактарынан қан сорғалап жүріп сұмдық жұмыс істеді. Бір сәттік үзілісте әлгі байқұстар ауаны кармалап, елес-күйсан-дықтың тілінде егілетін еді, — дейтін Әбекен.

— Азап пен Арканың аязы бірдей соғыған тәнім әлсіреп, рухым сынып айықпас ауруға шалдықтым. Құрт ауруы. Мені емдемей, өледіге есеп қылып, «Қарлагтан» лактырып тастады. Айналам аксөңкс. Марқұмдардың сүйегі. Шашылған шашы мұзға байланған әйелдер. Сәби, балғын жүздерін ажал капкан құбыжық бейнелі балалар. Әйел, еркек екендігі айырғысыз канкалар. Кез аялары көрдей қазылып, жақ сүйектері жайылып, Аллаға әлденені ымдалап жаткан қалпында үзіліп кеткен мүрделер үйіндісі. Ынырсуға ғана әл-дәрменім төзгендей еді. Көзімді ашсам, бір құрым үйде жатырмын. Карт кісі ба-сымды ептең көтеріп аузыма ак құяды. Кайтадан талықсып кетемін. Есімді жисам — жанағы көрініс. Қанша ай, қанша құн төсектен тұрмағаным белгісіз, бірде бойымнан қалт-құлт еткен қуат таптым. Нұр жарық дүниеге тәй басып кайта оралғанымды ішім сезді. Мені тірлікке талпындарған әлгі карт — әкемдей болып кеткен кайран Қадыр аксакал еді. Бойымнан сыртқа актарылған нәжіс пен құрттың өкпемді жыртып түскен какырық-кұсығына дейін өзі сүртіп алып отырыпты. Кейін үйдегі апанмен, апаң да абактының азабынан өліп құтылған бейбак

екен, табыстырып коскан да экем Қадыр болды, – деп кетүші еді тағы бір әнгімесінде ебірей Абрам.

– Эй, сен бала, «Қарлаг» туралы жан адамға әзірге білдірмө. Менің абакты қөргенімді естіп жүрт түніліп кетпесін, – деген ескертуді де ұмытпайтын құпиясы мол «құрдым» шал.

Менін балан түсінігіме «Қарлаг» өмірін шактап кана жеткізген карт: «Ал, экесі, білгін келіп бара жатса, пайғамбарлар туралы хикаяларға қөшейін», – деді қараша таусылып, өлкені аппак кар басқан қыстың бір ұзак түнінде.

Адам ата... Бәріміз сол – алғашкы пайғамбар Адам ата – Сәпиолланың ұрпағымыз.

Тәнірі өзі жаратқан Жер мен Көкті алдына келтіреді.

– Ерікті, ия, еріксіз болсандар да әмірімді тыңдаңдар! Жер мен Көк:

– Ықтиярымызбен келдік, – деді.

Жердің тенселіп, Көктің еңсеріліп әлдебір құдіреттің дәрегейіне кол кусырып тұратынын киялымда ұшып жүріп сезетін едім.

– Ата, сонда Көк аспан мен кара Жер Алланың алдына барған ба?

– Бармағанда ше? – дейді киссашыл картым, – бармай көрсін, Көктің тіліп, Жерді как жарып жіберер. Алла қаһарланбасын де.

Періштегерін де шакырады. «Өзімнің мұрагерім – Адамды жаратамын», – деп ескертеді оларға. Періштегер канаттарын қағып, байыз таппай гүлдеп: «Жаратушының мейірі тұсken жан біздер едік кой. Әлде неден жаздық па?», – деседі.

– Өзінізді мадактап, ұлыктайтын біз тұрғанда жер жүзіне кімді ие қылмақсыз?

– Сендердің мұны білмейтіндерін мәлім еді, – дейді Алла. Сөйтіп балшыктан Адамды жаратып, оған он сегіз мың ғаламның атын үртеді.

Періштегер – Алланың сүйген құлдары. Алланың құдіретіне шәк келтірмейді. Эйтсе де сұрайды: «Ол бізден несімен артық?» Алла айтады: «Қане, он сегіз

мын ғаламның атын атап, түсін түстеп шығындар». Перштегер Аллаға бас иіп, Адам атаның білгірлігіне мойынұсынады.

Алланың Адамға ықыласы ерекше ауған-ау, әйтпесе, перштегеріне білдірсе, олар он сегіз мын ғаламды шарлап кетер еді. Әлде, шарлап жүр ме екен?.. Солай шығар, өйткені перштегер – жұмакта. Адам ата Хая ана Ібілістің азғырыымен Алланың «жеме» деген жемісін жеп, уағданы бұзып, келісімнен айнып жер бетіне күйлди. Ібіліс сайтандығын іstemегендеге, Адам ата мен Хая анатын жұмакта алансыз ғұмыр кешер еді. Онда мына біздер жарық дүниеге келер ме едік, жок па? Перштегер күэ, Алла Адам атаны сүйіп жараткан. Ібіліс те өзінікі. Оған киямет-кайымға дейін кеншілік жасапты. Адам атаны да кешіріп, жұмағында калдырмады ма екен? Әлде, Ібілісті киямет күні жеткенше, адаммен арбастырып кою үшін қарғыс қамытын мойнына кигізіп, «құрт көзінді, каранды батыр, накұрыс!» деді ме? Адам ата мен Хая анатын маужыраған құшағында, жан кинамай, бұйырған дайын астан ауыз тиіп, бәле-батырға бас ауыртпай, құлшына құлшылық етуді ғана біліп жүре бергендеріндеге Алланың пәрменін он сегіз мын ғаламның бір нұктесі – мынау қара жердің бетіндегі тіршілік иесі қалай ұғар еді?.. Бәлкім, Құдіреті құшті Құдай әуел баста Адам ата ұрпағы жер бетінде өмір сүрсін деп жоспарлаған болар. Сондыктан, бай-кап журу керек, кез-келген уақытта қасыннан сап етіп сайтан табылуы мүмкін.

Абрам шалдың шаңырағынан шыккан бетте ойыма осылар оралады. Үй әне, жап-жакын. Бірак, сонда да айналам тым үрейлі. Қарайғанның бәрі құбыжық секілді. Бас салатындей. Жылы кораларда күйіс кайырып ыңыранған сиырлардың ток үні, анда-санда әуп еткен сак иттердің дауысы: «Ойбай, тез, қаш, ізінен өкшелеп Ібіліс келе жатыр!» дейтіндей. Тұла бойым тітіреп, денем мұздайды. Бірак, корықпаймын. Менін перштем бар емес пе?

Адам ата, Нұх ғалайассалам, Իұд, Салих, Ыбыра-йым пайғамбар, Сымайыл, Жақып, Жүсіп, Шұғайып, Мұса, Талұт, Дәуіт, Сұлеймен, Айып, Жұніс, Зәкария, Лауы, Гайса пайғамбар, Мұхамед салалаху уассалам пайғамбар... бірінен соң бірі Абрам аксакалдың киссабаяндaryмен ойға сініп, көкейге байлана берген.

Адттар, самуттар, яхудей елі, көне Бабыл жұрты, құрайыш тайпасы пайғамбарлар тұсында да Жаратканың жалғыздығына күмән келтіріп, пұтқа табынады, токшылықтағы өмірлерін харам тірлікпен, нәспікүмарлықпен былғайды. Соның зауалын тартып Жараткан Хактың назасына қалады. Оларды пайғамбарлардың Аллаға жалбарынып, құлшылық еткен тілегі ғана құтқарады. Ҳақ Тағала өзінің нәби пайғамбарларын әрқылы замандарда елшілікке жібере отырып киямет-қайымды ескерtedі.

Әбірем карттың әнгімелері осы сарында жалғасақанда мен килем-кызық оқиғалардың әсеріне еліте түсіп «Батырлар жырын» еске алатынмын. «Шапса қылыш, атса оқ өтпеген, әй, менін баһадүр бабаларым-ай!»

— Абрам аксакал, — деймін сондай сәттерде каным кызып, — казакта неге батыр көп, пайғамбар жок?

Ебірей шал жүзіме барлай караған. Сосын карасүр өні ерекше жылышып, қазір айтпак сөзінен даналық ой тапкандай мейірлене:

— Өйткені қазак — бұзылмаған, бүлінбеген, зерек, ақыл-парасаттан жол тапқан, ата-баба аруағын жат көрмеген, Тәніріне ғана кол жайған халық еді, — деді. Осыны айтты да миына тоқып ал дегендей ыммен белгі білдіріп, сұхбатымыздан бөлек бір сөз бастады. Бұл — Қызыр әулие мен Мұса ғалайассалам туралы ұзак кисса екен.

Пайғамбарлық конып, Жаратканнан аян алғып, басынан небір хикметтерді өткерген Мұсадан біреу: мына жарық дүниеде сенен асқан білімді жан иесі бар ма деп сұрапты. Сонда Мұса Хактың бірлігін, Жаратканның Бәни Үсірайыл жұртын шапағатына кенелткенін, өзіне

ерекше дарын сыйлағанын, тенізден жол ашылғанын, Перғауынның теніз түбіне кетіп ажал құшканын, сиқырлы қолы мен асатаяғының киесін айта отырып, мен – мұрсал пайғамбармын, Алладан қысылғанда мұғжиза көремін, осыдан аскан абырой, атақ бола ма? Соған қарағанда, жер бетіндегі кемел білімнің иесі мен шығармын дейді. Сөйткенде, Жаратушыдан уәхі жетіп: «Әй, Мұса, сенің әлгі сөзін не? Саған өлшеусіз білім мен қисапсыз кабілет дарытканда менің мүмкіндігіме күмән соғатындаі ойға беріл деп пе едім? Бұ дүниеде білімі сенен асқан, хайыр-шапағатыма бөленген тағы біреу бар» дейді құдіретін кезекті рет әйгілеп. «Раббым, сондай ғұлама жан иесімен мені жолықтырышы» дейді Мұса ғалайассалам жалынып. «Кездесесін, – дейді Раббы, – уағдалы құні кездесесін».

Раббы Мұса пайғамбарға құндердін бір құнінде аян білдірді:

– Аナン ағашынын кабығынан себет тоқып, ішіне балық сал да, өзін бұрын-соңды көрмеген, білмеген өлкеге сапар шек. Ол өлке – сайын дала, сардар таулар өлкесі. Аянынан жазбай сол мекенді бетке алып жүре берерсін. Жүріп келе жатып екі теніздің қосылған ара-лына жетерсін. Себеттегі балығын түсіп қалар. Сен сонда оны көрересін.

Мұса ғалайассалам баласынын колына балық салынған себетті ұстатьп, жолға шығады. Айлар, жылдар өтеді. Аяnda білдірілген екі теніз бір арнаға құйған атырауды жағалап, арып-ашып келе жатып бір жерге дамылдайды. Сөйтіп, отырғанда қалғып кетеді. Баласын колындағы себеттен балық шоршып түседі. Бала оны анғармайды. Әкесі оянған сон әріқарай жылжиды. Бір уақытта Мұса: «Балам, себетіңе карап кой» дейді. Баласы себетті ашып караса, балық жок. «Балыктан қашан, кай тұста айрылдык?». Ойланып түрғанда бала санын соғып: «Әлгінде аялдаған жакпар тастың түбінде түсіп қалса керек», – дейді. Мұса куанады. Шаршағанын ұмытып желе жөнеледі. Келсе, екі теніздің қосылған тұсындағы биік қара тастың қасында дана келбетті, ойлы пішінді бір момын жан түр екен. Мұса келіп сәлем береді. Қайдан шықканын айтады.

– А-а, сен Бәни Ысырайылдың нәби пайғамбары Мұса боларсын? – дейді әлгі адам. Мұса ғалайассалам шарқ ұрып іздеғен кісісін жолыктырғанын біліп барынша ізетпен, ғұламалардың уәзипасында мүләйім тіл қатады:

– Өзінізді таусыла ізден келген пендеге ықылас етіп, оны дәреженізіге сай көрер ме екенсіз? Әгәрәки, сіз сондай ықылас танытсаңыз – ол сіздің жаныныңға еріп, сізден ғылым үйреніп, білімге кенелер еді де, білгенін жүртпен бөлісіп, Хак Тағалаға құлшылығын жалғастырып, жан рахатына бөлөнер еді.

Мұсаның осылай бек күрметтеп, ынтызарлықпен үн катып тұрган адамы – Қызыр Илияс еді. Қызыр әулие сонда айтады:

– Ей, Мұса, мен сені ілестіріп жүрер едім, бірак, сенің көргеніңе орай сөйлемеуге, білмегеніңді тықактап сұрамауға тағатың жетпейді ғой.

Мұса айтады:

– Жоқ, мен дәтіме берік болайын. Көргеніме де, білмегеніме де мақұлмын. Тек ілестіре көрініз, әулием.

Сонда тағы да Қызыр әулие айтады:

– Ай, Алланың ерекше жаратқан нәби пайғамбары, қайтсек екен? Егер тағатыңыз таусылғандықтан сөйлеп, сұрана берсеніз мен сізге ренжіп, содан сон арамыз бүлінбей мे?

Мұса пайғамбар үәдесін және қайталайды.

Екеудің мұсәпірлік кебіне еніп тенізге карай тартады. Барса, тенізден бір кеме жүргелі тұр екен. Жолаушылардың ұсын акты, момын калпын таныған кеме басшысы екеудің калдырмай ала жүреді. Кеме ыңыранып, зәкірін көтеріп козгала бергенде Қызыр әулие оның табан тактайларын жұлып алып, сындырып тастайды. Сейтіп, кеме қайрандағап қала береді.

Былай шыға бергенде Мұса кейіп:

– Апыр-ай, Алланың қарызыға берген әр күнін еңбекпен өтеп жүрген жаксы адамдардың қайырын шайыр еттініз-ау! Мұныныз не қылғаныныз?, – дейді.

Қызыр әулие де іле тіл катып:

– Осылай сөйлерінізді ескертіп едім ғой, неге ердініз маған?! – деп серігіне карайды. Пайғамбар уәдесі есіне түсіп, ғапыл кеткеніне қынжылады.

Әулие мен пайғамбар сапарларын жалғастыра берсін.

Алдарынан ойнап топ бала шығады. Арапарында нұр жүзді, өзгелерден ерекше сүйкімді бір балакай көрінеді. Әлгі баланы әулие алдаң оңаша алып шығады да, сикырлап ұйыктатып, өлтіріп тастайды.

Мұны көріп Мұса пайғамбар, тіпті, ашынады.

– Оу, сенің Қызырлығын кай жерінде? Өзің бір мұттәйім екенсін. Біреудің әлпештеген сәбін не қылдың? Мынауың енді сұмдық!, – деп айқайлайды.

– Айттым ғой сізге, – дейді Қызыр әулие, – менімен еріп жүре алмайсыз!

Мұса пайғамбар ұмытшақтығына налып, әрі өзінің Раббы сүйетін істердің жер бетіндегі насиҳатшысы екенін есіне алып, әулие мен өзінің бітіміндегі кайшылықтарға бас шайқап, Қызырдан кезекті рет кешірім сұрап, сонынан ере береді.

Ұшы-киры белгісіз сары даланың көл-көсір сағымы екеуін қалтаң қактырып сүйреп әкетіп барады. Бітіп болмас, бітіп те болмас бір дүние әйтеуір. Жалпайған жазықтың жиегін күм жұтып, күм етегін құбақан төбелер кымтап, құбақан төбелердің шалғайын алып таулар аспанға көтерген құрсауы кырық кабат біртүрлі тылсым өлкे. Жолаушылар дінкелеп бітті, әлдәрмендері құрыды, әбден тарыкты. Газиз жаннан енді түнілгенде қарауыткан қыстактың шетіне кеп жығылды. Бұл қыстактың тұрғындары қарау екен. Мұсәпірлерге кара су татырмады. Манайына жуытпады. Бірак, қыстактан шыға бергенде кисайып құлағалы тұрған құжыра кездесті. Әлгі құжыраны көрген әулие тіреу койып, камкорлық жасады.

– Бұның кайткенініз? – деді Мұса қайран қалмасқа амалы түгесіліп. Алдында екі мәрте жаңылысқанын да, әубастағы уағдасын да мүлдем ұмытса керек.

– Сіздің уағданыздан тайып осылай сұрарынызды бірден білген едім. Сірә, сіздің нәби пайғамбарлық паркыныздың да жөні білуге, түсінуге ұмтылуыныздан ау... Енді түсіндірсейін, – деді Қызыр әулие.

– Алыс жердін түбінде залым патша жау шакырып, қалын ләшкөр қол жиып, суда жүзген кемелерді басып алып жатыр екен. Нәпакасын адал енбектен тауып кана күнелтетін ізгілікті жандарды сорлатпас үшін кемені кайранда қалдырдым. Эйтпесе, залым патша оны тартып алар еді. Қалай ойлайсыз, қайсысы дұрыс: кеменің тенізде жүріп залым патшаның колына түскені ме, әлде, кайранда қалып адамдарының аман-сау кайырлы тірлік кешкені ме?

– Ал, әлгі баланың ата-анасы Тәніріне ғана сиынған мүміндер екен. Соданда олар балаға ерекше мейірімдерін төгеді. Шексіз еркелетеді. Бала – сол еркелікке тойынып, астамсыған, ойыны ой бұзар тірлікке бастап бара жаткан болашактың бір бұзық адам еді. Сол неме ертен ер жетсе, әлеуметке әлек салары бек мүмкін-ді. Алдағап апарып ұйықтатып өлтірген себебім – сол. Ата-анасы Жаппар иесіне жалбарынып жақсылықтан ау-майтын жандар болғандыктан, Тәнірімнен ол екеуіне әлгі баладан да көркем, одан да сүйкімді, мейірлі, ақылды, текті екі ұл сұрадым. Тәнірім тілегімді қабыл етті.

– Құлағалы тұрған құжыраның ішінде екі жетімек отыр. Ол екеуіне ағайын-туғаны қарамайды. Жандары ашымайды. Екі жетім ертен ер жетер. Сонда олар құжыраның астындағы алтын көмбені табар. Ләкин, содан кейін тұрғындары қайырсыз қыстақты түзетіп жөнге салар.

– Міне, – деді Қызыр әулие Мұса пайғамбармен коштасып тұрып, – мен осының бәріне ақыл-парасаттың аркасында жеттім. Ақыл-парасатты Раббының бәрімізге сыйлаган. Ақыл-парасатпен не нәрсенің де акырына ден қойып, іс жасауда ғана кемдік қыламыз.

Әбірем картпен әнгімеліз Қызыр әулие мен Мұса пайғамбардың хиккясы аякталған басқа ауанға көшті. Шал маған «кілет үйіндегі» тастарын тамшалатып, қайдағы бір ықылым заманалар жайынан сыр анғартып жүрді. Мен бұл шамада мектептегі оқуымды тәмамдалған Алматыға асығулы едім.

Таң тамылжып ататын. Айналам өзгеше бір шаттыктын шабытты күйіне еліткен. Дүрия дүние күстардын әні үшін жаралғандай. Бұландаң сырғитын бұлактардын сылқылы мен арынды Ақсудың күркірі кезек өріліп, мынау акнұр әлемнің әуезіне айналған. Каракөз калқатайлар кандай әдемі. Ұрымтал тұстан табылып, ұмтылып бір күшар ма еді өздерін. Сүйер ме еді шеллілдетіп. Актамак карлығаштардың канатында сусып алқынған беу. жүргегім, қайда әкетіп барасың сен мені?

Тұс әлеті. Оқу біткен. Ертең соңғы конырау. Соңғы коныраудан кейінгі күн – Алматы. Үйге сыймай кәриядосыма соктым. Шал «кілет үйінде» тастарын аударыстырып отыр екен. Эйдік әнгімелеге құлқым жоғын анғартып, жолсапарымның жайын мәлім еттім.

– Сен Алматыға кетесін. Мен қашан Ерусалимге жетемін? – деді карт. Таң калдым. Абрам «Ашыбұлактан» ұзап қайда бармак? «Оу, бұз байқұстың осындай да арманы бар ма еді?»

– Иә, – деді «жәйтім», – менің ғұмыр бойғы арманым – Бәни Ысырайыл топырағына бауырымды төсеу. «Қарлагтың» караңғы түнегі де мені бұл арманымнан әсте айныта алған емес. Ол заман тамұқ еді. Қазір еркіндік. Әттең, бар екенімді, тірі екенімді білдірсем бітті, көне шежіреден хабардар яхудей баласы мені самғатып алып кетер еді.

Менің ішім боздап коя берді. «Қайран картым, бұл сенің ең соңғы сөзің, ах ұрған актық тілегің ғана шығар?...»

– Менің аманатым мыналар, – деді шал, – мен мұнын бәрін арқалап Ерусалимге алып бара алмаймын.

Алматы да, Әбіл нағашым да мені құшак жая карсы алды. Нағашымның жетелеуімен ойдағы окуыма да топ ете тұстім. Студенттік күндер басталды. Абрамның дәрісін тындаған пәле емеспін бе, бірден атакқа шығып, ауызға іліндім. Үздік студентпін. Нағашым ғылыми иниститутта қызметкер. Өзімен өзі тұйық жүреді. Жүдеу. Қалтасы жұқа. Маған сұрырып берер тиыны әмиянынан табылмай қынжылатын. «Өрекпелеусің бе, ка-

лай өзі? Оқы, талмай, кажымай оқы», – дейтін сондайда жұпнынылығын үлкендігімен жасырып.

Көктем шыға жатақханама іздеп келіпті. Өні балбұл жанады. Кітабым шыкты дейді. Мұқабасында айға басын сүйеп, ұлып тұрған қасқырдың бейнесі танба-ланған кайыстай қалып кара кітап. Екеуміз атап өттік. Мен кәуап жеп, тәтті сусынға қандым. Ол сыра сімірді. Әңгіме шертті. Әріден. Абрам айткысы келген ықылым заманалардан. Мен баяғы кәрия-досымды оның есіне салдым.

- Тірі ме ол шал?
 - Былтыр тірі болған.
 - Ебірек екенін айтты ма ақыры?
 - Білдірді.
 - Сөйтсе керек. Олар шежіреге мықты халық қой.
 - Шежіре демекші, сол шал «көне шежіреден хабардар яхудей баласы тірі екенімді естісе, Ерусалимге самғатып алыш кетер еді» деп отырған.
 - Кой, ей! Ерусалимге көшпек пе екен?
 - Өзі сөй деген.
 - А, оның жарасы женіл. Мен «жөйіт» достарымды құлағдар етейін. Самғатып алыш кетсін.
 - Ол шал біздін таулардан ылғи тас жинап әкеледі. «Айналайын, бұл тастар – осы даланы мекен еткен сенің ата-бабаларының көзі. Бірі – мұлік, бірі – кару, бірі – тіл. Заты да, каруы да, тілі де үн катуға бейіл. Бірак соны еш ескермейсіндер!» деген.
 - Тап осылай деді ме?
 - Тап осылай деді.
- Нағашым түйіліп отырып калды.
- Онда былай болсын, – деді ол екеуара бас қосуымызды кортындылап, – мен Абрам Нойманның тілегін орындауға шындалап кірісейін, сен менің кітабымды аксақалдың қолына тигіз.
 - Келістік.

Жаз. Ауылдамын. Сағыныш мауық басылған сон, үйдегілерден көрішілер жайын сұрадым. Шал, Құдайға шүкір, малын өргізіп, бақшасын баптап, такуа тірілігі-

мен екен. Кемпірі бокырауда кайтыпты. – Қазір Әбірем мүлде жалғыз. Есімбек молдамен ғана тәжікелесіп қалатыны болмаса, былайынша, ауыл карттарымен аман сәлемі тұзу. Пейнеткор өзі бейшара. Қабын арқалап әлі тезек теріп жүр.

Әжемнің қыска хабарын есть сала Әбіремнің үйіне тартқам.

Карттың жудеубастылығын бірден анғардым. Бұрынғы жинақылық пен ұсыныктылықтың көбесі сөгіліп, шеті септінегендей. Москал пештің үстіндегі шәугімнің шүмегі мен түбін күйе шалыпты. Әдетте басы тіктеліп, босағада сүйеулі тұратын сыпыртқы ошак аузында жатыр. Төбесі аласа бөлмелерді бүтілген карттық мендеген: сұық, касіретті.

Шал жазбай таныды мені. Сампылдап оку-жайымды айттым. Үнсіз, сұлқы тындағы. Әнгімеге құлқы жок сиякты. Әбіл нағашымның кітабын кереуетінің басына таstadtым да сыйылып шыктым.

Ертегінде Әбірем екеуміз оның албарында ұшырас-тық. Кешегіндей емес, карт көнілді. Қунак. Шатыраш ойнап шаршатқан тағдырынан құтылып, серпілгендей сергек.

– Тұні бойы көз ілмей оқып таstadtым. Бұл кай бала еді, әлгі алыстан сендердің үйлеріне кеп кайтатын нағашы аған ба? Бала болғалы тұрган бала екен. Жорыққа шығыпты. Қорықпайтын, тайсалмайтын көрінеді. Кисыны, байламы тастай. Еріксіз иландырады. Тәнірін бек таныған бекзат ұлдың өзі ме дедім.

Осыны айтып дабыrlаған шал: «Есінде ме, Мұса пайғамбарды Перғауын әскерімен куғанда Раббы тенізден жол ашып, Бәни Ысырайлды құтакарттын сәті», – деді.

– Иә, есімде.

– Ендеше міне, мынаны тында.

Шал кітап бетіне жүтінді.

«...Енді иудей Құдайының бастапкы есімі неліктен «Ау» болатындығына аз-маз токтала кетейік. Ол үшін жебірей халқының Мұса ғалайссаламның басшылығымен Мысыр құлдығынан қашқан кездे жер бетінде көрініс берген оқиғаларға, олардың себептеріне үнілу керек. Бұл табиғи апаттар Жер-Ана бетінде бірінен

кейін бірі қайталанған касіретті уақыттар еді Жерге төніп келіп калғандай болған аспанды әлдебір құдіреттің күшімен пайда болған дыбыстың кері лактырып жібергені де рас. Әлденеше тәулік бойы қарасын көрсетпей қойғандай болған Күн де содан кейін қайта жарқырап шыға келген. Табиғаттағы мұндай құбылысты бүгінгі ғылым тілімен былайша дәйектеп түсіндіруге болады: шамасы, тым жакын келген әлдебір құйрыкты жұлдыз кесірінен немесе көрші планеталармен өріс күшін таластырудан соң, бәлкім, ғарышта қанғып жүрген шойын тастардың бірі құлағаннан кейін орбитасынан шығып кете жаздаған Жер шары ыңыранып барып, Күн жүйесіндегі бүтінгі орнына сәтімен түскен болса керек. Апат зардабы бірнеше апта немесе айларға созылғандығы да анық Осы бірнеше ондаған тәулік ішінде адам санасына ұялап қалған үрей-коркыныш жанағы құтқарушыдай болып естілген дыбысты Жаратканның өзінін үні деп қабылдауға молынан жетіп-артылатын. Екі жарты шардағы адамдар киялын тербел, құдайлар мен құтқаруши қаһармандар жайлы әфсаналар тудырған ол дыбыс бізге касқыр мифінен белгілі «Ау-у-у» немесе қыскаша «Ау» еді.

Дыбыс немесе сөз иесі де белгілі. Кеністікте тербеліп барып, бүгінгі белдеуіне қайта түскен Жер-Ана болатын. Ол кезді ескі кітаптар «Өзендер арнасынан ауытқып, тік көтерілген теніздер құрлыкты шайып кете жаздаған заман еді» деп суреттейді.

Күн жүйесінде орын алудың мүмкін болған кезекті алапат апattan Жер-Ана аман һәм женімпаз болып шыкты. Одан естелік ретінде әр құрлық, әр халықтарда өздеріне тән ренк-бояумен баяндалатын аныз әнгімелер калды. Ежелгі элладалықтар анадан туған алып ұлдары Геркулеске аспанды көтерктізсе, қытайлықтар сол кездегі әміршісіне Яо немесе Яу деген есім берді. Үнді буддашыларының бабалары «АУМ» деп дыбысталатын қасиетті мантраны ұрпактарына мұра етіп қалдырды. Жебірей қауымы болса, Жараткан он негізгі қағида-ны Мұса ғалайссаламға осы жолы түсірді деп санады. Бағзы түркілер болса, Жер-Ана мен Қасқыр-Ананы астастыра ізет тұтты. Түркі қауымы қолдан Құдай жаса-

мады, колынан келмес істі мойындарына артып пенде баласын да мазалаған жок.

Иә, солай, қасқыр мифі мен тотемінің кемі үш мың жылдан асатын тарихы бар, ол адамзат баласында Ұлы Ана жалғыз-ак екендігінен, оның есімі Жер-Ана деп аталағындығынан сыр щертеді»*

– Міне, жұмыр жердің баласын тұтастыратын осы түйін. Міне, казак ойынын он сегіз мың ғаламды еркін шарлауы! Не деген кеңдік, не деген дархандық!

Шал шалқып ұзак сөйлемеді.

Нагашым мыкты екен. Уәдесінде тұрды. Абрам Нойманды қөне шежірені жатқа соғатын яхудей жігіттері Ерусалимге самғатып алып кетті. «Ащыбұлак» ауылы кешегі мыжырайған шалдың мұншама құрметті екендігіне айран асыр болып кала берген.

Айтпакшы, Әбірем аксақал «кілет үйіндегі» үйілген тастарды «окудағы балаларына беріндер» депті де, Әбіл нағашымның колтаңбасы жазылған кітапаты ғана колтығына қысып кете барыпты.

Жазымыш-ау... Абрам Нойман Ерусалимге ұшкан күні Әбіл нағашым кенеттен дүние салды.

Соны...

- *Бұл жерде ақын, мәдениеттанушы Әмірхан Бақыбектің «Қасқыр Құдай болған кез» атты кітабынан үзінді атынып отыр.*

Алматы, 2015 жыл.

БӨРІ СОҚПАҚ *(Әңгіме)*

- Жазушы боламыз.
- Ақын боламыз.
- «Боламызың» не? Болып койғанбыз.
- Мен – жазушымын. Қазактың қаска мандайына біткен жазушымын.
- Ал, мен – ақынмын. Ақынмын-ей, мен осы!
- Міне, енді сілтеп тастау керек.
- Түбіне дейін.
- Эрине, түбіне дейін.
- Жок, сен дұрыс алмай отырсын. Сімірген сон – сілекейлеп берекесін қашырмай сіміру керек.
- Вот, дұрыс айтады.
- Осыны ішсем, есім ауып, адам танымай, қасқыр сияктанып кетемін.
- Аркан бар ғой сенін. Иен бар.
- Иә, менін арқам бар. Аркалы ақынмын ғой мен дегенін.
- Қасқыр туралы айтайыкшы.
- «Қасқыр тұсті какпанға, жортып келе жатқанда».
- Баяғыда, бала кезімізде жаттаған бір такпағымыз осылай басталушы еді ғой. Хи-хи-хи.
- Е-е, жігіттер, қасқырға құлмендер. Құлмендер деймін қасқырға.
- Неге? Құлейік те. Құліп үйренейік те. Не ол сонша? Білемін, қасқыр – киелі. Қасиетті ан. Қасиеттіні қастерлеу үшін де құлу керек. Мысалы, құле білу де – адам бойындағы қасиетті мінездің бірі.
- Тауып айтасың. Сен осы ылғи да тауып айтасың.
- Тағы да төңкеріп тастаудың реті табылды ма, қалай?
- Табылды. Ал, қанекей...
- Мен жұтып жібердім. Жұтқыншағымнан өтіп, қызыл өңешімнің айналасын жылытып, құлдилап барады.

– Сен біздін жазушы досымыздың кейіпкерлері сиякты сөйледін.

– О, Данияр ма? Ол да каскыр. Нағыз бөрі.

– Каскыр... біз ғой мына жерде, касекенің аяулы есімін қалай болса, солай атап, құрдасымыздай қылжактап отырмыз. Түлей түзде ол өзінің аты-жөнін жалпылдаған ауыздарға айтқыза бермейді. «Ит-құс» дейді оны қырдағы жұрт, «Абалак» дейді.

– Данышпандарым, біраз дабырластық-ау, шамасы. Қайтсак қайтеді? Таркайык.

– Өй, әлі ерте.

– Иә, ерте. Асықпа. Сен білесін бе? Ықылым заманда аспан жерге төніп кеп, жамбастап жатып алған көрінеді. Адамдар зіл батпан аспанның астында бүгіле-бүгіле бүкірейіп қалыпты. Тіпті, енбектеп, жер бауырлап жылжитындаи халге жетеді. Алп-алп басқан адамдар ғана емес, шанырак мүйіз бұғылар былай тұрыпты, «бұлдырық» дейтін құсқа дейін канатын жазып ұша алмайтын кепке ұшырапты. Бұлдырығын не, қыбырлаған құрт-құмырсқаның өзі аспанның езіп, жаншып басқан салмағын сезініп, жеті қат жердін астын кеулей қашыпты. Осы сәтте жалғыз каскыр ғана мұз сауыттай құрсанған аспанның бауырына тұмсығын сұғып ұлыған екен. Каскыр және көп ұлыпты. Каскырдың мына ерлігін еп көрген адамдар тегіс жиналып, бір сәтте: «Ауп» деп аспанды көтеріп тастапты. Содан бері бұл каскырыңыз киелі, касиетті ан есебінде.

– Бізде, қазактарда. Тұп нәсілі түркілерде деніз.

– Иә, әйтпесе, өзге жүрттың қаскырда жұмысы жок.

– Қаскыр – анамыз.

– Атамыз.

– Қаскыр емгенбіз.

– Қазір енді бөтелке емеміз.

– Ха-ха-ха!!!

Қатты қызып, қанғырлай сөйлеген үшеуге даяшы дәмхананың жабылатынын ескерткен. Эйткенмен де, әйгілі акын-жазушы атанғалы жүрген үшеуді даяшының ескертуі елең еткізген жок. Керісінше, «сіздерге тағы не керек?» деп, мұләйім түрде, сыпайы сұрап койып тұрғандай оған қарап: «Ақысын төлейміз, тағы әкеле

бер», – десті кеу-кеуlep. Үшеуінін де жүзі әлемтапырак. Көздері әңкі-тәңкі. Акшия карайды. Даюшы басын шайқады. Сосын ызыбарланып: «Шығыныздар», – деді. Әлгі үшеудін біріне даюшының дауысы алыстан ыныранып жеткендей естілді. Ыныранған дауысқа ырыл араласқан сиякты. Олар мас еді. Тұтас шаһар жұрты мас еді.

...Ертеңінде Т. каласының тұрғындары тегіс каскырға айналып кетті. Бөлтіріктерін ерткен үйірлі көкжалдар жалан қағып, әсем шаһардың көшелерін кезіп жүрді. Топталып, шұбырындысымен келіп тұмсық түйістіргенде, арландары желке жұндерін күжірейтіп, ұшы келте, шұнак құлактарын кайырып тастап, жанаrlарынан жасыл ұшқын атып, шайнасудан да тайынған жок. Сондай сойқанды қызу таласта талай арланның ішек-карыны актарылып көшелерде, аланқайларда, биік үйлердін аулаларында қансырап жатты. Женген, женімпаз арландардың үйірі молайып, қарасы калындаі тұсті. Әлгіндей үйірдін бөлтіріктері ойнак салып, кәнкиіп тұрып калған автокөліктердін төбесіне шығып, шоңкиып отырып та алды. Адамдардан арылып, алқам-салкамы шыккан, есік-терезесі ашық, көп пәтерлердін дәліздерін каскырлар үйірі жортты. Қайсібір тұстан арс еткен арлан дауысы қынсылад үйік тілеген қаншық каскырдың үнімен қатар естіліп, қала алып апанның, жынысты таулы мекеннің тұрпатына енді. Бірте-бірте үйірлердін өрісі де айқындалып, апан-қала өзінше тәртіп түзе бастады.

Осылайша, каскыр-қала сапырылыскан тірлікпен ай жарымын өткерген. Сөйткенде, калада азық таусылды. Базарларда, дүкендерде, коймаларда қызарған ет, кан жұқкан зат түгелімен түгесілді. Каскырлар тәтті кәмпіт, тәбет ашар жеміс-жидекке зауықсыз болып шыкты. Каскырлар үйірі әбден ашыкты. Кеше ғана ток карындары бұлтындалап, түгі жылтыраған бөлтіріктердін үстін өлі, жасық жұн басып, ластанған қала тыныс тарылтты. Аш, ашулы қаншыктар кабаған өлекшіннің мінезін тауып, арландарды құлак шекеден ала түсетінді шығарды. Каланы улыған-шулыған, қынсылаған, жарыса үн

созып, дауыс салған зар кернеді. Міне, дәл осы кезде, тұн жарымында, акбурыл, кен кеудесін шалқайта тастап, жуан, жалдас мойнына біткен үлкен, қаһарлы басын тік көтерген кәрі, көсем арлан тұмсығын көкке созып ұлыды-ай келіп. Ол күніреніп ұзак ұлыды. Бұрынғы өткен бабалар ұранымен ұлыды. Тұлейді күн-тұн кезген абадандардың жорығын жоктап ұлыды. Мынау тар, капас қалада үйліккан үйірінін дәрменсіздігіне налып, күйіне ұлыды. Ұли алмайтын ұрпағының, зәу-затының коркаулығынан корқып та, қорынып та ұлыды. Көсем жалғыз ұлыды.

Ертенінде көсемнің касына жас арлан каскырлар жиылды.

– Кеше түнде мазасыз күй кештініз-ау, неге жыладыныз? – деді арландардың бірі арсаландап.

– Тағажу етер бірдене іздедініз бе? – деді тағы бірі аш бүйірін жалап, аунап жаткан бетінде.

– Кәрия, не тілейсіз? – деді кызыл інірде каланың бір бүралкысын бүктеп басып, өзек жалғаган көкжалдауы.

– Жорық тілеймін, – деді кәрі көсем. – Каланы тастап тау асайық, тас басайық.

– Онда не бар?

– Аң бар. Толған ан. Ерінбесен ешкі же, елік ку. Аркар аула. Бұғып бар да, бұғы бас. Домалантып доныз как. Аңшылық – біздін ата кәсібіміз.

– Апыр-ай, мұныныз керемет екен, – десті арландар арс-арс етіп, – бірақ, сол аңшылық біздін колдан келе кояр ма екен?

– Келеді. Неге келмесін? Негізінде жыртқыштық, аңшылық жаткан жок па?

– Ендеше бастаңыз.

– Макұл, – деді көсем дүр сілкініп, – макұл, еріндер соңымнан.

Көсем бастаған арландар қалаға мол олжамен оралды. Бәрінің аузы қан. Бәрінің аузында: алқымдалған, таңы айрылған, қабырғасы сөгілген – ешкі, лақ, елік. Кейбір кеуделі, жоталы арландар доныздың айғырын сүйреп әкеліпті. Қала қанға бекті. Бөлтіріктердің ай

бойғы аш кыңсылы ток ырылға, болашак арландақтын айбарын сездіретін қуатты ырылға ұласып, ұргашы кас-кырлардың арландар айналасындағы мәслихаты мәнді, келелі кенеске ұксап жатты.

- Отағасы, ертең де жорыкка аттанасыз ба?
- Енді мен күнде жортамын.
- Үйінізге, үйірінізге соғып тұрасыз ғой, әйтеуір?
- Үйбай-оу, о не дегенін? Менің жортуылдарымның бәрі үйірімнің камы емес пе?
- Бүгін мелдектете тойындырыныз.
- Күнде тойындырамын, қалқам.
- Осы тұн сіздің еркініздемін, арланым.

Бұл тұні көсем тағы ұлыды. Кешегіндей озандап, күні-ренбей рух шакырып, ерлікті мадактап ұлыды. Тағы да жалғыз өзі ұлыды. Ертенінде үйірін ертіп жорыкка аттанған.

Көсемнің басшылығына бағынған арландар үйірі тау мен дала анын қынадай қырды. Олар үшін тау мен дала деген олжаның отаны екендігін қапысыз ұтар уақыт та болған. Қаланы қан жапты. Қан жұтқан қала қанқалардың үйіндісіне толып түнде түнеріп, күндіз күнси берді. Бұл кезде қаланың каншық касқырлары үйікке тоймай арлан көрсе, асылып ойнайтын өнер тапқан. Бұлан күй-рыкты бір-екеуі қаланың сыртындағы дөңде, онаша, тұмсығын соноу алыс таудан есіліп соғатын ерке, жұпар самалға төсеп жататын кәрі көсемге де келіп кайткан. Үйкеленіп, иіскелеп, тәлімсіп тіл каткан:

- Аға, қалаға кірмейсіз бе? Айдалада мұныныз не?
- Шырактарым, мені мазаламандар. Мен – түздін тағысымын.

Көсем оларға осындағы жайын білдіріп, тағылығын танытып бой тартатын. Сосын ойлайтын еді: «иттің ылыхан бұралқылары сияқты әпігі басылмайтын не деген пәлелер еді түге?» – деп.

Күндер өте берді. Апан-қала аксөңке сүйекке толды. Таудың, даланың бар анын арландар үйірі мына шаһарға куып тығып, алапат апатка ұшыраткан сияқты: анда арбиган бұғы мүйізі, мында маңғаз сұлу маралдың канкасы. Суыр мен борсықтың жидіген терісі. Сол лас, са-

сык апанды майланған табандарымен тайғанактап, бөрі бүлкегінен айныған бұның зәу-заты жатыр. Ток, марғау. Самсоз. Аң қағудан ерінетіндері де екпеттеп апан ма-нында аунайды.

Бір күні көсем аң аулайтын түзді жалғыз кезді. Қасы-на ерерге кара табылмады.

— Токпыз, тойындық, өзініз жорта берсеніші, — деген олар ықылыш ата ыныранып.

Көсемнің жалғыз жортканы — жортканы болды. Үйірінен жанына жан ілеспеді. Шетінен семіз. Ырс-ырс етеді. Үнкылдан әрен козғалады. Бөлтіріктерінің сирактары сыртқа теуіп, домаланып зорға жүр. Жорық көрмеген, аламан шабысқа түспеген аяктар қыска, кел-те, доныз аяктанып қалған. Сінірлі, серпінді, жүгірген-де балак жүні түтеп кететін қасқыр аяктар апан-қала тұрғындарының біріне бітпепті. Доныз сирактанған до-ныз бейнелі бірденелер шетінен. Көсем кан құсты.

Бұл шакта көсемнің көсемдігін, жортарлығын жаман-дап мәубас арландар тобы азы тістерін акситып кенес құратын. «Дала», «тұз», «ан», «жорық» деуден тыйыл-маса, осы аксақалға жол болсын айтканымыз жән шығар тегі. «Қаланы тастап қыр жайлайық, ну тоғай, кия шаткалдан апан сайлайық» дейді. Бұрынғы бабалары-мыз солай етіпті. Ну и что, олар үнгірде тұрды еken деп, біз де үнгірге оралуымыз керек пе? Қала дегенді біл-меген бабаларымыз. Біз — міне, қала қасқырларымыз. Бұрын соңды болмаған жайлы тұрмыс. Жан рахаты. Мынау кабат-кабат зәулім үйлер тұрғанда айдаладан апан казып, алас ұрғанымыз кімге дәрі? О не сорым? Ашықсак көсемсіз де бірдене қылармыз. Білеміз ғой не істей керек екендігін».

Сөйтіп, осы сөзге токтам жасаған арландар ауыр де-нелерін марғау козғалтып, сылбыр кимылмен, бірінің ізін бірі шайқақтай басып, кәрі көсемнің алдына келді. Байлам қылған сөздерін айттысты. «Шал, калада тұра алмасан, жұртты азғырмай, далана өзін тарта бер. Мұн-дағы балаларды кайтесін, тау асып, тас басып жүре ал-майды». «Ың-ы, солай ма? Соны өзім де біліп ем». Кө-сем жанары жалт қызыл жалын төгіп, үйірлі арланның ортасында ойран салғысы кеп ырылдағанда, көмейінен

лықсып алапат үн актарылды. Абадан азған ұрпағымен дөң басында сонғы рет ұлып қоштасты. Күніреніп зар төкпеді, лағнет айтты. Ыза құспады, ыршып, ырыққа көнбей соккан жүргегінің азғана наласын білдірді. Өйткені, ол азған апан-қаланың қасында ұлығанды ғазиз басына кор санады. Сөйтті де, бөрі бұлкеекпен жөнег берді.

Көсемнің бет алысы – Жонғар Алатауының «Қартайған» деп аталатын бір айлапат асуы еді. Екі жағы жала-ма құз-жартас, наиза тұмсық асуда бұнын бабасының ізі қалған. Көсем сол ізді басып өтпек.

– Он төрт жасымда айдауға түстім, – деп бастаушы еді атам әнгімесін. – Жалан қылыш, істікті мылтық асынған айдауылдардың алдында Бішпек-Токпакқа қарай кетіп барамыз. Жаяумыз. Ағайын -жүртпен іштей «кош-кош» айтысып, ұзап шыкканымызға көп болған. Солдаттардың түсі сұмдық. Қапысын тауып қашпакқа әрекеттеген бірер адамды көз алдымызда сұлатып салған. Жаннан түнілдік. Енді ел бетін көретін күн бар ма, жок па, білмейміз. Осылай келе жатып бір үлактың басына құлағанбыз. Кенезем кеуіп, шөл қыскан. Үлактан енкейіп бір жұтым суға алакан тоса бергенімде, айдауылдардың басшысы қылыштың қырымен жалғыз-ак ұрып отыз екі тісімді қаусатып қағып алды. Міне, содан бері қызыл иекпін.

Сөйтіп, қандала болып абактыға жабылдық. Күндіз шөп шабамыз. Мая шөмелейміз. Түн – абакты. Бізді кайтпек, кайда апармак? Қашан атып, асып тауыспақ? Үл сұрактардың біріне жауап жок. Сондай сұық, үлдір күндердің бірінде түнде жатып түс көрдім. Түсімеке ақ сақалды, атан кеуделі қария кіріп: «Балам, қаш. Ертеннен қалмай қаш!» – деді де, ғайып болды. Маған қамкорлық танытып жүретін үлкен кісі бар еді, көрген түсімді сол кісіге баян еттім. Әлгі кісі: «Бұл жай түс емес, аян түс екен. Ұнны ешкімге айтпа. Амалын өзім табамын», – деді. Содан кеш түсіп абактыдағы орнымызға жайғасқанбыз. Ұйқы-дүшпан қарадай басып барады екен. Түсімді жорыған адам кеп түртіп ояты да:

«Абактының аузы құлыпсыз. Құзетшілер байкалмайды. Дыбысыңды білдірмей тұр, кашайық» деген сөздерді сыйырлап естіртті.

Кашып шыктық. Карап-құран біраз топ еkenбіз. Бәріміз казақ сияктымыз. Сөйтіп, жан саугалап, бас бағып, ел шетіне де іліктік-ау... «Әй, енді туған жердін тасына табанымыз тиді ғой. бой тасаламай жүрейік» десіп, бейтаныс ауылдың үстінен шыктық. Ауылдың ортасында үлкен коныр үй тұр еken. Коныр үйде коныр-кай кісі отыр еken. Үндеңейді. Біздін мұсәпір халімізді тез танып, әйеліне ыммен дастархан жасатып, дәм ауыз тигізді. Өстіп отырғанымызда үстімізге бір әйел кіріп келді. Кіріп келді де, бас-агымызды тінте шолып қараған ол жүзі құбылып шығып кетті. Сонда барып отағасы баяу тіл каткан:

— Ел іші казір бұзылған. Белсенді, шолак басшы көп. Жаңағы әйел солардың жансызы. Жандарым, аялдамай тез тұрып, кашындар. Әйтпесе, ұсталасындар.

Біз беле жөнелдік. Ауылдан сырт айналып, көзден тасалған соң жолбасшымыз:

— Бұдан былай топталып жүре алмайды еkenбіз. Әркім өзінің жолын тапсын. Межелі мекеніне жеткенше, күндіз төбе көрсетпе. Тек түн сағала. Ал, коштасалық. Бұ дуниеде жолықпасақ, о дуниеде ұшырасармыз. Хош-хош, — деді.

Тұсімді жорыған, жөн сілтеген, есімі қазір жадымнан шықкан сол адамның айтқанымен түн жамылып, Баласазға да түяк іліктірдім-ау.

Атамыз – ол уақыттағы 13-14 жастағы бозбала, баба-конысы – Баласазға Баянжүректің басынан шолу жасап, бірер күн айналады. Әкесі Куаттың жусанды далада жөңкілген үйір-үйір жылқысы, мұкәмал-мұлкі кәмпес-кенін талауына түскен. Кешегі малшы мен жалшы, кой сауып, құрт кайнатқаның бәрі – бұ күнде жат, бөтен жандар. Момын бай Куаттың бейопа дүниедегі мынау халін табалағандай кіжініп, тап бере сөйлейді:

— Бай. Шіріген «бай-құлак». Малын бактырыды. Отын жақтырды. Қанады. Талады.

- Айдату керек!
 - Итжеккенге жіберу керек!
- «Тәнір жарылқағырлар-оу, – деуші еді сонда жұғымды, майда бітімді, коныркай өнді такуа карт таусылып.
- Мен сендерге не істедім, сонша итжеккенге айдатып сорлататындар?..».

Әке момын, иі жұмсақ жан болғанымен төрт ұлдын үлкен екеуі – Нұрмұхамбет пен Ғұсыман өзгеше сұлу келбетті, өрт жігіттер еді. Сол екі жігіт ағайынмен астыртын хабар алысып жүріп, бір-ак түнде Дәуітбай, Шакайлардың көшімен арғы бетке ауады. Ауған көштін алдынан солдат шығып қырғын атыс, кан майдан болады. Осы соғыста әкелі-балалы үшеуі бірдей оққа үшады. Қызыл әскердің командирі Курносов деген казак-орыс шекарашилар отрядына бөрідей тиғен кос сұлтанның касына келіп: «Пай, мына екеуі казак арасында ерекше жаралған жандар екен. Өлгенде де өндерін бермей, маржалар қызығып карайтындар болып жатқандарын карашы», – депті.

Жалғыз жаяу түн ортасы ауғанда баяғы Қүрен жылкышының косына кеп кірді.

– Аға, бұл мен ғой – Кенжеахмет.
Қүрен бұны күтіп жатқандай тез басын көтерді де: «Кенжеахметпісін? Білгенмін келерінді», – деді.

Қүрен жылкышы Кенженің әйтеуір бір соғарынан күдер үзбесе керек, костын сыртында отырып, аз ғана кенес айтты.

– Сен ауылға аялдама. Карапты көрсетпе. Осыдан жүріп отырып Сарнауага жет. Сарнауаның сайында боз дөненің саяқ жүр. Ұстап мін де, арғы бетке тарт. Әкең, екі аған шәйт кеткен. Тек Құсекен ғана аман деп ес蒂іміз. Мына Арасанның бекетінде женген Жамал мен Нұрмұхамбеттің ұлы қалып барады. Амалын тапсан соларды алып өт. Таппасан амал кем. Акиретте жүзде серсіндер, – деді.

Кенжеахмет бала кезінен таныс сүрлеу сокпактан табан аудармай жүріп отырып, таң қылацында Сарнауаның шатқалына құлдилады. Қараса, ақбоз суатка құлап

барады екен. Айнала төнірек тез ашылып, түннің бояуы солғын тартқан шак. Құлышынан қолға үйретіліп, Кенжеахметке бауыр басқан боз дөнен әуелі құлағын қайшылап, құйрығын тігіп, құйын-перен жоғалуға ынғайланды да, таныс дауысты естіген бетте шұрқырап жетіп келді. Кенжакмет акбозымен «бауырымдап» жылап көрісті. Боз дөнен де иесінің қолтығына тұмсығын тығып, бүтінгі мынау саяқ жүрісіне, жүдеу қүйіне мұншақкандай солқ еткен дыбыс шығарып, содан соң жер тарпып оқыранып жіберді. Жел канат акбоз айдалып кетпесе де, аямастың азабын тартқан сиякты: аркасын ер қажап, аяғын тұсау қыпты.

Бала жігіт ымырт үйріле Арасан бекетіне жеткен.

Ілгеріде, іргесі шағын қалашиққа ұксап өрілген Арасанның шипалы суына орыстың оқымыстылары, казактың каратаяқтары, Қапалдың саудагер-татарлары үйр еді. Қысы-жазы Арасан өзгеше сән-салтанатымен көзді арбап, жасанып тұратын. Ендігі Арасан барқыраған мас дауыстарға толы, құқірт кеулеген, ыс тұмшалаған бекет болыпты. Соноу бір үлкен көк үйдін алдында орыс-казактар ортаға от жағып койып, арак ішуде. Бірлі-жарымы бос сенделіп жур. Тағы бір шоғыры көк үйдін алдында мылтық майлап отыр. Оттың айналасындағылар әлдене деп барқырады. Балдыр-балдыр сөйледі. Қабыргасын Қарағайлының самырсын-шыршасымен катарап қалап, бояуды сініре сырлаған көк үйден екі әйел шықты. Алдыңғысы орыстың маржасына ұксайды: екі жағына кезек ырғалып, кеудесін жайқай тастап, сонындағы әйелге әлденелерді көтерткізіп әкеле жатыр. Жамал! О, тоба! Жазбай таныды. Мынау – ақманар сұлу ак женешесі ғой! Жүрттың колы тиғен майлық-сұлықты ұстамайтын кайран женге корлыққа көніп қалса керек: аяқ-табакқа орыстың арағын салып алыпты. Осының бәрін көк үйге жақын тасадан бакқан бозбала қыстығып жылап жіберген. Жағасын, женін тістелеп үнсіз егілген. Кенет, көк үйден басына уқілі такия киген кішкентай Жанасыл жылап шықты. Шырқырап, құлдыраңдал келеді. Апасын іздейп калған-ау... Әлденеден шошынып, корыкты ма екен? Әлде, мына корқаулардың бірі шапалакпен осып салды ма? Әйттеуір, сәбидің емес, зәбір көріп, запа шеккен үл-

кеннің зарын салып шырылдайды. Сәби үнді, бала бейнелі үлкен кісі ме дерсің. Үнінде коркып, шошынғаннан гөрі айналасындағы сұмдықты нәресте жүргімен сезінген корғансыздықтың, қайғының, корлықтың ацы зары бар. Такиясындағы үкісі де ебіл-дебіл: корқаулар ортасында ұшып жүрген сәбидің періште жанындај желппел жетеді. Сол кезде... тап сол кезде, мылтығының ұнғысына май жұтқызып отырған мұжықтың бірі такияның төбесінде улпілдеген үкіні көздей бере шүріппені басып салған. Корғасын ок кас-кағымдық зуылмен түн баурын қып-қызыл шок болып сыйған қүйі ыскырып барды да, сәбидің бас сүйегін какыратада тіліп өтті.

Ақбоз ат бауырымен бұлт кешіп келеді. Аспан таулар ат тұяғының астында тас бұлттарға айналып, күтіркүтір етеді. Кейде меніреу тас бұлттардың тұпсіз терен койнауы жаңғыра шулап, жамырай жөнеледі. Сені де жұтып әкететіндей шынырау түбінен самбырлайды.

Бір сэт адасып, тоқырағандай айналышықтаған ақбоз мойнын төмен сала берді де, шөкелей түсіп дем тартты. «Біткен жерім осы екен, – деп ойлады бала жігіт, – біткен жерім осы болды». Кенет, ақбоз жылкы баласының әдетінде жок еппен енбектей берген. Енбектей бере дем тартады. «Бұ не?» Кенжеахмет ерден сырғып түсіп, ақбоздың иіскелеген жеріне үнілген. Көзі үйренгенше үніліп карай берген. О, Тәнірім, міне, қара! Ақбоз арлан касқырдың ізінен түскен сокпакты тауыпты. Бөрі сокпак. Соны иіскеп жан шакырып, бағыт түзегендей. «Иә, Алла, жар бола гөр! Я, аруак!» Кенжеахмет ақбоздың жалына жармаскан. Боз дөнен бұлтты сүзіп, мұзарт шындардың қылыш жүзді қырлауыт жондарына тұяғын жебедей кадады.

Тұман сейіліп, манай жазылғанда бала жігіттің алдынан «Елмісін, жаумысын?!» деп ақырған жаракты топ шыға келді. Бұл – топ «банды» аталған Жөкей батырдың жігіттері еді. Жөкей – аргы-бергі елге тен пайдастын тигізіп, бекет-камалдарда бекінген орыс-казактарға ойран салып тұратын тау тағысы, жырынды ердің өзі еді.

Бала жігіт батырдың алдында бастан кешкен жайының барын актарды. Жөкей де бәрінен құлағдар еken. «Аған Құсайын Ойманбұлак жакта. Немере бауырларың да – сонда. Алдың ашық, заулай бер. Бірақ, мына ақбозынды тастап кет», – деді.

– Батыр аға, – деді бала жігіт, – ақбозды сізге тарту етейін, сіз маған Күрнесті қандап беріңіз.

– Болады.

Біздін жакта ел айтушы еді: Жөкей батыр ақбоз ат мініп Жонғар Алатауынан түсіпті. Ақбоз ат тегінде жай жылкы емес, бұлттан жаралса керек. Шауып келе жатып көрінеу көзге жок болып кетеді еken. Сонында тұтіліп ақ шуда ғана қалады дейді. Сонысына карағанда, расында, бұлттан жаралған-ау... деп.

Әлкисса. Сонымен, Жөкей батыр ақбоз ат мініп Жонғар Алатауынан түседі. Түседі де, Арасан бекетіне келеді. Бөрідей тиіп, қамалдағыларды қасқырдай талайды. Бірақ, жалғыз еken. Жігіттерін ертпепті. Күрнестен алар жеке кегі болғанға ұксайды. Жалғыздың аты жалғыз емес пе, әлде, ішкі есебі солай ма еken, батыр шығанға шығып ақбоздын басын қоя береді. Курносов әскерімен «жаяу каштылап» қуып береді. Сонда, Жөкей ақбоздын басын кері бұрып, жұлдыздай аккан күйі Күрнестін кеудесіне корғасын оқтын бірін қадап кете барыпты.

Апан-қаладан ауған абадан бөрі сокпағын тапты.

Әйгілі ақын-жазушы атанғалы жүрген үшеуді даяшының ескертуі елең еткізген жок. Олар мас еді. Шаһар жүрті тегіс мас болатын. Бір қызығы, бәрі де сол күні білгендерін көйтіп, қасқыр туралы әңгіме айттыпты. Өйткені: сол түні бөрі сокпағын тапқан абадан қасқыр аспан астын күнірентіп ұзак-ұзак ұлыған еді. Ай то-лыпты.

Алматы, 2015 жыл.

КАСҚА АЙҒЫР ҚАЙТЫШ СОҒАР МА? *(Толғау-эссе)*

Көбесін көк тікендей буған кісенді карш шайнап, үзіп тастап көсліген касқа айғыр кара жердің жонын касып келеді. Бауырын арбак тіс сока тілгілеген дала да рахаттанып жосыла берген. Жайылып жаткан жазық пен тәкәппар пан тауларды құйрығына «орап» алғып, Атажұртына азынай тартқан касқа айғыр канжыға тұсқа кайырылып бір, камшылар жағына екі карады. Ұмасына орай тиген камшы жүзі улы еді. Ұмыткан жок. Он капиталдан доғалана тұсken жылан шылбыр кенсірігін ысып, орып жібере жаздады. Жазымнан Құдай сактаған соң көк перісін жалына кондырған көк тұяқ кара тұннің шабын кара кездіктей тілгілеп келе жаткан беті осы.

Сүйекке сінген қасиетті кайың аршығандай қылған саясат па, әлде, тасбака тұстес Уазик мініп жүретін Беделтұт па еді?.. Бүтін, міне, соны ойлаймын.

Әлдекашанның койнына сінген уақыт емес – біздін балалығымыздың төбесі иек астында қылтияды. Жадымызда бәрі сайрап тұр. Сол бір жылдары ауылымызда жылкы көрсө жынын көргендей құтырынып соғатын шолак белсенділік үстемдік күрып алған. Сабы тұқыл, казан-ошактың манында токалдықта жүретін кара пышак жағы тұкті хайуаның алқымында ойнады, тұлпар шығар талабы тайынан танылған түлік қойшының тақымында изендеумен тозды.

Ауыл үйдің айналасы тұнған егін еді. Жұрт жылкысын тұсап, арқандап ұстайтын. Төнірек түгелімен темір-терсекке толды. Ал, Қамбар ата тұяғы машинаға тиеліп етке айдалып бара жататын.

Со заманда жылкының жанарына үнілсе, казак өзін көрер-ді. Басы сопайып, көзі алайған казактың келбетін

жылкы туыскандай дәл танытатын біреу бар ма? Кісісіне кезіксе, кіндігін тартып кісінеп жіберетін құліктей сезімталды кім біледі? Қазак билетін. Білген. Қазір та-пырактап шапканның бәрі атбегі атаныпты.

Құлағының түбін қасып тұрып қасқа айғырдың жа-сына «шомылатынмын». Жануарды арбаға жегуші ек. Соған ішкүса бола ма, кайран қасқа маған іштей егіл-гендей, еңкілдеп жылағандай мұн шағатын. Қарашағы-на қарасам, кара аспан төнкеріліп, жердін беті жыбыр-лап, кілкіп сала береді. Қаран қалған дүниені, соナン соң білігінін майы таусылаған ырдуан арбаны тас-талқан етіп тастай қашпакқа қасекен талай мәрте ұмтылды. Мен оны біліп жүрдім. Бір күні ана жакқа аттанудың кезегі біздін мұндастың да басына келіп жетіпті. Бауы-рынан бұзау өтсе де мынқ етпейтін қасқа батыр сөйтіп жүк мәшинесінің корабына тиеліп кете барды.

Дала қазақ пен жылкыны катар туған. Бірінін тұяғы сетінесе, бірінің тегі сүйилады. Тұптін түбінде екеуі де анасына боздап қайтары анық. Анасы – боз даласы. Қасқа айғырдың сол сапардан соктыртып оралуы со-ның мысалы. Мысал көп кой. Көп мысалдың бірі еді ол, көне мысалдың жаңғырығы еді ол. Жершілдік. Қас-қа айғыр тым жершіл бол шықты. Баяғыдаа, – үлкендер жағы сыйырлап кана айтатын, – Шұбар құсан айдауға кеткен көк пері қайырылып бір сокты-ау...

Ертесіне қарасак, қасқа айғыр мамағашка манда-йын сүйеп, екі буйірін соғып, солықтап тұр екен.

– Шалып жіберу керек! – Ту сыртымнан біреу шанқ ете қалды. – Жамандатқыр кәрі неме қашып келіпті. Жігіттерді жина. Буып берсін аяғын. Алқымынан орып-ак жіберейін!

Қасқа айғыр құлағын тігіп, құйрығын көтерді. Жана-ры шоктай жайнайды.

– Жынданған ба, немене? Ұста, каумалап, ұстандар, кане!

Қасқаның қаны басына шапса керек. Дәй далаға құйын-перен ұра кеп жөнелді. Сонынан тасбака түстес Уазик түсті. Екеуі де алыстап барады, егесіп барады.

Қасқа айғыр, қырға шығып көз салдым, сағымға сіңіп жоғалған сиякты көрінді.

Қасқа айғырдың бұлай шығындаш шабатынын бұрын-сонды ешкім білген емес.

Жер жыртып жүрген тракторлар токтап қалды. Тракторшылар мына кереметтен құр қалуды өздеріне күнә санаса керек. Сол күні кеште қасқа айғырдың ерлігін дүрілдетіп отырып әй бір «жуды» ғой.

Келесі күні басы ауырып әншейіндегі озат Асанбай жұмысқа шықпай жатып алды. Іздеп барған бригадирді үйінен боктап қуып шығыпты деп, өсекке кенезесі әбден кепкен ағайын тағы бір дүрлікті.

Бұның бәрі әншейінгі әңгіме. Бірак «айдың күннің аманында» қасқа айғыр салған бұлік қаршадай бала біздердің жүргегімізді бұлқілдетіп... бұлқілдетіп кеткені рас. Кейін түйдім:

Еci ауған Ел ерлікті танымайды еken, бағасына жетпейді еken. Қасқа айғырдың жалына жармасып сол күні ауылға кәрі аруақ келген еді ғой.

...десем бұл казақ құледі-ау, әлі.

Алматы, 1998 жыл

ҚАРАТАУДЫҢ ҚАБЫЛАН ҮЛҮ^Б (әңгіме-эссе)

Шаршы алаңды енсере басып тұрған үнсіздікті шымыр қазақтың екпіні қакырата тіліп өтті. Оның қазір мынау шірей тартылған ала арқандарды домбыра шегіндей бебеулететінін жерлес – жанкуйер іштей сезіп отырған. Бәсекелесі – Рачков. Төрешілермен «төркіндігін» пайдаланып Кәрібекті сан рет сан соктырып кеткен Валерий Рачков дейтін осы болады. Турагап сілтесе – тас уатардай соккысы бар карсыласынан қаймығатын жүрек Бөкеновке бітпеген сон кайтесін, Рачковтың реңі алғашкы раундта-ақ рабайсызданып үлгерген. Десе де, дес беруді өзіне ар санайтын КСРО чемпионы каршығадай қазақты қағып жіберуге құшырлана құлаш тастайды.

Кенет Кәрібек он иыққа бұлт ете тұсті.

Сол колы Рачковтың дәл иегі астынан қадалған. Басы қайкаң ете көтеріліп ашық қалған чемпионның шыкшыты келесі соккынын нысанасына айналды. Көрермен дүркірей көтерілген. Көрерменнін дүркірей көтерілгені казылар тарарапынан жасалынған әділестіздікті көргенде ашулы, шерлі дүбірге ұласты. Заман казакқа зәрін төккен кез еді ғой, ұлы дүбір бірак іште бұлқынып, іште өлді. Есеп: 3:2. Жуан күшке бакқан жалғыз ұпай жанкуйер жүртты қофадай жапырды.

Сөйтіп, Алматыда өткен әлем чемпионаты карсандығы шешуші сында Валерий Рачков сыйылып алғашып кетті. Тап осы сайыстың алдында ай бұрын Тбилисиде болған КСРО чемпионатында да жүлдені төрешілер Кәрібектен жұлып алғып, Рачковтың канжығасына бөктеріп берген-ді.

Киянат көзге үстемдік көрсеткенімен, жүрекке әмір жүргізбес болар. Кәрібек жеңілген жок. Бәлкім, ол Гүржі жерінің тұнерген тауларына қарап, кен жази-

ра сахаrasын есіне түсіріп, еңсесін тіктеді ме екен?.. Етектеп келіп еміне қекке ұмысынған Қаратаяға карай жүгіріп бара жаткан бозбала шағындағы ұмтылыс бойына жігер тасқыны болып күйилды ма... Әлде қалай? Әйтеуір ішінен «біз әлі кездесерміз» деп күбір етті.

Кәрібек женілген жок. Түйғын тұрпартты казакты өр мінезді Гүржі елі (грузиндер) ұсақтыққа кия алмаған. Қайтіп кисын. Бекенов Рачковке дейін мәскеулік менмен, тәкәппар жігіт Родzonяктың кеудесін басты. Еуропа чемпионы Лаптевті шаршы аланның ішінде безек қактырыды. Былғары қолғап бәсекесінде басын бәйгеге тіккен талай мықтыдан мерейі үстем туған КСРО мен Еуропа чемпионы Лимасов та Кәрібектің кәріне шыдай алмаған соң – төрешілер арасындағы «ойын» өнін өзгертіп шыға келді. «Қалай да Бекеновті Рачковтың маңына жақыннатпай жолда калдыру керек». Және солай болды да. Спорт аренасының жұлдызды есімі тәлейіне бұйырмаған біздің боксшымыз жартылай финалды әлдебір украин баласынан үпай санымен ұтылды. Ұтылмады деп даурыксак, бүтінімізге ұят. Ия, адам ғұмырында женістерге бергісіз женілістер де болады ғой. Бұл – 1978 жылғы Тбилиси қаласының тарихына із калдырған КСРО чемпионаты еді. Кәрібек әлгі сайыстан қола жүлдемен оралды.

«Біз әлі кездесерміз» деп еді ішкі дауыс. Олар разында да Алматыда қолғап түйістірген. Кездесудің мән-жайын жоғарыда баян қылдық кой. Енді оны қайталағанмен, құмарымыз таркамайды. Жуан күшке баккан жалғыз үпай жанкуйер жүрттығана жапырған жок. Бокс өнеріне өзіндік қырымен келіп қосылған таланттың, әсіресе, сағын сыйндырыды.

Сағы сыйнды ма?

Басқаның бәрін ысырып қойып, мен кейде Кенес одағының боксшылар сапында иық тенестірген Кәрібек Бекеновтің сонынан карап соны ойланамын.

Сағы сыйнды ма?

Неге бұлай?

Таза женіс неге талапайға түседі?

Осы сауалдардың талқысынан шыға алмай ой парактарын актартсан, әділетсіздіктің әлімжеттігіне қасарыса

қыр танытқан сокталы тағдырлар ұксастығын аңғара-
сын.

«– Риверс, женіле сал!»

Басқа-басқа, бапкерінің бұлайша бұйырғаны несі?

Оның көз алдынан аш-жалаңаш туған елі – мексика халкы тізбектеліп өтіп жатты. «Жоқ, женілуге болмайды». Гонг өз бүрышында аузы мұрынынан кеткен қанын да сурте алмай есенгіреген жас боксшыны селт еткізе сілкінтіп жіберді.

Қарсы жұдырық жұмсары – Дэнни. Қаһарлы Дэнни. Тұтас денесі шақпактанып билеп босады. Риверстің ііні салбырап түсіп кеткен.

– Аяма оны, Дэнни!

– Өлтір, күшікті!

Шешуші сайстың сиқы бұзылды. Бір сәтте мексикалық жас боксшының жанары жасын атып шыға келді.

– Абайла, Дэнни, ол екі колымен бірдей соғады.

Төрешілердің бәрі бокс королінің атақ-данқына қылау түсіргісі келмей, өбек қағуда.

Кенет Латын Америкасының жұлдызы Дэнни, қаһарлы Дэнни, бокс королі атанған Дэнни сол жағына карай кисая құлады».

Джек Лондон. «Мексика ұлы». Іштей ыза мен кекке булықкан Мексика ұлы жеңіс тұғырына көтерілді. Бүтін бір халықтың рухын шағын әнгіме желісінде соншалықты асқақтатқан жазушы Дж.Лондон ерлік данқын ерекше әйгіледі.

Қазак ұлы! Сен де талай камал бұздың. Қазір ойлап карашы. Қаратаудың койнауындағы караша үйлердің іргесінен ұзап, алыска, тым шалғай елдерге бойдағы өнерді паш етіп сапарлап қайтудың өзі неге тұрады? Жалғыз жарым ұпай саны әлдекімдерге бұйырса, ол сенің жеңілісің емес. Сондыктан сағың сынбасын.

Бекенов пен Рачков жаттығу барысында онаша жұдырыктасып қоятын. Валерий айла-тәсілге бай, білегі тастай жігіт. Оның жұрт, әсіреле, соңғы мәреге дейін алқынбай жететін аламандығына риза болушы еді. Аяқ пен иық пропорциясын бұзбайтын, кимылды тас-түйін боксшы. Қазақстан құрамасының үкілі үміткері – Рачков алайда, Кәрібектің алдынан ығыса беретін. Кәрібек

колма-кол ұрыстың карадүрсін мінезін талқандап, бокс өнеріне әдемі эстетика әкелді. Қарсыласының соккысын денесіне дарытпай аяқпен билеуді, денені болат серіппедей ұстап игеруді, рингте рокировка жасауды көп жеткіншек кезінде Кәрібектен үйренген.

Ірі, үлкен ойындарда қазылар жағы қадамын аштыр-мағаннан кейін боксшы Бекенов былғары колғабының бауын шешті. Қарымта қайтарудын жолы көп кой өмірде. Ол енді өзі шәкірт тәрбиелеу мақсатымен Жамбыл облыстық ішкі істер басқармасының «Динамо» қоғамына ауысты. Қоғамда 1993 жылғы дейін қызмет істеп таза іскерлік мәселесіне, яғни, бизнес әлеміне бет бұрган.

Бұл күндері Кәрібек кім?

Боксшы ма, әлде бизнесмен бе?

Осы сауалдың жауабы Бекеновтің жансарайында күнде жанғырып жатса керек. Кей-кейде естіміз, Кәрібек әлем чемпионы Рачковка жақсы таныс баяғы былғары колғабын киіп алып жас перілермен жұдырықтастып кояды деп. Демек, шын боксшы болып туғаны ғой.

Рачков демекші, сонау бір жылдары Валерий Рачков: «1978 жылғы әлем чемпионатына Кәрібек баруы керек еді. Чемпиондықка лайық адам Кәрібек еді» деп бокс колғабының ішінде бүккен бармағын жазыпты.

Таланттар бір-бірін осылай танып, бағалауға тиіс.

Сенің азаматтығың, ат-атағың, күрмет-лауазымың өмірдегі, я өнердегі шынайы бәсекелесінің көкейінде орын тебеді еken.

Ия, солай, аға!

Алматы, 1998 жыл

БАРЛЫҚ ЖОЛ ДАНГЫЛҒА БАСТАП БАРАДЫ (әңгіме-эссе)

Канатты Қарағандыға ертіп кетемін. Қаладағы спорт интернатына орналастырамын. Оку – білім мен өнерді тел игеріп, шындалып өссін.

Үйдін үлкені болған соң ба, кейде Еркіннің осылайша ойындағысын түйіп бір-ак айтатыны бар.

– Үйбай-аяу, Қанат дегенін каршадай бала емес пе? Қабырғасы каткан жок. Он-солын әлі танып-білмейді. Кой, қарағым, Қанатты кой. Көзін бақырайтып калай киямын алыска?..

Анасы шыр-пыр. Ал, әке салмакты қалпынан айнамай басын изеді. Майданның тұн-тұнегін көрген ер ғой, үлдарынын болашағына бек сенетін сиякты.

Ертесіне ағасы Еркінге еріп Қанат кара жолдын бойына шығып тұрды.

Алғашқы сапар алыстан басталды. Рига.. Латвия Республикасының астанасы.

Айдарын Сарыарканың самалы сипаған казак ұлы көзді ашып-жұмғанша Балтық бойынан шыға келді. Ел кайда? Ауыл мынау жалпак жер планетасының кай тұсында калды? Айыру мүмкін емес. Айқай-шудан құлақ тұнады. Төнірек тұмшаланып, кусырыла түскендей. Кенеттен қарсы бұрыштан өзіне карай гүрзідей жұдырығын ала ұмтылған біреуді Қанаттың көзі шалды. Сол сәтте жаңағы аласапыран айқай-шу сап тыылған. Элем демін ішіне алып тынғандай. Ұрыс аланына шакырая түскен электр жарығы Қанатты өртеп барады. Мың-сан садак көде-инелер миына құйыла кадалып жатыр. Тे-реші ортаға шакырды. Өн-түсі боп-боз. Жұлынына мұз катқандай сіресіп Қанат ортаға карай ілбіді. Көз алды қаруытып, басы айналған. Караса, колғап түйістіріп тұр екен. Селт ете тұсті. Әуеде найзағай сыйық ойнап,

сауырына сарт тиер камшыдан ыршыған асаудай жұлкынды. Тарс бітелген тығынның бәрі ашылды. Төреші ыскырып жіберілті.

Карағанды педагогикалық институтының студенті Қанат Ғалымтаев чемпион атанды. Бұл – «Енбек резервтері» ерікті спорт көфамы Орталық кеңесінің 1983 жылы Ригада өткен біріншілігі еді.

«Кімдермен жұлдырықтасканым ойыма оралмай, осы күндері дал боламын, -дейді Қанат ағам езу тартып. – Сол жолы бәрінен басым түссем керек. Ал, шынымды айтсам, Ригадағы менің ен үлкен женісім – ол өз бойымдағы құдік пен үрейді игеруім еді».

Енді оқушы, сен ойланатын шығарсың: «Сонда қалай?» деп. Сонда қалай, білегі болат серіппедей, жұлдырыкка әбден төселген, жаттығып шындалған жігіт те үрейге бой алдырып, құдіктен женіле ме?

Бәрі де мүмкін. Әсіресе, спорт өнерінің қыр-сырын нәзік кабылдайтын жігіт кеудесі – елік-үрэй мекені. Ел сүйінер ерлік пен қызың сүйсінер сымбат аккөз тасыран-байлардың катарынан табылmasына кепілміз. Сонда кеп айтарымыз мынау:

Үмітті ердің жетегінде үрэй жүреді. Құдікті коркауғана білмейді...

Бұл сөздің байламын былғары колғап бәсіне түсे бастаған балғын жастардың бағамына қалдырамыз.

Ал, Қанаттың үлкен спорттағы өмір жорығы былайша жалғаса береді.

1984 жыл. Ташкент. «Енбек резервтерінің» кезекті жарысы. Бұл жолғы женіс тағы да Ғалымтаевтың канжығасына бөктірілді.

Дүние кіндігінен бір айналыпты. Артта аунап жыл калған. Анасы «каршадай ғой» деп алыс жолға кимаған Қанат Арменияға аттанды. Ол КСРО чемпионатында 57 кг. салмакта күш сынамак.

Бірінші жекпе-жек. Карсыласы КСРО-ның екі дүркін чемпионы Бекмұхамедов. Бекмұхамедовтың беделі 57 килограмда дәуірлеп тұрған кезі. Ешкімге дес бермес көкдауылдың нақ өзі.

Казылар Қанатқа самарқау ғана көз тастайды. Аты-жөні беймәлім боксшиға көрерменнің де жаны көп күймесі анық.

Білемдей тартылған ала арқандардың ортасында Қанат қабыландаш шиыршық атты. Баяғы үрей мен күдік оны болаттай шындал шығарған.

Гонг. Бұл жолы төрешиңің ыскырығын Қанат тағатсыздана тосып тұр еді.

«Келсен – кел» деп кардай бораған дүлей соққылардың серпінінен ә дегенде-ак тегеурінді білектің иесі анғарылып үлгерді. Қанаттың алғашкы раундтағы сағысы 57 кг. салмақтағы сабаздарды түгелімен састырып тастады. Оның үстіне келесі раундқа шықпайтынын білдіріп Бекмұхамедов басып шайқай берді. Жұрт назары жұдырықтай казакка ауған. Қазылардың күдігі қоюланды. Алда Казарян бар. Армяндардың аяулысы Казарян өз жерінің топырағын басып тұрып ешкімнен ұтылмауға тиіс. Ал, мұна кара қазактың қарқыны тым катты. Қорғанысы – тас камал. Екі иығы еркін ойнайды. Сұнғыла казы нағыз боксшының кары талса да, жауырыны кусырылмасын жақсы біледі. Әсіресе, төменгі қабырғадан кетере сүріп, баурдан орап соғатыны киын екен. Кез-келген боксши жүректің талма тұсы мен кіндіктен жоғары, шықшыт пен иек астын корғаштап бағады. Шынтакпен-ак қағып жіберуге болатын маңнан ауыр соққы дарытам деп кім ойлайды?... Іс насырга шаппаса игі еді.

Казарян қаша ұрыс салды. Қанаттың құлашын осындаі әдіске бағып, жазып алмақшы. Сөйтіп, ол сайысты бұлтактап қашумен тәмамдады. «Қашқын», бірак, женіске жетті.

– Казарян тегінде қарсыласының жадысын оқып алғандай қарсы әдіс-айла колдана коятын керемет боксши болды, – дейді Қанат бұл күндері баяғы армяндық бәссекелесін есіне алып. – Ойлануға мұрша бермейтін. Эр шабуылына жауабы әзір. Техникасы мен тактикасы керемет үштасқан боксши Казарян маған Ресейдің Иваново қаласында өткен КСРО-ның кубогін де бұйыртпады.

Пендеңіз ғой. Пенделіктен кім асқан? Саған қара басымен карсылас, бәсекелес боп тұған жанның бойынан ізгілік, мейірім көре білу, шынайы шеберлігін тану – мәрттік. Мәрттін аяғын, бірақ, бұ дүние жаралғалы нәмәрт шалумен келеді. Сонын бір мысалы – талантты боксшы Қанат Ғалымтаевтың үлкен спортты тастап шығуна дәлел.

1987 жыл. Каунаста КСРО чемпионаты өтіп жатты. Шаршы аланда бокстан әлем чемпионы Айрат Хаматов пен казакстандық Қанат Ғалымтаев.

Талай дәйдін әуселесін көрген Хаматов Қанатты корашсынғандай, ойқастап оңаша жүр. Ішкі есептегі үпай және бар: мынандай дүбірлі бәсекеде әлем чемпионының атағы анау-мынаудың мысын басып жіберуі керек. Жок. Қазактың кайтар түрі, каймығар сынайы байкалмайды. Айратты ашу буды. Құлашын білемдей сілтеп, қабағымен ықтырып алғанда Қанатқа ызбарлана қараған. Кенет ми «тостағы» лайланып кетті. Жер тоғыз баллға сілкініп, тенселгендей болды. «Бұл калай?» Осы сәтте төрөші бірінші раундтың аяқталғанын хабарлап үлгерді.

Екінші, үшінші раундты Хаматов корғаныспен өткізді. Корғана жүріп, бұғып қалып тастаған жұдырығы, бірақ, қазылар алқасына әбден ұнап қалса керек – Айрат абыройын олжа тұтты.

Әйгілі чемпионның әптер-тәптер болғанын әжуәлап кейін беделді бапкерлер былай дейтін еді:

– Каунастағы КСРО чемпионатының жүлдесінен гөрі Хаматов Ғалымтаевтан құтылғанына куанды.

Айтары бар ма?... Қазылардың киянаты қаршадайынан «боксшы боламын» деп ағасының сонына еріп қара жолға шықкан баланың бақ тәлейін киып түсті. Жылжып-жылжып жыл өте есейген біздің кайсар жігітіміз былғары колғабын бауырына басып, сол жолы бір солқылдалы дерсін. Тұла-бойы кыстырып, жанарынан төгілген жасты тыя алмады. Жұлынына мұз катып, сіреле біткенін сезді. Енді бұндай сәттің екі айланып сокпасын ет-жүрегімен ұғынған ол екі иіні салбырап, рингтен ілби басып шығып бара жатты. Сонына кайрылып,

сонғы рет қараған. Табанын шоқтай карыған шаршы аланда ізі қалып барады екен.

Қанат Ғалымтаевтың үлкен спорттағы женістерін әйгілейтін атактары: Қазақстанның үш дүркін чемпиондығы және КСРО чемпионатындағы үшінші орын.

– Көнілге үлкен демеу тұтқаным Саматым еді, дейді Қанат. – Спорт өнерінің жұлдызды биігіне көтеріліп келе жатқанында кісі колынан каза тапты. Өте талантты боксшы еді. Ғалымтаевтар әuletі одан үлкен үміт күтті. Қайтейін, бауырыма аз ғана ғұмыр бұйырыпты, 1986 жылы Алматыда 57 кг. салмакта ол жастар арасынан КСРО чемпионы атағын женіп алды. Ересектер арасындағы Қазақстан чемпионатында жеке-дара шыкты.

Менен үлкен ағам Қайрат та тәп-тәуір ойын көрсеткен боксшы ғой. Махачкалада өткен мектеп-интернат оқушыларының Одактық чемпионатында Қайрат чемпион болды. Бұл оның алғашкы женісі еді. 1983 жылы КСРО халықтараның спартакиадасында Тәжікстан Республикасының атынан катысып, бәйге алды. Тәжікстан Республикасының чемпионы.

– Бірде қызық болды, – деп жалғай түсті әңгімесін Ғалымтаев. – Қарағанды облысының чемпионатында менің екі бауырын рингте кездесті. Шаршы аланда – Ғалымтаевтар. Екеуінің де қыр-сыры маған мәлім. Қайрат шебер, бірак әлсіз. Самат күшті, бірак ұзакқа шыдамайды. Мен оған сонғы раундка дейін алқынбай жету үшін «жүгір, көп-көп жүгір» дейтінмін. Сайыстың ақырын Қайрат айқын басымдықпен аяқтады. Бәлкім, Самат ағасына жол берген шығар.

Үлкен спорт өнеріне бірін-бірі жетектеп келіп косылған Ғалымтаевтар әuletінін жолы коныркай ғана Жамбыл ауылының (Ақмола облысы, Астрахань ауданы) іргесінен басталыпты. Сенің ауылыннан да сондай бір жіңішке жол шығып жатыр, бауырым. Ұмытпа, барлық жол данғылға бастап барады.

Алматы, 1998 жыл.

Данил Хармс

ОҚИҒАЛАР

(1) СИЯ КӨК ДӘПТЕР, №10

Тұмысында көз бен құлак бітпеген бір шикіл сары адам өмір сүрді. Төбесіне қылтанақ өспегендіктен, біз оны шикіл сары деп шартты түрде атаймыз.

Сөйлей де алмайтын ол, себебі, ауыздан ада еді. Мұрын да бұйырмаған оған.

Кол-аяғы жоқ. Мықыны, жотасы, қабыргасы, іші, ішегі, ештенесі болған емес. Бәрінен таза. Демек, әнгіменің кім жөнінде екені белгісіз. Сондықтан енді қайтіп біз оны сөз етпегеніміз жөн шығар.

(2) КӨЛБЕЙ ҰШҚАН КЕМПІРЛЕР

Бір кемпір өзінің шектен шыккан құмарпаздығынан жазып, терезеден көлбей сыйырылған күйі құлап түсті де, шашылып қалды. Тағы бір кемпір ұмысынып келіп төменде қирап жаткан каріпке карап тұрды да, құмарпаздығынан жазып ол да терезеден колбей ұшқан беті жермен-жексен болды.

Содан кейін терезеден үшінші, төртінші, ізінше бесінші кемпір топылып түсे бастады.

Алтыншы кемпір аспан жақтан асығып келе жатканда мен оларды қызықтаудан жалығып, «бір соқырга түбіт шәлі сыйлапты» деп сөз тараған Мальцевский базарына тартып кеттім.

(3) СОНЕТ

Кара басым бір күні құтпеген кепке ұшырап, табан астында ұмытып қалғаным : кайсысы еді, бірінші 7 ме, әлде 8 бе?

Бұл жөнінде не ойлайды екен деп, көршілеріме бас сүккам.

Менің хәлім оларды бір сәтке таңдандырып тастаганымен өздері де рет санын білмейтін болып шыкты. 1, 2, 3, 4, 5, 6 естерінде, әрі қарай дым жок. Біз сонымен

шулап-шұркырап Знаменский мен Бассейн көшесінің киылышындағы коммерциялық «Гастроном» дүкеніне кіріп кассиршіден сұрадық. Кассирші кинала құлімсіреп отырып, сілекейін шұбырта есінеп, мұрнын жұкаладап сипап койды да айтты. «Мениңше, 8-дін 7-ден кейін келетін сиякты 7 саны 8-ден кейін болады».

Біз кассиршіге рахметімізді жаудырып, дүкеннен мәз калпыныңда шыктық. Ал қайырымды кассиршінің сөзін қайтадан есімізге алғанда, оның әлгі айтканы бізді ойдан жаңылдырып, алжастыргандай көрінді. Содан соң бізге не істеу керек болды дерсіз? Біз жазғы бакқа бардық та, ағаштарды санай бастадық. Бірақ есебіміз б-ға жетісімен желкемізді қасып токтай қаламыз да, дауласмыз: біреу 6-дан соң 7 дейді, біреу 8 деп даурығады. Біз ұзак айтыстық, алайда, бәріміздің бағымызға орай, орындықта отырған бала құлап қалып екі жағын бірдей сыйндырып алды. Сөйтіп, біз өзара тәжікемізді токтатып, үйімізге қайттық.

(6) КӨЗІЛДІРІКТІҢ КӨЛГІРЛІГІ

Семен Семеныш көзілдірігін киіп қарап еді, көрді: қарағайдың басында жұдырығын түйіп біреу отыр.

Семен Семеныш көзілдірігін алып қарап еді, көрді: қарағайдың басында ешкім жок.

Семен Семеныш көзілдірігін киіп қарап еді, көрді: қарағайдың басында жұдырығын түйіп біреу отыр.

Семен Семеныш бұл құбылышқа ешқашан сенбейді, сол себепті оны көзілдіріктің әйнегінде болатын көлгірлік деп есептейді.

(9) САНДЫҚ

Кумойын кісі сандыктың ішіне түсіп, қакпағын жапты да, тұншыға бастады.

– Мінекей, – деді тұншықкан кумойын, – сандыктың ішінде мен демала алмай жатырмын, себебі, менің кенірдегім қылдай, кенсірігім тұтамдай. Мен тұншыға берермін, бірақ, сандыктың қакпағын бәрібір ашпаймын. Сәл баяулап барып өлермін. Мен оған дейін өмір мен өлімнің айқасын тамашаламақпын. Айқас тен мүмкіндіктердің тартысында, әдепкі жағдайдан

тыс өтеді, себебі, әдетте ажал женеді емес пе, ал өлімге телінген өмір бейқайып үміттен күдерін үзе алмай жағаласып тынатын. Бірак қазір басталатын бұл күресте өмір өз жеңісінің жолын табатын болады: ол үшін өмір сандыктын аузын аштыруға менің колымды мәжбүрлесе жетеді. Көрерміз: кім кімді? Тек мынау нафталиннің іісі жайылып барады. Әгәрәки, өмір жеңсе, мен әлі маҳорка араласкан киімдермен бірге жатармын сандыкта...

Міне, басталды: мен ауа жұта алар емеспін. Өлдім, анық. Мені күтқару мүмкін емес. Тұншыктым. Өй! Тағы да бірдене болды ғой. Құдайым-ай! Демім таусылды. Мен шамасы өлген шығармын...

Ал мынауы несі? Әндете бастағаным қалай? Шекем солқылдайды-ау деймін... Сандық қайда? Бөлмемдегінің бәрін көріп тұрмын, мұның себебі не? Пәлі, еденге екпеттей жатыптын ғой. Сандық қайда сонда?

Күмойын орнынан түрегеліп, айналасын түгел шолды. Сандық табылмады. Сандықтың ішінен шыккан заттар үстелдің бетінде, кереуettін үстінде жатыр, ал сандық болса жок.

Сонда күмойын тұрып былай деді:

– Өмір маған беймәлім жолмен өлімді жеңген екен ғой.

30 қаңтар, 1937 жыл.

(14) КҮЗЕТШІНІ ҚАЙРАН ҚЫЛҒАН ЖАС ЖІГІТ

– Ишь ты, – деді кара шыбынға төне қарап тұрған күзетші. – Устіне ағаш шеберінің желімін жаға салса ғой, бұл үшін жарқ дүние жалп ете қалар еді. Міне, оқиға! Жәй ғана желімнің құдыреті қандай, ә?

– Эй, жслімші! – деп айқай салды күзетшіге сары биялай киген бір жас жігіт.

Күзетші бірақ әлгі озандаған дауыска назар аудармастан шыбынға қарап тұра берді.

– Саған айттым емес пе? – деп айқайлады жігіт тағы да. – Малғұн! Күзетші шыбынды қағып жіберді де, бұрылып сәт салмастан:

– Неге айқайлайсын, бокмұрын! Айқайламасаң да естідік. Айқайдың кажеті не? – деді.

Жігіт сары биялай киген колдарымен шалбарын сән-деп койды да, мырза макаммен: – Қария, осы арадан аспанға қалай өтуге болады? – деп сұрады.

Күзетші жігітке қарап алдымен бір көзін, содан соң екінші көзін жыптық еткізді, содан соң сакалын талда-ды, содан соң тағы да жігітке зер сала қарады да айтты.

– Бұл жерде іркілудің қажеті жок, өте бер.

– Ғафу етініз, – деді жас адам. – Шұғыл шаруамен жүрмін. Ол жакта маған арнайы бөлме әзірлеп койған.

– Жарайды, – деді күзетші, – билетінді көрсет.

– Билетсізбін, олар менін әншейін-ак өтетінімді айт-кан, – деп жігіт күзетшінің жүзіне үнілді.

– Ишь ты! – деді күзетші.

– Бұның не? – деп сұрады жігіт. – Жібере салыныз-шы.

– Жарайды, жарайды, – деді күзетші. – Жүре бер.

– Қайда? – деп сұрады жігіт. – Барап жерім бағдарсыз ғой.

– Қайда бармак едін? – деді күзетші әлпетіне жорта ашу жиып.

– Аспанға!

Күзетші бойын тіктеді, нығызданып, он аяғын ішіне тартты, бажбып жігітті бағып біраз тұрды да салкынғана тіл қатты: – Сен не, басты катырмаксың ба?

Жігіт жымын күлді де сары биялай киген колдарын бұлғап кенеттен ғайып болды.

Күзетші ауаға тұмсығын сұқты. Әуені күйген қауырсынның исі капты. – Ишь ты! – деді күзетші, күртесін сілкіді, жігіт тұрган жерге түкірді, сөйтті де күзет орнына қарай аяндалды.

(5) АҚТАЛУ

Мактанбай-ак айта аламын, құлағымнан бұрап, беті-ме түкірген

Володяны қайтіп ұмытпастай етіп бүктеп бастым да біраз таяқтадым, ал оны үтікпен кешке қарай ұрып жыккан болатынмын. Көріп отырсыздар, ол бірден тырапай асқан жок. Аяғын күндіз кесіп тастағаным есеп емес. Өйткені, тірі болатын. Андрюшаны жай әшейін екпіндеп барып өлтіріп алғаным үшін, өзімді кінәлі са-

наудан аулақпын. Андрюша мен Елизавета Антоновна калай ғана менің колымға түседі екен?

Мені канқұмар деп кіналайды, қан ішкен дейді, бұл шындық емес, мен тамған қанды, жұқкан қанды ғана жаладым, мұны түкке тұрмайтын қылмыс десек те, ізін жасыру үшін адам не істемейді? Ал мен Елизавета Антоновна зорлаған жокпын. Біріншіден, ол етегі түрілмеген қызы емес-ті, екіншіден, менің айналдырғаным мұрде ғана ғой, оның енді шағымданар жайы жок. Оған және айы-құні жетіп, аузы-мұрнынан шығып жүргенін косыныз. Мен рас, нәрестені жұлып алдым. Бірақ ол бұл пәнидікі емес еді, сол үшін мені кінәлау жөн бе? Шақалактын мойнын үзген мен емеспін, ейткені, мойны тым бос екен. Олардың үйіндегі итті өлтіріп тастағаным шындыққа саяды. Бірақ... нәрестені санакқа коспаймын, дардай үш адамның ғұмыры киылған жерде мені иттің өліміне бола кінәлау – бұл дегенініз енді нағыз цинизм. Жарайды, жаксы, осының бәріне (келісуім мүмкін) катысты менің тарапымнан қандай да бір катыгездік болған шығар. Бірақ, шалған құрбандығымның жолына мені еріксіз қылмысты деп тану, кешірініз, бұл – абсурд. Мәжбүрлеу – шартты кажеттілік, демек, қылмыс жок. Сол тұрғыдан келгенде менің корғаушыма куяіп төнерін түсінемін, бірақ ақталып шығарыма толық сенімдімін.

*Орыс тілінен аударған
Даурен ҚУАТ.*

Атырау қаласы, 2006 жыл.

ӘМІРХАНТАНУ ӘЛЕМИНЕ САЯХАТ

Исатайдай ақберен ағасынан айрылған Махамбет құла-зыған қу медиен далада көп жүріп қалады. Сейтіп жүрген күндерінің бірінде Хиуаға жол тартып бара жатқан ке-руенге жолығып, түлейді түнде тінткен жолбарыстай сұ-сынан сескенген керуенбасына: «Сіз менен күдік етпеніз. Мен зиянсыз адаммын. Бір кезде колда ойнаған қылыш ем, кайрауын таппай кетілдім», – деп күрсінеді. Әмірхан туралы жаманат хабарды естіп, Шардарага шықкан бетте менін ойыма осы бір хикаят орала берді. Жанылыспасам, әлгі хикаяны Әбіш ағаның (Кекілбаев) «Шандоз» атты кі-табынан оқығанмын.

«Дәуке, осы мен ақынмын ба?» – деп қонырау шалатын Әмірхан Балқыбекпен арықарайғы әнгімеміз әдебиетке, оқыған, оқып жатқан кітаптарымыздың мазмұнына ұла-сатын еді. Өткенде өз халіне шағынғандай «ұсақ-түйекті» сөз кылды: «Жұмыссыз отырғаннан шаршадым. Марка-дан үят болды. Барлық есік мен үшін жабылып қалған сиякты». «Олай деме, Әбеке, энциклопедияда жұмысын бар. Көсіліп жазамын десен «Абайдың» аламан майданы-на кел». «Әй, Дәуке, мен сендердің темптарына шыдай алмаймын гой. Күнде бірдене тауып жазу қолымнан кел-мейді. Маған оймен, асылпай жұмыс істейтін жер керек». «Ендеше өзін алғаш қызмет істеген «Парасатты» көр. Ол жерде адам танитын, өзі де талантты әм талантты бағалай білетін Серік Әбікен отыр емес пе?». «О, мынауын идея!» «Серікке хабарласайын ба?». «Жок, Секенді өзім де бі-лемін ғой, өзім хабарласайын». Содан бірер күн өткізіп, сауірдің 4-інде Әбен әдептегідей біздін редакцияға сокты. Амандық-саулықтан кейін әнгімеміз қалпынша жалғасын тапты. «Кімді оқып жатырсын, Дәуке?» «Мені түркі әлемінің аңыз-эфсаналары (мифі) қызықтырып жүр». «Мен Артур Рембоның өмірбаяны туралы оқып бітірдім. Айdos еліктіріп айткан соң колға алып едім, расында ке-ремет екен». Содан жана ғана тұқылына дейін күмарла-

на шеккен шылымын тастай бере корабынан және бірін сұырды. Құрсінді. «Осы біздін оқығанымыздан не пайда? Кімге керек? Кімге керекпіз?» «Оку алдымен адамның өзіне керек кой, Әбеке? Қой, мен жұмыска кірісейін». Құнделікті жарияланымы жаңаланып тұруға тиіс акпараттық порталға макала жазу, электронды поштаға келіп түскен материалдарды оқу, өндегу – тұс ауғанша сінбіруге мұрша бермейді. Мен компьютерге кадалып отырып қалдым. Әбекен кең адымдап шығып бара жатты. «Түстен кейін жолығармыйз». «Осындамыз ғой, Әбе». Жолықпадық. Соңғы рет жолығысан сәтіміз сол екен. Қимас жакынын ақырғы рет көріп тұрмын деп тірлікте, сірә, кім ойлар? Кім түйсінер?..

Мен тап қазіргі құндері Әмір досым, «шәй» десіп жуз шайыспаган жан бауырым жайында кең толғап айтуда, жазуға дайын емеспін. Себебі: Әмірханның бакиға аттануымен бірге ішімдегі жігердін жасып, кайраттың жалыны қайтып, сенімнің септінегенін сездім.

Токсаныншы жылдар еді... нақтысы – 1995-тің күзі. Бізді Әлібек Шегебай таныстырыды. Алматының іргесінен орын тепкен Қалкаман кентіндегі менің жалдап алған пәтерімде төрт-бес жігіт тан сібірлеп атканша әжүк-гүжік әнгіме соктық. «Ертегі білесіндер ме?» – деді Әбекен. Үлкен ақын-жазушыларды оқып, өздері де үлкееен ақын-жазушы атанғысы кеп жүрген жігіттерге бұл тосындау сұрап еді. Эйтсе де, бәріміз ертекші болып шықтық. Эпостық, лиро-эпостық жырлар да кетті. «Гілгамеш! – деп қалды бәрін білетін Балқыбек, – Гілгамешті оқындар, жігітер!»

Сол токсаныншы жылдардың басы... Философиялық эсселері елді «естанды етіп бітірген» Дидал Амантаймен, «Қазакстан Замандағы» макалалары жұртты жалт қараткан Талғат Ешенұлымен, жазудағы әдемі тіліне мыскыл араластырып отырып талайдың мысын басып, оқырманың ықыласына бөленген Сәкен Сыбанбаймен, казак поэзиясына дауыл тұрғызып келген Маралтаймен, сыншы Амангелді Кеншілікпен, ақындығын айқайладамай-ак әйгілеген шайырлар: Жарас Сәрсекпен, Бауыржан Бабажанұлымен, Акеділ Тойшанұлымен, оқу-тоқуы көп Жарас Сейтнұрұлымен, жарқылдап, аңқылдаған Жанарбек Әшімжанмен таныстығымыз басталдыда кетті. Көппіз.

Көнілдіміз. Аякты алшан тастаушы едік. Әрине, әдебиет әлемінің есігін каккан әр буын өкілінің буы мен дуы біздерді де шарпымай өткен жок. «Шын, азат ойлы, көркемдік талғамы биік, нағыз казак әдебиеті бізден басталады», – деп даурықкан кездерді де бастан өткердік. Сол өрекпіген шактардың сәулелі сәттері, бірак, аса ұзакка созылмаған сиякты. Тез байсал тарттық па? Әлде, романтикалық киял-ғажайыптар баураған құндерді кешіп жүре беруді артық қөрдік пе? Әлде, әу бастағы буырканған, жолдағының бәрін жапырып тастай салатындей тастулек сенімізге орай өз бойымыздан күш-куат, кабілет-карым таппай шалдықтық па?.. Әмірхан осы сауалдардың жауабын іздейп таусылатын. Іздең шарқ ұратын. Оны ажалаға жетелеп әкеткен себеп те осы бір сұмпайы сұраптардың жауабы маекен?..

«Біз әдебиетке адаммыз», – деуші еді ол. Әдебиетке – поэзияға адаптация туралы Темірхан аға соноу бір жылдары «алтынкөрліктер» деп ағалық ыстық лебіз білдірді. Ізашар туындыларын Мейірхан ағамыздың тап басып танып берген бағасы қандай еді? Сондай буынның басы неге бұз дүниеден ғапыл аттанды? Сондай буын неге жасық тартты? Өйткені... Өйткені бұз буынның дарынды ұлы мен қызы ақын-жазушы болып өмір сүрудің казак қоғамында мүмкін еместігін алдымен мойындағы. Бұз, бірак, әдебиет майданынан кол көтеріп шыктыға есеп емес, алайда олар өздерінің ашы тағдырын, өлара шактын, түяққапты тірліктің күрбаны болып туғандарын түсінді. Отбасының ғана куанышына жылынбаса, былайғы жүртка керексіздігін, алымдылығы мен адамдығының құны қара бакырға татымайтынын іштей егіле отырып ұғынды. Ақынсын ба, жазушысын ба? Ал, жаз. Алайда, сені ешкім оқымайды. Окуы ықтимал. Пікір айтпайды. Казак әдебиетіндегі осы бір мұлгіген мұттайым ахуал арғы-бергіні актарып, есейіп, тіпті, түрлі эксперименттер мен ағымдарды пайдаланып болса да шығармалар жазып, казак әдебиетін тағы бір баянды белгे шығаруға ұмтылған буынды сындырыды. Олардың алды казір, Әмірхан бес жаксы қөрген Акутагаваның жасынан озып үлгерді. Рембоның жолына түскендердің колынан сауда да келмей, жаза да алмай жүр.

Әдебиетте буын үндестігі деген болады. Сол буын үндестігінің бізге дейін буыны босап, буы шығып кетсе керек. Ағаларымыз бар. Сенің, оның, олардың шығармалары жайында жак ашпайды. Колына ұстактан дүниене комсына қарап қояды. Бітті. Одан кейін нені әнгіме қыласын? Қысыр сөз, пендауда тіршілік. Қөзінен көріп отырасын: «Мактаса екен мені, дәріптесе екен» дейді. Макталған, дәріптелген, макталып, дәріптеліп келе жатқан адамдар. Сонда да соны күтеді. Қайтесін, ағалар ғой. Қалкайып, қарайып алдымызда аман жүрсінші.

«Бір өзі бір академиянын жұмысын аткарды», – деп Эмірхан бағалаған мифолог Серікбол Кондыбай озды өмірден. «Апрай, мына буында Серікбол есімді сүмдыш интеллектуал болған екен ғой» деп қамықкан, аландаган жанды бүтінгі казак арасынан аз кездестірдік. Міне, енді Эмірхан кетті. «Жаксы ма еді?». «Жаксы еді ғой». «Жаксы еді ғой, жақсы еді ғой» деп бәрі жақсы адамды көміп жатты жабылып» (Жұмекен).

Өмірді өкпемен өткізуге болмайды. Эмірханға салсаңыз «акын тәбелесе білуі керек. Қажет жерде өз шығармашылығын жұдырықпен де корғай білуі керек». Сондыктан бүгінгі қазак әдебиетінің төрінен Ғабит Мұсіреповтей абызды, батагөйді көрмедік деп ол ешкімге өкпе арткан жок. Ол бес құрлыктың әдебиетін бүтін әдебиет, бір діннен бұтак жайған әдебиет деп білді. Әбен үшін Жұматай жайлы айтып отырып Есенинге, Жұмекен туралы әнгіме бастап Рубцовқа бара салу еш кындық тудырған емес.

Қадыр Мырза Әлидің «Йірімі» мен Мағауиннің «Менін» оқып біткен күні хабарласып: «Біз Батыс қаламгерлерін жақсы танимыз. Өзімізді білмейміз. Өйткені, өлсек те пенделігімізді, кем-кетігімізді мойындағымыз келмейді». – деп еді-ау... Рас, ізденген жаска Анре Моруаның кітабын колға тигізсе бітті, Батыс әдебиетін жасаған ірі тұлғалардың тағдыры күбірлеп, сөйлей жөнеледі. Ал, бізде ше? Бізде казак қаламгерлерін танудың әдеби институты қалыптасты ма? Жоқ. Біз әлі Абайтанудың шегінде жүрміз. Оның өзінде де М. Әуезов бастаған абайтанушылардың дәстүрлі, классикалық нұсқасының қамалында отырмыз. Осы жайт Эмірмен арамыздағы әнгімеге жиі өзек бола береуші еді. Ендеше біздің буын, Эмірханның қағанатын-

да канаты қатайған кейінгі толқын казак әдебиетінде бар екенін Әмірхантанудан бастауы керек шығар. Өйткені, Әмірхан ауыл-үйдің, айнала төніректің абын-губін әңгімесінен озып, аз ғұмырында әлемді емін еркін шарлаудың үлгісін көрсетіп үлгерді. Уақыт пен кеңістікті көктей өтіп, көне эллиндер дәуірін көтеріп әкеліп ұлы даладағы ескі сарынмен ұластырудың ұтымды жолын, суреттен сөз, сөзден сурет көре білудің тәсілін (Әмірханның Модильяниге, Сезаннға ғашық болғанын еске түсірініз) алдымен сол көрсетті. Ол жазған дүниесіне тегеуірінді текст дарытып, ойдын астарын қарама-карсы ағыстарға салмағанымен құдды Аскар Сүлейменов еді. Бізге Асағамен жүздесу бакыты бұйырмапты. Бірақ дегдарлықтың дара болмысы Сүлейменов деп кабылдаппыз. Және қапысыз, кателеспей қабылдаппыз. Демек, келешекте рухани кемел биікке жететін ұрпақ Сүлейменов пен Балқыбекті катар атап, казак ойының құймесіне «парлап жегіп» жатса, осы жолдардың авторы оған еш таңданбайды.

Әмірханның қағанаты деп қалдық. Әмірхан өзінен мүшел жас, тіпті, кішкентай Қасиеттен (Әбеннен қалған жалғыз тұяқ) 4-5-ак жас үлкен балалардың ортасында қайнап-жайнап отыра беретін. Бірер рет орталарында мен де болым. Байқағаным: әлгі жеткіншектер Әмір ағалағын тыңдай біледі екен. «Жақсы прозашы болу үшін кімді оку керек?», «Ақын болу үшін ше?» деген құлағы қалқайған сауалдарды да өздеріне тән балғындықпен қойып қалып жатты. Ондай сұраптарға Әбекем ықждахатпен жауап береді екен. Тіпті, қайсыбіріне «Қойын дәптеріне жазып ал. Аты-жөні, міне, былай жазылады» деп отырды. Әдебиетке құмар жастар үшін Әмірхан қаған, ал оның «әмірі жүрген» төнірек түгел қағанатка айналды.

Сол қағанаттың нояндарын қаралы жиыннан көргенде қабырғам сөгілді. Өндерінен өң мен түстің белгісін айырып болмайсың. Мүмкін еместін мүмкіндігіне сене алмағандары ғана ептеп анғарлады. Жас нояндар ғана емес, Әбекенмен құлын тайдай тебісіп бірге өскен Амангелді Кеншіліктердің өзі өксігін жұтып тұрды. Әлібектің жана-рынан ытқып-ытқып актарылған ыстық жас ішіне құлап түсken құса-шердің шідерін шеше алмай ышкынды. Қаралы жиынды жүргізген Жанарбек Әшімжан аламанда

аяғынан алдырып күрсінген жүйріктей жүдеп кетті. Астанадан анырап Ауыт конырау шалды. Актөбеден «бай-байлаған» Бауыржанның зарлы үні естілді.

Есіл дос, есенгіретіп кеттің сен бізді. Сен бірак, езілгенді, жасыктықты, жыланқылықты жактырмаушы едің ғой. Ендеше біз де еңсемізді тіктейік. Жә, бауырлар, жидіп, жылбысыланана берсек, Әмірханның өр рухы бізге ренжитін болады. Қаламға серт! Әмірхан Балқыбек бізді шакыра берген майданда, әдебиет майданында тізе қоса-йық. Былай деп қолтаңба қалдырыпты ол маған:

*«Дәурен баһадүрге! Майдандарга бірге кіре берейік де-
ген тілекпен» Ә. Балқыбек. 24.11. 2008 жыл.*

Осы аманат тілекті ұмытуға бола ма?!

*Abai.kz
2014.04.19*

ЗАМАНДАС. МУНДАС. ҚАЛАМГЕР

Бәкеңмен – Валерий Михайлов ағамызбен Жазушылар Одағының дәлізінде бірер рет кездесіп, кол алысқанымыз болмаса, жеке басымыздың таныстыры жок екен. Бәкен – сыпайы адам. Биртоға жан. Орыс ағайынның бұркырап жүретін әдеті бұл кісіге жүкпапан. Өзінің де кісіге жұғымы кемдеу көрінгенімен, іші толы әнгіме мен шежіре сиякты сезілетін. Солай болып шыкты. «Ғаламат жұт шежіресі». Ақын Ғұсыман Жандыбаев аударған. «Хроника великого джута». Кітап авторы – Голошекин деген құбыжық пен әлгі құбыжыктың замандастарының адамзат баласына жасаған жауыздықтарын әшкерелей отырып, қазак даласында араның ашқан алапат аштыкты байланыстыра баяндайды. Бұлтартпас, накты деректермен сөйлейді. Кітаптың алғашқы беті бұй дейді:

– «Ең бірінші есімде калғаны – Ай. Құздің сұық күнінде біз әлдебір жакқа көшіп барамыз. Мен шайқалактаған арбаның үстінде көрпеге ораулы жатырмын. Кенет арба солқ етіп токтай калды. Менін көзім қапкара болып тұнерген аспан төріндегі Айға түсті. Мен шалқамнан жатып, одан көзімді алмай ұзак қарадым. Жолдың екі шеті толған адам мұрделері. Олардың созылған колдары бұратылып тырбиған ағаш бұтактарына ұксайды. Өлі-тірісі белгісіз, жерге жабысып катып калған. Маған айтпасада бәрі белгілі еді. Үлкендер бәрібір сұрағанымен жауап бермейді. олардың маған карайлауға мұршасы да жок. Осы бір серейіп катып калған адамдарды әлдебір тылсым үрей коршап түрғандай... Кейін естияр болған кезімде сұрағанмын, сонда бәрін айтып берді. Олар адамның мәйіттері еді...»

Онаша бір отырыста «өзінің кашанғы күмбірлеген майда коныр дауысымен ерекше бір толку үстінде» ақын Faфу Қайырбековтың Валерий бауырын құлағдар еткен әнгімесі екен бұл. Faған осы әнгіме үстінде әжесінің қайрат көрсеткенінің аркасында Торғай қала-

сына жетіп, сондағы нағашы жұрттымен селбесіп аман калғандары туралы сыр шертеді. Тағы бір әнгімесінде ақын «Ғабенен – Ғабит Мұсіреповтен естіген едік» деп тағы бір сүмдық көріністі оқиғаны жайып салады:

— «... 1932 жылы Казақстан сүмдық аштықтың құрсауында калды. Мұсірепов төрт жолдасымен бірге өлкелік комитетке хат жазды. Онда ұжымдастырудағы асыра сілтеушілік туралы айтылды. Бірак, олардың бәрін «ұлтшылтындар» деп айыптағы. «Біз, — деді Ғабен, — біткен жеріміз осы деп ойладық. Олар үшін, колына канды қылыш ұстаған баскесер үшін, біздін өміріміз не тұрады...»

Сол жылы қыс ерте түскен болатын, Алматыны қазан айының өзінде-ак кар басып калған. Мұсіреповті өлкелік комитетке шакырды.

«Несі бар, егер сен өзіннің халқын үшін осынша аландайтын болсан, Торғайға барып қайт, — деп оған Голошекин мыскылдай қарады. — Онда ешкандай аштықтың жок екенін өз көзінмен көресің».

Мұсірепов жолға шыкты. Қостанайға жетті. Онда акырған қыс екен. Атқару комитетіне келді. Оның төрағасы Казақстанға өз еркінен тыс келген адам екен. «Е-е. — дейді ол. — сіздер де мен сиякты жер аударылғандар екенсіздер ғой. Сіздерді мұнда кай Құдай айдал келген? Елсіз даала, толассыз боран, ал Батпақкараға дейін мың жарым шакырым, үсіп қаласыздар. Не сіздерді жеп кояды». Осы сөздердің бәрін ол еш қалжыңсыз, байыппен айтқаны көрініп тұрды.

... Әулиекөл ауданынан өткеннен кейін боран басталды. Үйтқып соккан кар ұшқындары күннің көзін жауып, жолды бітеп таставды. Жұргіншілер жоллын жүлгесінен адасып, аттар тұрып калады. Кенет Мұсіреповтің көзіне әлдене шалынғандай болады: анандай жердегі күртік кардын арасынан бірдене караңдайды, бейнебір сексеулідің кисық бұтағы секілді. Ол шанадан ырғып түсіп әлгінің касына барады. Кар астында адам өліктері жатты.

... Олар күртік кардан шығып, өлілер салған жолмен жүріп отырды. Алда — канырап бос қалған ауылдар. Жергілікті жол бастауышы бұл коныстардың нөмірлерін

айтып келеді. Олар бір-бірінен тек нөмірімен ғана ажыратылады: ешбірінде жан баласы қалмаған. Жолаушылар қазактың көзіне тосын көрінетін киіз үй қалашығына ат басын тіреді.

... Мұсіреповті, әсіресе, іші-сыртының сән-салтанның келіскең алты канатты киіз үй танғалдырды. Үй жасаулары – ашық түсті жібек көрпелеремен мен атылас жастықтар, бетін әсем өрнектермен әшекейлеген түкті кілемдер көздін жауын алады. Орта тұсында тен болып жиналған жүк тұр. Бейнебір үй иелері әлгінде ғана сәл уақытка шығып кеткендей, әне-міне кайтадан кіріп келетін секілді.

... Бәрі жан-жактан қарап жүр – ал, мына бір тұстағы киімдер жиналған жүк өзгеше бір құркеге ұқсайды. Ортасында кішкене тесік бар... Әлдебір бейтаныс та үрейлі әлемге ашылған қаранды терезеге ұксайды. Кенеттен араларындағы екеуі қаруланған төрт ерекк бір мезетте әлденеден секем алыш селт етті. Денелері түршігіп, үркे қарап сәл тұрды да, есікке қарай ентелей беттеді. Тұра беруге дәттері шыдамай, далаға атып-атып шыкты. Ғабит Мұсірепов ен сонында қалды. Табалдырыкта сәл кідіріп, арт жағына қарады: үстіне киімдерді үйіп тастаған шағын жүк теннін ішінде біреу бар секілді.

... Аяktaryn күртік кардан әрен-әрен суырып, олар шанаға беттеді. Кенет көкейін тұрткілеген беймәлім түйсікпен қарсыласуға бойынан күш таппаған Мұсірепов өздері әлгінде ғана кіріп шыкқан, ак киізben жабылған еңсөлі ұлken үйге қарай бұрылды. Жолдастары да сонынан ерді.

«Ойбай, мұнда біреудін ізі жатыр!» – деп ышқына дауыстады біреуі.

Олар кар бетіндегі беймәлім ізге үніліп, үймелесіп қалды. Из мұлде жана еді.

«Бұл не? Қарасақ па? Тұлкі ме?»

«Жок, ұқсамайды! Сірә... Әй, бірақ болуы мүмкін емес!..»

Жігіттер із куалап жүріп отырып киіз үйден бір-ак шықты. Есікті айқара ашты.

Күтпеген жерден иесіз үйдің ішінен ынырсыған ашыдыбыс естілді. Бәрінің жотасы мұздап коя берді. Әлде

иттің кынсылы ма немесе мысыктың зарлағаны ма – айырып болмайды және осының бәрі қандай бір корсылмен қатар естіледі.

Жүк жиналған теннің қуыктай ғана тесігінен әлдебір кіп-кішкене тірі жан атып шықты да, адамдарға тұра ұмтылды. Ол қанға малшынған еді. Қансұңғі болып қатып қалған ұзын шаштары мүйізге ұксап, жан-жағына сорая шығып тұр, аяктары бейнебір қарғаның сирактары сиякты қап-қара, шидей. Қөздері ойсыз, бетіне қатып қалған қанның үсті жаңадан аккан қан тамшыларамын әлемштенген. Тістері ақсиып, аузынан қызыл көпіршік ағып тұр.

Төртеуі бірдей корықканнан естері шығып, есікке қарай секіре кашты. Сыртқа шығып, артқа бұрылғанда әлгі құбыжықтың карасы да көрінбеді, ғайып болса керек.

«Бұл сонда не болды?» – деді Ғабит қырылдай сөйлеп, жолдастарына қарап. Қорқыныштан әлі де селкілдеп тұрган олар үндемеді. Тек кейін, Қостанайға барған соң жолсеріктегінің бірі Ғабекене мынаны айтты:

– Сіз, бәлкім, оны жын деп ойлап қалған шығарсыз? Жоқ, жын емес. Мен байқап қалдым, анық байқадым. Ол – адам. Сәби. Қазактың жеті-сегіз жасар қызы...

– Жоқ! Жоқ! – Мұсірепов ышкына айғай салды. Оның үнінен жан дүниесінің алапат жарылсындан, айтып жеткізгісіз долы, сонымен бір уақытта шарасыздықтың дәрменсіз ашуы бүрк етті. – Ол – аштық! Ол аштықтың көзі болатын! Қарғыс атқыр аштықтың дәл өзінің...» («Галамат жұт шежіресі», 9-14 беттер)

Қазак даласына осы алапат аштықты алып келген, қазактың жеті-сегіз жасар қызын аштықтың тірі бейнесіне айналдырған, Мұсіреповті мыскылдап Торғай даласына жіберіп, көзін күртпак болған Голощекин кім еді? Эрине, ол туралы жазылып та, айтылып жатыр. Шын есімі – Шая, төңкерістік жанама ныспысы Филипп болған қуаяқ құрдымның істеген ісін, салған ланын жария етпей советтік цензура катаң бакылап отырды. Онысы – казактың марғасқа ұлдарын тізімдеп аттырудың алғы шартын жасап, қалың елді аштық дейтін қолдан егілген апатпен қырып салған революционердің шынайы

бет-бейнесін жасыру, рухын бодандық камыты бордай езген елдін есіне кайдағы-жайдағыны салмаудың амалы болса керек. Оның үстіне, «жылымык жылдары» Шая Ицкович – Филипп Исаевич Голошекиннің сұмпа-йы жүзін танытуға казак тарихшыларының ерік-жігері жетпеген де сиякты. Иә, ол кездегі ахуал түсінікті болатын. Бертін, оның өзінде де 1980 жылдардың аяғын ала. аталарымыз «ку жак» атаған зұлымның іс-әрекетінен еттеп хабардар бола бастадык. Алайда, Голошекиннің әуелбаста бұзылған адамдық келбетінін түп-тамырын козғап, жандуниесіндегі кемтарлықты әйгілеген кітап – «Галамат жұт шежіресі» дер едік. Автордың накты дерегі бойынша, Голошекин өзінің кан қасап жолындағы досы Свердловпен Туруханский өлкесінін орталығы Монастырь селосына жер аударлып барып, бірге тұрады. Сол селода Свердлов әйелі Клавдия Новгородцева-Свердловаға жазған хаттарының бірінде Голошкінді «Мизонторп» дейді (мизонтроп – адам баласын жек көретін ауруға шалдықкан міскін). Ал, патшаның тақтан құлағанын естіп Монастырьдан Мәскеуге жеткен Яков Свердлов карындасының үйіне түсіп, далаға Голошекинді калдырып кетеді. Сонысына ынғайсыздандыннан бұрын қатты корыккан ол карындасын жұмсап: «Жорж, ой, Жорж! Ол мені өлтіреді. Сен бар, сен барып ертіп келмесен, мен құрыдым», – дегенді айтады. Мизонтропқа адам өлтіру деген рахат емес пе, ол расында сенімді серігі Свердловты енді сәл кешіккенінде сеспей катыруы мүмкін еді ғой. Эйтсе де, мизонтроп революция ісі үшін өзінің шексіз пайдасын тигізіп қалады: ол бір-ак түннің ішінде Ресейді 300 жыл билеген романовтар әuletінің тұқым-тұяғын, қызметшілерімен косып о дүниеге шіміркпестен аттандырды. Романовтарды Тобылдағы губернатор үйінің жертөлесіне қамап алып атқан Голошекиннің жендертері – Войков, Юровский, Паргин, т.б. дегендер болса керек. Бірақ, Екатеринбург қаласына таяп қалған ак гвардияшылардан сескенген Голошекин патша отбасының мәйітін тегіс өртетеді. Кейін оның Мәскеуге үш үлкен ағаш жәшікпен кетіп бара жатканың көгендер: «Мынауыныздың ішінде не бар?» деп сұрағанда: «Путилов зауыты үшін дайындал-

ған снарядтардың үлгісі» десе керек. Ал, шындығында арканмен шандып буылған әлгі жәшіктердің ішінде романовтардың спиртке малынған бассүйектері мен өртенбей қалған тістері жатқан еді.

... Даламызға оралайык. Валерий Михайлов Голошекиннің кияптар істерін осы және өзге де сұмдық деректермен шегендеп алған соң казак даласында басталған жүттің себеп-салдарын, оған катысты оқиғалар мен төтенше жайттардың хронологиясын жасайды. Асықпайды, бұра тартпайды. Қазактар туралы жазып отыр екенмін деп сол замандағы казак басшыларының категеліктерге жол бергенін, өтірік айтуға мәжүбір болған тұстарын, бір-бірімен саяси тартыска түскенін, бір-бірінің үстінен арыз айдағанын жасырып калмайды. Бір кереметі: Бәкен соның бәрін ашық айта отырып, тарихи тұлғаларды бүгінгі замананың бетімен біржакты сынап-мінемейді, бәрін уақыттың безбеніне салып, салмакты пікір айтады. Біз әредік алашорда көсемдерінің өмірін, еңбегін, күрес жолын зерттеушілер мен рысқұловтанушылар арасындағы полемикаға күә болып калып жүрміз. Мұндағы басты мәселе – Тұрар Рысқұловтың 1930 жылы Халком кенесінің төрағасының орынбасары кезінде ұжымдастыруды жетелдету туралы қаулыға (қаулының жобасына) түзету енгізгені тұрасынан өрбиді. Қаулы жөнінде Рысқұловтың Саяси бюроға жолдаған хаты 1950 жылдары «Вопросы истории КПСС» журналында жарияланған екен. Рас, Рысқұлов коллективтіндірудің тездегуін жақтайды. Алайда, айналдырған бірер жылдан соң Тұраннан шықкан Тұрардың елінде алапат аштық араның ашады. Сонда Рысқұлов өз халқына жамандық шакырғаны ма, билік үшін солай жасады ма? Бұл сұрапқа «иә» деп жауап кайыру киын сиякты. Өйткені, казак тарихшылары өнбес даудың өзегіне айналдырып алған осы сұрапқа Мәскеудің сұрқия саясатын ет-журегімен сезетін гуманист-жазушы Валерий Михайлов: «... Бәлкім, ол Сталиннің қысымынан тыскары калмаған шығар. Айтпакшы, Рысқұловтың тікелей бастығы – РСФСР Халком кенесінің төрағасы С.И. Сырцов та (1919 жылғы дон казактары геноцидін басты орындаушылардың бірі)

мал шаруашылығы аудандарында «колхоз қозғалысын күштейтуді» талап етті. Қөсемнің нұсқауын орынданай отырып. Сырцовтың Рысқұловты Саяси бюроға хат жазуға мәжбүрлеуі де әбден мүмкін ғой. Тарихта болып көрмеген күштеу мен зорлық-зомбылықка жол ашқан ұжымдастыру туралы қаулының екі күннен кейін қатан сталиндік редакциямен қабылдануын кездесеңдік деуге болмайды» деп жазады («Ғаламат жұт шежіресі», 282-283 бб).

Мәскеудің осылайша түртіп, ымдап, нұскап ойнайтын әдетті бүгінде калған жоқ, оны көріп те біліп те журміз. Өзінің ығына көніп, ыктап сөйлейтіндерден Мәскеу әзірге іргесін аулак сала да коймас.

Сонымен, кітабымызға келейік. Ұжымдастыру мен ортакастыруға құлшына кіріскең есалан әрі мизонтроп Голощекиннің науқаны ұлы далада құйын-перен каркын алады. Тіпті, амалсыз езуіне күлкі де үйреді екен.

«Кантемировкада (Сырдария округы. – ред) киімді, үй-ыдысаяқтарын ортакастыра бастаған, ал жергілікті агроном Фросов ит пен мысықты да ортакастыруды колға алды.

... Енбекшіказак ауданында киізүйді ортакастырған, Сырдария округы Іріжар ауданында аңшы мылтығы мен іс тігетін машина, басқа аудандарда үйрек пен казды...

Кейбір ауылдарда бакытты болашактың «жоспарын» жасаған – «ортак отбасылық-тұрмыстық өмірге өту кажеттілігі» туралы мәселе койылған. Демек, «колхозда әйелдер мен балаларды да ортакастырады» деген байлардың өсегі де негіzsіз болмағаны ғой», – дейді аталған еңбегінде каламгер.

1929 жылы елдің қолында 40 миллион бас мал болған екен, «1933 жылы сол 40 миллионнан 4 миллион ғана бас мал қалды. Оның өзінің шындығына сену киын. Қазақстан Одакты етпен, жүнмен, терімен қамтамсыз ететін ен ірі аймактан өзін-өзі асырай алмайтын өлкеге айналды. Голощекин кез келген болашы сынның өзін қысымға алып, сөзіне құлак аспайтын саусакпен қана санаарлық адамдарды аяусыз жазалады» (сонда, 264 бет)

Ал, әлемнің жарты халқын аш-жалаңаш жасағандардың бірі, ұжымдастырудың бұрынғы үйлестірушісі Лазарь Моисеевич Каганович ұзак жасап, жүзге жетіп, көшеде масайрап отырып қайтыс болыпты. Өлерінің алдында оған «ауылшаруашылығын дамытудағы табыстары үшін» Ленин ордені берілген-ді.

Валерий Михайлов «Фаламат жұт шежіресінде» де-ректерді ғана тізбектеп коймай аштық пен қуғын сүргін тақырыбын камтыған қаламгерлердің шығармалары мен ғалымдардың зерттеулерінен (мысалы, Зейтін Ақышовтың «Зауал», Роберт Коквестің Лондонда жарық көрген «Қайғы касірет қырманы. Қеңестік ұжымдастыру және аштық терроры» кітабынан, Н. Михайлов пен Н. Тепцовтің еңбектерінен т.б.) үзінділер келтіріп отырады. Эйгілі бесеудін хатына кол койғандардың бірі М. Ғатауллиннің сотталушылардың ортасында отырып: «Халық жаулары бұлар емес. Жау – менімін. Мені соттаныздар. Жалғыз езімді ғана. Бірак, мен де халық жауы емеспін. Мен халық жауларының жауымын. Ал, мен мұндай жауға 1932 жылы іссапармен Кентке келгенде айналдым» деген сөзін бірінші болып таска түсіреді (сонда, 262-263 беттер), Голощекиннің уағында табу койылып, тыым салынған сөздерге дейін тірнек-теп тауып нақты мысал келтіреді. Голощекин адамды адам деп атауды тыып «өндіргіш күштердің негізгі элементі» деп айтқызыпты. «Өндіргіш күштердің негізгі элементі» адам екенін, сол адамның бірі казак екенін, казактың 80 мынға жуық баласы қараусыз қалып бара жатканын Голощекиннің есіне салған қайран ер сол заманда Мемлекеттік жоспарлау басқарамысында істеген Нұрмұхамедов болады (бұл да аталған кітапта, 209 бет). Нұрмұхамедовке Голощекин не деп жауап берді десріз сол кезде? «Нұрмұхамедовше, бастысы сол: оның айтуынша, Қазакстанда 80 мың қараусыз қалғандар бар, олардың түрлери адам шошырлық, тіпті, бет-жүздеріне тіктеп қараудың өзі киын. Менің ойымша, мұндай медициналық көзкараспен пленум келісе алмайды. Біздер саясаткерлерміз және бұл секілді буржуазиялық филонтропиялық (мейірбандық – ауд) дүниетанымда тұра алмаймыз» (201 бет).

Алапат аштықтың шындығы аштық кернеген заманда сөз болды ма? Әрине, болған. Оны жарияға жар салып жазған қазақ газеттері еді дейді орыс В. Михайлов Фаббас Тоғжановтың 1922 жылы 21 акпанды «Еңбекші қазақ» газетінде жарық көрген макаласына сілтеме жасай отырып.

«Ғаламат жұт шежіресінде» әкесімен бірге жер ауып, қазақ ортасын паналяған орыс қызы Татьяна Невадовскаяның естілік-дәптерінің де беттері паракталады. Татьяна Гавриловна Іле Алатауының баурайындағы Шымдәulet ауылында тұрған. «Қазакстандағы касиретті» өкісіп тұрып өлең жолдарымен өрген Невадовскаяның

«Боянып әлем – келіп те қалды көктем де...

Ұмытылған бәрі – оралам, бірак өткенге...

Кыстағы қатқан есіме дене түседі,

Көгеріп шығып калса да алау көк белде» – деп басталатын толғауын ақын Аманхан Әлім ағамыз тебірене тәржімалапты.

1980 жылдары Невадовская Орталық мемлекеттік мұрағатқа отызыншы жылдардың фотоальбомын тапсырады. Сол фотоальбомдағы «бір шағын әуескөйлік фотосурет бәрінен де көп әсер тударды» дейді кітап авторы. Альбомдағы естеліктен оқығанымыздың кыскаша баяны: кезекті аштық құрбаны. Жас қызы (Татьяна Невадовская) үйінен талғажу ететін дәм алып келгенше, кырда қол жайып отырған қазақ бакиға аттанып кеткен...

Милиондаған тағдырларды аштық пен ажалдың аранына салып ойнаған, сахарарада сайтанның «салтана-тын» құрған Голощекин 1941 жылы 28 казанды Берияның нұсқауымен Барбыш кентінде атылды. «Ғаламат жұт шежіресі» деректі хикаятында баяндалған жайтардың ұзын-ырғасы, міне, осы.

Ел іші біле жүргені дұрыс-ау: Бәкен – Валерий Михайлов – қазақтың үлкен досы. Шын зиялды адам. Замандас. Мұндас. Қаламгер. Осы Бәкенді 1993 жылдары «Хроника великого джуту» кітабы үшін Мемлекеттік сыйлыққа ұсынғандар болыпты. Бірақ, комиссия мүшелері қабылдамаған. Жарамсыз деп таныған. Сені,

сенін байтак әлемінді әлемтапырак жасап, рухыңды жасыткан, құл қылған, сорлаткан қоғамның қоясын актарып, бар болмысын эшкерлеген, адамзаттың әділ сотына салған кітап пен кітап авторын менсінбесен, мемсыйлыктан кем көрсөн саған не дейік, казактың әдеби билігі. Эйтсе де, Бәкеннің қаламгер қауым мен оқырман ортасындағы беделі зор. Соның бір күесі Ғұсман ағамыздың аудармасы болса керек. Авторға деген зор құрметпен тәржімаланған кітап – XX ғасырда жазылған ен ұлы туындылардың біріне есеп. Өйткені, «Галамат жұт шежіресі» осынау аласапыран сүмдиктың ар жағындағы құбыжыкты танып, жер-жаһанды кезекті лаңнан сактандырады. Бұл кітап – жұт пен аштыктың жұмырына тұтасымен жұтылып кете жаздаған жүрттың басынан өткен тағдырды жырлаған эпопеялық жинак. «Казан төңкерісінен кейін құлдандашу кезені басталды», «Большевиктер халыктың колындағы казына байлыкты тонап алып әлемдік революция жасағысы келді». Валерий Михайловтың кітабында мұндай тезистер жиі кездеседі. Ол октобрь төңкерісінің атасы Ленинді, оның жолын жалғастырушыларды жек көретіндігін ашық жазады. Әрине, деректі хикаяттағының бәрін актарып шығуға бір макала жетпейді. Мен кітапка сараптама пікір айтып та отырған жокпын. Тек қыскаша шолу жасадым. Сондыктан «Галамат жұт шежіресіне» алдағы уақыттарда оралып отыратын боламыз.

*Abai.kz
2014.05.28*

II бөлім

Публицистикалық ой-толғамдар



1.КЕЙІПКЕРЛЕР КАТАЛОГЫ

«НИ» ҚАЙДА, «НИ?!..»

Совет өкіметінің тұсында баспасөз біткенде «өкір-ген» тақырыптың бәрі «коммунистік» деп басталатын еді. Шераған – Шерхан Мұртаза «Қазак әдебиеті» газетінде бас редактор кызметін аткарған соноу бір жылдары әлгі құрдымға кеткір «Коммунистік» деген «қаһарлы» сөздің ішіндегі «ни» түсіп қалып редакция үжымының басына кара бұлт үйіріледі. Алдымен Шерағамызды Орталық комитеттің дәлізін кешіп жүріп идеологияны бағатын иісшілдер шакырып алып біраз «илесе» керек. Бірақ, бопсаға иіле коятын Шераған ба, тақырыптан кате тауып танаурағандармен тартысып, шаршап редакцияға келген соң кол астындағылардың апшысын қуырып «ни қайдалап» ақырады. Былайда сұсты адам «ни қайда?!» деп ызбарланған сайын журналистердің жүні жығылып жерге қарай береді. Сол кезде жиын үстіне апалактап фототілші Сайлау Пернебай кіріп келеді. Шераған оған да қарап: «Әй, Сайлау, «ни қайда, ни?» деп зілденеді. Сонда ойын іркпей сөйлейтін Сайлау марқұм әріптестерінің халіне жаны ашып: «Ой, Шераға, сіз де қызықсыз, бір кәріс үшін бәрімізді қырасыз ба?» – деген екен. Шераған мына жауапқа шыдай алмай мырс етіп күліп жібереді.

Әңгімеге әзіл қыстырып отырғанымызды оқырман бек түсінер дейміз. Міне, төрт бес күннің жүзіне айналды, Қазақстанның саяси элитасы «Ни қайдалап?» «қырылып» жатыр. Бұл жолғы «ни» қайдағы бір партияның атынан абайсызда түсіп қалған «ни» емес, о дүниеге болып, толып аттанған – Ни. Елімізде «Еуразиягруп» атанған алпауыттардың кіндік әкесі, кәріс диаспорасының көсемі Владимир Ни деген кария. Қазақстандағы кәрістерді бүтінгідей жағдайға жеткізген зор тұлға. Ни жарықтықтың өз ұлтын өзгеше сүйгеніне сүйсінген

Елбасымыз осылай депті («...Ол өз сөзінде Владимир Нидің отбасына көніл айткан президент Нұрсұлтан Назарбаевтың елдегі кәріс диаспорасына карата: «Егер Владимир Васильевич болмағанда. Қазакстан кәрістері Қазақстанда бұлайша өмір сүрмес еді» деген сөзін келтіре кетті». Владимир Кимнің қаралы жыныда айткан сөзі. – «Азаттық» радиосының сайтынан алынды.)

78 жыл ғұмыр кешкен Владимир Ни деген пенде Владивостокта дүниеге келіп, жоғары білімге Советтік «ұлттар лабораториясы» – Қазақстанда қол жеткізеді. Марқұмның жария өмірі өле өлгенінше жұртқа жұмбак болып кетті. Сондыктан біз де ол туралы ресми деректен басқа мандытып ештене айта алмаймыз; марқұмның аткарған қызметі, лауазымы жайында интернеттің «тіліне» жетік жан өзі-ак іздел, оки жатар. Дегенмен, жұқалап білетінімізді ортаға сала кетелік: Владимир Василийұлы Нұрсұлтан Әбішұлына ертерек кезден жұғысып аткосшысы, көмекшісі, керек уағында кенесшісі болды. Рымғали Нұрғалиұлының саяси науқандар барысындағы «Егеменде» жарияланған естелігінде Нидің Назарбаевқа әу бастан ықпалды жанның бірі болғаны жөнінде жінішке ғана айтылып кетеді. Қазак Ни дейтін алпауыттын тасада асып тасып өмір сүргені жайында кеш естіді, кеш білді. Онда да там-тұмдал. Ұзынқұлактан жеткен сөзден. Сол «ұзынқұлактың» айтуында, Ниекен Нұрекене «қазак сізді ұнатпайды» деп сылқылдық күліп, жиі сыйыр шығарып отырыпты-мыс. Ал енді, ұзынқұлаксыз әйгіленген бір шындық: Ниекен – Қазақстанда басталған жана түрмисқа кәріс диаспорасының тез бейімделіп, табысы толағай істермен шұғылдануына кайкы мүйіз ак серкедей алшаңдал жол бастап, жөн нұскаған көсем. Бұл жайтты «Казакмыс» корпорациясының президенті, «Форбс» журналының кезекті жарияланымына есімі еніп, әлем жұртына миллиардер ретінде данкы кеткен Владимир Ким қаралы жыныда көзіне жас алып тұрып мәлім етті.

Қазақстанда, жалғанды жалпағынан басып жүргендірдін арасында казір кім көп? Ким көп. Нан дейтіндер және бар. Соларды жетектеп жеткізіп, ел санатына қосып ақиretke attanған Ни ақсақалда арман жок шы-

тар, сірә... Оларды былай койғанда, көретініміз бүгінде көрістін көп сериялы көркем філімі. Қыздарымызың киялында – кинодағы келбеті келіскең көріс жігіті. Тұтынатынымыз – көріс өндіретін өнім. Қара базарға барсак та, иректеліп иреоглиф түскен заттын бүйіріне қарап койып, «қытайский емес, кәрейский керек, мынауын кәрейдікі ме?» деп шалқалаймыз. Жоғары окуорындарында жастарымыз көріс тілін үйренуге кәдімгідей ден койып жүр. Осының бәрінен қарасан Қазақстанның ішінде «Кәрістан» деген мемлекет құрылышы келе жатканға ұксайды. Осының бәрінен қарап отырып, қазактығымыздан жазып ызаланамыз, әйтпесе көріс болсақ Нилер мен Кимдердін атына алғыс жаудырар едік кой. Әйткенмен де, Нидін ер екендігіне кол қойғанымыз абыз. Отанынан мүлде тамыр үзген адам бөтен ортада жүріп қалыптасты, замана әлпетін ерте анғарып, қамал соғып қайрат көрсетті. Қазактың қағынан жеріген байқұс шенеуніксымактарының ортасына ойран салып, бірін біріне сокты. Аллады. Арбады. Ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстады. Қазакка күлді. Ен байлықты есепсіз егеленді. Енді ер емей немене?! Қазактың осы күні Ни сияқты бір шалы бар ма? Бар шығар. Бірақ жокқа есеп. Біздің шалдардың шапқанда шамасы жұздің, рудың әнгімесін көздіріп, соны биліктегі ауыс-түйістің көзірі етуге ғана жетеді. Салык Зиманов сияқты кешегі Алаш зияллыларының жолын ұстанған текті аталарымызың аузындағы сөзіне дейін тәркілеп, биліктегі кулар ауыл үйдің айналасында ұстап отыр. Шерхан Мұртазаның дауысы Астанадағы алқызыл алаңнан ғана естілетін болды («ни кайдалап» емес, әрине). Мұхтар Мағауин шекара асып кетті. Әбіш ағамызың биліктегі миссиясы «Еңбек ері» атанумен тәмамдалған сыйылды. Ұлт мәселесін ұран етіп, ұрымтал тұстан кимылдайтын Мұхтар Шахановты Акорданың айналасындағылар жау көріп, шетелге қашқан куаяктардың (Әбліләзов, Әлиевтердің) елдегі жансызы санайды.

Енді сөздің қыскасына келейік.

Файыптан тайып Ни марқұм о дүниеден бұрын Солтүстік Кореяға барып өмір сүрсе... бұ дүниеде (Қа-

закстанда) бұйырған бағы басында тұрактап қалар ма еді, әлде бұлбұл үшар ма еді? Қазакстандағыдан бар болмысын жарқыратып көрсете алар ма еді, жок па? Күмәндіміз. Өйткені, коммунистер билігіндегі Корей елінде Ни сияқты жартылысынан жайлы тұрмыска бейімді жанның жайқап өмір сүруі неғайбыл. Нарықтық қатынасқа көшкен Қазақстан Владимир Ни дейтін бір кәріс баласының бар мүмкіндігін ашты. Иә, Қазақстан мүмкіндіктерге жол ашқан мемлекет. Бірақ ондай мүмкіндікке ұлт камын ойлап, ұлт мәртебесін ақ қанат арманына балаған қазактын жасының да, кәрісінің де колы жетпей келеді. Сөйтіп, елінді бұл заманда орыс пен кәріс сұрап тұр. Енді «Ни қайда, ойбай, Ни қайда?!» демеске амалымыз кем...

Abai.kz
2010.09.14

«ПЕРГАУЫН» ҚҰЛАДЫ

1981 жылдан бергі Египет Ислам Республикасының президенті Хосни Мұбарак биліктен бас тартатынын мәлімдеді. Акпанның 2-сі күні АҚШ президенті Барак Обама Египет елін «ежелден» билеп келе жаткан әріптесі Махаммад Хосни Сайд Мұбаракка жағдайды ушықтырмай «Сфинкс тағын» босатудың жолын ұсынған болатын. 83 жастағы Мұбарак өзінін мұлт кеткенін мойындалап, кеше египеттіктер сарыла күткен «жаналығын» жария етті. Сонымен, алдағы күз мезгілінде Египette президент сайлауы өтпек. Ал, күз келгенше Мұбарак бүтінге дейін жан баласымен бөліспеген биліктің биік шыңында отыра бермекші. Алайда, көне Мысыр шаһарындағы толқулардың нышанына қарай отырып Мұбарактың мұрдем кетпесіне сену киын болып тұр. Өйткені, халқы өте тығыз орналаскан Египеттегі ереуілдердің тегеуріні күн өткен сайын күшейіп барады. Катардың «Әл-Жазира» арнасы Қайыр қаласындағы Тахрир аланына 2 миллионнан астам халық жиналып, Мұбарак билігіне наразылық танытты деп хабарлады. Тап сол Тахрир аланында қала тұрғындарынша қарапайым киінген полиция жасағымен ереуілшілдер кактығысып та үлгерді. Египеттің денсаулық сактау министрі Ахмед Самех Фаридтің баспасөз өкілдеріне айткан дерегіне қарағанда, 639 адам кактығыстардың салдарынан қатты жаракат алған көрінеді.

Мысыр шәрісі, көне мысырлықтар... Ніл дариясы. Біздің бабаларымызға парсы жырлары мен араб әфсаналары арқылы жетіп, қиял ғажайып ертегілерге елітіп өсken жас ұрпактың жадындағы таныс та бейтаныс өлке. Мысырмен бізді сабактастыратын тек кана әфсана, жырлар ғана емес, баһадүр бабалар рухы. Қайыр қаласында қыпшак беріш Бейбарыс сұltан салған мешіт бар. Перғауындар еліне мамұлік болып барған қыпшактар Мысырды 300 жыл билепті. Бейбарыс билігі өзінен кейінгі ізбасарларына дәстүрлі түрде беріліп отырған.

Бейбарыс бабамыз сиякты ерлігі асып, данкка бөленген кыпшак Қайтпай сұлтан сокқан корғанды осы жолдардың авторы Египетке барған сапарында көрген еді. Бүгінгі египеттіктер жүресінен отырған адамға «Қайтпайға ұксап отырма» дейді. Бұндағы сөз: Қайтпайды жаулары дарға асканда кеудесінен жаны шықпаған ба-тыр сұлтан жүрелей отырып жан тапсырыпты. Содан бері Мысыр жүртynда жүрелеген адамды көргендер әлгіндей деседі екен.

Бұл жайттар мұбада сөз болған сон айтылып қалды, біз кайтып Мұбарагімізге оралайық. Махааммад Хоосни Сайинид Мұбарак 1928 жылдың 4-ші мамырында дүниеге келіпти. Экесі шағын ғана жерге иелігі бар зан қызметкері болады. Хоосни ер жете келе әке жолын емес, әскери өмірді таңдайды. 1950 жылы Билбейс қаласындағы әске-ри әуе күштері Академиясына түседі. 1956 жылы Суэц майданына қатысады. В 1959-1960 жылдары КСРО-да оқып, казіргі Бішкек (бұрынғы Фрунзе) қаласындағы авиациялық полкте қәсіби білігін жетілдіреді. Мұбарактың ресми өміrbаянында жазылмаған сиякты, Египette болған сапарымызда оның Отар қалашығындағы әске-ри бөлімде «қызмет еткенін» естіп тан қалдық (Алматы облысының аумағындағы Отар қалашығы КСРО кезінде жабық қалалардың бірі болған). Жаратканның жалпак әлемін жартысынан кешіп билеуді көксеген Кремль ке-семдері әскери адамдарды тәрбиелеп, оларға ықпал етіп отыруды әсте ұмытпаған фой. Жас Мұбарак та Кремльдің жобасындағы адамдардың бірі болуы мүмкін. Өйткені, ол қызмет бабымен тез көтеріліп, әйгілі Әнаур Саадаттың касынан бір-ак табылады. Әнаур Саадат – өз заманында Кенес өкіметімен татулыкты калаған тұлға. Саадаттың құрметіне казак та сарандық танытпай балаларына Саа-дат, тіпті, Әнуарсаадат деп азан шақырып ат та койған еді.

1975 жылы Әнаур Саадат Хоосни Мұбаракты вице-президент етіп тағайындауды. Сол жылы Мұбарак ел-дегі ұлттық-демократиялық партияға жетекшілік етіп, 1981 жылы 6 казанда Саадатқа қастандық жасалған сон партияның бас хатшысы болады. Қастандықтан қаза тапқан Саадаттың орынын иеленісмен Мұбарак Египет-

те төтенше жағдайдың қалыптасқанын катаң ескертіп, билікті билеп төстегеннің бәрін түрмеге тоғытады. Саадаттың уағындағы оппозициялық құштерге раҳым жасап, еркіндікке шығарады. Содан кейін-ак, Мұбарактың шексіз билігі қалыптасып, ол 1987, 1993, 1999 жылдардың бәрінде референдум арқылы өз билігін нығайта береді. 2005 жылдың күзінде ғана Мұбарак алғаш рет өз кандидатурасын сайлауға ұсынып саяси бәсекелесін «шаң қаптырды». Мұбарактың женсін Батыс саясаткерлері «Египетте перғауындар заманынан Мұбарак-ка дейін халық осылайша таңдау жасап келеді» деген мыскылмен мойындаған-ды. Енді міне, Египет «Перғауыны» халық атты Құдайдың қаһарына ұшырап жаза басуда. Египетті еркін ел етуге талпынып, халықаралық туризмге жол ашкан «Перғауын», бірақ, жер асты байлығын базарлы ете алмаған сиякты. Әлемдегі мұнайға бай елдердің бірі – Египет жұрты өте нашар өмір сүреді. Жан саны әлеуетінің дамуы тұрғысынан Египет 117 мемлекеттің ішінде 111-ші орынды иеленеді екен. Мысыр халқы жұмыссыз, жоғары жакты коррупция жайлайған. Өздерін «египеттіктерміз» деп атайтын Мысыр жұртындағы бүгінгі көпшілік копт тілін (афроазиялық тілдер санатындағы копт тілінде ежелгі Еипет халқы сөйлеген) мұлдем ұмытып, арабша сөйлейді. Араптанған египеттіктер пирамidalар мен жер астында қалған төл өркениетін дәріптеуден ғөрі кара базардағы бүгінгі бақалшылығын (ұсак-түйек саудагерлігін) мактан көреді. Қазіргі Мысыр ланкестікпен байланысы бар хизб-ут-таксир ағымы ошак құрған мекенге айналған. Ғалым, массондар тарихымен шұғылданушы Максат Тәж-Мұраттың жазуында, хизб-ут-таксир ағымы Батыс массондарының еврейлер арқылы Мысырдың мыс табағына салған улы жемісі көрінеді.

Жылына 1 миллионға өсіп отыратын, жан саны 70 миллионға жуыктап қалған Египеттің адам ресурсын да Мұбарак тиімді пайдалана алмағанға ұксайды. Халқы 1 млрдтан асқан Қытай мен Үндістанның экономикалық карқынына қарап Мұбарактың мұлт кеткен ісіне байланысты осындаі байладам жасауға болатындей.

Египеттегі толкудын салдарынан кешелі бері мұнайдың халықаралық нарыктағы бағасы 2008 жылдағы деңгейіне көтеріліп, 1 баррель 100 долларға жетті. Тәулігіне 2,4 миллион баррель мұнай тасымалданатын Мысырдың атакты Суэц каналы қызметін тоқтатты.

Мұнай бағасының аспанға шапшуы тағы бір мұнайлы ел Қазақстанның казанын қайната түсүі ықтинал. Референдум мәселесін «іреп» тастан Президент сайлауына білек туре кірісіп кеткен еліміздің «алтын бесігі» – Алматыда Хосни Мұбарак салып берген Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті атты университет бар. Египеттің әл-Аскар университетінде де казак жастары діни әм заманауи білім алуда Мұбарак – Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының сыралғы достарының бірі. Сөйткен сыралғы дос отыз жыл орнықкан ордастын тастан, сексеннен асқан жасында биліктің сенгірінен түсіп барады... халқының қаһарына ұшырап.

Abai.kz
2011.02.03

«АРҒЫ БЕТ» ПЕН «БЕРГІ БЕТ» (Жолсапар очерк)

Ала бағананың ар жағында қалған Шығыс Түркістанды бұрынғылар «арғы бет» дейтін. «Арғы бет» қазақ жерінің оңтүстігі мен оңтүстік шығысында – Алматы облысымен, шығысында – Семей, Өскеменнің ауылдарымен шектесіп жатыр. «Шектесіп жатыр» дегеніміз – мемлекетаралық шекара мәселеіндегі қолданған сөзіміз, әйтпесе, мысалы «Корғас» кеден бекетінен өткениңізben өзгере satын ештеңе жоқ: сол жер, сол тау, сол шөп. Атынан айналайын «арғы бет» «бергі бетке» жетеп алмай жаутаңдап жүрген жаудіркөз қазақтың дәл өзі сияқты: Еренқабырғаның бауырындағы момақан қоңыр төбөлтер Алатау дейтін ағасына жаутаң-жаутаң қарап тұр.

АЛМАТЫ МА? ҚҰЛЖА МА? АЙЫРЫМ ЖОҚ

2005 жылы «арғы бетке» жалқы рет барып кайтқанмын. Ол кезде Корғас маны жалаңашты. Жолаушыларды күткен алыштарлар, таксистер, тағы баскалар жүретін жалактап. Тек қытайдың жолы ғана тәуір сияқты көрінген. Содан бері арадағы уақытқа тоғызыл жыл толыпты. Керемет. «Керемет» демескे әддім кем, «Корғас» кеден бекетінен таяқ тастам жерден қызыл шырайлы бір кала бой көтеріп үлгеріпті. «Корғас» каласы. Қытайдың каласы. Казірдін өзінде аталған каладағы жансаны 200 мыннан асып кетіпті. Алқынып тұр. Бері қарай адымдап аттап кеткелі тұр. Қөпқабатты биік үйлер. Салтанатты ғимараттар. Қайшыласқан каракүрим халық.

Өкіметтік такси бізді Құлжаға қарай алып журді. Жүргізуши ұйғыр азаматы екен, біздін Үрімжіге бүгін бара беретінімізді біліп «өзім жеткізіп қояйын» деп жабыса кетті. Біз Құлжа каласында аялдайтынымызды ес-керттік. «Тым кеш шыкпаңдар. Күн сұық. Жол тайфак. Ұзын жолдан екі үлкен машина шығып кетіп сақшылар

көліктерді жүргізбей койды. Абайландар», - дей берді ол.

... Эйтсе де біз Құлжадан кеш аттандык. Құлжа каласында бізді акын Білісбек Әбдіразак бастаған бауырлар күтіп отырған. Білісбек екеуміз жерлеспіз. Жерлес болатын себебіміз – Бітай достың туыс-тumasы осы күні Қапалда (Алматы облысы, Ақсу ауданы) тұрады. Білісбектің «Сұрасаң менің ауылым Қапалыда» деген өрнекті өлеңі де бар. Менің Қапалымды, Шокан Уәлиханов шығармаларында ерекше аталатын, Шоканның Санкпетерборы болған Қапалды жырлаған акындың кайтіп қызып тастан кетесін; оның үстіне акын, сазгер Думан Бәзілжанмен, «Іле кеші» газетінің редакторы, акын Нұрболат Әбдіқадырмен, Мұрат Әуес дейтін Құлжа каласындағы телеарнада жеке бағдарлама жүргізетін талантты азаматпен, Есбол дейтін жас акын бауырыммен танысадын сәті түсіп, емініп елжірескен, сағынысқан көл-көсір әнгімеге кенелдік. Ондағылар мұндағылар туралы бізден артық билетінге ұксайды. Ақын десен акыныңды, жазушы десен жазушыңды айтып сайрай жөнеледі. Саясткерлерімізді де, сайқымазактарымызды да беске біліп алыпты.

«Казак карға тамырлы» деген, міне, осы. Қазактын кай киырда да біртұтас казак екендігінің келбеті де – осы. Мені Білсбектердің ортасындағы тазалық, ардалық, Алматыға, өлең-жырға деген інкәрлік сезімдері, сағыныштары ерекше толқытты. Анау Ақтау мен анау Алтайда да тап осындай жігіттер Алматыдағы акын-жазушы ағалары мен атағы алыска кеткен құрбы-достары туралы анқылдап әнгіме айтып жүр ғой. Жандуниесіне жамандық пен аярлықтың жапырақтай жамауын түсірмеген кайран, жүрт-ай, сен аман болшы.

Құлжадан жеті жұз шакырым қашықтықта жаткан Үрімжіге әбден көз байланып, кас карайғанда маңдай түзедік. Қаладан ұзап шыккан соң біз қалың тұманның құшағына ендік...

ҚҰМШАҒЫЛ... ҚҰДАЙ САҚТАДЫ

Қытай – көне Жібек жолын жанғыртуға барын салып бастаған ел. Ол әрекеті, әсіресе, күрежолдарынан ерек-

ше байқалады. Қытайдың автокөлік жолдары – түгелдей дерлік бетонбеттенген автобан жолдар. Көлігініздің жүргені білінбейді. Тек сырғи бересіз. Содан адамды маужыраған ұйқы басады екен. Пәлі, оданда өзіміздің жолдар жақсы: мәшиненді шокалактатып койып айналанды шолып отырасын . Ұйықтау түрыпты, калғуға кам ету киын. Ойдым жолдың және бір дұрысы: автокөлік иелері үнемі тежегішті басып отырады (әзіл). Ал, автобанда акырын жүру – азап. Арттағылар кикулатып кеп куғанда калай аныратса жөнелгенінді білмей калатынға ұксайсын. Біздін шопыр да сокыр тұмандада алды-артына қарамай аныратып ұрған, кенет сарт ете түсті... Эйтеуір тез ес жиып машинаның есігін ашып шыға алдык. Біздін сонымызыдағы ұлы дүрмек те жылдам токтап жатты. Биік шағылдың үстінде тұрмыз. Жанағана автобанда ағып келе жаткан едік кой, бұл калай болғаны? Сөйтсек, бұл – Үрімжіге ұбыл (төте) тартатын жана жол екен. Әлі толық аяқталмаған. Аяқталмағандықтан жолдың ортасына бетондардан коршау жасап құм үйіп койған. Құм бетондарды жауып өзінше құмшағыл сияктасты. Машинамыз акқан күйі сол шағылдың үстінен шығып кеткен. «Су ішерлігіміз бар екен. Құдай сактады» десіп бас шайқастык.

Бұны неге жазып отырмыз? Әрине, бәрі бірдей болмаса да, алыс сапар шыккан жолуашының бірлі-жарымы осындай кездейсок кепке ұшырап қалады. Соны білдіргеніміз. Соны білдіре келіп айтпағымыз: Қытайға сапарлай калсаныз өкіметтік таксиге мінініз. Былайғыны жұрт «қара такси» дейді. «Қара таксидін» сұрауы жокка пар. Мысалы, біз жалдаған «қара таксиге» шақыртумен келген сакшылар карап та койған жок. Жолаушылар жаракат алды ма, адам шығыны болды ма – онда шаруалары аз көрінеді. Келді, жүргіузшіге «жолдағы белгіні неге көрмейсің?» - деп кіжінді. Болды, содан соң қолды бір-ак сілтеді де тайып тұрды. Жолға еш белгінің койылмағандығын жүргузішілер ұлардай шулап айтканымен оған құлак аспады. Бізді әлгі «құмтөбе-ге» байқаусызыда келіп қалған Қайрат есімді бауырмызы Үрімжіге алып барды. Тегін. Ал, ханзулар, жә, оларды койшы, өзіміздің ұйғыр бауырлар да дірілдеп-калтырап

тұрғанымызға қарамай қасымыздан сырғып өте берді. Кайрат болса, жол бойы ыстық тамак әперіп, қас-қабағымызға қарап өбек қакты. Жігерлендіріп, кайрат берді. Міне, сенің казағын. Міне, сенің жүргегі ыстық бауырын. Кош-аман жүр, Қайрат.

ТАБЫСКЕР ТАЛҒАТ

Үрімжіде Талғат Дүйсенбі есімді кәсіпкер азаматпен таныстық. Ресми деректерге сүйенсек, 4 миллионнан астам халқы бар Үрімжідегі істін көзін тауып, «қолы жүріп тұрған» жігіт осы жігіт көрінеді. Тәкен «ішкі Қытай» мен Үрімжідегі кафель шығаратын зауыттармен серіктес кәсіпорынның иесі. Зауыттарға тапсырыс береді. Біз сұрапты үйіп жатырмыз.

- Бұл кәсіпті қалай менгердіңіз?
- Кафельдердің бетіне қазакы ою-өрнек салу идеясы басынызға кашан конды?
- Қанша адамға жұмыс беріп отырсыз?
- Сіздер шығаратын өнімге сұраныс жоғары ма?
- Кафельдерінізді негізінен кімдер алады?
- Қазақстанда осы кәсіпті дамыту ойынында жоқ па?

Талғат Дүйсенбінің оқып алған мамандығы дәрігер еken. Ауру-сырқауды емдей жүріп епті жігіт жеке кәсіппен шүғылдануды да ойлады. Әркандай шаруамен айналысады. Айтпакшы. Жұнго мемлекетінде жеке кәсіп көзін ашып, жұмыс істеймін деп жүлкynған адамға жол ашық. Біздегідей көлденен кедергілер аяктан шала бермейді. Қытай компартиясының казіргі төрағасы Жан Зыпyn жолдас билікке келgelі үкімет пен партия басшылығы «төртке бой ұсынып», «халықтың ризашылығы үшін жұмыс жасап», «жуастар жағына шыккан» (КХР-дағы ресми акпарат тілі). Талғат Дүйсенбі «осы мүмкіндікті пайдаланып кана жүрген көптін бірімін» дейді өзін.

Талғатка ен алдымен бір ауданның басшысынан ұсыныс туседі. Қытай компаниялары осы күндері елдін батыс аймағында екі түрлі тұрғын үй кұрылышын жүргізуде. Біріншісі сейсмологиялық апарттарға төтеп беретін көпкабатты үйлер де, екіншісі тұрғылыкты халықтың жеріне салынатын үйлер. Осылайша қытай үкіметі бай-

так жердің байырғы тұрғындарын жарылқау арқылы жұмсақ саясат ұстанып, оларды баспанамен қамтамасыз ете отырып батыс өлкеге батпандап кіре түсude. Жанағы сөз болған екі үйдін іші-сыртын қалай әрлеп, қалай өндесен де еріктісін. Соны жаксы білетін аудан басшысы үкімет салып берген үйлердін бәрін қазакыландырып жіберудін камына кіріседі.

— Басшыдан ұсыныс түсken соң әжелерім ғасырлар бойы көзмайын тауысып ойған ою мен өрнекті неге осы заманға лайықтамасқа, неге бүтінгі тұрмыстың сән-салтанатына айналдырmasқа деген ой келді мениң басымға, - дейді кафельші Талғат.

Сөйтіп Талғат ою-өрнегін, эскиздерін алып қытайдың кафель шығаратын зауыттарына барады, жобасын көрсетеді. Бизнес-жоспарын дәлелдей біледі. Дегендей-ақ, зауыт басшылары Талағаттың ұсынысын макұлдалап, өндіріске жібереді.

Талғат қазір қытай зауыттарына үлкен көлемде тапсырыс беруші әріптес. Шыңжаң аймағында Талағаттың кафель сататын 35 сауда үйі бар. Тұтынушыларының басым бөлігі қазактар мен үйғырлар, монғолдар.

— Қазақстанның іскер азаматтарының тарарапынан кафельдін дизайніне ұсыныс түссе, қуана қабылдалап, серіктес болар едім, — дейді Талғат. Бірақ кәсіпкердің Қазақстанға келіп, осы істі колға алуға құлкы кем екені байқалды. Неге?

— Неге? — деп сұрадық біз Талғаттан.

— Сіздерде адамға жұмыс істеткізбейді ғой.

Әйтсе де біз Талағатты елге шакырып, үгіттеп бактық. Қындықтың, кедергілердің бар екендігін де жасылмадық. Алайда, Қазақстанға өткеннің бәрі қарап жүрмегенін, кайсібірінің тіпті дәүлеті артып байып жатқанын барынша кадап айттық. Қазақстанды ертелікеш жамандай беретіндердің сөзі біржакты екендігін де ескерттік. «Сен коркып кала бер, мен бара берейін» дейтін іші тар кулардың сөзі өтімді келетіндігін де каперіне салдық.

— Мен Атажұртка жетсем, ойымдағыдай іспен айна-лыссам, кемінде 400-500 адамды жұмыспен қамтамасыз етер едім, - дейді Талғат.

ТҮЙЕШІ АСАЙ

Төрт миллионнан астам тұрғыны бар Үрімжі каласының онгустік батыс бөлігінде тек кана казактар тұратын «казак қыстак» орналаскан. «Қазак қыстак» Үрімжідегі қайнаған өмірден жырақ өзінше бір бұйығы тірлік кешуде. «Қазак қыстактын» жадау тұрмысы мен жабыранкы жүзін сырт көзден жасырғысы келсе керек, жергілікті билік оның айналысын биік корғанмен коршап тастаған. Бейнелеп айтсақ, «казак қыстауы» «кытай қорғанының» ішінде қалыпты. Сол корғанның ішінде түйеші Асай жүр. Кәдімгі түйеші. Он тоғызынышы ғасырдағы казак тұрмысын сәбеттік идеология тұрғысынан суреттеген казак жазушыларының кейіпкерлерінен аумайды. Москал кісі. Тарамыс. Өні күнге әбден тотықкан. Біз барғанда ол келесін корасына камап, әйеліне шұбаттың калған-күтқанын сатқызып тұр екен. Есіктің алдында домаландап ойнаған бір ұл, бір қызы бала көрінді.

Асайдың жалғыз ауыз тамына (бұндай үйді өз басым Құлжа қаласының жанындағы Шайланзы ауылынан кездестіргенмін. Шатырсыз тоқал там. Бір ауыз. Кірген бетте табалдырыққа аяқ киімінді тастайсын. Терге биіктеу етіп сәкі кондырған. Сәкінің үстінде отырасын, тамак ішесін, төсек те сол сәкінің үстіне салынады. Сәкіге таяу жерде мұржалы пеш тұрады. Әлгіндей үйлерді негізінен казактар паналайды) кіріп төрге озған сон майлы кою шұбатты сіміре отырып әнгімеге кірістік.

- Ай, ағасы, неше түйеніз бар?
- Жиырмаға жуық бар енді...
- Кунде сауасыз ба?
- Күнде сауамыз.
- Өтіп тұрғой, әйтеуір.
- Қысы-жазы өтеді.
- Алушы кім?
- Топтап әкететін сарттарымыз бар.
- Е-е, мейлі. Табыс қанша?
- Айна 3-4 мың үйан шығарамыз.
- Бай екенсіздер ғой. Атажұртқа жету ойларынызда жок па?
- Ол жакта қарындастың тұрады.
- Қайда?

- Талдыкорғанда.
- Қаланың өзінде ме?
- Солай болса керек.
- Өзініз көшпейсіз бе?
- Көшер едім ол жакта жағдай киын дейді ғой.
- Не киын дейді?
- Баспана жок, жұмыс жок. Зан орысша. Орыс орысша білмесен көтенге теуіп қуады екен.

Асаймен бұдан әрі әнгімелесе алмадык. Шаруа баккан адамның не естісе соған тастав катып жабысып алатын мінезі болады. Оны бір нәрсеге иландырып, бір нәрсеге сендіре алмайсын. Алайда осы Асай арыпашып, түйе сауып, үйінде, баска жерде емес, дәл өзінің жалғыз ауыз тамында, қытайша сөйлеп, қытайша ойланатын қытайдың болашақ екі азаматын бағып жүргенін біле ме екен? Оданда Асай отағасы былай істесе кайтер еді? Асайдың айына табатын 3-4 мың юані біздің тенгемен 100-200 мың тенгені құрайды. Долларға шаксак, мың доллардың ар-жак бер жағы. Сонда Асайдың жыл он екі айдағы табысы бізше 10-12 мың долларға жетіп жығылады. Ал, 10-12 мың долларға Қазақстанның кез-келген ауылыштан, тіпті қалаларға таяу елді-мендерден 6-7 сотық жерімен коса тәп-тәуір үй сатып алуға болады ғой. Осының кайткенде Асайларға ұктыру лазым. Көшіп келуге ниетті казактарды осындай мүмкін жайттармен кайткенде акпараттандыру керек. Мысалы, Германияда мемлекеттік колдауға ие болған алман отбасы көшіп келгісі келсе, оның қолына қажетті мәліметтің бәрі тиеді. Израйльде де солай. Еврейлерге арналған орыстілді сайттар керек десеніз калай жартаңдау қажет, әдет-ғұрыпты калай ұстанған абзал, тілді менгеру үшін кайтпек жөн деген сауалдарға да жауап беріп отырады. Бізге де солай жасау киындық тудырмайды. Алайда, ол үшін мәселенің мәнісін накты акпарат арқылы айыратын ел ішінде мәдениет калыптасуы керек. Сондыктан «арғы беттегі» оқыған әр казактың баласы казак көшін ақпараттандыруға, сауаттандыруға, ағартуға біlek түре кірісуі керек. Оларға мына жактан біз де болысуға, жәрдем етуге тиіспіз. Қазак көшіне қажетті мәліметтерді, мәселенки, үйдің бағасы канша, бұл

жакта жеке кәсіппен шұғылдану үшін не істеу керек деген сиякты сауалдардың жауабын тауып беріп отырсак, осының өзі көмекке есеп.

«ҰРЫ» РУЫНАН ҰСТАЛАДЫ

КХР-да 1 млн. 430 мың, кей деректерде 1 млн. 700 мың казақ өмір сүруде. Анығы 1 миллионнан артық. Үлкен күш. Қалың ел. Қабырғалы жүрт. Халқының қарасына алаңдаулы Казакстан үшін асып-төгілген байлық. Өйткені, Қазакстан араға жиырма екі жыл салып 1990 жылдардағы халық санына әрен жетті. Бұл деген «Қазақстанның елі 22 жылдың ширегінде қара шыбындай қырылыш қалыпты» дегенді білдірмейді. Сталиннің айдауымен қазак жерін паналяған біраз жүргүт туған отанына көшті. Дұрыс қой олардікі. Біздін ағайынның алды келіп бастады. Өсімді солар берді. Үш-төрт жылдан бері тоқыраған көші кайтадан қозғалып кетсе, өсімінің еселей түсуі анық. Иншалла. Біз «арғы бетте» бес жұз отыз мың казактың колына КХР төлкүжаты тигенін естідік. Естігенімізді келеген бетте әлеуметтік желілер арқылы сүйіншілеп те жібердік. Сонда біреулер «сол бес жұз мыңның жартысы үйғыр болып жүрмесін» деп күмән білдіріп жатты. Бұны толыктай теріске шыгару киын. Себебі төлкүжаттарына «казак» деп жаздырып алып Үрімжідегі Қазакстанға виза ашатын орталықтың алдында көстенедеп жүргендер туралы алдымен біз жазған едік. Жалпы қытайда өз ұлтыңды жасырып, басқа ұлттың атынан төлкүжат алуға еріктісін. Мәселен кез-келген ханзу Қазакстанда тұрғысы келсе, төлкүжатына «казак» деп жаздырып алып жүре беруіне болады. Осыны ескерген Қазакстан жағы ешқандай ескертусіз қытай азаматтарына виза бермеу тәртібін енгізіпті.

– Бізге тілі жақын үйғыр кісісі «қазакпын» деп келіп тұрса кайтесіздер? – дегенді сұрадық Үрімжідегі Қазақстанға виза беру орталығының қызметкерінен. Аты-жөнін атамауды өтінген ол:

– Біз ол адамға ешқандай себепсіз виза ашпауга какылымыз, – деді.

– Оны ол адамның анық басқа ұлттан екендігін білген кезде қолданатын боларсыздар? Ал, казакша сайрап тұрғандарды қайтесіздер?

– Қазақтың тарихын, батырлары мен ақындарын сұраймыз. Қала берді руын сұраймыз.

Біз риясyz күліп жібердік.

– Шынымен солай сұрайсыздар ма?

– Иә, кез-келген «ұры» руын тергей жөнелгенімізде ұсталады. Содан соң оған виза жабык.

Қазір ҚХР жағынан елімізге жыл сайын 100 мың адам келіп кетеді екен. Соның дені казак. 100 мыңның 30 пайзы Қазақстанда қалып койып жатыр.

Үрімжідегі виза беру орталығы алда қабылдануы мүмкін көші-кон занына орай Сыртқы істер министрлігіне Қазақстанның азаматы болуға сұранатын этникалық қазактардан қылмыс жасамағаны туралы анықтама талап етудің кажеті жок екендігін айтып ұсыныс та жолдапты. – Себебі, - дейді аты-жөнін жария етпеуді қызмет бабы бойынша өтінген дипломат, - ҚХР-да қылымыс жасаған, зан бұзған адамға төлкүжат берілмейді.

Қытайдағы қазактардан қылмыс өткермегені туралы талап етілетін анықтама көші-конға кедергі келтіріп келе жатыр еді, біз «арғы бетте» жүргенде Мырзатай Жолдасбеков дейтін аксакалымыз талапты тіпті күштеп жіберіпті. «Түгел көшіп келуді доғарындар» деп бұйырыпты Мырзекен. М. Жолдасбеков жолдастын уәжіне сүйенсек, жалғыз ауыз үйде тұрып, сауыс-сауыс болып түйе сауып жүрген Асай мен Асайдың әйелі наймандар билеген «Сегіз Оғыз» ұлысының бүгінгі иесі бізбіз деп қыстағында ки жағып отыра беруі керек екен. Уа, Тәнір-ай, келемін деп тұрған елін кеудесінен кері итеретін үлкендер бізде ғана ма, әлде өзге елдерде де бар ма? Бар шығар. Мысалы, орыстын кейбір кутұяқ шалдары орыстардын Қазак жеріне қандаладай қадалып жүргенін қалайды. Себебі казіргі Қазақстанны орыстілі сұрап тұр. Бұның сыртында қайткенде империялық ықпал ету пәрменінен айрылмауды діттеген байлад бар. Орыс шалының шатпағы түсінікті. Ал, сонда біздің қариянікі не? Қыстағынан кия басып шығуға корынатын

Асайлар бір күні солқылдатып Үрімжінің билгін қолға алады деп киялдай ма? Осылай киялданса, біздін қариямыздын киялы тым қыртыстанып кеткен екен.

Қытайдағы казактарды мүмкіндіктің шегінде көшіріп алмасақ айрыламыз. Бір жарым миллион казактан айдың күннің аманында көз жазып қаламыз. «Арғы беттегі» аға буын казір дәрменсіз. Олардың бойындағы ұлттық гендік кор сарқылып барады. Орта буын ендіге қытайланған бастаған. Үрімжіде біз көрген орта буын өкілдері өзара қытайша сорғалай жөнеледі. Қазақстанда гөрі бір-бірімен қытайша қауқылдасқанды жеңіл санайды. Жас ұрпак қытай тілінде сабак алып, қытай ділінде тәрбиленуде.

«Арғы бет» дегеніміз міне осындағы алакұла тіршіліктің ортасы. «Қазағым» деп кайнап-жайнап жүргендері де бар. «Қазақстанға барсам какайып-серейіп катып калмаймын ба?» деп куаіп ойлайтындары да табылады. Бірақ ұрпак қамын ойлаған жалпы көвшіліктің Атажұртына жетуді аңсайтыны анық аңғарылады. «Арғы беттегі» казактың осынау ішкі қуатын «бергі бет» өзіне толық аударып алмаса, кешіккен кимыл бекерге шығады.

*Алматы-Құтқа-Үрімжі.
Үрімжі-Құтқа-Алматы.
Abai.kz , 10.17.2014 жыл*

АРМАНДАЙ БОЛЫП ОРАЛГАН АЛЫСТАҒЫ БАУЫРЛАР

Журналист Тоқтар Жақаш Facebook-тегі жеке парақшасында Қыргызстаннан қоныс аударған ұтты дүңген жігіттің 2 мың АҚШ долларымен-ақ доматалы Қазақстан азаматы атанып шыға келгендігін жазып отыр.

— «Азаматтықты оп-онай калай алып жүрсін?», — деген журналистің сұрағына дүңген жігіт:

— Кордайдан екі мын доллар беріп алдым. Акшаңыз болса, Кордайда таныс адамдар көп. Күттірмейді. Бірден көк паспорты қолыңызға береді, — деп жазады.

«Әнгіме барысында әлгі жігіт қызды-қыздымен Қырғызыдағы дүңгендердің осылай Алматы маны, Кордай айналасына кіріп, сініп жатканын айтып қалды» дейді әлеуметтік желідегі жазбасында әріптесіміз.

Әрине, Жақаш мырзаның әлеуметтік желідегі жазбасын ел ішіндегі әртүрлі әнгімеге құлағы түрік журналист атты жазарман ағайынның «ойдан шығарып, ойдай мәселе тудыруға тырысқан кезекті бір дүниесі ғой» дейтін нәумез түсініктің шенберінде қабылдай салуға болады. Бірақ, өкінішке қарай, мұндай «канку сөздердің» ұшы-киырына жету мүмкін емес. Мүмкін еместігіне себеп: Қазакстанның азаматтығы азын-аулак акшаға сатылатыны туралы шындықты бүктеп басып, бүріп ұстау осы күндері Ішкі істер министрлігінің құзырынан да кетіп барады. Естерінізде шығар, өткен жылы ҚР азаматтығын сарт-сауанның саудасына салған Қөшікон полициясы комитетінің бірнеше қызметкері сотталып кетті. Бізде өзі мемлекеттік қауіпсіздікке катер төндіретін іс-шаралар ісініп-кабынып, індет екендігі ескерілгенше, былықка бата береді ғой. Демек, азаматтықтың кара базар наркындағы қуйге жеткен қүйінішті халі жоғары жактағы әлдекімдердің қауашағын қанғырлатып өтсе керек. Эйтсе де, қызық: қазак қөшіне, ақын Ауыт Мұқибек айтпакшы, «тіс-тырнағымен карсы құштер», біздің тақырыбымызға орайластырып айтсақ, Қөші-кон полициясы комитеті мемлекетімізге қауіпті адамдар – оралмандар деген ойдан айныр емес.

Abai.kz акпараттық порталының тұрақты авторы Бейсен Ахметұлы үйымдастырған ашық хатка аталған күзіретті орган өкілі: «...Қазақстан Республикасы азаматтығына қабылдау кезінде мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету максатында азаматтығы тиесілілігі және (немесе) тұрақты тұратын мемлекетте сottылығы (сottылығының болмауы) туралы құжаттың болуы қөзделеді» дейді. Ал, әлгіндей құжаттар қарсысып қанша жерден талап етілсе де, 1 млн. 700 мың қазак тұрып, өмір сүріп жаткан Қытай Халық Республикасында берілмейтіндігі жөнінде сан кайталана жазылды һәм айтылды. Әйтсе де, «Жазған құлда шаршау жок», қайыра кеперімізге оралтайық. Қытайда мына төмендегі жайттар бойынша төлкүжат рәсімделмейді, шетелге шығуға тыйым салынады. Егер ол:

КХР азаматы болмаса;

Өзінің кім екендігін дәлелдей алмаса;

Құжат алу барысында жалған документ жасап, алаяқтық істесе;

Сотталып, жазасын өтеуде жүрсе;

Соттың толық шешімі шықпаған істі адамдар болса;

Қылмысты іске қатысы бар деп жауапка тартылса;

Мемлекеттік құзырлы мекемелерде қызмет атқарған, шетелге шықкан соң мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіріп, зиянын тигізеді деп есептелсе.

Жоғарыдағы тәртіп пен талапты түзіп және оның қатан сакталуын бакылауында ұстап тұрған елден келіп жаткан қазактардың барлығы - КХР-дың заңын бұзбаған, сотталмаған адамдар. Осының біздін «мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін» қамтамасыз еткіш Үкіметіміз ескерген емес. «Осы қалай?» деп ойланған емес. Есесіне, «мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігі» "жанына бататындықтан" сырттағы 5 миллионға таяу қазакты Қазақстанға жуытпауда. Сонда қайсысын құлттаймыз: «патриот» құжаттың талаптарын ба, әлде қазактың жан санының артып, өз қауіпсіздігін өзі толық корғай алатындағы әлеуетті қамтитын ұлттық тұтастығын ба? Сөз жок, біз бір сөйлемдегі екі сұрактың екіншісіне жауап болатын накты мәселенің жағындамыз.

Хоош, сонымен замананың текпісі мен тарихи жағдайлардың әркілы сипатта қалыптасуына байланысты киыр-жайлап, шет қонған казак баласының «жер бетіндегі жалғыз отаны – Тәуелсіз Қазакстанда» (Президент Назарбаевтың сөзі) азаматтық алу онайға сокпайды екен. Бәріне солай ма? Бәрі деп отырғанымыз – этникалық қазактардан өзге жүртты мензегеніміз. Жоғарыда Токтар Жақаштың дүнгөн жігітімен әнгімесінен үзінді келтірдік, оларға (былайғы жүртқа) КР азаматы атану – дүниеден түніліп кетсеңіз де шындығы сол: түкке тұрмайды.

Қазір азаматтықты шүлен үлестіргендей онды-солды таратып жаткан саланың бірі – спорт саласы. Өз ұландарын болаттай шындалап, тер төгуге ерінетін, бірак Қазақстанның көк туын дүбірлі додаларда желбірете көтеріп, есіп-бөсіп қайтуды білетін, әсіре мактан мен мадакты жаны сүйетін спорт билігіндегі алпауыттар өзгенін дайын «өнімін» (спортта жетістіктеге жетууге мүмкіндігі зор үміткерді) үпілеп-сүпілеп сатып әкеле салады. Бұлар да - өздерінше патриот. Қазақстанда этникалық қазакты Атажұртына жолатпай діңкелетудің түрлі амал-айласын карастырған Үкімет қаулылары мен казак баласын үлкен спорт ойындарынан қағып тастайтын ешбір елде жок осындай ерекше патротизм бар.

«Казак баласын үлкен спорт ойындарынан қағып тастайтын» деген сөзден шығады, еліміздегі футбол клубтарындағы ойыншылар катарында казак баласының карасы шамалы. Есесіне, славян нәсілді ұлттар жетіп-артылады. Оны айтасыз, Игорь Зенкович («Актөбе»), Заурбек Плиев пен Михаил Бакаев («Кайрат»), Алдан Джиджич («Шахтер»), т.б. айналдырған бір жылдың шегінде бірі Хорватиядан, енді бірі Қапқаздан келген бетте Қазақстанның азаматтығын төлкүжатымен бірге қалталарына басып үлгерді. КР азаматтығын алу тәртібі осы ретте бұзылды ма? Әбден бұзылды. Бірақ, азаматтығы арзымайтын бағаға сатылатын бұл елде тәртіп пен заның бұзылғандығы әншайінгі әнгімеге де татымайды.

Жә, Игорь Зенкович, Алдан Джиджичтер доп тебетін көрінеді. Қазақстанда футбол ойынының дамуына, бәлки, азды-көпті үлес косатын болар. Ал, гастарбайтерлер ше... олар не іstemек? «Дүниежүзілік Банктің есебі

бойынша Қазақстан – әлемдегі мигранттар көп ұмтылатын тоғызынышы ел екен. Бұл дегеніңіз еліміздің миллиондаған жаржысы шет ел асып жатыр деген сөз. Жаррайды, «бізден басқа елдер де осындаі жағдайда ғой» деп жылы жауып коя салуға болар еді. Алайда, өзгесін айтпағанда, 150 млн астам халқы бар Ресеймен өзімізді салыстыра алмасымыз белгілі. Біз небары 17 млн-ға жаңа ғана толып отырымыз. Солай бола тұра біздің елімізге жыл сайын 700 мыннан астам «жұмысшы-конактар» келіп-кетеді, дейді акпарат көздері». (Серікжан Қажи, «Гастарбайтер келе жатыр»). (<http://abai.kz>). Сол «жұмысшы-конактардың» дені Қазақстанға мулде «конактап» калуда. Қотарыла қоныс аударуда. Азаматтықты, әрине, Кордайдан, т.б. сатып ала салады.

Өткен жылы (2014 ж, казан айы) бірер күнге ҚХР-ға сапарлап барғанбыз. Сонда 700 мын қазактың қытай төлкүжатын иеленіп, сыртқа шығуға, анығы Атажұртына актарыла көшүге дайын отырғаны жайында жазғанбыз. 700 мын казак! Қандай жұмысына болса да макұл. Тапкан табысы өзінде, яғни Қазақстанда кала-ды. 700 мын гастарбайтер. Тапкан табысын еліне әкетеді. Сөздің тұрасына көшсек, билік Қазақстанның кара-дай тонатып койып қаралуға тиіс Занның жобасына енгізіп касарысуга. (Зан жобасы: «Қазақстан Республикасының кейбір заннамалық актілеріне Көші-кон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп аталады).

Гастарбайтерлердің ішінәра Қазақстан азаматтығын иелене бастағанына қайтып оралайық. Тегінде, қандай елде болсын, азаматтықты ақшаға сатып алған соң, оны емін-еркін пайдаланудың өзіндік тәртібі түзіледі. Азаматтықты ақшаға алған адам енді жергілікті билікпен жен ұшынан жалғасып, басқа құндылықтарға да кол созады. Мысалы, жергілікті билікті билеп-төстеп отырған сатымсак адамның тілін тауып жерге көжайындық етеді, зансыз әрекеттерге барады. Айналасына үстемдік жасауға құлшынады. Алда-жалда біреу бірдене дей

калса, «мені бөтен ұлт деп шетқакпайлауда» дегенді бар дауысымен бакырып, байбалам салады. Билікпен қоркытады. Сотқа жүгінеді. Құқықкорғай органдарын паралап, кулығын асырады. Әйтеуір білгенін жасайды. Тіпті, адам өлтіріп, күнаға да батады. Меніңше, біздің елімізде ұлтаралық қактығыстарға ұласа жаздаған оқиғалардың астырында осындағы оскырынған мәселелер бар. Соның бірі кешегі – Сарыағаш жанжалы. Құдікті ретінде колға түсken Нарметов, шамасы, аудандағы алпауыттармен ауыз жаласып, айналасындағы ағайынға тізе батырған біреу. Әбден асқан. Тасынған. Оның әзірге құдікті саналатын қылмысы жергілікті жүрттың дүр сілкінуіне әкеп соктыруы әлгіндей себепке есеп. Әйтпесе, казак-өзбекі аралас Сарыағашта бір-біріне қокиленып коятындар аз ба? Жазатайым кісі өлімі де болып жаткан шығар... Бірак, соның бәрі ұлтаралық жанжалға ұласып кете жаздаған оқиғаларды ойға салмайдығой. Ал, Маловодное-Шенгелді – шешен дисапорасының, Маятас- Бесағаш – күрд диаспорасының, Шелек-Шонжы – ұйғыр диаспорасының кейбір өкілдері тым өктемесіп кеткендігін, оларды құттыртып, өбектеп отырған өзге емес, өзіміздің билік басындағы жеке тұлғалар екендігін екпін түсіре айтуға тиіспіз. Зан мен ұлт алдында алдымен солар жауап беруі керек. Оларды қоғам арандатушылар деп айыптауы қажет.

Гастарбайтерлер негізінен дисапораларды жан тартып жақындейді. Мысалы, тәжік Қазақстандағы тәжіктерді жағалайды. Орыс орыстың ығынан пана іздейді. Содан кейін тапқан панасы мен саясын пайдаланып келімсектігін ұмытып, келген ортасына тасадан тас атады. Қылмыс жасайды. Мәселенки, 14 жастағы казак қызын зорлап, бейнетаспаға тартып, сонынан аяуандықпен азаптап өлтірген Сергей Наумцев Мәскеуден Актөбеге танысын іздел келген канішер канғыбастың бірі екен. 2013 жылы жаз айында оралман отбасын өзбек гастарбайтерлердің қырып салғаны қоғамның зәре-құтын қашырды. Міне, гастарбайтерлер мен келімсектерді бетімен жібергеннің сыбағасы. Міне, диаспорлардың еркінсіп кеткен ерке ұлдарын тыймай ұстаудың салдары.

Қытай ойшылы Лао Цзы кезінде: «Көп білетін халыкты басқару киын» деген екен. Біздің билік үшін ең алдымен – қазағы калың мемлекетті басқару киынға соғатын сиякты. Эйтеуір, казак десе, оның ішінде сырттан қоныс аударып, Атажұртына оралған этникалық казак десе, карадай жыны ұстап, жінігіп шыға келеді. Жанаөзен оқиғасын еске алайыкшы. Оқиға барысын сол кезде бәз-біреулер Атажұртына оралған бауырларымызға жауып еді ғой. Ақырында тапсырысты тап-түйнектай орындаған сottың шешімі бойынша айыпталған отызға жуық адамның бір-екеуі ғана оралман екендігін жарыса жаздық. Қайда кетті сонда, көзіне қан толған, айрандай үйіған Қазақстанды алатайдай бұлдіруден басқаны ойламайтын "онбаған" оралман?!. Ал, шын мәнінде оралман дегеніміз – законопослушный гражданин, толерантный человек (занға бой ұрган азамат, төзімді адам). Оралман законопослушный лығының нәтижесінде Қазақстанның «сокыр, мылқау» үкіметінің талап ете беретін құжаттарын шарқ ұрып іздеумен жүр. Толеранттылығының арқасында мұқым қындықка төзіп жүр.

Е-е, айта берсек әнгіме көп. Қазақстанның азаматтығы казір кімге, неге бұйырмай жатыр? Ағылшындық ат, айғыр, биелерге де, түркпеннің алабай төбеттеріне де, Асылжан Мамытбековтың аусыл шықкан ала бас сиырларына да бұйырды (өйткені, осылардың барлығы - тіркеліп, құжатталған жануарлар мен тіршілік иесі). Тауы күндері АҚШ-тың Гуантанамо базасындағы әскери түрмесінен босаған үш йемендік пен екі тунистік те Қазақстан азаматтығын қабылдайтын шығар. Украина-Ресей қактығысынан болған үркіншіліктегі елдің алды Қазақстанға келіп, босқындар мәртебесін иеленіп үлгерді. Олар үшін де алда азаматтықтың ауылы алыс емес. Тек қазақ қана Қазақстан үкіметі мен зандарының алдында өзінің сотталмағандығын дәлелдей алмай айыпты болып жүр. Сол «айыптары» дәлелденбей - этникалық казактардың азаматтықтан дәметпей-ақ қойғаны жөн.

... Армандаі болып оралған алыстан келген бауырлар!

*Abai.kz 09.02.2015
Abai.kz*

НҰРТӨРЕ ЖӘНЕ БІЗ ЕДІК

Кеш естіп, кем мән беріп, кешігіп жүретін әдетіммен еңсегей бойлы ер жасы – елуге келген аға-дос, әріптес-ұстаз, білікті бас редактор, белгілі публицист Нұртөре Жүсіп жайлы айтпакпыш. Нұрекен елуге былтыр келіп қойыпты. Мейлі ғой, елубірге дейінгі елу – Нұртөренікі. Қала берді қадірлі сөзімізді біз неге адамның мерейтойндаған айтуымыз керек? Мәртебелі адам – мерейтойсыз да мәртебелі. Оның үстіне «осындай жаска келіп едім, мен туралы бірдеме демейсіндермеге?» біз білетін Нұртөре мырза да зәру емес. Хош, сонымен негізгі әнгімемізге көшейік.

1996 жылы мен сыншы-әдебиетші Бакыт Сарбалаевтың еларалық «Қазак елі» газетінде тілшілік қызметте едім. Редакциямызға күн аралатып әртүрлі басылымдар келіп тұрады. Арасында «Жас Алаш» газеті де бар. Жалпы «Жас Алашқа» творчество адамының мінез-құлқы, табиғаты тән. Кейде жасып, жүдеп, ұнжырғасы түсіп жүреді. Кейде көкке шапшиды. Сол кез – «Жас Алаштың» жүдеулеу кезі. Екі бетінде екпеттеп екі макала жатады. Етек-жені болса да олпы-солпы. Бала жастан серік тұтқан аяулы газетіміз еді – амал жок, ашамыз да жабамыз. Сөйтіп жүрген күндердің бірінде «Жас Алаштың» беті жыбырлай бастады. Қып түсетін қысқа материалдардың карасы жиірек көзге шалынып, такырыбы бұрынғы тар кезенен біртіндеп асып жатты. «Жас Алаш» – журналисттердің жаңа легімен бірге оқырман қауымның жаңа буынын жасап отыратын газет. Байқаймын, газеттің саркідір сака оқырмандарының катары жастармен, жас болғанда уайымшыл, ойлы, сергек жастармен көбеюге бет алыпты. Ниеттес, пікірлес жігіттер кайда барсақ та колымызыда шиыршықтала бүктелген «Жас Алаштың» ұстап баратын болыппыз. Талқылап, таласатынымыз да – «Жас Алаштың» такырыбы. «Қазак еліндегі» қаламгер ағаларым да: «Ой, несін айтасын, «Жас Алаштың» бағы кайта жанды! Екі тізгін бір шылбыры мыкты редактордың колына

тиді», – деп отыратын-ды. Содан бір күні «бұл не керемет екен» деп салып ұрып «Жас Алашқа» барайын. Танитыным – «Әдебиет және мәдениет» бөлімінің менгерушісі Роза Караева. Жанарының оты рентген сәулесі сиякты ет пен терінді койып сүйегінді сүзіп өтетін Роза көзіме көзін кадап аз отырды да мені жетелеген күйі бас редактордың кабинетіне сунгітіп жіберді. Төрдегі каракер жігіттің Нұртөре екенін бірден таныдым. Бірден таныстық. Бірден тіл табысып, бірден қызмет жөніндс кслісіп, «Әдебиет және мәдениет» бөлімінің тілшісі болып, Қараеваның карауына жіберілдім. Сөйтсем, Нұртөренің кадр таңдау саясаты осылай екен. Аз сөйлеседі, азын-аулақ сұрап кояды. Бітті шаруа. Сен – «Жас Алаштың» тілшісің. Өйткені, сұнғыла редактор сенің қайткенде «Жас Алаштың» есігін қағатыныңды алдын ала біліп, жазу-сызуынмен сырттай танысып, есіміне ен тағып қоятын көрінеді. Сол «айласымен» Нұрекен бар-жоғы екі уш айдын ширегінде «Жас Алаш» газетінде жана команда жасактап үлгерді. Біздін алдымыздағы буын да шетінен сакпанын салмақтап ата-тын сайыпқырандар еді. Бірақ, заман жана төлежіген жас талапты қажет етіп тұрған шак. Ішкі цензурадан аман, Совет өкіметінің колхоз, совхозы мен партия тұрмысын жазып, қаламын қара сияға батырып малтықпаған толқын казак баспасөзінің бетіне тулап шығуы керек-тұғын. Қазак журналистикасында сондай тын толқынның Толағайдай ағасы Нұртөре Жұсіп болды. Бұгінде есімдері азды-көпті танылып, интеллектуалдық орта мойындаған, казактың саяси-әлеуметтік, рухани-әдеби ойларының көшбасына іліккен Талғат Ешенұлы, Әмірхан Балқыбек, Дидар Амантай, Сәкен Сыбанбай, Роза Караева, Айгүл Аханбайқызы сиякты жастар 1997 жылдары Нұртөре Жұсіп баскарған «Жас Алашта» топтасты. Баспасөзден кол үзбегенінде журналистиканың жұлдызына айналытын Абылай Сабдалин бауырымыз да әлгі дүбірлі топтың алысқа дүрбі салған оғыландарының бірі еді.

...«Көкте – Күн, жерде – «Жас Алаш!» Осындай ұранмен біз, жастар, жалан қағып жұмысқа кірістік. «Жас Алаштың» әр нөмірі шыккан күн – мереке. Әр нөмірде – қоғамның буырканған өмірі. Жана нөмір жария көрместен бұрын Нұртөренің кабинетіне жиналадыз. Жиналысымыз

редакция ұжымының кезекті лездемесі емес, жалпы ұлттың сиязы сиякты. Айтпайтын, актармайтын мәселе міз аз. Бізді сөйлетіп қойып бас редактор бақылаумен ғана отырады. Орныкты ой, ұтымды ұсыныска келгенде бас редактордың басы изендел кетеді. Кейіннен андасам: бұл да бір тәсіл екен. Сонда Нұрекен жастар сөйлесін, сөйлеп үйренсін, азат ойға ұмтылсын, ешкімнен, ешнәрседен қысылmasын деп көндік жасап бағыпты. Себебі, саяси қысымдардың салдарынан қымтанып қалған казак ойы алғыр жастардың аузындағы пікірмен ашық аланға шығуы кажет еді. Соны капысыз ұккан бас редактор өндірдей жас ұл мен қыздың өзегін тырмалаған жайтын жарық көруіне мейлінше мүмкіндік беріпті. Нұртөре Жұсіптің «Жас Алаштағы» басшылығы қыскаша қайырғанда мынандай еді:

-Жазған макаланды албаты күзеп-түземейді. Жазу стилінді өзгертпейді.

Бас редактордың бұнысы бізді еркін жазуға жетеледі. Жазу өнеріндегі колтаңбамыздың қалыптасуына септігі тиді.

-Редакциядағы бөлімдердің іс-жоспарына жөнді-жөнсіз сұғынбайды. Басекен «камшыны бас» деген сон әр бөлім өзін дербес редакция секілді сезінді. Бөлімдер арасында шынайы бәсекелестік пайда болды.

-Экономика бөлімінің тілшісі әдебиет жөнінде жазып, әдебиет бөліміндегі «жас бөрі» саясат тақырыбында әлденені козғаса, «кой» деген жок. АқырЫнда бөлімдерде адасып жүргендер арналы ағысын тапты.

-Редакциямыздағы авантюристер жасайтын «трюктердің» бәріне түсіністікпен қарады. Газеттің сонғы бетіндеғі макалалар (тегі, біздің оқырман қолына тиген газеттің ен сонғы бетінен бастап оқиды ғой) алдыңғы, алдыңғы беттегі сірескен дүниелер аяккы бетке қошті. Кейде оларды бас редактордың келісімінсіз нөмірден қағып та тастайтынбыз. Жиналыстарда жорта білмегенді Нұрекен: «Әлгі бір материалдар кайда кеткен?» – деп сұрап кояды. Біз жамырап «жарамады» дейміз. Сөйтіп, тұтас ұжым болып жарамсыз дүниелерді жау шапқандай қылдық. Ұжым жаман, жарамсыз, талғамсыз дүние жазбауға үйренді.

-Казір ғой, журналистер үшін кез келген шенеунікті шенеп тастау – шекілдеуік шакканмен бірдей. Токсаныншы жылдары аткарушы билік дегенінің жалына кол тигіз-

бейтін арда қурен асаудың өзі еді. Соларды казак баспа-сөзінің тарихында алғаш ауыздықтағандардың бірі «Жас Алаш» болды. «Жас Алаш» саясат пен биліктегілерді казакы пікірмен есептестіріп, сынға иліктірді. Көшеде көп колданылатын тілмен айтқанда – «сындырды».

-Редакцияның айналасын «кул-қоқыстан», аспандағы ай мен күнді күнде көріп, күнде жазатын авторлардан тазартты. «Жас Алашты» жаз жайлап, жыл қыстаған жазармандар айқай-сүрекмен аттанып, ауа алмасты, бодандыктың тұсында бойын көрсете алмаған қаламгерлер бас редактордың кабинетіне жи бас сұғып, бізben де емен-жарқын араласып кетті. Нұрекен «Жас Алаштың» жап-жас ұжымын қазактын оқымысты, парасатты, зиялы қауымының катарына іліктірді.

Бас редактордың бағыланы бағбанға ұксайды: газеттің әр қызметкерінің жандүниесін түлетіп, көңілін өсіріп, рухын көтеріп, еркелетіп, ақылдасып, ширектырып, шынықтырып отырады. «Жас Алаштағы» Нұрекенде осы касиеттің бәрі де болды. Ұранымыз: «Көкте – Күн, жерде – «Жас Алаш» болса, сол ұранды ту еткен бір кездері Нұртөре және біз едік.

Уақытты уыста ұстап тұру мүмкін емес. Уақытпен бірге бәрі де өзгереді. Ұмытылады. Нұртөренің тұсында «Жас Алаштың» жузін жайнатып, алапатын асырған журналистер шоғыры да ұмытыла бастаған сиякты. Ештеге етпейді. Мен ол «Жас Алаштың» ұлттық мазмұнын киелі сахнада бір-ак рет койылған құдіретті шығармаға ұқсатамын. Ол өз кезеңінің драмасын: трагедиясы мен комедиясын, трагикомедиясын әйгілеп берді. Енді біз – «Жас Алаштың» оқырманымыз. Кезінде өзіміз атой салған беттерді сағынышпен парактап шығамыз. Нұрекенді ойлап коямыз. Елуге келіпті. Жоғарыдағы жолдарды, бірақ, елуге келген ердін құрметі үшін ғана емес, білікті бас редактордың өнегесі кейінгі ұрпакқа тәлім болар деген ниетпен жаздық. Қалағаның жұрт кабыл тұтар, қаламаса – сөз өзіміздікі. Жадымызға түйгеніміз бен білгенімізді айттық, жаздық, осымен тәмам әнгіме.

Abai.kz
2012.01.10

ЕР ҚАБЫС ЖӘНЕ БАСҚАЛАР...

Дулат Исабековтын үздік әңгімелерінің бірінде жұн тұтіп, ұршық ііріп отырған кемпір феодализмнен социолизмге қалай өтіп кеткендігін білмей қалады. Біздің бастағы кеп те соған ұксас: социализмнің қойын бағып жүріп капитализмнің қара базарынан қалай табылғанымызды білмей қалыптыз.

Есімізде шығар, Тәуелсіздігіміздің алғашкы 7-8 жылы «өтпелі кезен» аталды. «Өтпелі кезен», яғни, уақытша қындықтар артта қалады, әне-міне, таршылық заманды «зар илетіп», дамудын данғыл жолына түсеміз деп жүрдік. Сол кездің есебінен алғанда сондай тәтті киялға беріліп өмір сүрудін өзіндік себептері де болғанға ұксайды: жаңа қоғамдық катынаска көшеміз; осы уақытқа дейінгіміздің бәрі бекер екен, дүниенің рахаты өзін-өзі реттеп, тәртіпке келтіріп отыратын нарықтық экономикада, сондыктan сәл-пәл шыдайық дестік. Шыдамасак, тәзбесек болмайды дестік және: Тәуелсіз мемлекетіміздің іргесі шайқалып кетуі мүмкін, тұтастығымызға сына қағылуы ықтимал. Ойбай-оу, әлемнің мойыны озық елдері баяғыда бейімделген нарықтан біз неге бас тартамыз?!

Остіп жүріп «өтпелі кезеннен» өтіп, XXI ғасырға кадам бастық. Біз XXI ғасырға «өтпелі кезеннен» өтіп кана келмеппіз, «Жұз жылға бергісіз тарихи он жылды» көтеріп келіппіз. Рас, 1991 мен 2001 жылдар аралығында Қазақстан геосаяси ауқымда аршынды кадамдар жасады: БҰҰ-ға толық мүше болды, көрші елдермен мемлекеттік шекара келісімдерін бекітті. Ішкі жағдайды тұрақтылықпен камтамасыз ете алды. Ұлттық армия жасақталды. Зан шығарушы орган, аткаруушы билік, сот жүйесі қалыптасты. Төл валютамыз айналымға енді. Арқа төсінен «тұнғыш рет» казак елінің астанасы бой көтерді, т.б. Осындаи елдік, ұлттық мазмұны терен істерге ілгеріде қәдімгідей мән беретін бұқара жұрт мұның бәрін біледі, бағалайды, кадір тұтады. Бірак, «жұз

жылға бергісіз тарихи он жылды» артқа тастаған соң биліктін де, мемлекетшіл бұқараның да бүрандасы болап қоя берген сиякты. Өйткені, қазір билігіміз мақтаншак, бұқарамыз бұйығы қауымға айналған. Биліктің бет-аузы болып алған мемлекеттік телеарналарға көз тігіп, ресми газет-жорналдарды парактасаныз – қазір дүниеде Қазақстаннан аскан кемел ел кем, дамудын данғыл жолына түскен бірден бір ел де – бізбіз! Құдай-ау, біз болмасақ мына дүниені қаранғылық каптап, қапас басқандай екен... нүр шұғыламызды төкпей кайда жүргенбіз осы уақытқа дейін? Бәлкім, жері кен, дала-сы дархан жұртқа осындағы рух, аскак амбиция керек те шығар. Былайша айтқанда, Имам Шәмілдің еліне – алмас кылыш, бізге – аспанмен астасқан амбиция... Тегінде мына заманда қеудемзорлықты жокка шығара беруге де болмайды, бірақ, көрпен көсліліп жатуына ла-йық болсын. Бұл сөздің жалғасына сәлден кейін ораламыз. Енді мынаны айтайык.

Казакстан билігі қазір танғы шай үстінде түсін кемпіріне жортып отыратын карияға ұксап барады. Денін дерт жайлаған карт кемпіріне: «Бүгінгі көрген түсім тәуір секілді, жақсылыққа жорышы» деп жүгінетін еді ғой. Сол секілді Ақ Ордағы ак жағалы ұлықтарымыз да «бүгініміз керемет. ертеніміз, тіпті, ертегідей болады» деуден, елді сол ертегіге ұксас ер-теніне еріксіз сендіретін стратегиялық бағдарламалар кабылдаудан шаршайтын емес. Білуімізше, әйтеуір ер-теніміз – ғажап, бүгініміз – керемет. Тоқсаныншы жылдары өмірді жап-жас болып бастаған буыннын қазір ата сакалы аузына түсті, қажып-картайды, алды зейнет жасына ілініп мәлкілдеп жүр, ал, тәуелсіздіктін құрдастары дардай жігіт болды, осының бәрі түк көрмеді деп түкірігімізді жұтпай-ак коялық, бірақ . Казакстан шиырлап кешіп келе жаткан жолды бір кездері басып өткен мемлекеттердің адамдарымен өзін салыстырса, өкпелейтіндей халде. Неге өкпелемесін? Мысал келтірейік.

1970-80 жылдарға дейін Оман сұлтандығы деген елдің атын біреу естіп, біреу естімепті. Елдің со за-

мандағы билеушісі Сайд бен-Таймұр Оманға сырттан пенде баласын кіргізбей құзырындағы «құжырасын» қызығыштай корғап бағыпты. Оманнан да сыртқа ешкім шыға алмапты. Алда-жалда біреу Оманнан алысқа аяка баса калса, оның аман оралуы негайбыл болыпты. Себебі: Сайд әмірші «әр пендениң ырыздығы туған, өскен жұртында, одан тыс кету онбағаннын ісі» деп мемлекеттік дәрежеде байлам жасапты. Әміршінің кол астындағы жұртын «ырыздығын бакканы» соншалық, қыстактардың арасындағы қара жолдардың өзіне карауыл қойыпты. Қала халқының шаһар аумағынан тыс әлеммен байланысы, тіпті, үзіліпті. Сөйтіп, «ырыздыққа кепнеліп, риза-хош» болып Оман жұрты өмір суре беріпті. «Ел астанасы Маскар каласында, – дейді куәлар, – 12 төсектік жалғыз аурухана бар еді. Ғұлама Сайд бен-Таймұр дүниенің сырын өзгеше ұғып, жастарды оқып-токудан да қакты». Оку-токудан, жазу-сызудан шеттелген, жер жаһаннның жұртынан іргесін аулактаپ, алапестердей дәйдалаға кеткен халық, әйтседе, өздерін бакытты сезінді. Өйткені, сақалынан даналық саулаған Сайд баба бар еді. Алайда, Сайдтың сақалына Қабыстай ер карамады. Экем екенсін демеді. Сайд салған сара жолдың дәстүрлі ізбасары әм так мұрагері болуға тиіс Қабыс Еуропада оқып, саут ашкан-ды. «Болашак» бағадарламасымен (көрдіңіз бе, бұл да бағадарлама) оқып келген біздің боркемік балалардан Қабыстың басты спрекшелігі – Еуропада оқыса да елін шексіз сүйетін. Елін сүйген Қабыстың омандық бауырларын ойлағанда қабырғасы қайысып кетуші еді.

Сахараны құн қүйдіріп, құп-қүрен өлі мекен еткен. Сағым аунаған салкар шөл. Сол шөл кернеген сахара-да арып-ашыған, азып-тозған корғансыз бейбак ел өмір сүруде. Мұның бірі миына кіріп шықпайтын акымак шал шалжынып такта жатыр. Қайтпек керек? Окуы біткен соң сұлтандығына оралған айлалы жігіт аз уакыттың ішінде ел ішінен жақтастарын тапты да шалдың алтынмен апталған сарайына алшан басып кіріп барды. Барды да айтты: «Әке, елді осы уакытқа дейін билеп-төстеп, еркін тұл, рухын құл етіп корлағаның жетер, енді мен оқыған Еуропадан сен де біраз дәріс ал», – деді

де колынан жетелеп сарайдан сыртка шығарып салды. Сөйтіп, 1970 жылы ың-шыңсыз, кантөгіссіз ел билігін өз кольна, өзінің дана да дара билігіне алды.

Қабыс бен-Сайд. 1940 жылы 18 қарашада сұлтан шанырағында дүниеге келген жалғыз ұл. Ұлыбританияда Әкімшілік басқару академиясын тауысқан. Аз жылдар әскери дайындық лагерлерінде болып шындалған. Әкесі Сайд бен-Таймұрды тектан тайдырған күні (марқұм Таймұр өзінің соңғы жылдарын Еуропада аяктап, дүниеден озды) ол Оманның есігі мен терезесін шалқайтып ашып тастады. Сырттан инвестиция тартты. Тактайдай етіп тас жолдар салды. Оку орындарын көбейтті. Қабыс билікке келген алғашқы 7-8 жылдың ширегінде омандықтар радиодан жаналық-хабарлар тындалап, газет оқитын жағдайға жетті. Бәріне мән беретін Қабыс ұлттық телеарнаның қызметіне де колкабасын тигізді. Қабылет-карымы ерекше жастар іріктеулерден өтіп, шет мемелекеттерде оқып келіп жатты. «Болашактан» оқығаны кулық сұмдықты еселеу болып шықкан, өз тілінде сөйлеуді корлық санайтын біздің дүмшелермен оларды осы арада салыстырудын кажеті жоқ деп ойлаймын, ейткені, омандық оғыланадар жан аямай «жабайы жұртының» ел катарына косылуына, бакытты, шаттықты ғұмыр кешуіне көрген түйгендерін жұмсал бакты.

Оман экономикасының да арқа тірегі – мұнай. Саудараб жеріндегідей мол коры болмаса да Оман сұлтандығы бар мұнайының қызығын көріп, байлықка батып отырған ел. Егер омандықтар біз сиякты «балығы тайдай тулаған, бакасы койдай шулаған», «түгін тартсан май таматын», қара алтыннан өзге де кенішке кенірдек-теген, малды-жанды, жазиралы далада өмір сүрсе қайтер еді... олар мәнгі шөл буған сахараны жайлайды. Су Оман сұлтандығында жанармайдан екі есе кымбат. Сонын өзінде де елді-мекендер жап-жасыл, саялы сабатқа оранған. Себебі Оман теніз суын тұшыту кәсібін жолға қойған. Тұзынан айырған тұщы суды алдымен ел ауыз су ретінде, содан соң бау-бакшаны суаруға пайдаланады.

Бұл заманда, бар-жоғы 20-30 жылдың ар жақ бер жағында, омандықтар мүлде өзгерді. Өзгермегені – бұрынғы салт дәстүрі, діні. Сыртқы келбеті, киімі. Ал, тұрмысы... тұрмысы Сайд бен-Таймұрдың тұсында «ырыздыққа кенеліп өмір сүрген» кездерінде мүлде түстеріне де кірмеген болар.

Қабыстың жасы казір жетпістен асты. Дәлірек айтсак – 72-іде. «Әлі тың, ширақ» дейді білетіндер. Ол жылына бір рет ел ішін жаяу аралап шығатын көрінеді. Жаяу болғанда енді, «сәлдесін сүйретіп» қыстак-қыстактардың арысын кезіп жүрмейді ғой, бірақ Харон Рашидтің замануи тұлғасына енген Қабыс қыстактардағы жүртіна уәзірлерін ертіп барып елдін сезіне құлак түріп, карапайым Оман әйелі пісірген қалаштан ауыз тиіп, от басы ошақ касының тірлігін көзімен көріп қайтады екен.

Әйел демекші, Оман сұлтандығы әйел затына да ерекеше құрметпен караиды. Қыздардың окуына, еразаматтармен иық тірестіріп ел ісіне араласуына тиым жасамайды. Оманда үш әйел министр лауазымында. Хиджап кию, пәренже жамылу – қыз-қырқынның өз еркінде.

Қабыс – карапайымдылықты ұнататын адам. Оман сұлтандығындағы үйлер 12 кабаттан аспайды. Бай да, бағылан да ел катарлы өмір сүруге міндетті.

Тегінде, тәубашыл, канатшыл, такуа Шығыс жүрті иманға жүгініп, ішкі сабырын қатан сактайды. Жерінің байлығын өзімен тен бөліскен әміршісін сүйеді. Содан да болар, кейбір араб елдерін алатаидай бұлдіріп, дұр сілкіндірген Тау Шығыс оқиғасы Оман сұлтандығының іргесін шайқап, түнілігін желпілдете алған жок. Сондай елдің бірі – Біріккен Араба Әмірліктері.

Ілгеріде Ержан, Сәкен деген достардың тобына ілесіп әйгілі әмірлік елінде болғаным бар. Ол сапарымыз тұрасында публицист-мәдениеттанушы досым Сәкен Сыбанбай «Жас Алаш» газетінің бетінде жұрт сүйсініп оқыған сапарнамалық очерктер жазды. Мен қыска қайырайын.

Ақпан айы. Алатаудың бектерінде айқай боран. Өзіміз «Халықаралық» деп әспеттегенімізben бес ешкі,

он токтының өрісіне татымайтын Алматыдағы әуежайдан ұша алмай 4-5 сағат іркілдік. Дубайға ұшатын ұшакта, Шымкентке катынайтын автобус сиякты ма кайдам, кейбір жолаушылар кешігіп келіп, соларды қутіп дінкеleп, көк жүзіне әрен көтерілдік. Дубай әуежайына жақындағанымызда айналамызыдағы серіктеріміз шокпыт-шокпыт кимідерін сыптырып тастап, женіл әрі сәнді киініп жатты. Біз де бокашамызыдағы барымызды сұрып алып үсітімізге жапсырған болдык.

Ұшактан түссек, дүние ғажап! Жып-жылы. Кешкі сам жамыраған уақыт. Адамдардың бәрі мәдениетті, ілти-патты. Біздеңдегі алак-жұлак етіп алқын-жұлқын асырып жүрген жан жок. Әсіл, мемлекеттің байлығы, тұрмыс-тіршілігінің жайлышы адам бойына әлдекандай сырбаздық, байыптылық сыйлайтын болса керек, біз де ман-ман баса қалдық. Содан конак үйге барайык. Конак үйдін қызыметшісі алыстан сағынысқан бауырлары келе калғандай жұмсак жымырып карсы алды. Сөмкемізді колымыздан лып еткізіп қағып әкетіп тиісті бөлмемізге орналастыра койды. Тан атты. Қызықка кенелдік. Жолбасшымыз аузын ашса, әмірліктің тарихын төге жөнелетін сезшен әйел екен, әнгімені соғып келеді. Содан ұққанымыз. Қазір аты-жөнін ұмытып қалдым, бірдене Шейх, бірдене Ибн деген әмірші 1970-80 жылдарға дейін әмірлікті билеп төстепті. Оның заманындағы араб жартылай жалаңаш, әйтеуір, басын тықса, балық тістеп шығатын кең құрсақ теніздін арқасында әмір сүріп жатыпты. Мінгендері түйе, бет-ауыздары күйе дегендей (енді, балық ысталап жеп, шакырайға күн астында қүнелтетін адам күйелештенбей қалай жүрсін?). Әлгі бірдене Шейх, бірдене Ибн бірдененің тұсында әмірлік даласынан мұнай атқылайды. Қара майдың исіне танауын төсеп отырған Еуропа мұндай батпан құйрыкты қалайша айдалага тастай қойсын, кауғаларын канғырлата сүйреп жетіп келеді. Жетіп келеді де бірдене Шейх, бірдене Ибн бірденге долларды уыстатып асатады. Шейх шіркін қағаз ақшаны қашанғы жалмай берсін, құндердін құнінде темір сарай салдырып соған апарып долларларын тығып тастайды. «Саранның сактағаны өзіне бұйырмайды» деген осы емес пе, сөйтсе,

эміршінің тыккан-пыкканын өзінен де өткен жалмауыз. араны сұмдық атжамандар жалмап тастапты. Осындағы маскараны көрген соң арықарай төзе берудін мүмкін еместігіне көзі жеткен Шейх Зайд ибн Сұлтан әл-Нахайян билікті ағасының қолынан тартып алады.

Шейх Зайдта Батыс елдерімен тығыз байланыс орнатады. Бірақ, арабтың аузынан жырып әкеткенге үйренген еуропалықтарды өзімен санастыра біледі. Жұмыс істеткізеді. Елге пайдастын тигізеді. Біз ғой өзімізді көзі ашық, кара танитыны бар сауатты елміз деп жүрміз. Ал, Зайдттың заманындағы арабтар жазу-сыздан мүлде макұрым еді. Зайд халқын ағартты. Оқытты. Табысты еңбек етуге үйретті. Күн күйдірген сахараны кешіп жүріп күмнан құнарлы топырак жасап әмірлік даласына Үндістаннан әкеліп пальмалар екти. Кейлек-дамбалынан басқа күнкағары жок арабтарды пальмалардың көленкесінде саялatty. Біз айта беретін 20 жылдың шегінде түйе мінген арабтарды жүйткіген автокөліктеге отырғызып, жасыл бакты шаһар тұрғындары етті. Іргелі оку орындарын ашты. Шет елдерден ғұламағалымдарды шакырып араб баласына дәріс оқытты. Ба-лық аулап, ешкі сауудан басқаны білмейтін араб баласы мемлекеттік кәсіпорындарда, ұлттық компанияларда жаппай лауазымды қызмет иеленіп шыға келді. Жеті әмірлік желкілдеп бой түзеді. БАӘ – бұл заманда ала-паты асып, байлығы тасыған ел. Сән-салатантын әлемге паш етіп, шалқып өмір сүруде. Жоғарыда «көрпен көсіліп жатуына лайық болсын» деп калдық кой. Сол сөзімізге енді келдік. Себебі «көрпесі көсіліп жатуына лайық» ел – Біріккен Араба Әмірліктері елі. БАӘ-де бәрі ертегідей. Аспанға ұмысынған зәулім отеллдер, Шығыс мәнеріндегі өзгеде айшықты құрылыштар әмірлік жұртынын салтанатты тұрмысына әбден лайық. БАӘ-де бұдан басқаша болуы мүмкін емес сиякты. Әмірлер байлығын әлемге қалай көрсетемін десе де елінің тұрмысы қүйімен үндесіп, жарасым тауып тұр. Оған кыскы Азия ойындарын өткізсе де, EXPO көрмесін жасаса да жарасады. Баспанасыз шұбырып жүрген арабаты әмірлікten итпен іздесен де таппайсың. Жемкорлық, ел байлығын тонап қашу, ұрлау, коррупция атымен жок.

Мұнын бәрі айналасы өздеріндей араб, сондыктан да, алансыз дамуға мүмкіндігі бар елдің әңгімесі ғой деп отырған шығарсыздар кайсыбіреулерініз. Енде, қандай мадактауға лайық Малайзия туралы бірер сөз.

Малайлардың хәлі XX ғасырдың орта шенінен ауғанда, тіпті, мүшкіл еді. Өйткені, малайлар жерінен де, мемелекетінен де, туған тілінен де айрылудың аз-ак алдында еді. Малайлардың мандайына біткен ұл Махатхир Мохамад малай халқын құрдымнан күткарып калды. Бұл турасында маған аталған елде елшілік қызметте болған марқұм Болатхан аға Тайжан әңгімелеп берген еді бір кезде. Кейін Малай мен Сингапур ғажайыптары жайында асыл аға кітап етіп те жазды.

Махатхир Мохамад қайткен дейсіз ғой, жерінде мұнайы да, басқасы да жок аралдағы елді арашалап қалатын құдірет – тіл деп білген. Сөйткен де, «алыстағымен арбаласып, жакындағымен дорбаласып» жүріп қытай тілінің құрсауындағы малай тілін тірілткен. Малай тілінде сөйлей алатын әр ұлын басшылыққа әкелген. Малай тілінде – ана тілінде сөйлей алатын ұлдардан «Шығыс жолбарыстарын» түлетіп шығарған. Сондыктан да ол – ұлы Махатхир Мохамад . Онтүстік Шығыс Азия ғажайыптарының авторы.

... Әңгімені көп созып қайтеміз, осы елдер данғаза дакпыштықтарынан да жер бетінде шат-шадыман тірлік кешүде. Төрт құбыласы түгел. Иә, кем-кетігі, әлі де бітпей жаткан шаруасы шаш етектен шығар. Бірақ, олар 20-30 жылдың ширегінде қурделіліктің ақ жал толқынын кешіп, киындықтан шыға білді. Олар және ертең болуы неғайабіл кереметтердің емес, бүгінгі мүмкіндіктердің шегінде тәп тәуір тірлік кешіп жатыр. Даму жолы, өркениет жолы бізді айналып кете коймас. Бірақ, соған жиын-терін болып жеткен елдің арманы не?! Соған жеткенше, данғаз мен дакпышт кімге керек? Керек пе сол?

«Abai.kz»
2012.12.11

ҚАЗАҚ ЕМЕС, ҚАЗАШКА!

«Я ему сказала, что я – казашка». Бұл – Ассоль Мирмановын сөзі. Ормандай көп орыстілді сайттардың біріне берген сұхбатында ол осылай депті. Казашка, яғни – казак қызы.

Таяу күндердің бірінде Ассоль коғамдық көлікте келе жатады. Айналасы толы ығы-жығы адам. Кондуктор аялдамаларды әдеттегідей орыстілінде хабарлап тұрады. Осы кезде бір казак үн шығарып, әлгі кондуктордан аялдамалардың атын мемлекеттік тілде жария етуін сұрайды. Ассольдің айтуына карағанда, кондуктор катты қысылып қалған, сосын жолаушылардың жәрдеміне сүйенген. Жолын болғыр жолаушылар көше мен аялдаманың ресми түрде бекітілген «аты-жөнін» айтып береді. Ал, «нацпат» (Қазакстандағы орыстілінің белсенді жактаушылары халық өкілдерін осылай атайды) болса, кондукторға дінкілдеп, оның қазақша сөйлеуін талап ете берсе керек. Осы кезде айқайға Ассоль араласады. «Мен оған алдымен қазақша айтып түсіндірдім», – дейді ол. Ассольдің өз сөзіне сүйенсек былай депті: «Кария адам неге тисенyz?» (Ескерту: бұл Ассольдің емес, сайт журналисінің қате жазуы да болуы мүмкін).

Сөйтіп, кәрія адамға жақтаскан Ассоль мен «нацпаттың» арасындағы сөз қактығысы енді екеуара дау-жанжалға ұласады. «Сенің есімің кәрісшे» деген көрінеді біздің жігітіміз. «Есімімнің кәрісше екендігін біледі өзі» деп «кара қазактың» білгіштігіне танкалады қызымыз. «Сен дұрыс тәрбие алмағансын. Әке-шешененнен жөндемді тәрбие алсан сен мен сиякты қазақша сөйлейтін едін» деп «бөскен» көрінеді кондуктордан қазактілін талап еткен қазак. «Ол талабы бойынша өзін қанағаттандыратын жауабын естіді. Жалпы біздің елде әркім өзі қалаған тілде акпарат алуға, қызмет талап етуге қакылы» деп сұхбат барысында Ассоль қарындастымыз зан-зәкөн соғып қояды.

– Кондуктор қайтті? Оған содан соң не болды? – деп сұрайды әнгімені қыздыра түсін тілші.

– Үлкен кісіге обал болды. Қан қысымы артып, аурып калды, – дейді Ассоль. Содан кейін: «Бердіжаров тілді жасы ұлғайған адамнан талап етпесін, алдымен орысша сөйлейтін шенеуніктерден талап етсін, ана тілін білмейтін жастардан талап етсін, кала берді мына менен талап етсін», – деп актарылады.

Токтай қалыныз, бұл өзі көптен бері айтылып келе жатқан әңгіме және кім көрінген желеу ете беретін әңгіме. Біз сондыктan нактысына көшейік. Жанағы жүргегі ұстап, басы айналып құлап кала жаздаған байқұс кондуктор сірі жаңын сүйретіп не істеп жүр қоғамдық көлікте? Қызмет етіп жүр. Нан жеп, нәпақасын тауып жүр. Демек, зейнет жасына әлі шыға коймаған адам. Ал, сол адам Қазакстан Тәуелсіздігін жария еткен тұста неше жаста болды екен? Шамамен 34-35 жастың жасыл жағалауында болды. 34-35 – есірік соқкан біреу болмасаң ес жиып, етек жабатын, пайдалы нәрсеге бой ұратын, біздің жағдайымызда төрт-бес ауыз казакша сөз үйренетін жас. Орыс халқының шын жанашыры, орыстілінің Қазакстанда жасай беруіне аса мудделі адам – Президент Назарбаев сонау тоқсаныншы жылдарың басында: «Қазак тілін жасы ұлғайған адамдардан сұрамауымыз керек. Олар тілді картайған шактарында кайтіп үйренбек? Қазак тілін жастар білсін, жастар үйренсін», – деген еді. Міне, содан бері 22 жыл өтіпти. Кешегі қырмызы келіншек (әлде асығын күткен сака қызы) – бүгінгі кондуктор кәрілік жасына жетіпти. Қәрта-йыпты. Йә, оның ендігі хәлі «Қазак тілін жасы ұлғайған адамдардан сұрамауымыз керек» деген ахлакқа тұра келеді. Енді оған бірдене деу кате. Тіпті, обал. Ассольдің тілімен айтсак: «Кария адам неге тисеніз?» болып шығады. Міне, осылайша біз Қазакстан Тәуелсіздігін жария еткен тұстағы тарихи сәттерге бірге күә болған. сол кездегі 30-35 жастардағы тепсе темір үзетін отандастарымыздың саудасын бітірдік. Жарамсыз қылдық. Шаршаттық. Карттайтық. Шаршаған, куаты кеміген, картайған адамнан, рас, «казактілінен неге макұрым калдың, байқұс-ау?» – деп сұрау бүгінде киянатка пара-пар. Алда қанша ұрпакты сорлатар екенбіз, оны бір Құдайым біледі... Алайда арамызда Ассольдар бар. «Ә»

десен «мә» деуге дайын Ассольдар есіп келеді. Бұлар да тәуелсіздік жылдарының төлі. Ар-ожданы, ұлттық намысы тапталумен келе жатқан қазактың есесінен ер жеткен бала. Қазакты үнемі толеранттылықка шакырып, тұқыртып ұстайтын билігіміздің жемісі. Шекеті нәтиже. Қазір олар саяси каруланған. Билікпен бірігіп алып қазакты мазак етудің мын түрлі әдісін де әбден менгерген. Тірлігінің жетіскені шамалы қазактың тіл мәселесіндегі титықтаған күйін былайғы жұртқа жексүрін етіп көрсетудің жолын да жаксы біледі. Мысалы, Ассоль былай дейді: «Нацики так увлечены ненавистью, что не заметили основную проблему». «Ұлтшылдардың өзгелерді жеккөрумен әуейіленгені сондай, негізгі мәселелеге мән бермейді». Ал, сонда негізі мәселеміз не еken? Негізгі мәселеміз – қазактың қаранғылығында еken. Тіл мәселесін айқайлап, ұрсып ұктыруға болмайды еken. Эйтпесе казак тілін тілді үйренгісі келетіндерге қарсы қояды еken. Мұның ақыры тұраксыздыққа әкеліп соктыруы мүмкін еken. Қазактар әдепті, сыпайы болмаса, іс насырға шабады еken. Қазакстанның күштік құрылымдары мен құқықкорғау органдары, тұтас сот жүйесі, әкім-караптар қазакты басқа ұрып отырып күнде ескеptік қоятын басты жайттың бірі бұл. Соны Ассоль да айтады. Былай деп: «Если казахи будут спокойными, уверенными и вежливыми – то стабильность у нас будет». Көрдініз бе, бар мәселе қазаққа ғана байланысты: Если казахи будут спокойными... Сонда тұрактылық өзге ұлт өкілдеріне керек емес пе? Сонда толеранттылық таныту отандастарымыздың ойына кіріп-шықпайтын болғаны ма? Қазактың жағдайын түсіну Ассольдерге сонша киын ба? Әнгімемізге оралсак, кәртамыш кондукторге аялдамалар мен көшелердін қағаз жүзінде бекіген атын жаттап алып айта салу да киын ба? Киын емес. Ен бастысы қажет емес. Алайда, оны Ассаольдардың айтқысы да, мойындағысы да келмейді. Сөйтеде де, «казак тілін алдымен шенеуніктерден талап етсін, жастардан талап етсін, кала берді мына менен талап етсін» деп талтаяды. Дұрыс, казак тілін бәрінен талап ету керек. Сонын ішінде ұлтараздығын көздырган әлгі кәртамыш кондуктордан да талап ету керек. Талап еткенде жаксылап

талап ету керек. Алматыны тәртіпсіз, бей-берекет, лас қалаға айналдырған, мемлекеттік құндылықтарды аяқ асты етіп отырган Алматы қаласының ак жағалы үлкен ұлығы Ахметжан Есімовten талап ету керек. Ата Занымызда мемлекеттік мәртебесі айшықталып көрсетілген казак тілін мойында майтын автопарктің басшысынан талап ету керек. Осындай талап етулер казак мемлекетінің ауқымында тұтас күшеюі керек. Ақыры ресми билік, Үкімет, Парламент, т.б. тіл мәселесін шешіп бере алмайды екен, онда іске жекелеген тұлғалар араласып, белсенділік танытуы керек. Бұны түсінбегендеге жол ашық. Бара берсін. «Қымтай-қымтай қызымыздын іші білініп болды» демекші, қымтана-қымтана қазактың да төзімі түгесіліп болды.

Коғамдық көліктегі жолаушыларға қызмет көрсету жайын қозғаған (тіл мәселесін емес!) Бауыржан Бердіжаров деген бауырымыз Казак Ұлттық аграрлық университетінде тәрбие ісімен айналысадын көрінеді. Жанағы «бара берсіннен» шығады, казак ұлттылдары қысым жасауын коймаса, біз Қазакстаннан кетіп қаламыз дегендей сөздің сыңайын танытады әлеуметтік желілерді шулатып жатқан карындасымыз.«Я пытаясь выяснить их платформу, программу, что именно они планируют делать, если все не говорящие казакша отсюда уедут. Каков их путь развития, когда они останутся маленькой и агрессивной кучкой?»

Байқайсыз ба, Мирманова бикеш қалай-қалай сайрайды?.. Әнгіме былай. Бауыржан мырзаны бастапқы сөзден бұрып әкетіп тілдің ахуалына тірғен сон біздің кейіпкеріміз оны суретке түсіре бастайды. Аты-жөнін шұқшиып жазып алады. Сөйтеді де әлеуметтік желілерге жазып жібереді. Ал әлеуметтік желілерде желдей есекен сөздер Бауыржанның іні-карындастарының құлағына тимейді ме? Тиеді. Тиген сон, көздерімен көрген сон олар текке қарап отыра ма, пікір білдіреді, ойларын айтады, кайсібірі кіжінген де шығар. Онда тұрған не бар? Карсы сөзге төзімсіз екенсің, коғамдық пікірдің кара қазаны – әлеуметтік желілерге жазба, жолама, жыртындал шықпа. Әлде Ассольдар ғана сөйлеп, Ассольдар ғана айқайлап отыруы керек пе? Бүтінгі күнге дейін бұқара-

лық акпарат құралдарының дені аузына келгенін құса салатын, ойы пасық, ниеті карау орыстілділердікі болып келді. Қоғамдық пікірдің мінбері солардікі болды. Сейтіп жүргенде ғаламтордың аркасында, казак сайтының каркынды түрде дүниеге келуі мен әлеуметтік желілердің пайда болуының нәтижесінде казакка да есе тиді. Қазақ та сөйлейтін, ойын ірікпей актаратын, «акырып тендік сұрайтын» (Махамбет) мүмкіндікке жетті. Міне, Мирмановалардың китығына катты тиетін жайт – осы. Өйткені, үйреніп қалған ауыз – тек өзі сөйлегісі келеді. Қашанғы дағды – өзінікі ғана жөн. Алайда, кейінгі екі үш жылдың шегінде дүние мұлде өзгеріп кетті. Қазақ коғамындағы қалыптасқан ахуалды түбірімен өзгертуге көшкен құбылыс ол – ғаламтор. Демек, казакты кез келген жерде кемсітіп кете беретіндер ғаламторға, әлеуметтік желілерге жінігіп жетіп бармастан бұрын ойланғандары абзal. Қайдағы жокты киялдан тудырып көкімestен бұрын көкейге конатын сөз айтудың мәдениетіне жеткендері жөн. Бауыржан сияқты азаматтарды арандатып, бекерге құйдіріп, оку орнына бүлікші, нацик етіп көрсетіп, артынан зәбір-жапа шегуші міскіннің халін кешкенсіп, алыс-жақын жүртқа, әсіресе, казакка қаны қатып қалған орыс билігіне жағайымсудың да жеті шамалы. Демек, толеранттылықты казактан ғана емес, әркім өзінен де талап ете білуі керек. Сыпайлық пен сыйластықты да әркім өз бойынан іздеуі керек. Сол кезде ғана «маленькой и агрессивной кучкой» шығып Казакстандағы барлық ұлттың өкілі казак дейтін дархан халықтың құшағынан орын табатын болады. Ал, Ассоль қарындасыма айтарым: картайып қалған адамға неге тисеміз? Тиіспейміз. Тиіскең де емеспіз.

Abai.kz
2013.12.06

2. ДӘСТҮРЛІ БАҚ ПЕН ЖАҢА МЕДИА

АПАРИН ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНЕН АЛАПЕС ЖАСАП ОТЫР...

«Новое Поколение» газетінің бас редакторы Сергей Апарин деген әріптесіміз Латвияда жарық көретін «Вести сегодня» газетінің тілшісіне сұхбат беріп Казакстан туралы, еліміздің ішкі-сыртқы саясаты туралы пікір білдіріп біраз көслілікті. «Казакстан Ресейден ір-гесін аулақ салып Өзбекстанның кателігін қайталағысы келмейді» деп иегін әуелете сөйлеген ол әлгі сұхбатында латыштарға былайша док көрсетіп кояды:

– Сендерге (*латыштарды айтады.* – ред) біз жактан (*Казақстанды айтады.* – ред) «Путинмен дұрыс болындар. Путинмен дұрыс болсандар бізben де әнгімелерін жарасады» деген ым жасалды. Соны үктындар ма?

Апариннің аузынан шыккан сөздің бәрін тізуге біз соншалыкты құлықсызбыз. Өйткені ол – Казакстан мен Ресей карым-катынасына байланысты әнгіме айтатын сарапшы немесе кәнігі саясаткер емес, казактың байлығына газет басып, кекірігінен азып жүрген еліміздегі ниеті айнымалы орыстілді бас редакторлардың бірі ғана. Әйткенмен де, оның мына бір сөзін оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік. Латыш газетінің тілшісімен әнгімесінде «жана буыншыл» бас редактор «Казакстанда аппарат алдымен орыс тілінде тараиды» дей келіп: «Қазак баспасөзі өзінің акымақтығынан жазып ел ішіне іріткі салудан өзгені білмейді», – депті. Сенбесеніз, оқып қараңыз:

«25-30 процентов рынка занимает периодика на го-сзыке. Но серьезного влияния она не имеет. Во-первых, из-за своей очевидной глупости, которая не идет дальше призывов к межэтнической вражде и шариковских "все отнять и поделить". Во-вторых, несмотря на

вкачивание госдотаций, они бедны, менеे упакованы и малопрофессиональны... Тираж у бизнес-изданий невелик. Малограмотный у нас народ, как ни крути»

Апариннің айтуынша, біздін елдін сауаты да кем көрінеді. Сонда ол әр бетінен қазак мұнайының исі анкитын газетін кімдерге әм кімдер үшін шығарып келген?

«Новое Поколениенің» аспанға түкіріп асқақтаған бас редакторына бізден бұрын «Караван» газетіндегі әріптесіміз Жанар Канафина хабарласып, «казак баспасөзінің өкілдерін ренжітіп алған жоқсыз ба?» деп сұрап койып үлгеріпті. Сейтсе, Апарин жолдас апиынның кәйіпінен айыққандай: «Мен ондай сөз айткан емеспін», – дейді айран асыр болып. Канафина ханым «Ендеңе, сөзінізді бұрмалап жеткізген «Вести сегодня» газетін сотка бересіз бе?» деген сауал койған еken, ол сұрактан Апарин жолдас «Жер шалғай ғой» деп сырғытпа жауап беріп құтылыпты. Апариннің жауабына канағаттанбаған Канафина ханым Апаринмен сұхбаттаскан Марьяна Иванова-Евсеева дейтін «Вести сегодня» газетінің тілшісіне хабраласады. Хабарласып жөнді білген еken, аталған газеттің тілшісі Апариннің айтканын айна-катесіз көшіріп алыш жария еткенін мәлімдепті. Ал, енді Апарин қарап қалсын ба, акпарат кеністігіндегі дауды бір жакты етпек ниетпен «...артымен сұнгіп» «Новое Поколениеге» салакұлаш мақала жазып актальп бағыпты. Актальп баккандағы сөздеріне сенсек, бұл жігітіміз бұрынғы «Өркен-Горизонт» газетінен қараканаттанып ұшыпты. Екі тілге де жүйрік көрінеді. Қазакшадан макалалар аударған кезде казак журналистерінің біліктілігіне тәнті болыпты. Осылайша ұзынан шұбатылып кете береді. Ақырында казаққа Апариннен адал жанды табу кынға соғады. Бірақ, «Күдайсыз курайдың басы сынбайды». Апарин аузынан қағынбаса, айдаладағы «Вести сегодня» газетінің тілшісі казак баспасөзін әлгіндей етіп даттамас еді ғой?.. Сыртқа аттап басса, сырт пифылын жасыра алмайтын адамның әйдік газетті басқарып отырғанына осы жайттан кейін құрылтайшылары калай қарап еken? «Шетел баспасөзін бетімен жіберген» (*H. Назарбаевтың сөзі*) күзырлы орындар не дер еken? Көреміз...

Abai.kz

ҚҰНТЕКТІ АЛАШ

Abai.kz акпараттық порталы ғаламтор әлемінің есігін ашкан күннен бастап Алашорда ардагерлерінің сонында қалған мұраларын ыждағатпен жинастырып, алаштанушылардың зерттеу енбектерін үзбей беріп келеді екен. Казір порталымыздың мұрағаттар корында Тұрсын Жүртбай, Дихан Қамзабекұлындай алаштанушы эйдік авторлардың енбектері казынабасы жауһар дүниелердің сорты ретінде қалыптасып та үлгерді. Қазак басылымдарында жарық көріп жаткан Алашқа қатысты дүниелерді де сілтемесін көрсете отырып, «Абай» қопасына коныстандыра бастаппыш. Бұл әрекетімізді түяк-қапты тірліктің күнкілінен биік сөйлей алатын ағайын іштей ұбып, «азымыздың» өзін алтынға балап жүргеніне кәміл сенімдіміз. Әйткенмен де, Алаш мұрағатын қалыптастыру жұмысы бізден басталды деген астам пікірден аулакпыш. Көпке мәлім, Алаштану идеясының көші 1980 жылдардың ортасынан ауа қозғалды. Ендігі максат – осы бағытты жетілдіре тұсу, іргелендіру, кешенді мемлекеттік саяси институт деңгейіне жеткізу. Сондыктан алаштану ғылыми бүтінгі казак қоғамында тиянакталды, нұктесі койылды дей алмаймыз. Ендеше, екі кадам ілгері басса, ешкікөздене еліретін туысқандарға ескертпе: «Алғашкы Әлихантанушы мен едім», «Әлекеннің жазғандарын Орынбор, Петербор архивінен тауып, жариялаған касқан біз боламыз» деп кеудені дүнк-дүнк соғу, сыпайы кайырсақ, акымақтықтың асқынған түрімен аяқталады. Ал, Әлихан Бекейхан, Ахмет Байтұрсынов бастаған санлактар ізін саралау – «Күн сөнгенише сөнбейді!» Осы ақиқатты алдымен сол ғазиз ағалардың өздері айтып кеткен. «Күн сөнгенише сөнбейміз! – деді олар. – Алаш туынын астында!»

Күн және Алаш. Қекте – Күн, Жерде – Алаш. Апырау, казактың кешегі халін көре тұра алашордашылар «сөнбейміз», «өлмейміз» деген сөзді калай айткан?

Кандай күш ол сөзді Алаш оғыландарының аузына салып тұрған? Біз бүтін тап солай айта аламыз ба? Иә, айтамыз, ауызекі әжүк-гүжік әңгіменің арасында айтып та жүрміз. Бірақ, рухсызбыз. Рухсыз айтамыз. Сөздін рухын түсінбеген сон амал кем. Ендеше кайтпек керек? Қалам кемірген қағазбасты ағайын қабылдар, қабылдамас, біз алашордашылардың рухын түсіну үшін алдымен Алаш сөзінің мағынасына жетіп алу керек шығар дейміз.

Алаш сөзінің сырын ұғуға алдымен алашордашылардың өздері ұмтылыпты. Еліміздің батыс аймағындағы алашордашылардың іздену нәтижесіне сүйенсек, «алаш» қалмактан шықкан сөз екен. Еділ бойының қалмактары қайта-қайта шауып, дүркін-дүркін дүбір салатын қазакты шапқыншы, яғни «алашшы», «алашы» деп атаса керек. Ежелгі жау қалмактың есін алып, үрейін ұшырған қазак атының алаш атты вариантын алашордашылар бәлкім, сес көрсету үшін, жігер жану үшін әдейі иеленген шығар. Алайда, алаш этимологиясының тарихы тым әріде емес пе? Алаш оқымыстыларының ол жайттан хабарсыз болуы негайбыл. Жаңағы «алашшы», «алашы» сөзінің қазакпен қатар көшіп қонған қалмактың аузынан табылуында да терен мән бар. Қазак тарихының білгірі Мұхтар Мағауин бұрынғы қазак хандағы «алты алаш, яғни алты ұлыстың бірлігі еді» деп жазады . Тұрсын ханның қазак ордасына опасыздық істеуінен қырылып кеткен катағандар мен өзбек ішіне сінген құрамаларды есепке алса, алаш алтау емес, сегіз болады екен (*бұл да Мағауиннің байланы*). Демек, алаш қазактан да әріде болып тұр ғой. Солай сиякты. Ендеше, алаш атауын ықылымнан іздесек кайтеді. Сөйтіп көрелік. Ол үшін Шокан Уәлиханов жазып қалдырған мына бір естелік-ертеккек көз жүгіртіп шығалық:

«Ерте, ерте, ертеде, Тұранда Абдулла есімді хан болыпты, басқа бір аныздарда оны Абдул-Әзиз хан деседі, осы ханның алапес ауруына шалдықкан Алаша есімді ұлы болыпты. Осы жұқпалы аурумен ауырғандардың барлығын елден аластайтын көнеден келе жатқан салтты орынданай отырып, әкесі алапес баласын

елден аластайды. Сол заманда, Абдулла ханның асқан каталдығына төзбеген ашыққан адамдар Сыр өзенінің солтүстігіндегі далаға, Қаракұм мен Борсық құмдарына кетіп казакылық жасай бастады. Олардан шыккан батыл да ержүрек батырлардың саны үш жүзге жетіп, тез арада күш куатымен және байлығымен танымал болады. Бірнеше жылдар өтіп, күйзеліс басталады: казактардың конысы көршілермен ұдайы болған соғыстарда жеңіліс табады. Даланың еркін елі аштыкты сезініп, ағайын арасындағы бассызыздық пен алауыздық оларды ыдыратып, өзара соғыска алып келеді. Ынғайлы уакытты пайдаланып Абдулланың өзі бейбақтыкты сонына жеткізудің жолын қарастырады, оларды біржо-ла құрып кетуден көрегендіктің күші ғана құткарады. Осындай киын-қыстау жағдайда екіжүздіктің ішінен Алаш (жат жұрт) деген дана карт шығып, соншалық ақылға қонымды сөз айтқаны сондай, казактар оны өздерінің рубасы, қазысы етіп сайлайды және оның ақыл кенесімен Абдулла ханның елден аластатылған алапес ұлы Алашты шақырып хан сайлайды. Осылайша, далаңың кезбе казактары енді салауатты қоғам мен ұлтқа айналады. Өздерінің жеке тәуелсіздігінін құрметіне өздерінің ханы Алаш пен рубасы әрі қазысы Алаштың есімдеріне естелік үшін Алаш немесе жұздіктің санына (үш жұз) карай Үш Алаш атанады. Осылайша Алаш ел болды, Алаша хан болды» (*Ш. Уәлиханов, Қөптөмдік шығармалар жинағы*, 2 т, 173 б).

Бұл, эрине, аңыз-ертегі. Аңыздағы Алаш хан алапес дертіне шалдығып, бала кезде хан ордасынан, экесінін қасынан аласталыпты. Аңыз көніліңе олқы соғады. Оның үстінен, алашка атын берген ханымыз алапес екен. Аңыздың астарына бармай сөзді тұра кабылдайтын адам үшін бұдан әрі айтартмыз шамалы. Ал, «содан кейін не болыпты?» дейтін қызығушылықпен әңгіменің аяғын күтетін оқырманның тосын бір жайтка көз жеткізері даусыз. Оқырманымызды ғажайыпқа кенелту үшін біз осы арада казак мифологиясының тылсым катпарларын ашкан, ғұлама ғалым Серікбол Кондыбайға жүгінеміз.

«Алаш – прототүркілердің ортаазиялық тобының мифологиясындағы күн және шарт пен келісім тәнірінің есемі».

«Алаша – мифттік алғашкы адам, алғашкы коғам құрушы, билеуші, батыр» (С. Кондыбай. *Толық шығармалар жинағы*, 1 том, 86 бет).

Міне, көріп отырыздар Алаш Күнтекті тәнір ие екен. Үндіевропалық, үндіирандық елдердің қай-қайсысы болсын алғашкы адамды өздерінен бастайды. Мысалы, скандинав елдерінің мифологиясында адам пішінді алғашкы пенде – Имир. Тәнірлер оны өлтіріп денесінен ғалам жасайды.

Ийма – ежелгі иран мифологиясындағы алғашкы адам. Ол жер бетіндегі жасампаздықтың бастауындағы тұлға.

Яма – үнді мифологиясындағы бірінші адам.

Скифтерден қалған аныздарда жер бетінің алғашкы тұрғыны – Папай. Грек мифологиясында да Тәніртекtes адамдар жер бетіне бірінші болып «түрен» салады. Үнділерде олар қайырымды Ашвиндер бейнесінде көрінеді.

Серікбол Кондыбай әлем елдерінің мифіндегі Тәнірие тұлғаларды Алашпен туыстырады. Сөйте келіп біз тіксіне қабылдаған «алапестің» құпиясын ашады.

«Егер зерттеушілер Алашаның алапестігін «мынау шынында да ауру алапес болған екен» деп қабылдай қойғаның өзінде, тағы бір тұп ата – Қалшаның да дenesінде қалы бар екен деп тіке түсіну ұят болар еді. Өйткені, ата-бабасын қайта-қайта ауру қыла беретіндегі өткен бабаларымыздың басынан ат теуіп пе, тек олар ежелгі мифтік Күн мен оның күнтекті інісін осындај жолымен астарлап түсіндірген» (С. Кондыбай. *Толық шығармалар жинағы*, 1 том, 109 бет).

Сонымен, қал, ала, ала-шұбар Күн әлеміндегі белгілер немесе таңбалар болды. Аныздағы Алаштың (Алаша ханының) ала болып туылуында да әлгіндей Күн тектілік жатыр. Сонда алашордашылардың Алаш атын ұрандап шығуында осындаі тылсым сыр болғаны ғой. Алашшылар өздерінің күн текті ұрпак екендерін бек түсінген. Олардың «Күннен туғанбызы», «Гүннен туғанбызы» (Мағжан) деп күркірәй сөйлеулерінде Күнтекті

сөнбес сәуленің рухы жатыр. Сол себептен де олар жын бүркіп, жын атқан қасап заманның қанды езуінде кетіп бара жатып жасып-жабырқаған жок. «Алаш туы астында Күн сөнгөнше сөнбейміз!» деді. Күн сөне ме? Оған пенденің ақыл-ойы жетпейді. Сен де Күнтекті алаш ұлдарында бол, казак ұланы! Ұлт мұддесі женіліс тапқан сәтсіздіктердің ешбіріне мойыма. Сәтсіздіктің, женілістің, бүтінгі бүтінделмеген тірлігінің бәрі де уақытша, сенің азаттықтың қадірін танып, қасқайып өмір сүрге деген ұмтылысың ғана мәңгілік. Алашшыл бол, алашшыл болайық, ағайын!

Abai.kz
2011.09.14

«АБАЙШЫЛ БОЛЫШ, АРАША ТҮСЕЙІК»

Казақстанның тәуелсіздік алғанына жиырма жылдан асты. Осы уақыт аратығында қазақ баспасөзінде қанишалықты бетбұрыс байқалды? Қазақ басылымдары бүгінгі күн талаптарына жауап береме? «Айқын» газетінің тілшісі қойған осы және өзгеде саулаларга «abai.kz» ақпараттық порталының бас редакторы Даурен Куат жауап береді.

– Иә, казак үшін аяулы, кастерлі ұфым болғандыктан, екеуара әнгімемізді тәуелсіздіктен бастап отырмыз. Қандай көлемдегі, нендей мазмұндағы макала жазсын, қазак зиялышы, журналисі сөздің басын тәуелсіздіктен бастайды. Бірақ, казакстандық баспасөздің бәрі осындай ма?! Бәрі біз сиякты ма? – дейді Даурен Куат. – «Осы уақыт аралығында казак баспасөзі қаншалықты өзгерді?» деп сұрап жатырсын. Көп өзгерді. Тәуелсіздікпен бірге өзгерді. Алайда біздің орыстілді әріптестеріміз өзгере алды ма? Өзгерсе, газет-журналының дизайны, бояуы, материалдарының берілу формасы, студиясы, декорациясы, әуе толқынында сөйлеу мәнері өзгерген шығар. Бірақ пиғыл-ниеттері өзгерген жок».

– Мұнымен не айтқыныз келеді?

– Біз казак баспасөзінің қаншалықты өзгергенін, мазмұн, такырып түрғысынан қаншалықты байығанын, мемлекетшілдігін, мемлекеттін, халқын, ел билігіндегі азаматтарын жақсы көретіндігін дәлелдей алмай келеміз. Былай қарасаң абсурд, әйтсе де, шындық – осы. Өйткені, билік пен оқырманымыздың орыстілді баспасөзге байланғаны сондай, солардың айткан сезін – сөз, пікірін – пікір деп қабылдайды. Эсіресе, билік. Биліктегі акжағалы ұлықтарымыз. Сондықтан өзіміз жақсы білетін сұрактың жауабын қайталап, «жауырды

жаба токығанша», накты мәселеге көшкеніміз абзал: билік казак баспасөзіне деген көзкарасын өзгертсін. Орыстілді баспасөз бірдене дей қалса, «ойбайлап» үшпай, казак баспасөзінде айтылып жаткан құнды пікірлерге құлак ассын. Сынына төзімділік танытсын. Сұрағына жауап берсін. Орыстілді баспасөздің байлығын еселеуден ерінбейтін ірі жарнама көздерінің кызметін бакылауға алып, «Жарнама туралы» заңды қайтадан қарасын. «БАҚ-тың бағы – тіл» деп баяғыда бір жазғанымыз бар еді... Қыска қайрып айтканда, жоғарыдағы біз келтірген азын-аулақ талапқа билік жауап берсін, сол кезде ғана қазактілді БАҚ заман талабына толықканды жауап беретін болады.

– **Өзің айтып отырғандай, қазақ және орыстілді баспасөзге деген қоғамдағы тең емес көзкарас қалай қалыптасты, оған қайтіп жол бердік?**

– Тәуелсіздігімізді жариялаған құннің ертеңінде (бұл жайтын жасырып-жабудың кажеті жок) Қазакстан қоғамы қазактілді және орыстілді орта болып екіге бөлінді. Қазактілді ортаның талабы – тәуелсіздік талаптарынан басталған тарихи заңды талаптар болатын. Бірак 70 жыл кенес өкіметінің алаканында әлпештелген, дегені болып, десі қайтпаған орыстілді орта барынан бір қунде айырылып калудан катты корыкты. Сөйтті де, қоғамдық пікірге ықпал етудің қуатты каруы – баспасөзге жабысты. Баспасөз арқылы бастапқыда қазақ билігінің өзін кекетіп-мұқатып, қазақ мемлекетінің болашағына құмәнді пайымдаулар айтып жатты, акырында бұл ойларының кате екендігін түсініп, қазақ тілінің «қабілетсіздігін», қазақ мектептеріндегі «білімнің таяздығын», қазақ баспасөзінің «сауатсыздығын» дәлелдеуге тырысты. Және осы әрекеттері ә дегеннен нәтиже беріп, олар қазір қоғамдық пікірді билеп-төстеп отыр. Біздің есер шенеунік пен дүниені ойсыз, құмәнсіз қабылдай салатын оқырман әлі сол орыстілді баспасөздің айтқанына сеніп, айдағанына көнүде.

Мемлекет – идеологиясыз мемлекет емес. Ал, идеология әрине, БАҚ арқылы, әдебиет пен кино арқылы жүргізіледі. Демек идеологиямен БАҚ-тың арасында белгілі бір тәртіп, құрмет, тең дәрежедегі карым-ка-

тынас пен өзара түсіністік болуы керек. Бұл – әлемдік саясатқа ықпалды елдердің баспасөзі мен идеологиясында бұрыннан бар дәстүр. Тек сырт қозғе ғана көрсете бермейді. Мысалы, казіргі Ресейді біз Ресейдегі БАҚ арқылы танимыз. Ресейлік БАҚ бір мақсатқа – Ресейдің үлкен саясаттағы орнын сактап калуға жұмыла жұмыс істеуде. Идеология ма? Идеология. АҚШ баспасөзін жедел әрі сенсациялық акпаратпен кейде АҚШтың барлау қызметі камтамасыз ететінін де бүгін етептеп біліп, естіп жаткан жайымыз бар. Өзін-өзі сыйлайтын мемлекеттердің бәрінде осылай. Сөздің турасына көшсек, еліміздегі орыстілді БАҚ қазақстандық идеологияға жұмыс жасамайды. Бигелді Фабдуллиннің газетінен өзге орыстілді баспасөздің кайсысы қазактың шынайы тарихын, мәдениетін, тілін, әдебиетін жазып, насиҳаттап жатыр?! Серік Мәлеевтен өзге орыстілді кай қазак қазактың тілі үшін шыр-пыр болып, өзіне азапты жұмыс тауып, қазак баспасөзінде жиі жарық көретін өткір макалаларды орыстіліне аударып отыр?! Ендеше, билік қазак баспасөзінде айтылып жаткан құнды пікірлерге құлак ассын. Сынына төзімділік танытсын. Сұрағына жауап берсін деген талабымыз орынды шығар деп ойлаймын. Осылар шетінен орындала бастаса, біз де өзімізге койылатын кәсіби талапты күшайте түсер едік.

– Қазақ оқырманы ше? Олардың акпараттық өнімге қатысты талғамы мен сұранысы қаншалықты ауысты? Олар қазір нені қалайды?

– Қазақ оқырманы бәрін қалайды. Қазактың жаңы сүйіп оқитыны – поэзия немесе проза, тек кана танымдық шығармалар десек кателесеміз. Оқырманның рухани сұранысын арттырып, денгейін көтеру үшін, әрине, интеллектуалдық дүниелер керек. Бірак «казак та адам баласы» (Абай), оған да базардың наркы, банктің қызыметі, балабакшаның тәрбиесі, киім-киіп, ас ішудің, үй сәндеудің кыр-сырын білдіретін мәлімет керек. Сондай акпараттық өнімге қатысты сұраныс өте зор. Қазак баспасөзі оқырманның әлгіндей сұранысына ден койып жүруі керек. Өзіміз білетін Ресейде қазір газет-журналдың қандай түрі жок десеніші?! Қажет десеніз, көрген түсінізді жорып беретін журналдар да бар. Жалпы,

окырман сұранысын, әсіресе, оқырманның сапалануын ойлап, бұрынғы «Қазак», «Айқап» басылымдарының жолымен шықкан, шығып жатқан газеттер мен телебағдарламалар бізде аз емес. «Халық Кенесі» деген газет болды. Белгілі журналист-публицист Жұмабек Кенжалин баскарған. Салмакты, мазмұнды мақалаларымен мемлекеттік ой-сананы калыптастыруға болатынын алдымен дәлелдеген басылымның бірі – осы газет болды. Шерхан Мұртазаның тұсындағы «Егемен Қазақстан», Жарылқап Бейсенбайұлы «бесігінде тербеткен» «Ана тілі», Нұртөре Жүсіп туын жайқалткан «Жас Алаш», Мейірхан Ақдәuletұлы орталыктан жыракта жатып шығарған әйгілі «Алтын Орда», Талғат Ешенұлының «Жас Қазағы», Қазыбек Исаның «Жас казак үні», Ермұрат Бапидін «Дат» жобасымен жарық көріп жаткан газеттері оқырманның талғамын да, тандауын да өсірді. Ойлы оқырманның бәрін ұлт қамы үшін толғанатын, жаны ауыратын азамат етіп калыптастырды.

– Элемдік журналистикадағы басты тенденция – интернет журналистика көшіне қазақ журналистері ілесе алып отыр ма? Қазақ сайттары қай жағынан ұтып, қай жағынан олқы шығуда?

– Интернет журналистика көшіне қазақ журналистері де бірден ілесе жөнелгенін бәріміз көріп отырмыз. Интернет журналистика еліміздегі ресми, бейресми БАҚ-тың бәріне балама әрі бәсекелестік әлеуеті күшті ақпарат көзіне айналып үлгерді. Мен қазір қазақ сайттарының және тездетіп ашылып жатқан қазактілді сайттардың бәрі ұтыска шығып отыр деп есептеймін. Себебі біздең газет-журнал, телеарналардың форматына лайықталып жасалған ақпараттар мен мәтіндерден жүрт, әсіресе, жастар жалықты. Сондықтан да олар ғаламтор арқылы тарайтын ақпараттарды тұтынатын қауымға айналып шыға келді. Тұтынушы ғана емес, олар азаматтық журналистиканың дамуына да үлес косуда.

– «Келешекте газеттердің тиражы кеміп, онын орнын интернет басылымдар басады» дегенге қалай қарайсын? Оқырмандардың газеттен интернет ба-

ссылымдарға ойысу тенденциясы қазір байқала ма?

– Келешекте газеттердің тиражы сөз жок кемиді. Құнделікті тұрмысымызға еніп жаткан технологиялардың бәрінде үнем мен пайда алдыңғы орынға шығуда. Демек, көп шығынды қажет ететін газеттер енді аз жылдардан сон БАҚ-тағы орнын интернетке бере бастайды. Интернет тек газеттің ғана емес, телевизияның, радионың да қызметін пәрменді түрде бір арнаға біркітіреді. Былайша айтканда, аталған БАҚ түрлері жана медиа – интернетте топтасып, бұрынғысынан да зор қуатқа ие болады. Интернет дәстүрлі БАҚ-ты жокқа шығармайды, дамытады.

– **«Abai.kz» сайтында бастапқыдағы мақсат пен бүгінгі нәтиже арасында сәйкестік бар ма?**

– Ұлық бір жында аузы уәлі ағаларымыздың бірі: ««Abai.kz» акпараттық порталы азат ойдың аланына, ұлттық пікірлердің трибунасына айналды», – деді. Фаламторға қазақша контент енгізіп, өз әлінше күнін көріп жаткан ««Abai.kz» туралы ешкімнен ешкандай пікір сұрап көрмеген едім. Ел іші, зиялғы орта солай деп жатса, солай шығар. Біздің мақсат – Дэн Сяопин ақсакал айтпақшы – «бәріне іспен жауап беру» ғана.

– **Қандай жаңа жобаларды қолға алу ойларында бар? Фаламтордағы қазактілді контентті байыту үшін тағы не істеуге болады?**

– «Абайдың» аясында «Араша» (www.arasha.abai.kz) атты акпараттық-құқықтық сайтты шығарып бердік. Ілгеріде алашордашылар ағартушылық саясатты қалай дәріптесе, біз бүгін құқықтық сауатты солай дәріп-теуіміз керек. Бізде расы керек, «қандай қажетіме жаратам» десен, сол қажетінді өтейтін зан бар. Бірак занға деген сұраныс пен талап жок. Занға деген сұраныс болмағандықтан, елімізді зансыздық, коррупция, қылмыс жайлап барады.

Ал бұл жоба арқылы біз біріншіден, зан мен құқық саласындағы елеулі жаңалыктарды тұракты жарияладап отырамыз. Екіншіден, оқырман сайттан өзіне керекті зандарды тез тауып ала қоятындей жағдай жасаймыз. Үшіншіден, оқырмандардың өздері коғамдағы зансыздықтар мен құқық бұзушылықка күә болса, соны осы сайтта жарияладап, талқылай алады. Бұл мақсатта «Ара-

ша сұраймын» деген арнайы айдар ашылған. Яғни, әр оқырманға өзі түсірген видео мен фотоға түсінік жазып, оны дереу сайтқа жолдау мүмкіндігі берілген. Осы арқылы қоғамдық құқыктық бакылау орнатсак деген ойдамыз. Төртіншіден, кез келген азаматтың, әсіресе, колы әр нәрсеге еркін жете бермейтін адамдардың тегін зангер кенесін алу мүмкіндігін камтамасыз етпекпіз. Осыны ескеріп, сайтта «Зангер кенесі» деген айдар аштық. Оған коса бұл сайтты мультимедиалық сайт етіп әзірледік. «Арашада» суреттер, видео көріністер мейлінше көп топтастырылмак. Бір кездері АҚШ-тағы афроамерикалық, яғни, кара нәсілділердің азаматтық какы үшін Мартин Лютер Кингтін азапты тағдыр кеше отырып күрескенін, күресінің түпкілікті нәтижесінде женіске жеткенін жаксы білеміз ғой. Сол сиякты бізде де мықты зангерлер казактың какын заңдан талап етіп, қоғамымыздың ділін түзер деген ойдамыз. Абайшыл болып, әділетсіздікке ұшыраған жандарға араша түсейік.

Сұхбаттасқан – Айжан КӨШКЕНОВА

Abai.kz

2012.02.14

ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ: ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАБУЫ КЕРЕК?

Ақпанның 28-і күні «Аманат» интеллектуалды пікір-сайыс клубының жетекшісі Берік Үәли мырзаның шақыруымен «Жаңа ақпараттық саясат» атты тақырып бойынша өткен дөңгелек үстеге қатысып сөз сөйлеген едік. Сол жынын үстінде айтқан ойларының Abai.kz порталының оқырмандарына ұсынуды жөн көрдім. Сонымен...

1. ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ: НЕ ҰТТЫҚ? НЕДЕН ҰТЫЛДЫҚ?

Елбасымыз бар, Мемлекеттік хатшымыз бар – бәріміз ақпараттандыру саясатына назар аударып, көніл бөліп жатырмыз. Бұнымыз өте дұрыс. Мениңше болғанда Мемлекеттік хатшы Марат Тәжиннің тұжырымдамалары билік пен баспасөздің бұдан былайғы карым-катынасы калай болуы керектігін, қандай форматта калыптасуы керектігін анғартса керек. Хатшы «БАҚ үгіт насиҳат құралы болып калмауы керек» деді. «Ура-ураны азайту керек» деді. Мемхатшының бұл байламдары баспасөздің өз миссиясын өзіне кайтарып беру кажет дегенді анғартады. Осы жайтты басқа емес, алдымен, журналисттер кауымы, біз өзіміз түсініп алушымыз қажет сиякты.

Баспасөз бетіндегі «ураларды» айтсақ, ойымызға бірден казак газеттері түсетін шығар. Алайда, казак газет-журналдарының өткен жиырма жылдағы бар тарихы «уралардан» ғана тұрмайды. Олай дейтін болсақ кала-мына адал, мынау заманның бар киын-кыспағына үнсіз төзіп келе жаткан журналистердің енбегіне киянат жа-сағанымыз. Мәндай терге, төзімге, сенімге, сарқылып

жұмсалған қажыр-қайратқа киянат жасағанымыз. Қысқа қайрып айтсам кейінгі жиырма жылдың шегінде:

-Казак газет-журналдарының қарасы қөбейді. Жүрттың колы салыстырып оқитын баспасөзге еркін жете бастады;

-Жабық тақырыптардың бәріне түрен салынды: тарихи актандастар, ұлттымызға жасалған зорлық-зомбылық, сынақ алаңдары, экология, көші-кон мәселесі, әйгілі адамдар өмірінің күпия беттері, ұлттық-этнографиялық танымдық дүниелер... Құдай-ау, толып жатыр;

-Алаштанушылардың институты да осы казак баспасөзінің бетінде қалыптасты.

Ал, енді осының бәрін жокка шығарып, аузымызды күшепен сүртіп, қарап отырайық па? Жок. Тегінде, өткенді бағаламай, оның жаксы жағын, мазмұнын түсініп алмай ілгері жылжу мүмкін емес. Осыны алдымен ойымызға бекітіп алайық. Әйтпесе, бәрін ысырып тастан өмендегенімізден ештеңе өнбейді. Кезекті бір науқан болады да кояды. Қысқасынан қайырсақ, мазмұн жағынан казак баспасөзі ұтты, баянды белге көтерілді.

Ұтылған жағымыз да бар:

-Ақпараттық технологиялардың дамуынан үнемі кейін қалып келеміз;

-Жарнама нарығында шет какпай көрудеміз;

-Оқырман сұранысын зерттеп, соған орай «өнім» ұсынудың тәсіліне аса мән бермейміз, менеджмент жок;

-Өзара қәсіби бәсекелестік дегенді бакталастық деңгейінен жоғары көтере алмаудамыз;

-Ақпараттық кеңістігімізді беріп койдық, т.б.

Калғанын күнде айтып журміз, оны өздерінде жаксы білесіндер. Ең бастысы біз осы уақытқа дейін билік ұлттық акпараттық қауіпсіздікке мән берсе еken деп зарлаумен келдік. Соны, сол мәселені –

2. ҰЛТТЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ

– дегенге кезекті рет көніл бөлейікші. Сендер Ресей телевизиондарының біздің елде калай тарап жатқандығынан толық хабардарсындар. Ресей билігі сол телевизиондардың Қазақстанда таралуына каншалықты мүдделі

деп ойлайсындар? Эрине, олар өздері ықпал ететін акпараттық кеністікте қазак билігі тұтас қоғамымен өмір сүргенін қалайтын шығар. Оның үстіне бұл заманда кім кімге акпарат кеністігінде ықпал еткісі келмейді дейсіз. Мен сіздерге айтайын, бір қызығы орыс газеттері мен телебағдарламаларының, радиохабарларының таралуына алдымен біз өзіміз құлшыныс танытудамыз. Алма-ТВ, Айкон-ТВ дегендерді білесіндер. Кабельді сигнал арқылы телеарналардың таралуын қамтамасыз ететін құрылымдар. Осы Алма-ТВ, Айкон-ТВ дегеннің екі тізгін бір шылбырын қолына ұстағандар «әке-көкелеп» Ресейге барып телеарнабасшыларымен келіссөздер жүргізеді. Сөйтеді де, НТВ, РентВ, т.б. арналардың Казакстандағы қалаларда кабельдік жүйе арқылы таралуын қамтамасыз етеді. Аталған арна қожайындары эфирді тегінге бермейді, қып-қызыл ақшаға береді. Сол ақшаны қайтарып және оның үстіне пайда табу үшін жанағы Алма-ТВ қайтеді дейсіз ғой, жарнама тартады. Казакстандағы барлық жарнама берушілерді Ресейдің телеарналары арқылы ұстап отырады. Осылайша Алма-ТВ ақша үшін акпараттық экспанцияға жол ашып, әрі орыс телеарналарын байытып жатыр. Демек, Казактелеком басшылығымен бірлесе отырып бетімен кеткен Алма-ТВ, Айкон-ТВ сияқтылармен Мемлекеттік хатшы немесе Мәдениет және акпарат министрінің бірі дұрыстап сөйлесуі керек. Орыс телеарналарының таралымына тыйым жасау өз қолымызда, бірақ соған мойнымыз жар беремей, жар берсе де, «жағдайымыз» келмей-ақ жүр.

Ресей газет-журналдарының таралымы да осындей кепте. Қазпресс, Ернұрпресс... осындей пресстерді білесіндер. Сол пресстер орыс газеттерін Ресейден «прест-теп» экеліп таратудан ерінбейді. Нарыкты, нарыктағы сұранысты әбден менгеріп алған. Ресейден әкеледі де үйіп тастайды. Қазакстандық биліктін үгіт-насихатынан шаршаған жұрт оны пышақ үстінде бөлісіп алады. Соңғы кездері орыстілді газет-журналдар Қазакстанда бұрынғыдай көп таралады деп айта алмаймын. Бірақ, жанағы «престер» үйреніп калған жүрістерінен танарап емес. Ресейдің 140-130 миллион халкы бар. Оқырман қауымы

бізден әлдекайда көп. Сондыктан орыс басылымдары Қазакстанға нарық таппай келіп жатыр дегенге мен өз басым сенбеймін. Олар Қазақстанның акпарат саясатын жүргізетін алаң таппаса, пәлендей табыс тауып жаткан жок шығар. Алайда, бұны саралтау керек. Есеп жүргізу керек. Ен онайы әлті Қазпресс, Ернұрпресс дегендердің жарғысын қарап, кайта тіркеуге алу керек немесе қызметтеріне тиым салу керек. Сол кезде барып біз аттап бассан алдынан шығатын саржағал орыс журналдары мен газеттерінен құтыламыз. Әйтпесе, осылай жүре береміз. Орыссыз өмір сүретін уақыт болды емес пе?! Осыны біздің жігіттер неге ұкпайды? Тұсінбеймін.

Бөтен тілде акпарат тарататын, бөтен елдін баспасөзі бізге дос болмайды. Ал үлкен саясатта үлкен достық, тіпті, жок. Болмаған да. Сондыктан бұл ұсак-түйек мәселе емес, Марат Тәжиндер, Мұхтар Құл-Мұхамедтер ойланатын мәселелер.

3. АЙМАҚТЫҚ БАСПАСӨЗ. БАЛАМА БАР МА?

Ұлттық акпараттық кауіпсіздік туралы ойлағанда біз аймактардағы казак журналистикасының жай-куйін де тұракты сөз етіп, білгенімізді ортаға салып жүруіміз кепрек.

Казір облыстық, аудандық газеттер ескірді, картайды. Аталған газет басшыларының да жасы ұлғайып кетті. Олар өздері баскарлып жүрген газеттерден де әрмен картайды. Неге десеніз, газет әйтеуір жана заманың жаналықтарын айтып, соны хабарлап жатады ғой. Мына заманда облыстық, аудандық газеттерге жастар бармайды. Қайтіп барады? Екі жастың біріне келмей картайып, қаусап отырайық деп бара ма? Өйткені облыстық газеттердегі патриархтар, аксакалдар дейікші, сені өзінен асырғысы келмейді. «Бала, кайда барасын, тоқта, – дейді. – Біз сендей кезімізде үлкендерге дүкеннен отты су мен темекі таситынбыз. Сен де әйда, шап, мәгәзінге!» Бұл бір жағынан қызық, өзінше тәтті өмір. Бұзғын келмейді. Бірақ, бүгінгі акпараттағы аламан бұндай өмірге қарамайды. Сондыктан облыс орталықтарынан казак сайттарын ашу керек. Әрине, менің бұл пікіріме оппоненттер көп табылатын шығар. Мен олар-

ды түсінемін. Рас, интернетке шекара жок. Аймақтың мәселесін Алматыда, не Астанада отырып алып қаузай беруге болады. Алайда, сен аса бір елеулі оқиға болмаса, ұзына кеш өз сайтыңды аймақ мәселесімен ұстап отыра алмайсың ғой. Солай ма? Ал, облыс жұртшылығын алдымен облыс аумағындағы ауыс-түйіс, гу-гу әңгіме, ұсак-түйек оқиға, шетін мәселе кызықтырады. Солар толғандырады. Ендеше облыстық, аудандық газеттерге балама ретінде аймактағы акпараттарды толасыз жариялайтын казак сайттарын неге ашпаймыз? Бұл біріншіден, аймактардағы казак журналистикасының дамуына әсер етеді. Екіншіден, аймактардың мәселесін республика жұртшылығының назарында ұстауға мүмкіндік тудырады. Үшіншіден, акпараттық тұтастықты камтамасыз етеді. Төртіншіден, жергілікті билік органдарын акпарат саласымен жаңа ұлгіде жұмыс жасауға жетелейді. Бесіншіден, аймақ түркінділік арттырады. Осылай тізе беруге болады. Егер, облыс орталықтарындағы жалынды жастардың ойында сайт ашу мәселесі жүрген болса, Abai.kz ұжымы ақыл-кенес беріп, тәжірибе бөлісуге дайын.

Менін білумше, кейінгі кездері облыстық газеттердің қағаздық нұсқасынан гөрі веб-парапашалары көп қарала бастайтын болды. Кейбір газеттер, мысалы, Актөбе облыстық «Актөбе» газетінін электронды нұсқасы барлық талапка сай жария көріп тұр, altaynews.kz сайтының жаңалықтарына орталықтағы телеарналар сілтеме жарайтындей жағдайға жетті.

Ел ішінде интернет жаңалықтарын тұтынуға деген сұраныс та жоғары. Осыны ескере отырып Мәдениет және акпарат министрлігі Қазателеком АҚ-мен ортақ мәмлекеттік кол қойып алыс ауылдарға дейін интернет желісін тартып беруі керек. Біз қағаз өндірмейтін елміз. Жеріміз ұлан-байтак. Газеттер уакытында жетпейді. Ал, интернет «алты айшылық жерлерден көзінді ашып-жұмғанша жылдам хабар» беріп отырады. Осы бір шаруаны тездедіп колға алып жіберсек, акпараттандыру саясаты өзінің алғашкы нәтижесін беріп үлгерер еді.

4. ИНТЕРНЕТ ЖУРНАЛИСТИКА

Аймактық баспасөз туралы айтып отырып біз аяңдап Интернет журналистикаға да келіп қалыптыз. Қазір осы Жана медиа жайында айтып жатырмыз, күнде айттын болдық. Мен соның ішінде мына бір жайтқа токталсам деймін.

Интернет журналистика азаматтық журналистиканың белсенділігін тудыруда. Бұл дұрыс. Бірак казак интернет журналистасын ойлағанда біз казак баспасөзінде қалыптасқан мектепті, қалыптасқан қесіби біліктілікті үмітпауымыз керек. Турасына көшсек, қазір біз казак баспасөзіндегі дәстүрлі мектептің тәжірибесін интернет журналистиканың жана шылдығымен үйлестіре білуіміз керек. Қазак баспасөзі туралы бір сұхбатында Ерлан Ка-рин мырза «Қазак баспасөзі ұлттық партияның қызметін аткарып келе жатыр» деп еді. Қазак баспасөзінің сол позициясы, сол ұстанымы, сол мазмұны енді интернет журналистикадан көрініс табуы кажет. Содан кейін оны ішінен жаңарт, өзгерт, тулет, дамыт. Ең бастысы – біз қазыкты мықтап қағып алуға тиіспіз. Интернет журналистиканы азаматтық журналистика деп қана түсініп, азаматтық журналистикаға ерікті беріп койсак, онда біздің «Жана медиа» деп жүргеніміз балабазар болып кетеді. «Мінбер» журналистерді колдау орталығының жетекшісі Есенгүл Кәпкызы өткенде бір қызық мысалдар келтіріп еді, қазір ұмтылып отырмын... қыскасы, азаматтық журналистиканың өкілдері, блогерлер, жазу мәдениетімен жете танысып, жазуды үйреніп алса, куанар едім. Тұбі солай болатын шығар. Әйтпесе, ойын толық жеткізе алмайтын блогердің белсенділігі өз басының соры не мазағы ғана болып қала береді. Азаматтық журналистиканың өкілдері – акпараттық технологияларды қалауынша пайдалана алатын жастар. Енді осы кабілеттеріне жазу өнері мен байкампаздықты, алғырлықты, білімдарлықты қосып да-мытса, дәстүрлі БАҚ-ка тендессіз әріптес әрі бәсекелес болар еді. Қазірдің өзінде сол нышан байқалады. Азаматтық журналистика азаматтық қоғамның қалыптасуын жылдамдататын күшке айнала ма деп үміттенемін. Азаматтардың белсенділігін арттырады ма деген ойдамын.

Азаматтық қоғамда журналистерге такырыпты орта-ның өзі дайындағанда береді. Тарапта айтсак, бір үйым бір

жерде наразылық акциясын ұйымдастырып жатады, бір ұйым жаңа бастама көтеріп жатады, тағы бір ұйым тағы бір іске мұрындық болып жатады. Содан журналистер тыным таппайды. Бізде керісінше. Қоғамға тақырыпты журналист тауып береді. Қоғам оған содан кейін барып мән береді. Міне, сол тақырыпты тауып беру мәселесімен казір интернет журналистика айналысада. Дәстүрлі БАҚ-тан онын озықтығы да осыдан байкалады. Эйтсе де, кайталап айтамын, казақ баспасөзінін мазмұны енді Жана медиадан жалғасын табуы керек. Ол үшін ғалымдар, тарихшылар, бәрі-бәрі, интернетке көніл бөліп, онымен тіл табысусы қажет. «Мен интернетті білмеймін, сайтты білмеймін» деген сөз «мен – наданмын» деген сөз.

5. КАДРЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ. ҚАЙТА ДАЙЫНДАУ

Кара тани алатын казак – интернеттің тұтынушысы бола алады. Оған тек ықылас койса болды. Ал, Жана медиада – интернет журналистикада, қызмет ету аздаған енбек етуді талап етеді. Мемлекеттік хатшының жиынында кадрларды дайындау мәселесі айтылып калды. Құте берініздер, біздің науқаншыл қоғамда таяуда бір қарбалас басталады. Қандай дейсіз ғой? Мемхатшы көтерген мәселелеге орай Жоғары оку орындарының оқытушылары шетелдерге тәжірибе алмасуға аттанаады. Газеттерде сала-құлаш макалалар көбейеді. Бір екі белсенді студенттің шимайы, тіпті, «Егемен Қазакстан» газетінің бетінде де жарық көруі мүмкін. Жарайды, бұлай болмайды делік. «Урадан» қашып отырған Тәжін мырзаның өзі ондай жылтырактарды тыйып тастауды мүмкін. Алайда, Еуразия мен Әл-Фарабидін (еліміздегі іргелі оку орындары) журналист кадрларын дайындауда жаткан оқытушылары бастарын сығымдап алып шапқылайтыны сөзсіз. Мырзалар, басты катырудын қажеті шамалы, біздіңше болғанда кадр дайындаудын тамаша бір мүмкіндігі бар! Ол мүмкіндік – бүгінгі ақпараттық технологияның өз мүмкіндігі. Әсілінде, шәкірттің теориялық дайындығы кемел болғаны жөн, бірақ, практиканың аты – практика. Оқытушы күнүзак шәкірттің миын теориямен «шіріткенше» колына айфон ұстасып көшеге жібергені дұрыс. Аудиторияда оқытушының

өзі ғана калып, окиға ортасында жүрген шәкірттерінің жұмысын «whatsApp» арқылы қабылдап алғып және тапсырма беріп отыруды окудың іс-тәжірибесіне енгізе алса болды, жарты жылда «жалмаңдаған» рептортер дайын деген сөз. Осы орайда белгілі тұлғалармен онлайн-лекциялар өткізіп, ықпалды басылымдармен бірлесе отырып онлайн-практикалар ұйымдастырудын да басы артық болмас еді.

Мемхатшымыз студенттердің іс-тәжірибе сынағынан өте алмайтындығын да біледі екен. Расында солай және шынына жүгінсек, тәжірибе жұмысына журдім-бардым, ілдебаймен келетін шәкірттің редакция басшыларының бірінен тапсырма алғып тындыра коятын жұмысы да аз. Сондыктan тәжірибeden өтудін бағдарламасын ЖОО өздері дайындауы керек. Бағдарламада шәкірттің тандаған редакциясы (газеті, радиосы, телеарансы, сайты), редакция тарапынан белгілеген жетекшісі, алған тапсырмасы, шәкірттің өзі ұсынған такырып, шәкірттің акпараттық технологиялардың мүмкіндігін пайдаланып жасаған жұмысының нәтижелері, т.б. тегіс камтылуы керек. Тәжірибе жұмысы және бір ай, жарты аймен шектелмей, жыл бойына жалғасуы тиіс. Тәжірибeden жалкы сәт мойыны босамаған шәкірт ЖОО оку бағдарламасынан тыс дербес ойлай алатын, өз бетімен ізденетін, бойындағы кабілет-карымымен тиісінше жұмыс жасай біletтін тұлғаға айналады. Сондай талапкер баланың жазған сызғаны газет беттерінде көрініс тауып, эфирлерден шығып жатса, оған еш тан калмаймыз.

Кадрларды кайта дайындау мәселесі радио мен телевизияның журналистеріне, әсіресе, катысты мәселе. Оны осы саланың мамандарымен кен отырып сөз етсек, күба-күп болады деп ойлаймын.

6.КӘСІБИ БӘСКЕЛЕСТІК БАҚТАЛАСТЫҚ ПА?

Мениң ұғымымда бәсекелестік дегеніміз – алдымен бірлік. Бірлік бар жерде, түсіністік пен жаразтық орын алған ортада шынайы кәсіби бәсекелестік қалыптасады. Қазак журналистері бір-біріне жанашыр болуы керек. Бір-бірімен көрген білгенін бөлісіп жүрудін де артықтығы жок (әрине, әр редакцияның коммерциялық, т.б.

құпиялары болады. Оны қызметтік этикаға байланысты жария етудін кажеті жок). Мемлекеттік, ұлттық мазмұны терен мәселелерде казак журналистері, тілті, тұтасып кетуі керек. Өкінішке қарай, қазак журналистерінің арасында кәсіби бәсекелестікті бақталастық деп түсінетін бір кортық түсінік бар. Кәсіби бәсекелестік бақталастық емес. Алайда, бізде кәсіби бәсекелестікті жолға коятын тетік те табылмай тұр. Мысалы, 300-350 мың жалакы алатын телеарна тілшісімен 40-50 мың жалакымен күнелтіп жүрген апталық газеттің қызметкері қандай бәсеке нарығында катар тұра алады? Бұл мүмкін бе? Былай қарасан екеуінің де мұрыны қанап жұмыс жасап жатканы шамалы. Телетілші оқиға ортасына барады, сюжет түсіреді. Стендап жасайды. Студияға келеді. Текстің жазып, оқиды. Бейнематериалды монтаждайды. Бітті. Осылай тынбай бір айда 20-22 сюжет жасаса жетеді. Кемінде 200-250 мың тенге калтада. Телетілші әлгі бір ай бойы жазғандарын жиып алып қараса, «Түркістан» апталығының жарты беті, асса бір беті. Ал апталық тілшісі редакцияда отырып алады да аннан-мыннан оқығанын, ойына түйгенін жапсырып жазып шығады. 200-300 жол. Жаны аса қинала койған жок. Апталыққа бір, белсене кіріскенде екі макала жазсан, жетіп артылады. Газеттің калған беттерін редактордың сүйікті авторлары-ак толтыра салады. Бірак, күрығыр акшасы аз. 40-50-ак мың тенге. Зейнеткер сияктысын. Мен бұл сөзімде басканы емес, таза әлеуметтік мәселелерді айтып отырымын. Енді не істеу керек? Не істеу керек дейсіз бе? Апталық газеттерді журналдарға айналдыру керек. Казір әлемде апталық газет деген атымен жок. Аптасына бір рет шығып тұратын журналдар бар. Күнделікті жарық көретін газеттің тілшісі күнде жазады. Демек, оның осы енбегіне орай жалакысы мен қаламакысы да жоғары болуы қажет. Ең дұрысы қаламакы. Қаламакы белгілеу тәртібі редакция қызметкерлерінің ішкі бәсекелестігін қамтамасыз етуі керек. Бір шындыкты айтайын. Қаламакыны біздін редакция әкімшілігі дұрыс коймайды. Журналистің енбегін енбегіне қарап емес, пысықтығына, өзіне жакындығына қарап бағалайды. Сол себептен де бұндай қаламакы жүйесін Батыс баспасөзінде кол-

данылатын «Таймшит» бағдарламасына өзгерту кажет. Аталған бағдарлама бойынша әр журналист өзіне өзі каламакы коя алады. Артық каламакы талап ете алмайды, кем алдым деп ренжімейді. Эгереки, билік баспасөзбен жұмыс істеудің мемхатшы айтқандай жана форматына тәуекел етіп көше алса, каламакы белгілеудің «Таймшит» бағдарламасы казак баспасөзінде (ТВ, радио, газет, сайт) көрініс табары даусыз. Қоғамды акпараттанудырудың жана саясаты, каржы, еркіндік, бәсеке, кәсіби біліктілік толыктай бір арнадан үйлесім тапса, казак баспасөзінің бағы ашылар деген ойдамын.

Казак газеттері казір кандай да бір «ЖШС»-лердің құзырында өмір сүріп келеді. Эйткенмен де сол «жшслердің» казак газеттерін жарылқап жатқандары шамалы. Казак газеттері мемлекеттік сатып алу конкурстарының аркасында күн көріп келеді. Мемлекеттің аркасында күн көріп келеді. Әрбір салық төлеушінің аркасында күн көріп келеді. Бірақ, казак газеттері салық төлеушіге емес, билікке қызмет етеді. Жүйе солай етіп қойған. Жүйе деген казак баспасөзін жүйкелетіп бітірді. «Ананы жазба, мынаны жаз!». «Ана мәселені неге жазғансын?! Неге жазғансын деймін оны?!» деп Елорда жактан коныраулар соғылған кезде бас редакторлардың бүрсен какпайтыны кем. Содан кейін «аш құлактан тыныш құлак, қойшы осы, текке жүрейінші» деген ұстанымға кім де болса бой алдырары сөзсіз ғой.

Мемлекеттік сатып алу конкурстарынада «лот» деген пәле бар. Лот дегеніміз – тақырып. Кім кандай лотты, яғни, тақырыпты ұтты, соны сол жыл бойы жырлап шығуға міндетті. Жырыннан айныма. Тапсырма сол. Тапсырыс беруші тараптын да түсінігі – осы, орындаушының да түсінігі – осы. Сонда бұл не? Бұл түк те емес. Мемлекеттік хатшының тілімен айтсак, «акшаны отка лактыру», казакшаласак, «акшаны желге шашу». Қоғамды акпараттандырудың жана жағдайына, жана мәдениетіне біржола көшпесек, бұл ахуалдың өзгерे коюы да киын. Өте киын. Казак баспасөзіндегі творчество-лық дамуды тежеп тұрган да, казак журналистерін ма-сылдық психологияға душар еткен де осы мәселе.

Казак газеттерін мемлекеттік тапсырыска ғана қаратып коймаудың тағы бір жолы бар. Ол жол газеттердін акцияларын ұлттық компанияларға сату дер едім. Мәселенки, елімізде орыс тілінде шығатын газеттердің аржағында ірі коммерциялық құрылымдар, каржылы топтар тұр. Солай екен, ендеше, коммерциялық құрылымдар казак газеттерінің акцияларына да иелік етсін. Директорлар кенесі газет редакторын бекітсін. Газет редакторы директорлар кенесінің шешімі бойынша үш жылға тағайындалуы керек. Үш жыл ішінде бас редактор өзіне жүктелеген міндеттемелерді толық орындаі алса, келісім шартты одан әрі ұзартуға болады. Орындаамаса, тағайындау шартын мерзімінен бұрын токтатып тастаған жөн. Бұл талап сез жок бас редакторлардың арасындағы кәсіби бәсекелестікке серпін әкеледі деген ойдамын. Және бұл талапты газет редакторларына ғана емес, барлық БАҚ басшыларына койған абзал.

Казактілді БАҚ жарнама нарығынан штет қалуда. Ол үшін Жарнама туралы зан кайтадан каралуы керек.

7. САРАПШЫЛАР БАР. САРАПТАМАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАР ЖОҚ

Мен орыстілінде сараптамалық мақалалар жазатын жазғыштарды білемін. Ресейдің ықпалды басылымдарындағы ойларды алады да, казак қоғамына ынғайлап жасай салады. Қала берді философиядағы, социологиядағы авторитеттерден келсін-келмесін цитат алады да, сілемейлеп бірдене жазған болады. Оның айтқаны біздің жағдайға келе ме, жок па оған, тіпті, мән бермейді. Біздең шынайы жағдаймен орыстіліндегі сараптамалық материалдарды салыстырып қараныз, күлесіз. Қоғамымыз өз шындығынан аса алмай жатады, ал, оған катысты айтылған ойлар мен идеялардың бәрі ак дамбалға қара жамау салған сияқты бірдене: космополиттік идеялар мен ойлар. Бір кызығы тап сол кезде казак тілінде де белгілі бір жағдайға тиісінше сараптамалық мақалалар жазылып жарық көріп жатады. Әлгі макаладан мол мағлұмат аласын, ситуацияны түсінесін, ой түйесін. Бірак, оны билік құлағына ілмейді. Неге? Себебі: осы уақытка дейін билік казак тілінде айтыл-

ған қоғамдық ойлармен есептесудін мәдениетін менгеге-ре алмай келеді. Қазақ сайттарында, қазақ баспасөзінде қашшама құнды дүниелер жазылды? Әлі де жазылатыны даусыз. Соның бәрі есепке алынуы керек. Қит етсе, билік орыстілді зерттеу орталыктарының, сараптамалық орталыктардың өтірік-шыны аралас, өтірігі басым мәліметтеріне сүйеніп сөйлейді. Тап соны қазактілді жігіттер жасай алмайды ма? Жасайды. Жасағанда қандай! 2000 жылдары Мұхтар Сенгіrbай мен Ержан Әбді-раманның құнделікті мақалаларының өзі бір институттың мамандары отырып алып жасайтын сараптамалық материалдардан кем түспейтін. Қазір осы екі жігіт баспасөзден көрінбей жүр. Қөнілдері қалған болар. Эйтсе де, қажудың, колды сілтеп кетіп қалудың қажеті жок. Қазір қазақ баспасөзімен койынқолтық жұмыс жасайтын сараптамалық орталыктар аса қажет. Ол орталықтардың қоғамдық қызметін мемхатшы өзі белгілеп беріп отырса да карсылығымыз жоқ, қайткенде зерттеу, сараптау орталыктары енді қазақ тілінде жұмыс істеуі керек. Саяси оқиғаларға маман ретінде де қазактілді жастар мен ұйым өкілдері көптіп тартылсын. Өйткені біз өз мемлекетіміздін өркендеуіне мүдделіміз. Қазақ қоғамында космополиттік емес, ұлттық ойлау жүйесі қалыптасып қанат жаятын уақыт жетті.

Астана. «Аманат» интеллектуалды
пікірсайыс клубы, 28 ақпан
Abai.kz
2013.03.04

ИНТЕРНЕТ- КОНФЕРЕНЦИЯ: Дәурен ҚУАТ

– Абай.kz порталын дүниеге әкелу идеясы қайдан пайда болды? Алғашкы күндерден есінізде қалған қандай жайтты қадап айттар едініз? «Абайдың» аяғынан тұрып кетуіне кімдердің жәрдемі тиіді?

– Бұл сауал маған интернет-конференция барысында келіп түскен сұраптар мен пікірлердің сонын ала жолданыпты. Эйтсе де, мен әңгімені осы сұраптан бастағанды жөн көрдім. Өйткені, арада дөңгеленіп төрт жылдың айы мен күні өтіп үлгергенімен, оның да өзіндік ыстық-суығы, кимас сәттері, киналтқан шактары болды емес пе? Оның үстінен, қандай да бір игілікті істің бастауы бар, ол іске түрткі болатын жайттар және табылады дегендей...

Сонымен, «Абай» калай басталды?

2008 жылы сәуір айында мен республикалық «Жас қазак» газетіне бас редактор болып тағайындалдым. Газеттің әкімшілік басқару ісіне де сол кезде ағайынды бір жігіттер келіп жатты. Әлгілер келген бетте-ак жөн сөзді ұға бермейтін орыстілді нокалай жігіттер екендігін бірден байқатты. Шығармашылық ұжым оларды қабылдамады. Ал «әкім-карапарым» болса, мені «бір командамыз» деп түсінсе керек, «журналистердің айлығын қысқартайық», «қаламакыдан қағайық», «жұмысқа кешігіп келсе, біркүндік енбекакысын жазбай тастаібык» дегендей ұсыныс айта бастады. Ұсыныс айтып қана койған жоқ, соның солай болуы керектігін менен талап етті. Мен ондай дөкірлікке төзіп отыра алмадым, басында, рас, талантты ұжым мен жап-жаксы газетті сақтап калу үшін бар дипломатиямды жұмсадым да, болмаған соң бір ай, бір жарым айдың жүзінде табанды түрде шығармашылық ұжымның жағына шықтым.

Менің бұл шындығыма күмән келтіретіндер болса, сол кездегі ұжымнан: Әмірхандар мен Сәкендерден, өзге де қыз-жігіттерден сұрасын. Онымен коймай менің «Жас қазактың» төріне барып «жайғасқаным» әлдебір ағайындарға да жайсыз тиіпті. Олар текке карап жүрмей, жоғары жакка, дұрысы – газет құрылтайшыла-рына домалак арыз жүгіртті. Әлгілердің салакұлаш «арыз-армандарын» бір реті келгенде өзім де оқыдым. Ұят-ай... Сөздің қыскасы, «Жас қазактан» кететінімді түсіндім. Әрине, бас редакторлық дегенді ұлық қызмет көріп, битімді салып отырып алсан болатын еді, бірак, мен еркімше жұмыс істеп, азат ойлайтын орта болмаса, мұләйім хал кешіп жүре алмайды екенмін. Асқан сорлы, ынжық немесе колынан түк келмейтін біреу болмасан, мына заманда ептең өз бетінше қүнелтүге, өз калауындағы ортаны қалыптастырып, отбасына, Отаныңа қызмет етуге азды-көпті мүмкіндік бар. Ол мүмкіндік – жаңа медиа кеңістігіне бару деп түсіндім. Осы идея ішіме түсіп алып, шыкпай койды. Бірде жұмыстан кешкүрим бірге қайтып келе жатып ойымды Айдоска – Айдос Сарымға айттым. Айдос «Жас қазактағы» шенеуніксымқартардың зорлығын жақсы билетін. Сол үшін де газет редакциясына соғып жігерлендіріп, әзіл әнгімелердің шетін шығарып, мені сергітіп кетіп жүретін. Сайт ашу туралы ұсынысымды білдіріп едім, Айекен: «Тап осы мәселе менің де ойымда көптен бері жүр еді. Кеттік, ат басын бұралық мына бір дәмханаға», – деп күліп жіберді. Елбасымыздың «Мен Астананың сәулетті құрылыштарын салфеткаға сызып түсіргенмін» дейтін сөзі бар ғой, сол кісі сиякты біз Айдос екеуміз де «Abai.kz» акпараттық порталының дизайнын «Дос» деген дәмханада отырып, салфеткаға сызғанбыз. Сонын оны койын дәптерлерімізге тұртіп алдық та, барлық айдарларын тізіп шықтық. Бұл, ұмытпасам, 2009 жылы акпан айы болатын. Содан «Тәуекел, Алла!» деп іске кірістік. Алдымен сайтка салмақты ат кою керек болды. Бұған біраз бас катырдық. Сөйтіп жүргенде катарымызды Акберен Елгезек косылды да, «Абай» доменін тіркетіп қойғанын айтты. Қыскасы, акпараттық порталға Акбереннің, өзімше айтсам, Акоштың арқасында хакім

атамыздын аты берілді. Сондыктан мен «Абайдын» асуы, алған биігі Ақберен Елгезекті әрқашан куанышка белейді деп білемін. Бір макаласында Ақберен «Абай. кз» тарихка еніп кетті» деп жазыпты. Анау-мынауға селт етіп мактана коймайтын, асып-таси бермейтін мениң бұл сөз қатты толқытты.

«Абайдын» аяғынан тұруына біздің жақын достарымыз, мүдделес, ниеттес, канаттас бауырларымыз да жәрдемін тигізді. 2009 жылдары Берік Әбдіғали Президенттің Мемлекеттік тіл корын баскаралынын. Берік баскарған кордың бір байқауына катысып, женімпаз болдық. Бауырын енді жазып келе жатқан сайттың жұмысына Берік Әбдіғали мырза бөлгөн 300 мың теңге кәдімігідей жәрдемін тигізді. Казағын, туған елін әлдекімдер сиякты «сүйемін, жолына жаңым құрбан» деп айқайламай-ақ жақсы көретін азаматтар: Дархан Қалетаев пен Ерлан Қарин бағдарламашы балаларға қажет тиын-тебенді таба алды. Саясат және өнертапшыру институтын баскарған Ерлан Саиров құрак ұшып, бір бөлмесін аз күнге босатып берді. Мұхтар Тайжан досымыз да колынан келетін көмегін аяп қалған жок. Оқыған-тоқығаны көп менің сыралғы достарым Талғат Ешенұлы, Дидал Амантай, Сәкен Сыбанбайлар сайттың контентін байытуға үлес кости. Өркен Кенжебек, Ерлан Әбдірұлы сиякты іні-достарым да «Жас казакта» жүрген кезіміздегідей менен тапсырма алып, кейде өздері жазып, «Абайдын» «ауылдан» табылды. Тек осы азаматтар ғана емес, казак тілді газет-журналдар мен тілеарнадағы әріптерестерімнің бәрі тілеулеңстігін білдірді, «әйт, шу!» деген атқа сеп» дейді қазак, тілеулең әріптерестерімнің бірі жарқылдап, жылы лебізін жеткізсе, бірі өздерінде жарық көре алмай жатқан макалаларды жолдады. «Хабар» арнасындағы қыздар, тіпті, екі-үш ай маған жанқалталарынан шығарып «жалақы» төлеп тұрды. Сол шактарда осында жантебірентерлік жақындығын көрсеткен жандармен казір ет-жақын туыс болып кеттік. «Бірінді, казак, бірін дос, көрмесен істің бәрі бостын» ғажабына өз басым осылайша тәнті болжумен келемін. Сол кезде де тісін-тісіне басып: «Мына пәле енді мына жактан шыға келді ме?» – деп сыйдан-

ғандар да болды. Олар да, Құдайға тәуба, барышылық, сонын кайсыбірін осы конференциядағы сұраптарынан байқап отырымын. Аман болсын, өз казағым, өз жүртүм. Жан баласына жамандық тілете көрмесін Жаратқан.

Алматыдағы Абай мен Бауыржан Момышұлы көшесінің киылсысында 40-45 шаршы метрлі шағын пәтерім бар-ды. Сонын асүйіне кіріп алып тан атқанша сайтқа материал теріп отырған кездерім болды. Айdos пен Ақберен жазады. «Азаттықтағы» жұмысынан қолы қалт етсе, Өміржан косылады. Дизайнер-бағдарламашы Әсет бар, бәріміз тәуліктер бойы көз ілмей жұмыс істе-ген күндерді бастан кештік. Сондай жанкештілігіміздің аркасында (құрметті оқырман, айылқа бұйырманызы, солай деуге какым бар шығар деп ойлаймын осы күні) Abai.kz акпараттық порталы жана медиа кеністігінде калыптасты. Дәстүрлі БАҚ-ка балама ретінде елге та-нылды.

– 4 жылдық құтты болсын! 4 ғасырлығын үрпак-тар тойлата берсін! Дәурен Куат, Айdos Сарымдарға алғысымызды білдіреміз. (Құрметпен қазақ оқыр-маны).

– «4 ғасырлығын» деген тілегініз кабыл болсын! Жасампаз істердің мәнгілік екендігіне сеніп өмір сүретін, сол сенім жолында алған бетінен кайтпайтын адамдарды біздің қоғам құрметтеп үйренсе еken деймін. Біздікі сондай иғлікті істін бірі болып қалса, жетеді.

1909 жылы Қазан каласында Абайдың алғашкы кітабы басылып шықкан. 2009 жылы ойшыл ақын есімі ғаламторға «байланды». Осыдан-ак ғасырдан ғасырға жалғасатынымсызды білуге болатын шығар.

– Дәурен мырза, порталдарыныз керемет! Ендігі жерде порталдың мазмұндық, дизайнік дамуы қалай болады? Қандай жана дүниелер көре аламыз?

– Сайттың дизайнын ептең жаңалап жатырмыз. Жаңалай да береміз. Бірақ алғашкы нұскасын өзгерту әзірге жоспарымызда жок. Сайт бетін әрлеудің шеті мен шегі жок екендігін көре тұра алғашкы нұскадан аулак кеткіміздің келмейтін себебі – жүрттың көзі үй-реніп қалды. Бұны – бір деңіз. Екіншіден, жана дизайн «Абайдың» мазмұнына нұқсан келтірмеуі керек. Неге

десеніз, әлем-жәлем дүние «Абайға» тән емес. Мысалы, «Masa.kz» сайтының жана дизайны сайттын «бетін бұзып» жіберді. Соған «әттеген-ай» деп отырмыз бүгін. «Қателескеннен корықпау кажет. Алайда бір категікті кайталай беру – акымактық» (Ошо) болып шығады.

Акпараттар тасқыны адамзат коғамын асықтырған заманда жана бір дүниелерді жоспарлау, тек жоспармен жүріп-тұру киын. Алдағы күндерден үміт етуге болады, әлдебір мүмкіндікті меже тұтуға болады, бірақ, сонын бәрін катан жоспарға енгізу және сол жоспардағыны жария етемін деу мүмкін емес. Бас редактор – соғыс қымылдары жүріп жаткан майдан даласындағы әскери басшы сиякты: сондыктан оған тосын шешім қабылдап, батыл әрекетке барып отыру кажет. Біздін баспасөздегі басшыларға, әсіресе, керек мінез – осы. «Өтізді де өлтірмей, арбаны да сындырмайтын» митынмен де біраз жерге баруға болады. Бірақ, оқырманға обал ғой.

Ал «Абайға» келер болсак, айтарымыз қыска: жана дүниелерге, жаңалыққа әркез құштармыз. Жаңалықтармен, акпарат кеңістігіндегі жана дүниелермен тату ұжым «Абайдын» оқырманын жалықтыра коймас. Мен тек («арық сөйлеп, семіз шығудың» салтымен) жалықтырмауға ғана уәде ете аламын.

– Abai.kz қаржыны қайдан алады осы?

– Бұл сұрап құрылтайшыларының «құдіретті» екендігі, демеушілерінің «жебеушіден» кем түспейтіндігі байкалып тұратын баспаөздін біріне койылса жөн болар еді. Біздін хәл «осы қыстан аман шыксак» дегеннін кері. Күніне пәленбай макала беріп жатамыз, авторларымыз да баршылық, интернет-конференциялар үйімдастырамыз, кездесулер мен баскосулардың да үйіткисы болып жүреміз, сонымызды көріп, кейбіреулер ойлайтын болса керек, «мыналар ақшаларын қайда шашарын білмей жүр ғой» деп. Жок, олай емес, басқабасқа, бізді алдымен баспасөздегі ағайын түсінсе керек еді, казактын газетіне, казактілді бағдарламаға осы уақытка дейін қай мырза ақша салыпты? Қазактың ісіне жәрдем етудін шегі айтыска демеуші болу деп түсінетін байшыкештеріміз ендеше казактілді сайтқа қайдан қаржат құя койсын? Бізде сұмдық байлар бар. Бірақ олар

ұлттық буржазиялық санаға жеткен жок. Олар үшін мәценаттық мәдениеттің де ауылы алыс. Солай еken деп қарап отыруға болмайды. Қандай мүмкіндік бар, соны кәдемізге жаратуымыз керек. Біз дәстүрлі БАҚ сиякты мемлекеттік тапсырыстың байқауына қатысамыз. Бірекі рет конкурстан ұтылдық, ұттық. Әйтеуір өзек жалғайтын тыын-тебенді тауып отырмыз. Ал осыны бізге артық көретіндер болса, айта берсін, күндей берсін. Мен және менің ұжымым үкіметтің өзі көніл бөліп, жәрдем етіп жаткан азын-аулақ мүмкіндікті пайдаланаға какылы. Пәленбай жылдық тарихы бар, дәстүрлі мектебі бар, мұрағаттық мол коры бар дәстүрлі БАҚ-ка жалғыз өзі балама болып, қазактың сөзін жана кеңістікке алып шықкан «Abai.kz» акпараттық порталы былай тұрыпты, жылына бір мәрте өтетін мемлекеттік байқауға көшедегі тіленші, қанғыбастарды суретке түсіріп алып «Қазақстан билігі карттарын қаңғытып жіберді» деп сыртқа сөз таситын Савостинаның «Поколение» сиякты коры да катысып, ұтыска ие болып жүр. Айтпакшы, осы сұраптты сол савостиналарға қою керек. Бұл сұрап соларға лайық.

— **Abai.kz** неге діни және тарихи мәселелерде бірбіріне қайшы топтарды өршітіп, бірінен кейін бірін бере береді? Бұл өзі қоғамды ұйыстырудың орнына, іріткі салуға итермелемей ме?

— Дінге, тарихка, т. б. катысты мәселелер күн тәртібінен түскен болса, немесе біржакты шешімін тапкан болса, біздін бір тақырыпты шиырлап неміз бар? Керісінше, дін мен сенім-наным мәселесі бізде кабындарап тұр емес пе? Қоғамдық пікір майданы қазак дала-сында бұрын-сонды күрделі мәселе екендігі байқала коймаған діни ағымдардың өзара қайшылыкты алаңына айналған кезде, қалайша үnsіз қалуымыз керек? Біз әнгіменің ашығын айтсақ, Атакемнің аузының дуасы кетіп кала ма еken?!. Тәрткүл дүниені шарлап, суман қаккан суаяқтың абыройына нұксан келеді еken деп, менің үnsіз қалуым түптеп келгенде сатқындық болып шығар еді. Біз Сталин заманын сарнап айтканға баппыш, батылмыз. Сөйте тұра, қазак ұлты бүгін басынан

сын сағатын кешіп жатканда үнсіздік танытамыз. Ол кулығымызды өзімізше «ұлт тұтастығына, ел ішінің бірлігіне нұксан келтірмеу үшін үндемедік, әнебір сенсацияшыл газет немесе сайт сиякты алаөкпеленген жокпыз» деп жасырып бағамыз. Өтірік. Осы күнгі жүртты өтірікпен өлтірсөн де алдай алмайсын. Сондықтан әнгіменің ашығына жүргінуіміз керек. Ашық пікір аланы – алауыздықтың майданы емес. Алауыздықтың майданы болса, ашығын жазып, азат ойлайтын Еуропа неге осы күнге дейін азып-тозып, атысып-шабысып, қырылыш қалмай, аман келе жатыр? «Бабаларымыз тілерсегін тілсе де тізесін бүкпеген, сөзге токтай білген» деп бөскенде кереметпіз, демек, тұра сөйлеп, тұра жұру біздін де қанымызда бар. Ендеше неге демократияны Батыска теліп, өзіміздің бүтінгі халімізден түнілеміз? Біз осындай немкеттілігіміздің «нәтижесінде» бүтінгі жүйеге жабыла қызмет етіп жатырмыз. Саяси еркімізді билік жаулап алса, ұлттық тақырыпты авторитеттердің көленекесіне тығып және бұйырыланған түсудеміз. «Тарих ұмытылу үшін жазылады» (Х.Л.Борхес). Бұл сөзді тұра мағынасында «тарих ұмытылады» деп түсіну кате. Тарихка ұрпак үнемі шолу жасап, көктей өтіп тұрады. Оның кей беттері дауға айналады, кайсыбір бетінің қажеті болмай шығады. Мысалы, кәсіби тарихшы Талас Омарбековке салсак, әйгілі хан Абылай Төлебидін інісі Қарабайдын аяқ салған күндерінің бірінен туған бала екен. Осыны Талас Омарбеков жазып отыр. Сонда не, тарихшы жазды екен деп оған карсы пікір, карсы дәлел айтуға болмай ма? Бізде бір тақырыпқа карсы екінші тарап өз дәлелі мен дәйегін көтерсе, «міне, «Абай» сайты біреуді-біреуге айдал салуда» дейтін доғал түсінік бар. Неге бұлай? Себебі, казак газеттерінде ашық пікір алысу мәдениеті кем. Біреу макаласын бас редакторды жағалап жүріп жариялатқан соң карсы әнгімеге жол жабылады. Бас редактор да, тұтас ұжым да әлгі адамның меншігі сиякты – билеп-төстеп, баса-көктеп білгенін жасайды.

«Abai.kz» біреудің аузындағы сөзге, көкейіндегі піфылына қызмет етпейді, әлдекімдердің талағы тарс ай-

рылса да казакка, әсіресе, қауіпті жайттар мен құбылыстарды құмбыл айта береді, жаза береді.

— **Сайттарыныздың саяси ұстанатын бағыты қандай?**

— Ұстанған бағытын «Abai.kz» порталы осы уақытқа дейін әйгілей алды деп ойлаймын. Біз бұл сайтты әлдекімдерден кек алу үшін, әлдебіреулерге қызмет қылу үшін ашпағанымызды құнде дәлелдеумен келеміз. Рас, кейбір өткір макалалар мен пікірлер аланында айтылып қалатын иесі беймәлім пікірлер үшін бізді жек көруге болады, немесе, ұлтка кажет дүниеге сергек қарайды деп, жақсы көруге де болады, ен бастысы, «Абайда» не жазылса да, не шыкса да жұрт үнсіз қалған емес. Аптастына жалғыз мәрте шығатын қайсыбір газеттердің толайым бір нөмірінде ештене айтпай-ак жүргендер бар, соны мысал ете отырып, құнде жаңаратын «Абайдын» әр құнгі жарияланымынан жалт қарататын дүние ұсынудың онай еместігін әнгіме етіп кетсем, өзім тілеп алған саланын киындығынан жалтарғандай болармын: сөздің қысқасы, сайт жұмысы дегеніміз — құнделікті «бірдене ойлап табу», өзіннін шығармашылық қабілетінді құнделікті паш ету. Кейде, әсіресе, қауырт кимылдар саябыр табатын жаз мезгілінде «жаналық» ұсына алмай калып жатсак, сөге жамандаманыздар. Біз де жағдайға бағыныштымыз. Алайда қандай жағдай болса да, бізді бағытымыздан айнытып, бағдарымыздан жаңылта алмайды.

— **Дәурен мырза, менің ойымша, сіздерге «Абай» сайтының дизайнын жаңарту керек. Осылан қалай қарайсыз? Біраз ақша боліп. Қылышығын шығара-мын деп былышығын шығарып алмай. Ана БАҚ.kz, Тенгринюс сиякты деңгейде сайт жасауға мүмкіндік бар ма? Қоғамдық-саяси бағыттағы қазақ сайттарының ішінде бетке ұстар сайттың бірегейісіздер. Сайттарынызды үнемі қарап, оқып отырамын. Жүріп жатқан мылтықсыз майданда Алла жар болсын! Рахмет.**

— Сізге де рахмет! Алла жар болсын. Егер қанағат тұтсаныз, «Абайдын» дизайніне байланысты жоғарыда өзімнің ойымды айттым. Байқауымша, сіз екеуміз бұл

мәселеде пікірлес сияктымыз. Дизайн сайттың контентіне қызмет етуі керек. Сайттың бетін тотықустай түрлентіп қойып қарап отыруға болады. Ондай сайттарды көріп те жүрміз. Мәселе мазмұндағы. Сол мазмұнды ашатын дизайннан бас тартпаймын, ал аппараттық технологияның даму мүмкіндігі «Абайға» ешқашан да жат боламайды.

— Порталдың өз орны қалыптасқаны рас. Іздеп оқып отырамыз. Менің адаб иниетім мынау: қазір кез келген жүргіттың қолында ұялы телефон. Техниканың дамыған заманы. Оның жақсы, ері тиімді тұстары да бар. Мысалға ұялы телефондарға тән "приложения" деген ұғым бар. Соңдай мүмкіндікті сіздер ашсаныздар да жақсы болар еді. Мәселен, сол арқылы "Тенгринюстін" де жаңалықтарын оқып отырамыз телефондағы интернет арқылы. Дәл осылай сіздерді де оки алсақ жақсы болар еді. Мұндай идея келді ме сіздерге бұған лейін? Сосын сайттағы материалдарда орфографиялық қателер көп. Тым көп. Корректорға мұқтажсыздар ма? Болса, неге олар өз ісіне салғырт қарайды? Жауапты біреу болуы керек қой?! Не айтасыз? Ол қателер неден, қандай себептен кетеді?

— Көп нәрсе ойымызда бар. Алдағы уакытта оны көре жатарсыз. Мысалы, әлгі қолыңызыдағы ұялы телефон мен-әк сіз алдағы күндері «Абайда» жарияланатын материалдарды оки алатын боласыз.

Ал кате жағына келсек... бұл былай. «Абайдың» «Соңғы макалаларында» күнделікті 5-6 материал (сұхбат, сараптама, шүғыл акапарат, т. б.) жарияланады. Эр макала 500-600 жолдан болғанда (одан азы да, көбі де бар) күніне 3 мың, 3 жарым мың жол материал жариялады екенбіз. Оңай емес. Оның үстінен материалды монитордан оқимыз. Көзің талады, шаршайды. Бұл бірақ акталаға есеп емес. Эріптік қателер кетіп жатыр. Корректорға аса зәруміз. Кәсіби сауатты корректорлар газет жұмыстарынан артылмайды. Қазақша мәтіннің қатесін қағып тастайын бағдарлама болса да, таба алмай жүрміз.

Бізде такырыпты дұрыс талдайтын сарапшылар бар, деректер мен дәйектерді де молынан камтиды, алайда, жазу жағынан алдырады. Көбі жөні түзу сөйлем де құра алмайды. Сондай көзге ұрып тұрған кателерді түзейміз де, асығыс сайт материалдарын жанаалауға кірісеміз. Мен өзім авторлардың макаласын газеттерде қызмет жасаған кезден бері өндеумен келемін. Кейде содан жалығып та кетемін. Қашанғы біреудін «ит батпактап, күшік сүрінетін» сөз-сөйлемін түзетіп, түгесіле шаршап, үйіне сұлдерінді сүйретіп қайтуға болады? Жазудың осындай азабы да бар, ағайын. Сондыктан баспасөзге макала жіберетін жазарман алдымен өзін-өзі сын көзбен оқып, ойын жүртқа ұғынықты тілде жеткізіп үйренсінші. Мын болғырлар, сөйтіндерші.

– **Жанаөзен таргедиясына қатысты жеке пікіріңіз қандай?**

– Болары болып, бояуы сінгеннен кейін барып біздің билік «мұндай әлеуметтік толкулар дамыған Батыс елдерінде жиі көрініс тауып жатады» деп жуып-шайғансыды. Келіспеске амал кем, Батыста ереуілдер, карсылық акциялары, наразылықтың әр түрі күнде болып жатады. Бірак солай екен деп өз халкына ок атып, ақыры әлімжеттік жасап, темір торға тоғытатын билік бүгінгі Батыста жокка тән.

Жанаөзен мен Шетпеде мұнайшылар еңбекакының занды өтемін талап етіп, наразылық білдіріп бастағанда казак коғами Конституция бойынша орыс тіліне берілген ресми тіл мәртебесінің заңсыздығын дәлелдеуге тырысып дүрілдеп тұрған-ды. Бұл бүгін-ертен накты нәтижесін бермесе де, билікті қадімгідей қысымға алған кимылға айналған-ды. Тап сол кезде орыстілді баспасөз елдің назарын Жанаөзендері мұнайшылардың ахуалына аударуға құш жұмылдырды. Мен орыстілді баспасөздің Жанаөзен мен Шетпеге бұрыла бастағанынан сол кезде катты секем алып калып едім. Әйткенмен де, 1990 жылдардың токырауы мен толқуларында бұндай мәселелердің талайымен бетпе-бет келген казак Үкіметі жағдайды ушықтырмайтын шығар деген үмітте болдым. Дегендей-ак, Жанаөзен мұнайшыларымен қытайлық компания арасында келіссөздер басталып, мемо-

рандумдарға кол қойылып жатты. Бірақ осы кезде Жанаөзендеңі жұмысшылар арасына етпеп оппозицияның адамдары еніп үлгерген де сияқты. Бірақ, бұнда тұрған ештеңе жок еді, тегінде, елдің көңіл-күйін пайдаланып, билікке карсы әрекет етпесе, ол оппозиция бола ма? Жармахан Тұяқбайдың «оппозициясын» көрдік кой, үлтшылдар «ресми тілге» карсы шығып, Жанаөзен мен Шетпедегі шетін оқиғалардың шеті көрінгенде Петр Своикпен ауыз жаласып, Алматыда отырды.

Жоғарыда «әлеуметтік толкулар дамыған Батыс елдерінде жиі көрініс тауып жатады» деп Жанаөзен қырғының биліктің жуып-шайғанын айттык. Тегінде әлеуметтік толкулар мен наразылықтар шеруінің жиі болуы қоғам дамуының тұрақсыздығын, я болмаса, кедейшілігін танытпайды. Билік осыны түсінуі қажет, мойындауы қажет. Содан кейін әлеуметтік талаптарды шешудің жана форматына өтуі тиіс.

Жанаөзен біздің биліктің халықтан мейлінше алыстап кеткендігін көрсетті. Ел ішінде кенеуіне жеткен қандай да бір әлеуметтік ахуалды шеше алмайтын дәрменсіздігін, біліксіздігін жария қылды. Оппозицияның кішкентай карсылығынан қалтырап катты қоркатындығын білдіріп койды. Сондықтан ол ешнәрседен тайынбады. Ок атты, саяси шантаждар жасады, наразы топтың арасына жансыздарын жіберіп, мұнайшылардың әлеуметтік талабын аяқка таптады. Сот, прокуратура, тергеу, тіпті, адвокаттардың өзі саяси тапсырыстарды ғана орындал шықты. Ең соракысы, Жанаөзен мен Шетпе оқиғасына билік сырттан коныс аударып келген ағайынды жауапты қылды. Сөйтіп, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының өзі бүйдасын колына ұстаған казак көшін токтатты, казактың көбейгеніне ашықтан ашық карсы шықты. Казак казак болғалы тағдырдың талай тәлкегіне түсіп, талай сыннан өтіп келеді. Бұл да бір сын шығар. «Қазак билігі казактың көзінен жас ағызып жылаткан заман болған» деп күндердің күнінде айтып отыратын шығармыз. Біз аталарымыз кешіп өткен небір сұмдықтарды казір ашық айта беретін болдық кой, Жанаөзен мен Шетпе де казак көрген килы тағдырдың бірі ретінде әнгіме болады әлі.

– Құрметті Дәурен Қасенұлы! Ұлы хакімнің атын алған сайттың аз ғана уақыт аясында қазақ оқырмандарының, қазақ аудиториясының қоғамдық, саяси ой-өрісінің, интеллектуалдық деңгейінің өсүіне тигізген ықпалы орасан. Өзініздің, Айекенің, өзге де тілеулес бауырлардың аркасында «Абай» сайты әлеуметтік желідегі соны публицистикалық ағымның түренін салды, жаңа диалог пен дискуссияның мәдениетін қалыптастырыды. Эйткенмен, біз сайт бетінен, ұстанымынан Ұлы данышпанның аманатымен, ақиқат өснетімен үйлесетін, билікке, қоғамға, адамға қатысты мейлінше өткір, обьективті, өрелі материалдарды қөбірек көргіміз келеді. Сайттың алғашқы аяқ алысынан алаш жұрты осы бір құбылысты, өзгерісті аңғарғандай, сезінгендей еді. Біздін тілек: сол ерекшелікті, сол ұстаным мен сол мақсат-мұратты жоғалтып алмасаныздар еken. Лайым, өздерініздің соктықпалы, сокпаксыз жолда – елді есейтіп, қоғамды оятатын өзгерістер жолында жүргендерінізді естен шығармаңыздар!..

– «Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, казақ калам қайраткерлері каламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауруын азайту жолына жұмсамаска мүмкін емес. Олай болмаған болса, онда табиғат заңынан тыскары адамнан шошка, шошқадан күшік тұған сиякты болып шығады. Қалам қайраткерлері жолын тастап, көрінген жолаушыға еріп кете беретін бүралқы ит емес» деп жазады Ахмет Байтұрсынұлы. Бұгінгі казақ құл емес, тіпті, бодандық дегеннін не екендігін түсіне алмайтын ұрпак өсіп келеді. Алайда, мына заманда сол ұрпактың өзін аздыратын, аздырып әкеліп өз мәдениетіне, өз тарихына, өз діліне қарсы шабатын Ұлтанқұл жасап шығаратын түрлі амал-айлалар толып жатыр. Сондыктан «көрінген жолаушыға еріп кетіп» елдік мұраттарды ұмытсак бізді кара басканы.

Бізді үнемі ойландырып, камышылап, жігерлендіріп тұратын сөз айтыпсыз. Рахмет. Жаратқан сізге жар болсын!

– Сіздерді төте жазу қосады деп естіп ем. Әлі жоқ. Жалпы қосылады ма төте жазу парапшасы?

– Соншалыкты көп өзгеріс жасамасақ та, «Абайдын» етек-женін жинактап, дизайнның сәл жаңарткан болып жатырмыз. Ендігі бір тиянектайтын жұмысымыз – сіз айтып отырған төте жазу мен латын қаріпі болмак. «Әріп аударатын бағдарлама колымда бар, соны сайтының қосып берейін» дейтін ағайын араныздан табылып жатса, құба-құп, редакцияның телефонын, электронды адресін білесіздер, хабарласыныздар.

– Ассаламуғалейкүм, «Абайшылдар», мерей құн құтты болсын! Талмас қанат, жігер құш, құатты қалам тіледім, әрқашан он қадмға жетелесін Жасаған.

– Бұл тілекті бізге тіркеліп пікір білдіретін Жауши есімді азамат жазып отыр екен. Байқауымша Жауши – өте сергек адам. Барлық такырыпты қадағалап оқып, пікір білдіріп отырады.

Жаңа-медиа жаңа оқырман ортасын қалыптастыра білуі керек. Біз Жаушины жана шылдыққа жаңы құмар, өзіндік пікірі бар, ойын ірікпей ортаға салатын жаңа оқырман, сапалы оқырман деп білеміз. Интернет-конференцияны пайдалана отырып мен осы Жауши сиякты ішкі мазмұны терен кыз-жігіттерге, оқырман қауымға раҳмет айтып койғым келеді. Бірге болайық, бауырлар!

– Дәуке, Талғат Атабаев туралы жазу ойынызда жоқ па, сіздің ауылдан деп естіген едік? Жалпы, 90-жылдардағы Талғат секілді мықты жігіттердің қызыметі, өмірі жайлы әділ баға берілді ме?

– Талғат жігіттің нағыз көкжалы, сырттаны еді. Ауылымызыдағы мектеп сегіз жылдықпен тәмамдалатын да, біз тоғыз бен онды совхоз орталығынан оқитынбыз. Мен сол тоғыз бен онды Талғат туып-өскен үде – Ғалымжан аға мен Шәкәттай тәтемнің қолында тұрып оқыдым. Талғат марқұм ол кезде Алматыда институтта білім алғып жүрді. Каникул сайын келіп тұратын.

Мен білетін Талғат үлтшыл жігіт болатын. Студент кезінде-ак қаладағы такси біткенді мініп алғып тайрандап жүрген, казакты адам баласы деп білмейтін келім-сектердің тізесін дірілдетіп, қабырғасын қакырата сөгіп жөнге салды. Токсаныншы жылдары Талғаттар мем-

лекет араласып шеше алмайтын ұлттық мәселелерге тәртіп енгізді. Басқаны білмеймін, Талғат бауырымды мен арыстан жүркөті ел азаматы, ел айбары, ұлт кайраткері деп түсінемін. Оның өліміне қолында шексіз билік болған біреудін катысы бар екендігін де ішім сезеді.

Атасының аты рухын көтеріп «Атаба» атасып кеткен, еркін күрестен спорт шебері, жастар мен жасөспірімдер арасындағы халықаралық ірі жарыстардың жүлдегері – Талғат Атабаев туралы жазу ойымда бар. Біздің әдебиетте Атабалардың бейнесі жок. Бұл жайтты мен ғана емес, жалпы қаламгерлер қауымы ескеруі керек. Джек Лондонның, Майн Ридтің, Дюманың, Марио Пьюзонның шығармалары оқырманның қолынан еш түсікен емес кой. Демек, қылмыс әлеміндегі біздің әділетті жігіттер де әдебиет пен кинодан, қоғамнан лайықты бағасын алуы керек.

– «Абай» сайтының дизайны жаман емес, қарапайым. Ал, төте жазуды қосқандарының дұрыс, себебі қытайдағы 2 милионға жақын бауырларымыздың жарты милионы сайттарды қарайды, біздегі сияқты екі қолға бір құрек таба алмай жүрген жастар жоқ. Бастысы – олар қазақ қоғамына бей-жай қарай алмайды, сол үшін төте жазу керек болар.

– Арғы беттегі қазак Ахмет Байтұрсынұлы жасаған төте жазумен енді канша жыл «қара танып» отырады екен, белгісіз. Бірақ, акпарат кеңістігіндегі ұлттық тұстастық үшін тап казір төте жазу керек. Өте керек. Оның керектігін күнде ойлаймын. Казіргі КХР территориясында калып бара жатқан бауырларымның сергектігін, акпараттық технология жетістігін тез менгеріп жатқанын да жаксы білемін. Бізге тек серіктесу, өзара жакын карым-қатынаста болу мүмкіндігі ғана жетпей түр.

– Дәурен, осы біздің Елбасы неге өз ұлтын тежеп ұстайды? Жүйе өзгерсе, жемқорлық тыйылмаса да азаяды деп ойлайсыз ба? Осы сайтты Елбасы біле ме екен? Неге сендердің бүйректерін исматуллашыларға бұрып тұрады? Қазаққа жаңы ашығансын сөйлейтін бекболатшылар мен исматуллашылардың жолы теріс деген ҚМДБ пәтуасы туралы не айтасыз? Олардың сөзі бөлек, ісі бөлек екені белгілі

**емес пе? Абайды, Шәкәрімді, ақын-жырауларды
бетперде қылады, жүрген жерлері – фитна.**

– Менің білуімше, Президент қазақ ағайынның жағым-
пазданып сөйлегенің жактырмайды. Онысы өте дұрыс.

Туған халқын жаксы көрсе де, сезімін сыртқа білдір-
меу – Назарбаев сиякты саясаткерлердің мінезі болса
керек. Мен бұл кісі қазағын соншалықты жек көреді
деп ойламаймын. Дәстүрлі әндер шырқалғанда, Құр-
манғазының Саарқасы төгілгенде Елбасының жа-
нарын жас жуып өтеді. Соны бірнеше рет байқадым.
Казакка кейігеннің бәрін казакты жек көреді деп ойла-
сак, Абайды кайда коямыз? Жалпы, Назарбаев туралы
ен әділ сөз Назарбаев дәүірінен кейін айтылады. Оған
дайінгіміздің дені көніл-күй ауанындағы әнгіме болып
шығуы мүмкін.

Жемкорлықпен күрес демокартиясы дамыған, аза-
маттық коғами белсенді Батыс елдерінде де токтаусыз
жүріп келеді. Жемкорлық – жегіқұрт. Біздегісі – соның
ен сүмдүк түрі. Мемлекетіміздің өзіне кейде каупін
төндіріп кететін тажал. Коррупционерлерді шетінен
ұстап қамау – коррупцияны жеңе алмайды. Қазақстан-
дағы коррупцияға карсы күрес коррупциялық құштердің
өзара қырқысына айналып барады. Ендеше, жүйе өзге-
руі керек. Өзгерісті жүйеден ғана күтіп отырмай, бұка-
ра халық біздің өзіміз де өзгеруіміз керек. Қазір Қазакс-
танда жемкор емес, ұры емес адам кемде-кем. Бәріміз
де – ұрымыз. Пиғылымыз жаман. Бір-бірімізге жақсы-
лық ойлағымыз келмейді. Колынан келгені корғансыз
бейшараға әлімжеттік жасап калады. Енбек етіп тер тө-
гуден қашатын болдық. Алды – артымыз толы былық.
Толған кедергі. Астанадағы акжағалы алаяктардың кө-
ленкесі – бізбіз. Қазакқа осының бәрін сырттан танып
отырған ешкім жок, жамандықты біз өзімізге өзіміз қы-
лып жүрміз. Осыдан келіп Асан қайғы болып жылай-
мыз, Абай болып күніренеміз. Абайдың заманы басқа
еді. Ол заманда қазактың еркі өзінен кетіп жаткан. Ал,
казір ше? Өзінмен өзінсін. Кандай ел боламын, кайда
бет бұрамын десен де еркін. Бірак, міне, көріп отырмыйз:
саясатта – Ресейшіл, экономикада (тұрмыста) – Батыс-
шылмыз. Бұл екеуі қазіргі қалыптында үйлеспейтін еki

әлем. Осы екі әлемді біріктірмек болып әуресарсанға түсіп жүрміз.

- **Осы сайтты Елбасы біле ме еken?**
- Білмеймін.
- **Неге сендердің бүйректерін исматуллашыларға бұрып тұрады?**

– Бұрган емес. Ислам дініндегі екі партия: сопылар мен уахаббышылар былтыр, алдыңғы жылы қатты тіресті. Біз екі жакка да сөз беріп отырдық. Өтірік десеніз, сайтымыздың мұрағат корын ашып қараныз.

- **Қазаққа жаңы ашығансып сөйлейтін бекболатшылар мен исматуллашылардың жолы теріс деген КМДБ пәтуасы туралы не айтасыз?**

– «Бекболташылар» деген КМДБ-ның пәтуәсін естімеппін. Сондыктан ол пәтуаға қатысты ештеңе айта алмаймын.

- **Олардың сөзі бөлек, ісі бөлек екені белгілі емес пе? Абайды, Шәкәрімді, ақын-жырауларды бетперде қылады, жүрген жерлері фитна.**

– Мына сөзінің терең әңгіме. Дәл осы мәселе төңірегінде «Абайда» сараптамалық макалалар жиі жарық көріп тұрады. Оқып жүрген боларсыз.

- **Дәуке, «Абай» порталының ең үздік авторы ретінде кімді ерекше атап айтуда болады? Атын атап, түсін түстеп беруге бола ма?**

– Жапырактай қағазға жазған шындығын жарық дүниеге жеткізуге жанұшырған Қажығұмар Шабданұлынан бастап «Абайда» мәндайы жарқырап көрінген авторлардың бәрін құрметтейміз. Жасы ұлғайған кісілерге сөзім жүрмейді, сондыктан оларға ғаламтор дегеннің не екендігін түсіндіру кын, ейтсе де, бірак, Ғабас аға (Қабышов) сиякты әділ, «бетін бар, жүзін бар» демей, тұрасын айтатын қарттардың өзі қазак сайттарына атсалысып жатқанда жайбақат жүре беретін құрдастарымды көріп қынжыламын.

Жалпы, жазу-сызуға катысы бар адамның үнсіз жүруі мүмкін емес. Үнсіз жүрсе, не ол адам ештеңеге жан ауыртпайды, немесе жалтактығымен жан бағып жүрген біреу. Мен солай ойлаймын. «Абайдың» ашық пікір, еркін кеңістік екендігін капысыз ұқкан қазак ой-

шылдары бізбен бірге. Рас, әуелде сайтка автор тарту киын болған, алайда біз оларға ғаламтордың ұлттық, қоғамдық пікірge қызмет ететін мүмкіндігін дәлелдей алдық. Содан кейін «Абай» «сауылына» жұрт жинала бастады. Шығармашылық қуаты кемел публицистер, журналистер, жазушылар, саясаттанушылар, т.б. – казір тұтасымен «Абайдың» тұракты авторлары. Яғни, Abai.kz акпараттық порталына материал жазып тұратын тұлғалар. Мен оларды бөліп-жармаймын. Солай десем де жазған дүниесін көп жариялай бермейтін Төлен Әбдік. Тұрсын Жұртбай бастаған аға буынға, дін мәселесі, казак көші сияқты такырыптарды талдап жазатын Мұқан Исахан, Ауыт Мұқибекұлы, т.б. сияқты бауырларыма ризамын.

– Дәурен мырза, 4 жылдарың 40-қа жетсін, арғы жағын көре жатарсындар! Қай сайт болсын, оқырманын мәдениеттілікке тәрбиелеуге тиіс. Кім қандай тақырыпта әнгіме қозғаса, жалпы пікір сонын аясында өзара сыйластықпен айтылуы керек, ұсыныс нақты жасалуы тиіс, бөгде сөз мейлінше аз, дөрекі сөз мүлде болмауы қажет. Солайша бірте-бірте бүркеншік ат пайдаланудан шығып қалуы қажет. Ел, халық, қоғам үшін әнгіме жасау – бірінші парыздарың екен, онда сол парыздың таза атқарылуына міндеттісіндер. Олай болмаса, сайттың қажеті қанша? Өсек-аян, біреуді біреудін тілдеуі, ит-шошқалауы үшін бе? Жалпы кімге болсын тіл тигізу сияқты надандыққа жол бермеу жөн болады. Ешқайсысымыз пікір жазғанымыз үшін сендерге ақша төлемейміз ғой. Ендеше: "Мен ақшамды төледім, айтқанымды сайтқа шығармай қойды!" деп дау көтеруге құқымыз жоқ, сондыктan "Бейәдеп сөз жазбаныздар!" дей салмай (оны дөрекілер бәрібір тында жүрген жоқ) оның лас сөздерін сайтқа жолатпау дұрыс болады. Ортақ мұддеге орай он пікірлер сонда ғана тоғызып, әсіресе, жас оқырмандарына сайт сонда ғана мәдениет мектебі болады. Дұрыс па? Ескеруге тұратын ой ма, әлде көп сөздін бірі ме?

– Әбден ескеретін сөз. Дұрыс айтып отырсыз. Пікір жазатындардың артық-ауыс сөзіне редакцияда отырып

менің бетім кызарады. Сонын модераторға звондап «алып таста мынаны» деп айқайды саламын. Дейтұрғанмен айтайын, алғашкы жылдарға карағанда макалаға орай пікір жазып қалдыратын жұрттың беті түзеліп келеді. Сауатты жазатын бола бастады. Айдалаға лағып, макала авторының жеке басына соктығатындарды тезге салып отыратын болды. Бірақ, бұл үрдіс ортамызда әлі қалып алмай тұр. Алайда, үміттімін, бірте-бірте біз бәріміз пікір айтудың мәдениетіне жететін боламыз. Оған дейінгі өкпе-реніштерінізді мен көтере тұрайын, айыпқа бұйыра көрме, ағайын.

– «*Abai.kz*» порталының дизайнында тұрған түк те жоқ, сайт ешкімнен кем емес, әсіре қызыл әлем-жәлемге құмар, басқаның қаңсығына кенезесі кепкен кепиеттен арылуымыз керек. Раҳмет жігіттерге, ой аланы, өре деңгейі, пікір додасы, ит жығыстың қызығы – тек осы сайтта ғана кезігеді. Ендігі тілек: тарихи-танымдық, діни-танымдық (уағыз емес) материалдарды молынан берсеңіздер еken. Адамзатка аян барлық нанымның (діннін) бар жақсысының басында тұрған және түрік тегіміз сол наым арқылы ғажайып империалар құрған, Тәнірлік наым туралы неге аз жазасыздар?

– Казір Тәнірлік наым туралы жазу, я болмаса, айту – Жаратканға серік қосумен бірдей есепке жетті. Өйткені, бұл заманда бізде (зайырлы мемлекет болсак та) діннің цензурасы бар. Тәнірге (Жаратқан хакқа) карсы шығатындардың сөзіне баксақ, бізде кітап жоқ еken. Кітап дегеніміз не ол? Жаратканның жазуы ма? Кешірініз, Алла адам баласына кітап жазып берген жоқ. Құранды да, Библияны да адам жазды. Адам өзінің санасындағы Құдайдың сөзін кітапка түсірді. Казақ, арғы казак, баба казак – Бір Жаратқанды таныды, Соның құдіретіне бағынды. Кәпір болған жоқ. Тәнір баба қазакты қолданады. Енді бүгін бәрін жоққа шығарып Тәнірімізге карсы шабудамыз. Сөйтіп, казакы ырымдар мен тыйымдарды, салт-жоралғыларды, дәстүрді, мәдениетті, ділді тәрк етіп сапсиган сакал койып не мұсылман емес, не басқа емес, таза мәнгүрт болып жүрміз.

Тәнірлік наным туралы жазып жатырмыз. Акеділ Тойшанұлының «Тәнір» атты дүниесі жарық көрген. Әмірхан Балқыбектің «Қасқыр Құдай болған кез» кітабынан үзінділер берген болатынбыз. Енді Серікбол Кондыбайдың әфсаналар әлемін кезген ғажап эсселерін жариялауды ойлап отырмыз.

– Ассаалаумағалейкум, Дәке!

Ұлы Абайдың атымен сайт ашып елге еңбек еткелі төрт жыл болыпты. Жұмыстарынызға жеміс, ниеттерінізге алғыс болсын!

Сұрақ: 1) 4 жылда не істегендерініз туралы қысқаша статистикалық мәлімет бере аласыздар ма?

2) «Ауғанстан кендірмен күн көреді, Қазақстан тендермен күн көреді» ғой. Осы тендерден құтылып, біреудің қабағына қарамайтын мүмкіндіктеге жете алдыныздар ма?

3) Неге өздерініздің тұрақты мақалаларыныз жарық көрмейді?

4) Сайттарыныздагы материалдармен билік қаншалыкты санасады?

– Ауғанстандағы кендірмен біздегі тендерді үйкастырып айтқанынызға құліп отырмын. Екеуі де елді еселан қылып улайды дейсіз ғой. Бірак, тендерді пайдалы іске жаратып, жап-жаксы тірлік жасауға болады. Мемлекеттен акша алып жан бағатын тек қазақ баспасөзі емес, Ресейде де – осы, АҚШ-та да – осы. Мысалы, «Азат Еуропа», «Азаттық» радиосын кім каржыландырып отыр? Сіздің ойынызша аталған радио таза жарнамадан түскен каражатка күн көріп келе ме? Жок, олай емес. Оның аржағында үлкен қаржылық, АҚШ-тық, батыстық мүдде бар. Осыны бек түсініп алуымыз керек. Осыны және біздің билік те жақсы түсінуі керек. Қазір қазақ билігі кез-келген уақытта өзіне карсы шығатын орыстілді баспасөзді, айналып келгенде Ресейдің баспасөзін бағып, семіртіп отыр. Бөтен елдің баспасөзін бағу – бөтен елдің әскерін бағу деген сөз.

– 4 жылда не істегендерініз туралы қысқаша статистикалық мәлімет бере аласыздар ма?

– Қажығұмар Шабданұлының «Қылмыс» романын толық жарияладық. Тұrsын Жұртбайдың «Ұраным –

Алашын» да бізден таба аласыздар. Өзім бек қадір тұта-тын Төлен ағамнын (Әбдік) ғажап әңгімелері «Абайда» жарық көрді. Қысқасын айтқанда, авторларымыздың өзі саусакпен санайтын казакы статистикаға сыймайды. Оның сыртында, Елордамызда қоқыска тасталған Жәні-бек пен Керей ескерткішінен бастап көтерген мәселеміз каншама?.. Қытай дихандарына жерді жалға беруіге қарсы дауыс көтерген казактың ашы айқайын айтайын ба, «Ел бірлігі» деген аты «әп-әдемі» доктринаны тауып алып бірінші болып қоғамдық пікірге қозғау салғаны-мызды сөз етейін бе, әлде авторларымыз көтерген мәсе-лелерді тізіп шығайын ба,.. көп қой, соның бәрі жинала келіп «Абай» деген сайтты әйгілі етті. Жалпы тұтыну-шыларымыздың саны 10 миллионнан асып кетіпті. Қа-зактың баласы, казақ тілін тұтынушы (осындағы сөз бар казір) жүрген дүниенің түкпір-түкпірін тегіс алып бол-дык. Қанағат етсеніз, әзірге статистикамыз – осы. Енді келесі сұракка көшейік.

– Неге өздерініздің тұрақты макалаларының жа-рық көрмейді?

– Жарық көріп жатыр. Алайда, біздін ойымыздағы та-қырыпты қаламдас әріптестеріміз жазып редакциямызы-ға құн құрғатпай жолдап тұрады, сол себептен де кейде өзіміз «қалам сұтып» қаламыз. Сөзімізді біреу сөйле-се, аузымызды қыштып не қыламыз, оның үстіне, ай-тары бар, жазары бар адамдарға мүмкіндік берудің өзі біздін жарық көрмей қалатын макалаларымыздың ор-нын толтырады емес пе? Демек, біз текке қарап жүрген жокпыш. Елдің ойын қозғап, сөйлетудің өзі үлкен өнер.

– Сайттарыныздағы материалдармен билік қан-шалықты санасады?

– Қаншалықты санасатынын білмеймін, бірақ, сана-сады. Өйткені біз қоғамдық, ұлттық көзқарастарды жа-рия ету арқылы билікке ықпалдымыз. Егер шатты-бұт-ты бірденелерді айтып отырсақ, бізді билік не қылады?

Баспасөздегі, жаңа медиа әлеміндегі өз орнымызды білеміз, сондыктan да алған бетіміздің тура екендігіне кәміл сенімдіміз.

– Дәурен, таптаурын болған тақырыптардан қа-шып, жөні түзу мәселе көтерсөнші, әлде қаламы үш-

қыр, тақырыпты тауып қоятын адам жоқ па? Іш пыстырады бәрі...

– Баспасөз – қоғам мінезі мен болмысының айнасы. Ұлттық ойдың, ұлттың интеллектаулық ойлау мүмкіндігінің жария нұскасы. Біз де халқымыздан асып кете алмаймыз. Ел намысын сілкіндіретін каншама мақала «Абайда» жария көріп жатыр, сонын бәрі ішінізді пыстырыса, онда коя койыныз. Менің анам айтып еді «сендер жазуын жазып жатырыңдар ғой, соны оқитын жүрт жоқ осы күні» деп. Рас екен...

– Ассалаумағалейкүм! Дәурен мырза, Қазақ үшін тер төгіп жүргенізге алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Енбектерінізге Алла разы болсын. Қоятын бір сұрағым бар еді. Сайттарыныңда Ата мекеніне орала алмай жүрген қандастарының туралы көп мәселе көтердіңіздер. Ол ғой дұрыс. Өзініздің де Ата жүртіна орала алмай жүрген туыстарының бар сияқты. Қазактың мандай алды азаматтарының бірі бола тұра сол кісілердің көшіп келуіне көмектесе алдының ба? Алда не істеу ойының бар? Жеке басыныздан көмек бола ма? Алда оралман мәселесін және жалғасты көтересіздер ме? Рахмет!

– Қазір қытайша калай аталса да, өз басым казак жерінің бір ұлан өлкесі деп білетін байырғы конысымында менің туған нағашыларым тұрады. 1847 жылы орыс пен қытай ерігіп отырып бөліске сала салған қазактың жерінде анам дүниеге келіпті. Әкем – «арғы беттегі» қазактың тілімен айтқанда – «сәбеттің казағы». Куат бабам дәулетті кісі болыпты. Ондай адамның баласы, баласының баласы сарқыла коймайды ғой, кедей-кепшік құтырып, «байсын, «құлақсын» деп балтырдан қапканда амал жоқ атам Құсайын Шығыс Түркістанға ауады. Сол жақта Қанабек, Әнісбек, Шәріпбек деген өзімен денгейлес адамдармен дос болып, қызын (менің анамды) ұлына (менің әкеме) айттырып, жол-жоралғысымен құда түсіп алады. Иә, шешемнің туған бауырлары Құсайын сайының аузында отыр. Арада байланысымыз үзіліп қалған жылдардан соң шарқ ұрып жүріп ізден таптым. Менің жазған хаттарымды жеткізіп, нағ-

шыларымды тауып берген әйгілі жазушы Жанат Ахмади мен каламгер Серік Нұғманға мың алғыс.

Ал, енді сұракка берілетін жауабыма тікелей көшсек, менін жеке басымнан не көмек бола койсын, қолыманан келетіні – қоғамдық пікір туғызу, казак қөшінін токтамауына ықпал ететін макалаларды топтастырып, үлтшыл азаматтардың басын косу. Куллі дүниедегі бар қазактын баба жұртынан қоныс табуына тілектестігімді білдіру. Өзін «казакпын, сұмдықпын, халқым үшін жаным пида» деп жүргендердің көбі сырттағы казак туралы әңгіме бола қалса, сәбеттің (кәпір коммунистер билеген совет өкіметінін), сәбетке құл болған заманның сөзін сөйлеп, сойылын суырып шыға келеді. Олармен салыстырғанда менін азды-көпті тірлігім мен алыстағы бауырларыма деген алғаусыз тілегім Алхам шүкір шығар.

1. **Бүгінгі уақыт айтылуындаі айтылды, жазылуындаі жазылды. Ертенгі қазак қоғамы қандай болады?** Ертенгі журналистика, ертенгі қазак әдебиеті қандай бағытта қалам тербейді?

2. **Аманхан Әлім қөкеміздің "Откірдің жүзі" атты публицистикалық макалалар жинағы болушы еді...** Алдағы күнде Сіздің жазбаларынызды да сондай кітап бетінен көре аламыз ба?

3. **Оқырманының ретінде Сізден бүгінгі күннің бет-пердесін сұлып тастайтын, әдемі әзілмен, азы сықақпен жазылған әңгіменізді күтеміз...**

4. **Қажығұмарды қазаққа танытуда бір кісідей қызмет жасадыңыздар. Үлттың ұжданына, казактың қайсар рухына баланған Қажекенді насиҳаттауға алдағы күнде қандай жоба-жоспарларының бар?**

Үлкен құрметпен, Бауыржан

– Тәуелсіздік алдық, мемлекеттілігімізді әлем мойыннады, енді осы әлемнің бір мүшесі болып өмір суреміз, осы әлеммен бірге өзгереміз, өсеміз, жаңарамыз, жаңғырамыз. Казак қоғамының ендігі дамуы әлем жұртымен бірге болады.

Казак әдебиеті мен журналистикасы туралы да осыны айтамын. Әдебиетте де, журналистикада да талай эксперименттердің, жаңалықтардың болуы мүмкін, бірақ өз басым казак әдебиетінде эпиканың, дәстүрдің

сакталғанын, дамығанын қалаймын. Журналистика ак-парааттық технологияның, прогрессердің көшінен қалмауы керек.

- Баспасөзде жарияланған, қоғамдық пікірге қозғау салған таңдаулы дүниелерімді жинақтап, кітап етіп шығару ойымда бар. Осы сауалды койып отырған оқырман хабарлассын, кітабымды қолына тигізуге уәде етемін.

-Әр шығарма бұйырған күні жазылады, бірақ шығарманың жазылатын күнін күтіп жүрудін кажеті жок екендігін түсіндім, оған енбек ету керек екен.

-Казак әдебиетінде енді қажығұмартану дәстүрі басталуы керек. Біз осы идеяға, Қажығұмар әлемін игеруге бар мүмкіндігімізді сарп етуге дайынбыз және осы бағытта біраз жұмыстар да жасап жатырмыз, оның нәтижесін алдағы қундері көресіздер.

- Дәүке, қазак жұртының санасын отарсыздандыру, шын мәнінде азат ету үшін қандай шаралар кешенін жүзеге асыру керек?

- Бұл – ұзак, үлкен әнгіме. Азаттыктың түпкілікті мәніне, мағынасына жету үшін әр казак өзінің қазак екенін сезініп, әмір сүруі керек деп ойлаймын. Бүгінгі қазак өзін әрнеден қорсынып, жалтактап жүргені болмаса, казак кімнен кем? Жалқау, арсыз, бұзакы – жалпы осындай кіслік мазмұны кем пенделер кай ұлтта жок? Қазак өзінен жамандыкты көре бермеуі керек, жасампаздыкты көре білуі керек. Мұны термелеп айтып отырған себебіміз біздін мемлекетімізде деколонизацияция, сізше айтканда, казак жұртының санасын отарсыздандыру саясаты жүргізіліп жаткан жок. Біздін бүгінгі сорлап отырған халіміз – соның көрінісі.

- Сіздін сайтта өте жоғары деңгейдегі потенциалды комментшілер бар. Мысалы, Серікжан, Қабыл, Дағалаң, Алтайшы, Ақтай Шерушин, т.с.с. Солардың кім екендіктерін жүрт білмесе де сыйлайтындар көп. Тіпті, осы комментшілер бұрынғының би-шешендері секілді өте абырайлы. Осы комментшілерге заказ беріп неге мақала жаздырмайсыздар?

- Сіз айтып отырған комментшілер – «Абайдын» оқырмандарын тәрбиелеп, ішкі мазмұнын байытып отырған жігіттер. Мен оларды танымаймын. Бірақ, ел ішінде, жа-

зармандар ортасынан алыс Серікжан, Қабыл сиякты интеллектуалдардың жүргеніне тан қаламын. Қабыл, бір нәрсеге ренжіп қалды ма, соңғы кездері пікір жазбайтын боп жүр. Ал, Серікжанның ойларын өз басым үнемі қадағалап, ескеріп жүремін. Тіпті, оның латын карпіне көшуге байланысты бүгінгі күні көтеріліп жаткан әңгімеге орай жазған пікірін мәқала етіп те жарияладық. Қыскасы, Алтайши, Актай, Доғаландар – бүгінгі біз білетін дәстүрлі журналистиканың өкілдерін жолда қалдыратын мыкты азаматтар. Осындай жігіттердің ойын ашық айтуға мүмкіндік беріп отырған «Abai.kz», сірә, жаман сайт болмаса керек.

– Дәүренжан, құтты болсын! Менің сұрағым: Abai.kz сайты қөтерген мәселелер жөнінде жоғарғы жақтын аландап, қысым жасаған кезі болды ма? Болса, кімнің қай мәқаласы туралы?

– Отірік айта алмаймын, мұндай мәселе бізде болған емес. Қазақстанның кайткенде жаман атын шыға-руға тырысатын менің орыстілді әріптестерім көшеде сүрініп кетсе, ертөнгісін сол жағдайын жалпак жүртқа жарияладап жатады. Соның көбі өтірік. Біздегі өткір мәқалаларға қарап оқырман әр түрлі ойға берілуі мүмкін, алайда, кайталап айтайын, казактын Ата Заны мен арожданын корламайтын дүниелерді барынша сактап беретін газетте, сайтта биліктін несі бар?

– Жүргініз ауырып, ішініз қүйіп ойлайтын нәрсе бар ма?

– Егер бұл менің жеке басыма қатысты сұрап болса, жүргегім ауырып, ішім қүйіп ойлайтын емес, сағына-тын адамдарым бар... Бала кезімде Бердібек Сокпак-баевтын кейіпкері сиякты «Мен осы соғыс кезінде неге тумадым екем? Соғыс кезінде тусам, ерлікпен көз жұматын ерлердің бірі болар едім» деп армандастыным. Жараткан мені «арманыма» жеткізді. Мен казір акпарат майданының алаңында жүрмін. Бұл майдан – мәңгілік майдан. Осы майданын катардағы жауынгері бола жүріп, айтарымды айтып, жазарымды жазбасам, менің кім болғаным? Сондыктан жүргегім ауырып, ішім қүйетін мәселенің бәрін жазып-айтып келе жатырмын деп ойлаймын.

– Қазақтілді журналистикада ең мықты журналист, ең мықты публицист деп кімді айтар едініз? Прозаларынызды жинақтап, кітап шығару ойынызда бар ма?

– Өз мамандығына адал, кәсіби білігін арттыруға ұмытылатын, жаналықка жаны құмар, казақ журналистикасының тарихына жетік, акпараттық технологияның даму мүмкіндігін өзіне жат көрмейтін әріптестерімнің бәрін мықты публицист, мықты журналист деп танимын. Өз басым Жанболат аға Ауыпбаевты, Жарылқап Бейсенбайұлын, Марат Қабанбайды, Сапарбай Парманқұлды, т.б. құрмет тұтамын. Мұхтар Мағауиннің кен толғап жазған макалаларын іздең жүріп оқимын.

Әңгімелерімді жинақтап, кітап етіп шығару ойымда бар. Жазған дүниесінің газет бетінде, журналда ғана қалып коюымен шектелетін адам жок шығар.

– «Abai.kz» қазір өткен ғасырдағы «Қазақ» газетінің орнын басты, Алаш баспасөзінің ауыр жүгін көтерді. Құрылтайшысы кім сайттың?

– Әр баспасөз өз заманының сөзін айтып, жүгін арқалау керек. Ол міндеттен бойын аулак салған газет – газет емес, журнал – журнал емес. «Баспасөз дегеніміз – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» (А. Байтұрсынов), ал, бүтінгі заманда мемлекеттің мұддесі, ұлттың айнасы деп ойлаймын. Баспасөз өзіне жүктелген осындағы миссиядан қашпау керек. Сіздің лебізінізге раҳмет, біз өз міндеттімізді адал аткаруға тырысудамыз. Ал сұрағының келсек, сайттың құрылтайшысы – «Абай-акпарат» казак интернет кеңістігін дамыту коры. Құрылтайшылыққа құрығы ұзын бөгде біреулердің ешкандай катысы жок.

– Лакап аттары Атаба, Рыжий Алмас, Черный Алмас, Баха фестиваль, Композитор Баха, Киса, және тағы басқа ер жігіттер сол 90 жылдардағы көрінбейтін, еленбейтін, абырой әпермейтін, бірақ елдікті сақтауда маңызы өте жоғары соғыстың жау жүрек жауынгерлері болды ғой. Олардың кінәсізге, әлсізге, жазықсызға тиіспегені, қазақ пен өзге ұлттың арасында кездесіп қалатын ұлтаралық мәселе бола қалса, кез-келген уақытта сол арадан табылышп, мә-

селені шешкендері рас. Сол жігіттер туралы шындық айтылса екен.

– Карулы, мықты спортшы жігіттеріміздің кейінгі жылдары «шибөрлікпен» айналысып кеткенін естімін. «Бүркіт қартайса, тышқан аулайды» дегеннің кері осы шығар, сірә. Қытайдың «Триадасы», Италияның сицилиялық мафиясы сиякты күштер мемлекет болған сон, бізде де болуы керек. Откенде бір жігіттерден Казакстанда екі «вор в законе» бар деп естідім. Болуы керек, неге болмаска? Қадыр Мырза Әлидің сөзімен айтканда, «ұлттың ұрысына дейін болуы керек».

– Қазақ саясатының ең үлкен басым бағыты "Қазақ көшіне" арнаулы керек еді... Бірақ мұны сіз білесіз, біз білеміз. Билік білмей отырған сиякты. Қалай ойлайсыз? Бірнеше жылда Қазақстанның, оның ішінде қазақтың санын миллионға арттырған көш тағдыры ендігі жерде не болмақ? Көші-конның осылай токырап қалуына қазақ зиялыштары қол күсырып қарап отыра ма? Иә, хат жазар, мақала жазар. Бірақ нақты талап етудің жолдары қандай? Сіз не дейсіз?

– Тағдырдың тәлкегімен сыртқа коныс аударуға мәжбүр болған казактың Атажұртына оралуына мүмкіндік туған заманның занғар тұлғасы, казак көшінің бүгінгі авторы – Назарбаев. Ол кісі саясаткер ретінде 90-жылдардағы киын-қыстау уақытта бет алған бағытынан таймауды керек. Шетке ауып кеткен шерменде қазактың Еуропа елдерінде тұрып, өмір сүріп жатқан бөлігінің жағдайы жақсы шығар, бірақ өзгелері ше? Біз солардың тағдырына ұлан-байтак жеріміз, әйгілі мемлекетіміз бола тұрып қарап отыра беруіміз керек пе? Көші-кон менше болғанда, токырап қалмайды, ол әзірге іркіліп қана тұр. Қазақтың Ата конысына көшүі XXI ғасырда Қәрім Мәсімов, Тимур Құлыбаевтардың көnlіне қарамайды. Элем халықтарының ықпалдасу үрдісі мені осы ойға жетелейді.

– Билік қорықса, ана "Время" секілді газеттерден корқады. Сондықтан ғой, ол газетке қанша сынаса да оған жыл сайын госзаказдан 25 миллион тенге беріп отырады. Сіз неге осындаі құлдық психология жайлы айтпайсыз?

– «Время» газетін бетіне жіберіп, бетбак қылған – казактың бүтінгі сорлы билігі. «Время» дегеніміз – казактың бүтінгі билігі үшін кіндігін жылтыратып көрсетуден ұялмайтын шорты киген шолжан қыз. Осы «шолжан қыздардың» қылышына бетіміз қүйіп отыр емес пе? Бөтен елдің, бөтен тілде акпарат беретін баспасөздің казакқа дос болмайтындығын қашанғы зарлап-каксап айта береміз? Бөтен елдің баспасөзін асырау – жаулап алған жатжұрттықтың әскерін асыраумен тен. Орыстілді баспасөздің ойраны туралы үнемі жазып келеміз. Ал, «Время» туралы айтарымыз әзірге – осы.

– **Қазақстанда таралымы көп, айтары жұмсақ екі газет бар. Ол – "Алаш айнасы" мен "Айқын". Осы екі басылым биліктің көнілін бұзбас үшін, арнайы шығарылған жок па осы?**

– Бұл екі газет – баспахана саласындағы жетістіктердің мүмкіндігін пайдаланып, жаксы шығып жаткан газеттер деп ойлаймын. Бірақ газеттерде формат деген пәле бар, сол формат, яғни, жоғарғы жактың саясаты бүкіл баспасөзге ортак. Барлық БАҚ сол форматтың шегінде жұмыс жасайды, жасап келе жатыр. Өткенде Мемлекеттік хатшы Марат Тәжін еліміздегі баспасөз атаулының осы халін түсініп, жаңа концепция ұсынды. Қазақстандық БАҚ осы концепцияны дамытып, ашық, еркін сипатта көшуі керек. Баспасөз сөз бостандығы мен азаттықка өзі ұмтылmasa, ондай мүмкіндікті ешкім жасап бермейді. Қоғамның тұрактылығы дегеніміз – баспасөздегі еркін пікір, ашық ойдан да көрініп тұрады, оны бүркемелеу – қоғамның ішкі саяси тұраксыздығын, биліктің әлсіздігін әйгілейтін күбылыш. Осы жайтты бес ұғынса, билік ешнәрсеге аландамай өмір сүре алады.

– **«Абай» порталынын бүгінде қоғамдық пікірге және билікке ықпал етуде өз орны бар ма? «Abai.kz» сайты жеке меншік пе, жок билікке тәуелді сайт па?**

– «Abai.kz» акпараттық порталы қоғамдық-пікірге азды-көпті ықпал ететін күшке айналғанын біз емес, ел ішінің өзі айтып жүр. Ұлттық, мемлекеттік мәселелер тұтқылдан шыға келгенде, зиялы қауымның «Abai.kz» сайтын бетке алып. «Абайдың» айналасына шоғырлануы соны білдірсе керек. Осында сайты билікке канша-

лыкты тәуелді бола койсын? Алайда ашығын айтайык: бүтінгі билікке түптең келгенде бәріміз тәуелді шығармыз, әйтсе де, тәуелділік деген тәу етіп отыру емес. Біз билікті баспасөзбен карым-катынаста болудың жаңа форматына көшуге де етеп ықпал етіп келеміз. Осы бағытта жұмысымыз жалғаса түспек.

– Латын әліпбіне өтуге қозқарасының қалай?

– Латын әліпбіне өту жайлы сөз козғалған екен, енді оны токтатпайык. Зиялы қауым мүмкін болса, латын каріпіне көшудің ұлтымызға пайдалы жағын көбірек козғап, соны әнгіме өзегіне айналдыра беруге тиіс. Көне руна, түркі жазуына бару туралы идеяларды да «Абайда» бірнеше рет жария еттік. Бұл жазудың өлі жазу болып каларына сенбеймін. Эйткенмен де, оған дейін біздің басымыз әбден пісуі керек.

– *Мәртебелі оқырман, осымен интернет-конференциямыз бір жақты болып, тиянақ тапқан сияқты. Қадары-халімізше барлық сауағдарға жауап беруге жазымызды салдық. Кейбір сұрақтар – мысалы, «Abai.kz» сайты пікірлерді өзі ұйымдастырып отырмай ма?» немесе «Abai.kz» порталының қызыметкерлеріне кім айтық береді?» деген сияқты сұрақтар қайтадан-ған екен, енді оған қайыра жағаған жазып отырудың қажет жоқ шығар деп білдім. Қөши-қон туралы сұрақ жолдаган қонақ өзі пікір айтып, ойын шашыратың-қырап атыпты. Уақа емес. Мен ол бауырымның негізгі айтпағын түсінген сияқтымын, сондықтан қысқаша пікірімді білдіре кетейін.*

Біріншіден, қазақ көшінің қазіргі үзілісіне қарап тоқыраудың, іштей егілудің қажеті жоқ. Біз ел емеспіз бе, ендеше, билікке ұлы көштің – нұрлы көштің мән-мәғынасын, мемлекеттік мазмұнын дәлеледеп ықпал етеп беруіміз керек.

Екіншіден, көшіп келуге ұмтылған, келуге жағдайы бар қазаққа қарсы шықтауымыз керек. Зиялысы көшіп кетсе, сырттағы қазақ зиян шегіп қалады деп қорқудың қажеті жоқ. Өйткені атыстағы ағайынның бәрі есті, бәрі ұттыыл. Оқыған-тоқығаны артық қазақ қай етеге болса да керек. Ал қазақтың қарасын молайтатын қазақ – жатпы Қазаққа керек!

Үшіншіден, «Abai.kz» көшіп келген қазаққа іші еткістеп, келе алмай жүрген қазаққа қырын қарайтын саясат ұстанбайды. Ұстанған да емес. «Abai.kz» сайты – ғаламторда Хакім атамыздың атын иеленгелі қазақ көшінің сөзін сөйлеп, жырын-жырлаудан айнаған емес.

Осылын интернет-конференцияныздың жиыны тәмам, құрметті оқырман. Сауда! қойып, ашық пікір айттып, бейсенділік танытқандарыңыз үшін бәріңізге ризашылтығымды білдіремін.

Кұрметтеп, Abai.kz ақпараттық порталының бас редакторы – Даурен Құат

(Соңы)

*Abai.kz
2013 жыл, сәуір айы*

АЛТЫ ҚАРАГАЙДЫҢ АРАСЫНДА АДАСЫП ЖҮРМІЗ

«Алаш айнасы» газеті кәсіби мерекеміздің қараса-
ныңда бізге «Қазіргі қазақ журналистикасы бәсеке-
ге қабілетті ме?» деген сұрақ қойған болатын. Әлгі
сұраққа қайтарған жауабымыз газет белгілеген кө-
лемнен асынқырап кетсе керек. Үкшамдалып ба-
сылыпты. Сол себепті «Алаш айнасының» тілшісі,
әріптесіміз Мәриям Әбсаттарға ауызша айтып бер-
ген ойымызды «хатқа түсіріп» қайта жариялауды
жөн көрдік.

Шыны керек, казак журналистері аппарат майданын-
дағы бәсекеге қабілеттілік денгейіне толық кол жеткізе
алған жоқ әлі. Мұндай жайтын көп себебінің бірін мен
қазақ баспасөзінде қызмет етіп жүрген әріптерестерімінің
ішкі бірлігінің, өзара үндестігінің, бір-біріне деген ті-
леуlestігінің, бір-бірін шығармашылық тұрғыдан кол-
дай алмайтындығының кесірінен көрер едім. Мәселен,
тележурналисттен газеттегі әріптесінін не жазып жүр-
генін, болмаса газет тілшісінен радиодағы журналистер
кандай мәселе көтеріп жүргенін сұрап, әнгімеге тарта
қалсан, мұрнын тыржитып, иығын қушитады. Онысы
«солар не бітіріп жүр гой дейсін?» деп өзінше білгішсін-
гені болса керек. Бізде, тіпті, бір-бірін сырттай болса
да танымайтын журналистер жетіп артылады. Бәсекеге
қабілеттілік бірлік пен ынтымактан калыптасады. Біз
Ресей не Қытай секілді қалын ел емеспіз ғой. Соған сай
бұқаралық аппарат құралдарымыздың да саны аз. Енде-
ше, бірімізді біріміз сырттан күндел, ала бақа, аш жылан
болмай, алдымен еліміздегі аппарат кеңістігін тұтасты-
рып тұрудын камын ойлауға тиіспіз. Өкінішке карай,
біз әлі қүнге бірауыздылық танытып, коғамдық пікір
тудырудың орнына алты қарағайдың арасында адасып
жүрміз. Ал, мұндай жағдайда аппараттық бәсекеге
қабілеттілік туралы айтудың өзі киын емес пе?. Бұл бір
десек, екінші мәселе – казак баспасөзінің материалдық

тұрғыдан жадау тұрмыс кешіп келе жатқандығы. Мемлекеттік бюджетке қарайтын газеттегі талантты, дарынды жігіттер 20-30 мың теңгенін айналасында енбекакы алады. Тапқаны табан астында таусылатын журналисте осыдан кейін қалайша творчестволық ізденіс, өз ісіне деген құштарлық болуы мүмкін? Қазақстан экономикасы нарыктық катынаска өткен күннен бастап орыстілді басылымдар ыңғайлы, жайлы тұрмысқа кол артып алды. Бүгін, XXI ғасырда, казақ баспасөзі енді ғана еп-теп игілігін көре бастаған журналистердің күнделікті жұмысына аудай кажет қарапайым компьютер, факс, үялы телефон деген құралдарға орыстілді басылымдар 90-жылдардың басында-ак ие болып қойған. Олардың акпаратты тез, шұғыл таратуының негізгі себебі осы болса, екінші себебі биліктің оларға бүйрекі бұрып, солардың тілінде сөйлеп, солардың тілінде алдымен акпарат беріп жалпан қағуынан деп түсінемін. Алайда, орыстілді журналистердің алып бара жаткан ештеңесі жок. Бірақ, оларға берілген мүмкіндік казақ баспасөзінде де берілсінші, сонда көрер едік әүселелерін. «Орыстын тілін біл» деген Абай орыстың законы болмаса, казақ оның алдында именбес еді дейді. Орыстың законы бүгін де күшті болып тұр ғой. Ақиқатын айтар болсак, казіргі билік казақ баспасөзіне қабырға газеті денгейінде ғана қарайды. Қоғамды толерантты болуға шакырып бағатын билік казақ баспасөзінің сынына төзімділік таныта алмайды. Қазақ баспасөзінің сынына төзе алмайтын билік казақ халқының әлеуметтік талаптарына да төзе алмайтындығын көрсетіп келеді. «Келгенде Жиенқұлға шықпайды үнімнің» кебін киіп отырған казақ баспасөзін сондыктан корлайтындар көп казір. «Қазақ баспасөзі жаза алмайды, айта алмайды» дейтін пікірлер де осыдан шығады. Дейтүрғанмен, егер казақ баспасөзінде жарияланып жаткан материалдарды орысшаға аударып берер болса, немесе казақ журналистері жазып жаткан кадау-кадау сыни мәселелер орыс тілінде көтерілер болса, онда баспасөздің ұлттық, мемлекеттік манызы да арта түсер еді. Мұны неге айтып отырмыз? Әйткені, орыс тілді басылымдар акпарат кеңістігін каржылық топтар мен сыртқы құштердің мұддесіне қарай

бөлісіп алды. Осыған бір мысал келтірейін, былтырғы 8 тамыздан басталып бес күнге жалғасқан Ресей карулы құштерінің Онтүстік Осетиядағы әскери іс-кимылдары есте шығар, осыған байланысты біздін еліміздегі бір ресми орын халық арасында құпия сұрау жүргізіпті. Сонда нәтиже кандай болған дейсіз ғой? Казакстандағы орыстар мен орыс тілділер Ресейдін Грузияға жасаған қысымын бір ауыздан қолдап шықкан. Ал, казекемнің пікірі ала-құла болған. Саялнамаға катысқан казактардың бірканшасы Ресейдің ісін колдаған, бірканшасы колдамаған, Ресей мен Гүржистанның арасында не болғанын білмейтіндер де табылған. Бұл нені білдіреді? Бұл біздегі акпараттық саясаттың Қазақстанның мемлекеттік ішкі һәм сыртқы саясатынан тыс өмір сүріп жатқанын, орыс тілді баспасөздін коғамдық пікірге ықпалды екендігін білдіреді. Бұл және орыс тілді баспасөз Қазақстанның акпарттық кеңістікте Ресейге отар етіп ұстап отырғандығын білдіреді Ал, енді осыдан корытып не айтпакпыз? Айтарымыз мынау: казак журналистері акпараттық бәсекеге қабілетті болуы үшін қазак баспасөзіне мемлекеттік денгейде қолдау керек. Мемлекеттік қолдау жаңағы өзіміз айтып отырған Ресейдің де, АҚШ-тың да, Батыстың да тәжірибесінде бар нәрсе. Осыны біздің ресми орындар түсінбей-ак келеді.

Тағы бір шындық: казак баспасөзінің халықтың тарапынан да қолдау көріп отырғаны шамалы. Бізде бәсекелестікке қабілетті журналистік орта қалыптасуы үшін халқымыз да сондай сергек болуы керек. Газеттерде, теледидар мен радиоларда тарарап жаткан акпараттар мен ұлттық мазмұны терен мәселелерге ілесе үн коса алатын азаматтық қоғам болуы шарт. Өкініштің сол, біздің оқырманның денгейі қазір «сары басылымдардың» денгейіне түсіп кетті. Бір кездері казак оқымысты-ак халық болған. 80-жылдары казак газеттерінің таралымы 200-300 мынға жетуі сонын айғағы. Халықтың мұндаидай құлшынысы, эрине, өз кезегінде баспасөздің құш-куатына, беделіне де әсер етеді. Қорыта келгенде айтарым, бәсекеге қабілетті бола алмай тұрғандығы-мыздың бірінші себебі – бір-бірімізді шығармашылық

тұрғыдан колдау жок, екінші – билік орындары қазак баспасөзінің кажеттілігін жете бағаламай келеді, тұрасына көшсек, қазак баспасөзіне қысым жасап бағуда, сондай қысымды көре тұра қазак журналистерінің арасында пікір еркіндігі үшін құресу. өзінің беделін көтеру үшін шаралар ұйымдастырып, замана талабына сай жаңа мүмкіндіктердің жолын қарастыру деген әрекеттер атымен жок. Осындай бейқамдығымыздың салдарынан біз акпараттық агрессияға жол беріп койып отырмыз, акпараттық кеңістігімізге ықпал ету миссиясын да өз міндеттімізге жүктеуден тайсактаймыз. Мұның сыртында баска тағы да көп әнгіме бар. Оның бәрін тізіп жылында бір келетін кәсіби мерекемізде көнілімізді жүдете бермейік.

*Abai.kz
2009 жыл, маусым айы*

3.ҚОҒАМНЫҢ ЖАТЫРЫ

ҮРІМШІГЕ ҮЛКЕН САЯСАТ КЕЛДІ

Қытайдың Шынжан өлкесінің орталығы Үрімші қаласына таяуда Цзян Цзэминь жолдас келіп кетті. Сыртқа акпарат таратуға саран КХР өкіметінің бакылауындағы бұқаралық акпарат құралдары экс-төрағаға жергілікті үй-ғыр халқының өкілдері шапан жауып, қашқар тақиясын кигізіп мәре-сәре болғанын көрсетіп, жазумен ғана шектелді. Түймедейден түйедей зат жасай қоятын Батыс баспасөзі де әлгі зерлі шапан мен оймактай тақияны «киіп» тымпия қалған қытай саясатына дендел ене алмай дінке-леп отыр. Шапан жабу – үй-ғыр халқының дәстүрлі дипломатиясында аса зор құрмет белгісі. Қыскасы, үй-ғырлар Цзян Цзэминь жолдасқа риясyz ықылас танытып аттан-дырып салды деуге болады.

КХР өкіметінің бұрынғы төрағасы Цзян Цзэминь есімін біздін ел, сірә, ұмыта коймаған шығар. Ол адамды Шынжандағы қандастарымыз қазақ тілінің табиғатына сай Жаң Зымын деп атайды.

Жаң Зымын – өз тұсында казак-қытай карым-катынасына он ықпалын тигізген тұлға. Казак пен қытай шекарасы дәл осы Жаң Зымын жолдас реcми Пекиннің атынан сөйлеп тұрған кезде шешімін тапты. Сонау он сегізінші ғасырдан бері, Қин әuletінің патшалық құрған кезінен бастап әркез сойыл сұрап, сұрапыл қактығыстарға майдан беріп тұрған шекара мәселеcінің шешімін табуына пәрмен білдіріп, айдаһар міnez таныткан қытай саясат-керлерін ауыздықтай алған Жаң Зымын жолдас туралы кезінде казак баспасөзінде кем айтылған емес. КСРО мен КХР арасында 33 мың шаршы шакырымға жуық шекаралық даулы белдеулердің бар екендігіне 1960 жылдардың аяғын ала Кремльді басқарған селеу бастар зорға мән берген еді. Ал бұл кезде қытайдың үлкен картасына Казакстанның онтүстік шығыс аймағы Балқаш көлінен дейін тұтас еніп үлгергені кейін жарияға шыкты. «Шека-

ра бөлінісінің 99 пайызы эмоциядан тұрады» деп дипломаттардың бірі айтқандай, жаңағы айлапат жерге қытай жағы тістей катып калса, жағдай кандай сипат алар еді? Оған дәл жауап беру киын, әрине. Сондай терісазу, кисык саясатқа жол бермеген Жан Зымын Қазакстан Президентінің құрметті досы ретінде «Алтын қыран» орденімен маралтталды.

Жан Зымын жолдас жас кезінде Ресейдің Горький атындағы қаласында автомобиль шығаратын зауытта жұмыс істеген. Орыс тілінде тәп-тәуір сөйлейді. Оның сыйызының үніндей сыйылып естілетін орысшасы Ельциннің танауынан шулап шығатын орысшадан жағымды естілетінің ілгеріде Ресей журналистері де қынжала мойындал жүретін. Билікке Дэн Сяопиннің колдауымен келген бұл адам қытайды құллі әлемге паш етті. Қытайдың әлем туралы түсінігі мен әлемнің қытай туралы түсінігін тұнілігін ашып, аспан астын кенейткен кесек тұлға. Ол КХР өкіметінің төрағасы ретінде тұнғыш рет АКШ-ка, Латын Америкасы мен Ресейге, Орталық Азия елдеріне ұзак сапарларға шықты. Тайвань аралын қытай мемлекетінің иелігіне қайтарды. Экономикалық реформалардың басында тұрды. Экономиканы басқарудың мемлекет пен меншікке негізделген қытайлық нұсқасын жасай алды. Коррупцияменде аяусыз құресті.

Көне ханьсулардың анызында Сун Укунь дейтін маймыл тар шатқалда кездескен екі жолбарыстың айқасын бас бағып бақылайтын еді. Сун Укунь маймылдың халін кешкен қытайды ол былайғы жұрт ығатындағы елге айналдырды.

Міне, осындай занғар тұлғаның, Дэн Сяопин айтпақшы «қытай өкіметін қөлеңкеде жатып басқаратын» тегеуірінді саясаткердің, Үрімшіге келуі көп нәрсені анғартса керек.

КХР мен КСРО-ның арасындағы томаға түйік жылдарды артқа тастав карым-қатынастың нышаны сезіле бастаған заманда Үрімшіге барған дипломаттардың бірі – Эдуард Шевернадзе болатын. Горбачевтың бұйрығымен КСРО-ның Сыртқы істер министрлігін басқарған Шевернадзе Батыс елдеріне жасаған сапарының сонын Үрімшіде кортындылайды. Үрімші ол кезде шалғайдағы жалаңаш қалалардың біріне жататын. КСРО-дай державаның атынан аяқ басқан Шевернадзе Үрімшіні

комсыныңырап «бұл қала несімен ерекеше?» деп өзін қарсы алған қытай өкіметінің өкілдерінен сұраған көрінеді. Сонда олар сәл абырап барып «Үрімші көп ұлтты қала» деген жауап қайтарады. «Мұнда грузин бар ма?» деп сұрайды саясатта «ак түлкі» атанған Шеверднадзе өз ұлтын мактаныш көретін тау халықтарына тән мінезben. Қытайлар, әрине. «жок» дейді ғой. Сонда Эдуард Амвросиевич «Мені ендеше Үрімші азаматы деп есептеніздер» дейді. Үрімшіде гүржі халқының сынар тұяғы да тұрмайтын болар. Алайда. Үрімші. Құлжа манында казак көп. Ұйғырлардың да карасы мол. Дүнгендердің де саны арта түсude. Сібе-солан дейтін қытайға жақын ұлттар да Үрімшіге «үйірімен» көшіп келіп жатқан көрінеді. Казактармен жақын араласатын құба қалмактар да Іле бойында өмір сүреді. Токсанынышы жылдардың алғашкы ширегінде этникалық ханьсуладардың үлесі Үрімшіде 11 пайыздан аспайтыны туралы деректер айтылатын. Қазір Үрімші толыктай қытайға караган, қытай тәртібіне, қытай архитектурасына көшкен қала. Кісі бойында қытай иероглифтерімен берілген жарнамалардың өзі Үрімшінің бет-бейнесін жұтып үлгерген. Осы өзгерістерге төзбейтін ұлт, жаңағы «көп ұлттың» ішінде ұйғыр болып отыр. Ұйғырлар мен ханьсуладардың өткен шілде айында қактығысып қалуына әлдекандай «бұзакылықтың» сылтау ретінде табыла кетуі көп себептің бірі ғана. Әлгі оқиғаның жай ғана «бұзакылық» еместігін реcми Пекин де мойындал, оған АҚШ-та тұратын дүниежүзілік ұйғырлар конгресінің басшысы Рәбия Қадырды кінәлады. Мұның артында Қадырды қадір тұтып саяси баспаna берген АҚШ-ты айыпты санаудың да салқын райы байкалады.

Иә, бұдан былай Үрімші үлкен саясаттың орталығына айналатын сиякты. Ендеше сол саясатқа сай Қазақстанның да ұстанымы болуға тиіс. Әңгіменің бастысы арғы бетте тұратын казактардың камы екендігі оқырманға түсінікті ғой деп ойлаймыз. 1993 жылғы қазан айындағы сапарында Нұрсұлтан Назарбаев Цзян Цзэмінмен казактарды көшіріп алудың жайы туралы сөйлескені есімізде. Көші-кон мәселесіне ҚХР-дың сол кездегі төрағасы карсы еместігін анғарткан. Алайда, біздін орысколды саясаткерлер «казактар Алтай, Іле аймағын байырғы конысы санайды. Олардың көшіп келе қоюы екіталай» деп жа-

каураган еді. Жағдай, әйткенмен де, керісінше сипат иеленді. Казак көшінің беті бері бұрылды. Қазір Қытайдағы казактар «жер бетіндегі жалғыз отаным – Қазақстан» деген ойға нық бекіген. Демек, Үрімшідегі үлкен саясаттың талкысына түсіп кетпей тұрғанда қандастарымызды жалғыз тұтін калдырмай көшіріп алуға батыл кірісу қажет. Астана Қытаймен арадағы көш мәселесіне немісдіктерге қараған сайын ахуал құрделі сипат иелене беруі ықтимал. Ондай жағдайда Қытаймен бүгінге дейінгі кол жеткен байланыстан айрылып қалуымыз да қадік. Жадынызды жаңғыртып өтейін, Қазақстан мен КХР басшылары мемлекеттік біріккен декларацияға кол койып, өзара сенім шарапаларын бекіткен еді. Трансшекаралық өзендерді бірігіп пайдаланудың да екі жакқа тиімді жолдары карастырылуда. Қытай – Қазақстандағы ірі івесторлардың бірі. Атасу-Алашанкай құбыр жолы салынды. Соның «өтеуі» сияқты қазір Қазақстанда 300 000 қытай азаматы тұрақты тұрып, енбек етуде. Бұл деректі Қытайдың Синьхуа агенттігі жай статистика үшін жария етпегендігін де есте мықты ұстаған абзal. Бұл – Қазақстанда қытай халқының диаспорасы қалыптаса бастады дегенді аңғартатын мәлімет. Эйтпесе, Синьхуаның әлгіндей деректі ашыктан ашық жария етуі негайбыл.

Сонымен, Үрімшіге үлкен саясат келді. Ол саясатты ертен біз Жан Зымын жолдастың Үрімшіге жасаған са-парымен байланыстырып ұзак жылдар бойы айтып жүруіміз мүмкін.

Abai.kz
2009.09.02

«КЕР ЖАҚТАРДЫ» БЕР ЖАҚҚА ТАРТУ МУМКИН БЕ?

Еліміздің шығар күнін иығына кондырған алып Алтай тауының бектеріндегі Өскемен қаласында қазак балаларына арналған үш-ак мектеп бар. Әлгі үш мектеп толы казактың ұлы мен қызы. Үш ауысыммен оқиды. Сынып болмелері жетпегендіктен мектеп ұжымдары амалдан, барды жамап-жасқап, тіпті, дәретханалар мен жертөлелерде окушыларға дәріс беруде. Abai.kz акпараттық порталында жарияланған «Қаладағы казак балалары дәретханада оқып жатыр» атты макалаға карап отырып, Өскеменде жас ұрпақтың жаутанкөз халіне, балаларының сондай күйі кеткен білім шаңырағына барып жүрсе де ана тілінде оқып, тәлім-тәрбие алып шығуына мүдделі ата-аналардың төзімділігі мен көнбістігіне кайран қалғанбыз. Бұл жайт –этәуелсіз Казақстанның өнеркәсіп орындары шоғырланған, старатегиялық маңызы ерекше бір қаласында емес, аштық пен жалаңаштықтан азат етілмеген, болашағы күмәнді елдерде ғана болатын ұсқынсыз тірлікке ұксайды. Бірақ, қазак балаларының басындағы осындей бейшара жағдайға отандастарымыздың ортактасып, жанашырлық танытуға азаматтықтары жетпейтін болып шыкты. Қазақтың қабырғасын қайыстыратын іс – қазактық ғана еken. Олардың панкөректенген пайымдарына сүйенсек, казак тіпті өз жайын айтып жергілікті билікке мұнын шакпауы керек еken. Қазақтың басындағы тағдыр ашық талқылана қалса, ол дегенінде ұлтаралық карым-катаинаска сызат түсіреді еken. Сөзіміз дәлелді болсын. Мынаны оқыныз:

В отношении статьи «Дети казахской национальности города обучаются в түгелетах»

В областной газете «Дидар» № 82-83 от 3 июня 2009 года опубликована статья «Дети казахской национальности города обучаются в түгелетах», корреспондента газеты «Дидар» Алибека Кантарбаева, который противопоставляет условия обучения детей в школах г. Усть-Каменогорска с казахским языком обучения и смешанных школах (статья прилагается).

Данная статья вызвала нездоровую реакцию среди этноориентированных общественных объединений г. Усть-Каменогорска.

В частности, активисты ВКФ РСД ЛАД при обсуждении статьи высказали мнение о том, что её содержание не соответствует действительности и способствует возбуждению межэтнической розни. При этом считают, что публикация статьи в государственной газете, отражает мнение местных органов власти по данному вопросу, что противоречит проводимой Правительством РК политики в сфере межнационального согласия.

АКТИВ ВКФ РСД ЛАД намерен:

- 1. О факте публикации статьи направить информацию в центральный комитет РСД ЛАД г. Кокшетау.*
- 2. Обратиться к Акиму ВКО с просьбой разобраться с лицами допустившими её выпуск. По результатам дать опровержение и информацию о действительном положении дел в сфере образования.*
- 3. В случае не исполнения подготовить по данному факту обращения в Совет «Соотечественников» РФ и Президенту РК.*

Міне, біз өбектеп жолында өліп кете жаздайтын ұлт өкілдерінің ниеті. Газеттегі макаланы дейді, ЛАД-тың Өсекемендегі белсенділері, Көкшетаудағы орталық комитетке жолдау керек. Содан кейінгі талаптары ШКО-ның әкімі әлгіндей макала жазып жүрген газет басшылығымен жасылап сейлесіп, кателіктерін бетіне бассын. Газет кешірім сұрасын дегенге саяды. Бұл талап – жүрегі еттен жарастылған жан баласының ойына кірмейтін талап. Бұл талап – жаны ашымастын ғана емес, шектен шығып маңайына шекелеп қарап үйренгеннін талабы. Сонда казак балалары каусап біткен мектептерде бір партаға төрт бестен мінгесіп отырып окуы керек пе? «Казак та адам баласы ғой» (Абай). Қазақтың жас өскін жауқазын талап ұл қызы кенде жарық сарайларда оқып, заманауи білім алуға тольық какылы емес пе? Әлде ЛАД белсенділері казакты адам санатына коспай ма? Қала тұрғындарының элеуметтік тұрмысынан алынып жазылғаннан өзге астары жок макаланы алаулатып, жалаулатып, бұрмалап, дау көтеріп жаткан ЛАД мүшелерінің әрекеті этносаралық жікке себеп болмаса, басқа себепті басы істейтін адамның (көрсокыр, надан, тоңмойын ұлтшылдықтан биік тұратын адам деп түсініңіз) көре аламасы анық. Байыпты жазылған макаладан құбыжық көріп байбаламға басып жүрген ЛАД «кай-

раткерелерінің» тірлігі койдан жуас қазак «кордасында» міленіп жата берсін, жарық дүниенін бетін көрмесін, озық білім алмасын дейтін карау ниеттерін жайып салып тұрған жок па? Соның бәріне «әй, койшы» деп кол сілтей салуға болатын еді. Алайда, жергілікті биліктің осы уакытка дейін құр сөзбен құрық жонып түк бітірмегендеріне қарап қынжылмаска амалың қаламайды екен.

Шығыс Қазакстан облысына осы күнге дейін Қажымұрат Нағымановтан басқа, кайратқа мініп, намыска шабатын әкім бара қойған жок. Аспан асты, жер үсті алаякатарының бәйгесін шаппай алғатын Храпунов, шау тартқан шағында Қытайдағы елшіліктен оралып, ат басын шалдырған Кәрібжанов, олақ әйел пішкен тұлышптай түркының өзінен көніл айнитын Бергенов дегендер ЛАД пен жаттың аузын бағып жайына кеткен сиякты. Қара көз қазак баласына кенес өкіметі кезінен салқын Өскеменде әлеуметтік-инфра құрылымдар бүгінге дейін бүгілген белін жаза алмаған соң облыстарды біріктіріп онтайландыру саясаты пәлендей шешімін таппаған сиякты. Нактысына жүгінсек, халқының саны басым Семей Өскеменге қарай көшіп, ішкі коныстанудың нәтижесінде ұлттар арасындағы сан айырмашылығы теңесіп қалады деген дәме жаңағындаі көлемен-кесінен шошыған, дарынсыз, істің мән жайын білмейтін кездесісок басшылардың қауқарсыздығынан еш жөнін таппаған секілді. «Бұға берсен, әрине, сұға береді». ЛАД пен жат шулайды екен деп казак балаларын осы уакытка дейін дәретханаға камап оқыту деген не сүмдүк! Бұл керек десеніз, Конституцияға карсы әрекет кой. ЛАД арызын Мәскеуге жазады екен деп калаға тұрғын үйлер салмау керек пе? Мысығы мен күшігіне дейін жеке бөлмесі бар орыстардың айналасына қазак жастары келіп коныстана бастаса, оның несі киянат? Орыс ұлтының сөзін сөйлеген болып, күні өткен, зиянынан басқа пайдасы кем идеяларды тықпап бағатын ЛАД мүшелеріне бәлкім, қазактың қалқайып катарға қосылғанын көрудің өзі киын болар. Олар мұндаі киындықтың қылша шатқалынан қалай өтерін өздері білсін. Ал, елдегі әлеуметтік мәселелерді шешу жергілікті биліктің міндеті. Өйткені, керауыз кер жактарды бер жакка тартып, жалпаңдаудың уакыты өтіп барады.

Abai.kz
2009.10.13

БАНДЫ ЖАЙЛАҒАН БІШКЕҚ

Бүтін Қырғызстанда болып өткен Президент сайлауының көртындысы жарияланады. Алдын ала белгілі болған мәліметтерге сүйенсек, қырғыз елінің казіргі президенті Құрманбек Бакиев 82,62 пайыз дауыс жинап бәсекелестерін шаң қаптырып кеткен көрінеді. Оппозициялық күштердің үміткері Алмаз Атамбаев сайлаушылар дауысының 7,95 пайызын иеленіпті. Тағы бір талапкер Темір Сариевке сайлаушылар дауысының 3,09 пайызы бұйырғанға ұксайды. Қалған үш үміткер электораттың бір пайызыға жетпеген дауысын канатғат тұтыпты. Кешеге дейін 2282 участоктен сайлау нәтижесінің жалпы жиынтығы жетіп үлгерді.

Өзінің кайта сайланғанына бек сенімді Құрманбек Бакиев баспасөз өкілдерімен кездесулерінің барысында елде білім реформасын жүргізетінін жария етті. Сондай-ақ, ол облыстарды ірілendіріп, аудандардың санын көбейтетін, бір – бірінің қызметін қайталап жататын биліктегі лауазымды орындарды біріктіріп, онтайландыратынын да айтты.

Бакиев Президент сайлауында женіске жеткенине күмәнсіздігін анғартып, алдағы шаруаның камына кіріспін кеткенимен, оның табанды карсыласы Алмаз Атамбаев «сайлауды кайта өткізу керек» деп мәселе көтеруде. Халықаралық «Азаттық» радиосының Қырғызстандағы тілшілеріне сұхбат берген ол, бұғын, яғни, 27 шілде күні, Мәскеуге ұшып шығатынын мәлімдеді. Атамбаев Мәскеуге барып Ресей президенті Медведевпен, премьер-министр Путинмен жолықпак. Жолығып оларды Қырғызстандағы Президент сайлауының нәтижесін мойындауға үтітемек.

– Бакиевтың осынша мол дауыс алуы мүмкін емес. Алдын ала жасалған болжамдар бойынша мен 60 пайыздан астам дауыс алуға тиіс едім. Сайлаудан соңда маған қонырау шалып, «біз дауысымызды сізге бергенбіз» деушілер көп болды. Мен осы уақытқа дейін халықтың наразылығын басып, сайлаудың әділ өтетіндігін айтап келген едім. Халықты бұдан әрі ұстап тұру киын. Сондыктан, 29 шілде

күні сағат оннан бастап бейбіт митинг өткізбекпіз. Мәскеуде Медведепен, Путинмен сойлесіп сайлаудын зансыздығын дәлелдеген соң елге оралып митингтің баскы шебінде өзім тұрамын, – дейді Атамбаев.

Өз елінде өткен сайлаудын зансыздығын өзге елдің басшыларына барып дәлелдеу Атамбаевка не үшін кажет болды екен? Бұл сұрапқа тап басып жауап беру киын. Алайда, ТМД елдерінің ішкі саясатына Мәскеудің әркез араласып, «акыл айтып», «жол нұскап», «ұлкендік танытып» отыратынын ескерсек, Атамбаевтың алып ұшып Мәскеуте атташуының сырты айқындала түседі. Оның үстіне қыска күнде қырық құбылатын Бакиевке толық сенім артпағандықтан да Мәскеу сайлау алдында Алмаз мырзаны алқап, құлағына керек сөзін құйып коюы да мүмкін.

Ел билігіне төнкеріс жолымен келген Бакиевке ресми Мәскеудің әуелден-ак іш жия карағанын білеміз. Себебі, 2004 жылдан бастап Мәскеудің ығытына көнбей, «ырықтан» шыккан саясаткерлер саясат алаңын алқызыл ренктерге толтырып билік басына келе бастаған еді. Расында, Құрманбек Бакиев те – Саакашвили, Ющенколар сиякты ТМД басшыларына беймағұлым тұлғалардың бірі. Бірак, соңғы екеуіне карағанда Бакиев Мәскеуге біртабан жакын адам болып шықты. Эйелі – орыс. Сонысымен бірге ол ТМД-ның ішкі тәртібін қадағалап, ойын ережесін белгілеп отыратын Назарбаев секілді азулы саясаткерлердің ығына тез көне калды. ТМД президенттері әредік кездесіп тұратын саммиттерге де тұрақты катысып, белсенділік таныта білді. ТМД елдерінің ішінәра құрылған ұйымдарға да мүше болудан бас тарткан жок. Ағымдағы жылдың акпан айында Манас әуежайынан АҚШ-тың әскери базасын кетіріп Мәскеуге, тіпті, жаға түсті. Бұл шешімін Бакиев басқа жerde емес, тұра Мәскеуде жария етті. Сөйтіп, реңейшілдік бағыт ұстанғанын байкаткан Бакиев аяқастынан бұлт етіп «Манас» әуежайын АҚШ-ка азық-түлік және әскери жабдықтар тасымалдайтын нысан ретінде кайтадан жалға беріп кеп жіберді. Ел парламентімен ымырала-сып осындай кадам жасағаны үшін ол маусымның 11 күні АҚШ президенті Барак Обамадан ризашылыкка толы хат алды. «Ауғанстандағы ахуалды тұрақтандыруға үлес косу ниетін танытып. «Манас» әуежайын жүк тасымалдайтын нысан ретінде жалға бергенінізді зор ықыласпен құптай-

мын» деп жазады Обама Бакиевке арнаған хатында. Хаттың мазмұнын баспасөз өкілдеріне Қыргызстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қадырбек Сарыбаевтың мағлұм еткені есімізде. Ақаевтың тұсында АҚШ әскери базаның жалдық акысы есебінде 14 миллион доллар төлесе, Бакиев оны 60 миллионға жеткізді. Бакиев Парламент депутаттарының келісімін аларда жалдық соманың көлемін бұдан да өсіріп айтса керек, өйткені, Куанышбек Қадыров, Бейшенбек Акунов бастаған халық калаулылары дау шығарып базаның жалдық құны бір жылға 200 миллион болуға тиіс еді дейді.

Мәскеуге барып тұрып «Манастан» АҚШ әскерилерін шығаратынын жария еткен Бакиев Ресейден 300 миллион доллар көлемінде несие, 150 миллион грант және Қамбар-Ата ГЭС-інің құрылышына 1 миллиард 700 миллион доллар инвестиция тартуға уағдаласып оралған. Таяуда «Манас» әуежайын жалға алып Ресейдің әскери күштері де бекі бастады. Шамасы Бакиев бұдан былайда «Манас» әуежайын АҚШ пен Ресейдің арасындағы ойынның көзірі етіп ұстап отыратын болар. Себебі, «Манастың» халықаралық саясаттағы маңызы артып барады.

Шілде айының 31-інде Шолпан Атада ТМД басшыларының кезекті жиыны өтеді деп күтілуде. Ал, тамыздың 1 күні Бакиев алпыс жасқа толады. Демек, саммиттың соны мерейтой мен бейресми инаугурацияға айналары даусыз. Неге десеніз, Қыргызстандағы сайлаудың кортындысы шықпай жатып Орта Азия мемлекеттерінің президенттері Бакиевты женісімен күттүктап жіберді.

– Өздерінізге мәлім, президенттік қызметімнің алғашкы мерзімі күреспен өтті. Бәрін басынан бастауыма тұра келді, – дейді Құрманбек Бакиев женісіне кәміл сенген көңілмен желпініп тұрып. Бакиевтың көңілі өсіп, көл-дастария болып жүргенін Қыргызстандағы «Азаттық» радиосының тілшілері еш асерлеусіз жеткізіп жатыр.

Алғашкы мерзімін күреспен өткізген президент Бакиевтың елінде соңғы жылдары құғын-сүргіннің көбейіп, кісі өлімінің жилеп кеткені жөнінде халықаралық ұйымдар дабыл қағуда. Деректерге тоқталып өтейік.

Жақында Қыргызстан Президенті әкімшілігінің бұрынғы жеткешісі, елдегі аса беделді тұлғалардың бірі, көзінің тірісінде «сүр кардинал» атанған Медет Садырқұ-

лов жол-көлік апатынан қаза тапты. Апатқа Бакиевтың туысқан інілерінің катысы бар деп жазған журналист шетелге бас сауғалап кетті.

Бұрынғы премьер-министр Алмаз Атамбаев кабинетінде отырып уланып калды.

Бұрынғы Бас прокурор Әзімбек Бекназаров оппозициямен байланысы бар деген күдікке ұшырап қызметінен күшті.

2005 жылы казан айында айыбын катап жазалау абактысында өтеп жүрген бұрынғы депутат Тынышбек Атамбаев қаза тапты.

2006 жылы 10 мамырда қылмыс әлемінің жырындысы, кейіннен ықпалды оппозиционерге айналған Тынышбектің бауыры Рыспек Актамбаев кісі колынан қаза тапты.

Қарасу базарының директоры Абдәлім Жұнісовты арнайы жасакталған карулы топ атып кетті.

Халық төнкерісінің белсендісі, депутат Баямен Еркінбаев пен Жырғалбек Сұрапалдиев қасақана өлтірілді.

2006 жылы караша айындағы бір кеште Ош қалалық кеңесінің депутаты Айбек Әлімжанов көкжелкесінен тиген октан көз жұмды.

Ішкі істер министрлігінің полковнігі Уран Әлиев қызмет бабымен жүріп окка ұшты.

2007 жылы сәуір айында Нарын ауданының жерінен саяси жүйеге наразылығын аштық жарияладап білдірген Бектемір Акуновтың мүрдесі табылды.

Ош қаласында белгілі журналист Әлішер Сайыпов ажад құшты.

Міне, осындай келенсіз жайттардың тізбегене көз тіге карасан, бүгінгі қырғыз жұртын, Астанаға ең жакын көрші елдің ресми орталығы Бішкекті банды жайлап бара жатканға ұксайды. Айыр қалпакты ағайынның арасындағы билікке деген берексіз талас пен әлеуметтік ахуалдың ушығуы бізді де толғандырса керек. Абай болайык.

*Abai.kz
2010.04.11*

МЫҢ ЖАСЫНМЕН МӘҢГІЛІКТЕР-ДЕН ОРАЛҒАН, АЛМАТЫ!

Қазақстанға шекесінен қарап Швейцарияға бір күнде тайы-Қазақстанға шекесінен қарап Швейцарияға бір күнде тайып тұрған Храпунов дейтін күтүяктың Алматыға әкім болып тұрған кезінде орыстілді басылымдар жұртты қарадай басынып «Верный бекінісінің іргетасы каланғанына 150 жыл толды» деп жамыраған еді. Онымен коймай, Алматыны «Алма-Ата» атау қажет деген мәселе көтеріп және дүрлікті. Әлгі дүрмекке Ермек Серкебаев сиякты табанды пікірі жок «тарландарамыздың» да ілесе шапканы есімізде. Тіпті, «Казахская правда» газетінің бас редакторы, марқұм Алдан Айымбетовтей арда туған ағамыз да жаңсақ кетіп, «Алмата – алманың атасы деген мағынаны білдіреді, сондыктан, «Алма-Ата» дүрыс» деп бұрыска тарткан болатын. Сол кезде, билік тапсырмаса тұрған орнынан тапжылмайтын тарихшыларымыз аяулы Алматыдай ірі шаһардың тамыры теренде жатканын дәлелдеуге тырысқан казак баспасөзін жерге каратып, «Алмааташаларға» дәйкеті жауап бермеген еді. Эйткенмен де, қашан да «ештен кеш жаксы». Міне, кешелі бермен Алматының жасы мың жылдан асып жығылғаны туралы жағымды жаңағылттарай баставы. Бұл жаңағылттарай етуге ғалымдарымыз жан-жакты даярлықпен келіпті.

«Қазақстан» конакүйіне жиналған кенттанушылар «Еуразияның ежелгі және орта ғасырлық кенттенүі: Алматы каласының қалыптасуы, дамуы және жасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіп, әлемдік мәдениет пен тарихтың олқы бір тұсын жан сүйсінерлік жаңағылттарайп толтырды. Конференцияға Англия, Германия, Италия, Бельгия, Албания, Түрік, Жапон, Корей, Ресей, Өзбекстан және Кыргызстан мемлекеттерінің ортағасырлық кенттену мәсесін зерттеуші ғалымдары катысыпты. Кен отырып кенескен келелі жиынның корытындысында бүгінгі Алматы каласының кабырғасы бұдан мың жыл бұрын каланғаны анықталды. Осымен сөз тәмам. Енді «Алма-Ата» деп ауыз ашатындар мен «Верный» деп бедірейтіндерді бет қаратпауға әбден болады. Алдағы күндердің шаруасы – Шығыс шайырлары тамсана жырлаған Тараз бен киелі Түркістанның мың жылдықтарын

атап өткеніміздей алыс-жакынға сауын айтып Алматының да алыста калған данкты қундерін дүнияға паш ету.

«Қазақстан» конакүйінде өткен конференция енді Қазақстанның өзге де қалаларында жалғасын табуы керек. Мысалы, Қызылжарда. Сосын Керекуде, т.б. Тарихты тарапшасына салып, сүйретіп әкелген ешкім жок. Дүние, заман ауыспалы шығар, бірақ, заманалар көшін қеудесінен өргізген казактың қасиетті кара жері ықылымнан бері орнында. Ендеше, елді мекен, ескі жұрттың бәрі де – казактікі. Мың жасынмен, мәңгіліктерден оралған Алматы!

P.S. Алматының жасасы мыңга келі деген қорытынды жасасалғанымен, мынандай да қызықты деректер бар. Болашақта оны да қаперге аттан жән болар.

«Қазақ Совет энциклопедиясында» «Алматының адам өрте заманнан бері мекендерген. Біздің әрамыздан бұрын VII-III ғасырларда Сақ тайпалары қоныстынган. Сақтардан кейін саяси басыштыққа ие болған Үйсін тайпалары. Орта ғасырда Алматы қазіргі өзінің атымен белгілі болған. Ат, Жетісу аймағы Россияға бағынған кезде мұнда дүйнәттардың «Алматы» атты қыстагы болды. Тек 1854 жылдан бастап, «Верное» деген атпен мәлім болған орыс бекінісі орнықты. Кейін ол Верный қаласы болып атапды» деп жазылған.

1990 жылты «Бұл дірхем Алматуда басылған» деген арабша жазуы бар XIII ғасырдың көне теңгесі табылды.

Х ғасырда қазіргі Алматы қаласының аумағында жер уйлерден тұратын етіл мекендер болған.

IX-XIII ғасырлардагы саздан жасасалған заттар, XI-XII ғасырдагы үстәттардың шеберханасының қалдықтары да Алматының маңындағы қазба жұмыстары барысында табылған.

Алматыға жақын жерлердің бірінде ақсүйек сақтар мен үйсін көсемдерінің 47 қорғаны сақталған. Ең үлкен қорғанның көлемі – 100, ал, әйкітігі 15 метрге жетеді. Бұл қорғандар 2,500 – 3 000 жыл бұрын салынған көрінеді.

*Abai.kz
2010.11.19*

МӨЛДІР КЕТТІ МӨЛДІРЕП, ШОҚ ҮКІСІ ЖЕЛБІРЕП...

Үкілі бөрік киіп, талдап өрген қос бұрымын алкеудесінен асыра төгіп женіне желбір салған желең көйлекпен тұрган қыз – казак қызы. Есімі Мәлдір еken. Мәлдір «Болашак» бағдарламасымен оқып жүріп пе, әлде басқа бір себеппен бе Ханбалық елінің (казіргі ҚХР) азаматымен бас құрапты. Ортадағы кірпі шаш, қалқан құлак, бет сүйегі шығынды, ортаға жетпес қана бойы бар жігіт – біздің Мәлдіріміздің «Құдай косқан» косағы. Қытай азаматы. Ал, үшінші жігіт, ол да қытай, тележүргізуши көрінеді. «Осы күндері, деп жазады қытайдағы казак тілінде акпарат тарататын баспасөздің бірі, қытай телеарналарынада қазак қызын жар еткен жергілікті ұлт өкілдерін дәріптеу басталды. Тұрасына көшсек, қытай азаматтарын қазак қыздарымен үйленуге үгіттейтін насиҳат белен алды».

Суреттен байқағанымыздай, тележүргізуши мәлдіретіп Мәлдірді бауырына баскан қандасына марапат қағазын ба, жок кәделі сыйлық па, әйтеуір, бірденені салтанатты түрде тапсырып тұрганға ұқсайды.

Ал, бұл нені анғартады? Бұл – хань әuletінін ұрпағы, яғни, жұнго-қытай баласы, тап іргенде ашық-шашық казак деген ел жатыр, қыздары сұлу еken, жат жұртқа сұраусыз ұзатыла береді еken, қарап жүрме, камдан, «катын алсан – казактан алдың» ашық саясатын анғартады, әрине!

Махабbat жас, кәріні ғана емес, шекара, шет халық дегенді де таңдамайды. Сондыктан оған шектеу жок. Эсіре-се, аралас неке дегенге аса мән бермейтін, қызы түрікке, кәріске, орыска, оймауытқа шықса, құнжыңдан қуанатын бүгінгі казак жұмриятында, тіпті, шектеу дегеннің болуы мүмкін емес. Ендеше, казак қызын қағып түскен жігітінің жігерлі ісін мын жылдықтар саясатын ілгерлеп ойлайтын қытай басшылығы неге насиҳаттасын?!.

Қытай рас, бізге ежелден құдандалы ел деседі билетін жұрт. Бірак, ол заманда, мысалы, Ханбалықпен тығыз карым-катаынаста болған Үйсін мемелекетінің тұсында,

көзі жіпсиген қытайдың кез келген мырзасымағы ұлы даланын аруына аяқ сала алмаған. Құдаласса, текті әулет, мемлекеттік қызмет дәрежесіндегі бекзат лауазым иесі, әміршілер ғана бір бірінен қыз алып, қыз беріскең. Сөз жок, тен дәрежеде, екі мемлекеттің бейбіт, тыныш өмірінің сауғасы үшін. Ал, казір не?.. Қазіргісін, бір ғана суреттің (макала *Abai.kz* сайтында суретімен жарияланғанын ескертеміз) астарынан өріп шығатын мәселелерге орай пікір білдіретін сергек ойлы жастар, зиялды қауым айтсын.

Естерінізге сала кетейік, қытайдың алпауыт компаниялары Қазақстандағы ірі шикізат көздерін игеріп отыр. Актөбемұнайгаз, Манғыстаумұнайгаз сиякты кәсіпорындарын акцияларына да иелік етеді.

Қазақстанда орыс және қытай тілінде «Хасакэситань хуацияю бао» атты газет жарық көруде. Аталған газет Қазақстандағы қытай жұмысышыларына өз тілінде аппарат алып тұруға арналған.

Қытайдың Синьхуа агаенттігі Қазақстанда 300 мың қытай азаматы тұрып өмір сүріп жатыр деген мәлімет тараткан болатын осыдан екі жыл бұрын.

Сонымен, казактың тығы бір кара көз калқасы – Мөлдір кетті мөлдіреп, шок үкісі желбіреп. Арғы бетке, карға адым жерге кала салып, құмырысканың илеуіндей құжынаған Ханбалық еліне...

*Abai.kz
2011.01.21*

АЛМАТЫ ДЕСЕ ӘН САЛҒЫҢ КЕЛЕДІ...

Ин ша Алла, ертең – астанамыз Астананың тұған күні! «Астана» деп ат койған Елордамыздың тұған күні Елбасымыздың тұған күнімен орайлас келеді. Елордамыз жас... Ал, Мырзатай Жолдасбековтің тіліне жүгіне сөйлесек, «Елбасымыз кемел шағында». Әндепске әддініз бар ма енді? Ән дегеннен шығады, біздің әнгімеміз де тап сол ән туралы болғалы түр.

Әнсүйер қауым жақсы біледі, соңғы 30-40 жылдың ши-регінде қазак даласында шалқыған сұлу әндердің негізгі тақырыбы – Алматы! Ән авторлары да қазактың музика өнеріндегі хас таланттар шоғыры болып есептеледі: Сыдық Мұхаметжанов, Әсет Бейсеуов, Нұрғиса Тілендиев, Мансұр Сағатов, Илия Жаканов, Шемші Қалдыаяков, Сейдолла Бәйтереков, , Алтынбек Қоразбаев, Ескендір Хасанғалиев, Мұрат Құсайынов, Досым Сүлеев, т.б.

Алматы туралы әндердің сөздері кандай, шіркін... Карапаңыз:

*«Алматының бозғұлт тұман түнінде,
Көп тұрып-ек жасыл терең түбінде
Сүйемін деп асылып ең мойныма,
Қайда, қайда сол бір етес бұл күнде.
Айтыы, қалқам, қайда, қайда сол уақыт,
Болған ем гой тапқандай бір мол бақыт.
Маңдайыңды сүйеп, сәулем тәсіме,
Кемін ең гой кеудеме күн орнатып.
Айтыы жсаным, қайда, қайда сол бір кез,
Қайда таныс, қайда мөлдір қара көз.
Терең те жоқ, сен де жоқсың, бұл күнде,
Есімде тек сүйем деген жағызың сөз».*

(«Есімде», әні С.Мұхаметжановтікі, сөзі К.Шаңғытбаевтікі)

*«Сам жасырап, жарқырады самата
Кел, қалқатай, кел қаланы араты
Бақыттылар байқамайды уақытты
Сагатыңа алсін-алсін қарама*

*Желіді самағ жай гана
Хоши шіс гүлдер айнаға
Мағжырап тұрған қалада,
Араға, сәүлем, араға.
Серуен қатар есіңде,
Алматы рахат кешінде».*

(«Алматы кеші», Әні I. Жақановтікі, сөзі M. Әлімбаевтікі)

*«Алматымда тұр атағап,
Алтын нұры айдың.
Жүрдің бе сен тамашағап,
Көшесінде Абайдың?»*

(«Алматым менің», әні M. Сагатовтікі, сөзі Н.Әлімкұловтікі)

*Көктемді қондырып қанатына,
Күс қайтып орағы Алматыма.
Ән тоғды аспанга,
Күс қонды жаса таға
Бақыт кеп қол атғандай...*

(«Құстар қайтып келе жастыр», әні Н. Тілендиевтікі, сөзі T. Молдагалиевтікі)

*Жұлдыздар жерге жасақындаң
Байланып қатған секілді
Қаз қатар өскен тату бақ
Ойланып қатған секілді
Самаға кешкі шомылып
Арманның оты жанады
Мениң де жастық өмірім
Көшеде кетіп барады.*

(«Алматы туні» ә. Д. Сүлеевтікі, с. Т. Молдагалиевтікі)

Бұның бәрі біздің қапелімде жадымызға оралып, жанымызды жадыратқан бірер әннің қайырмасы. Ал, Алматыға арналып жазылған әндерді тізіп шығу кәдімігідей жұмыс. Үлкен концерттің тақырыбы. Алматы әндері сиякты Астана жайындағы әндерден концерт жасауға бола ма? Болады. Бірақ, қырылдаған, сырылдаған, ыңырысыған, тәлімсіген, алқынған-жүлқынған әндердің концерті болар еді ол. Астананың аbat келбетін әйгілеуге электенген әндердің сөздері кандай таяз, кандай сұйық десенізші?.. Әлгі әндердің сөзін ақындар емес, әкімшаралар, әншнейін шенеуніктер жазған сиякты. Әлде байқұс ақындарымыз

Саудабаев сиякты саясаткерсұмактарға түсінікті болу үшін казактың қайран тілін бар көркімен бояуынан арылтып пайдалануға мәжбүр болып қалды ма екен? Солай сиякты. Неге десеніз, Астана туралы әннің бері байқау шарттарымен дүниеге келеді. Тұрасына көшсек, «Астана-Астана» деп аттандап басталатын әндердін дені – конкурсстық әндер. Авторы, ақыны, орындаушысы түгел ат косып, Алматымен арада ары-бері шабылыстардан сон дүниеге жасанды жолмен ышқынып келген әндер. Махаббаттан, шын шабыттан, ыстық сезімнен, жүрек толқынысынан туған әндер құлакты жыртып, көнілді бұлайша айналтпайды. Өз басым (әрине, менің пікіріммен келіспеуге еріктісіз) сөзін қыргыз ақыны Ақбар Рысқұлов, әнін композитор Илия Жаканов жазған «Есіл бойы» әні мен «МұзАРТ» тобының орындаудағы «Есіл агады» әнін Астанаға қатысты әндердін басы деп білемін.

«Ән деген былай жазылуы керек, әннің төресі – мынау» деп үзілді-кесілді сөз айтудан аулакпын, бірак, әннің бойды шымырлатып, жүректі ысытар, «көнілге түрлі ой салар» (Абай) құдышетті музыка биғіне жеткені дұрыс. Әннің сөзі құр данғаза ұранға ұрынбай сырлы, астарлы болса құныға, құмарта, құшарлана тыңдайсын. Солай емес пе? Казіргі әніміз – такырыбы Астана болғанымен, шетінен маскара! Маскара емей немене, «Елордам-ай» деп егілген әннің кайсысы болмасын Астанадағы ак жағалы ұлыктардың аузындағы сөздерді қағып алып пародиялау сиякты. Астана жөніндегі әндердін жалпы мазмұны шамамен былай болып келеді:

Сарыарканың төсінде бой көтерген эсем Астана, жер бетінде сенен аскан кала бар ма? Айтшы, маған, Астана? Жок. Жер бетінде сенен аскан кала жок. Сен Күнге мойныңды созып мәуелеп өсіп келесін. Есілдің екі жағалауындағы жұрт мәз. Қазақстан ояна салып саған қарайды! Сен елімнің жүргегісін, Астана! Сен елімнің тілегісін, Астана!

Рас, Астана – казіргі сәулет өнерімен сәнденіп бой түзей бастаған қала. Алайда, сәулет өнерінің бүгінгі заманауи түрін Шығыс Азия елдері бастап тұр. Эйтсе де, «Жер бетінде сенен аскан кала жок, Куала Лумпур» деген ән біздің құлакқа тие коймапты. Сол жакта оқыған бала-

лардан да қадалып сұрағаным бар. «Естімеппіз» дейді олар да. Бұл арада қала жайында ән шыкпауы керек екен, автор соны мензеп отыр ма дейтін байлам мүлде болуға тиіс емес. Ән айтылсын, жыр жырласын. Әйткенмен де, қазактай әнші халықтың қеудесінен жарып шыққан әндер шыркалсын. Жасанды, жылтыр, биліктің қөніліне ғана жағатын ән – ән болып ғұмыр сүре алмайды. Сосын, Астана туралы әннің ішінде адамдардың, әсіресе, бір-бірімен табысып, кол ұстасып, арман-тілектері жалғасып жаткан жастардың болғаны дұрыс. Әйтпесе, Астана жөніндегі әндерден тек сағым буған сары даланың төсінен салбырап тұра салған сүйк шаһарды ғана көріп келеміз. Сондай сүйк шаһарға алып-ұшып кім бара кояды? Әлем қалаларының қеруеніне қосылып, Астана ретінде мойындалаған Елордамызға казактың жатсына қарауының бір себебі де осы шығар...

Жоғарыдағы ән мәтіндеріне тағы бір көз жүгіртінізші, Алматыға оралғын, ән салғын келеді, ә?..

*Abai.kz
2011.07.05*

АЛАЯҚТЫҚКА АЛДАНЫП, ӨТІРІККЕ ТОЙЫП БІТПЕЙТІН ЖҮРТ

Еліміздегі тұрғыны көп, келіп-кетіп жататыны жетіп артылатын ірі кала Алматы болғандыктан ба, адамдар арасындағы ала-құланың бәрі осы бір ауданды шаһарда жосылып жүреді. Содан кейін тағы бір шындық: бәрі әуелі Алматыдан басталып, Алматыдан тарайды. Оқырманның іші сезіп отырған шығар, біз бұл жолы Алматы туралы сөзімізді «адамдар арасындағы ала-құладан» бастадық, демек әнгімеліз алаяқтық туралы болмак.

Алматының кісі көп шоғырланатын жерінде жылтын көз ыскаяқтарды байқау қазір аса киын емес. Баяғы «шарик-марик», камкор болғансып қалта қакыштар, алдағап апарып арандататындар атжамандай қаптап барады. Былай карсан, уақыт кіндігінен кері айналып тұра 1980-90 жылдардағы тоқырау заманына зырлап барып калғандай. Сол кездер есімізде ғой, не көрсек – сол таңсық: анаған да, мынаған да аузымызды ашып, тандайымызды қағатынбыз. Қытайдың арзанқол, сапасыз, сасық спорт киімін киген де, машинасының терезесін күнгірттеп алған да, көлкілдетіп көк аракты сатқан да керемет болып көрінуші еді ғой. Бірақ, ол заманың аты «тоқырау заманы» еді, «өтпелі кезең» еді. Ел іші тұрмак, ел ағаларының өзі не істерін білмей есенгіреген шак еді. Сондыктан ашық қоғамның ағысына енді бойлаған жұрттың әрнеге танқалуы, алаяққа алдануы заңды болатын. Ал, енді ше? Жұрт неге тосын табысқа кенеле қалудың жолына кенеттеп мойын бұруда? Не себептен «шари-мариктің» шалығына ұшырап, оймактың астынан «олжа» іздеуде? Неліктен «каржы пирамидаларына» қалтасындағысын қағып беріп артынан зар қаксауда? Бұ не деген алаяқтықка алданып, өтірікке тойып бітпейтін жұрт? Батыс элеуметтанушыларының зерттеулеріне сүйенсек, бұл сұраптардың жауабы былай екен: халық биліктің «жарылқауынан» жалықкан кезде өз бетінше кармана бастайды. Карманғанда сол – каржы ойындарының алғашкы салымшысы болып ұтысқа шығуды, өзіндей сорлыны сорлатып, соның есебінен

пайда табуды кәсіп етуте ұмтылады екен. Бұның бәрін көзіміз көріп, кейбіріне қуәлік етіп те жүрміз. Қалаға бұрын орныккан қуаяқ қырдан кеше ғана түскен қандасына Алматының іргесінен заңды құжаты жок жерді сатып, ақшасын алған да тайып тұрған. Банктін ауласын торыған арамза несиге зәру байқұсты бокка батырып жоғалған. Тағысын-тағы, толып жатыр. Міне, тап осында кер бағып, кетеуі кеткен заманда алаяктар әлемінің сұнғылалары атка конады. Соның катесіз мысалындай болып Алматыға әйгілі АО «МММ» «каржы пирамидасының» «ұлы сәулетшісі», Ресейде Ельцин әкіметінің іргесін шайқап жібере жаздаған, өзінің бейнесін таңбалап «құнды қағаз» шығарған Мавроди келе жатыр. Иә-иә, кәдімгі Сергей Мавроди. Біздің жұрт көбігі көпіршіп таусылмайтын сабын сериалдармен алғаш танысып, теледидардың алдында телміргенде «Просто Мария» деген мексикалық па, бразилиялық па кино болған. Сол кинодағы басты кейіпкер Мария Лопесті де АО «МММ»-нің жарнамасына тарта койған, катырма нан, кант шайдың құны артқан тұста тұтас Ресей, қала берді Қазақстанды да «жұмаққа жеткізе жаздаған» Мавроди 2008 жылы абақтыдан босаған еді. Қазір ес жиып, ентік басып, айналасын торауылдауға шықканға ұксайды: оның жарнама паракшалары Алматының көшелерінде, лифтілерде, тіпті, автобустардың әйнектерінде жапсырулы тұр. Алыстан болжайтын, ақылы мен айласы тен, расында сұнғыла, ресми қаржы әлемімен бәсекелес «каржы пирамидасы» дейтін құрылыштың «сәулетшісі» Мавроди Алматы мен жалпы Қазакстандағы ахуалды қапысыз аңдып отырса керек. Қазакстан – шикізаттың саудасынан түскен қаражатты шірітіп алудың азак алдында тұрған ел. Билік байлыкты ешкіммен бөліскісі келмейді. Ел игілігіне де жараты алмай дал болуда. Мол қаржы бөліп бір үлкен жоба бастаса, жен ұшынан жалғасқан жеменгерлер кіріп кетеді де ту-талапайын шығарады. Оның арты ойбай мен аттан. «Коррупционерді тап, ұста, кама!» деп жер текпілейді Елбасымыз. Құзырлы орындар құрығын ала ұшады. Тапкан болады, тапкансиды. Апарып абақтыға жабады. Бір жемкордың желкесі темір тордың ар жағынан көрініп қала бергенде екінші жемкор жемсауын камдал отырады. Біздегі жағдай – осы: Дон Кихоттың желдиірменімен шайқасы сияқты. Бұл шайқас-

ты Мавроди білмейді емес, біледі, білмек былай тұрсын күліп те жүрген болар. Ресейдін «Совершенно секретно» газетіне берген сұхбатында ол: ««Концентрация денежной массы в одних руках вообще не выгодна государству, иначе какие остаются рычаги для управления народом? Когда некоторое количество денежной массы остается невостребованным (основы экономики), происходит настоящая война за обладание этими средствами», – деген еді.

Қыска қайырып қазақшаласақ, Мавроди қаржының бір қолға шоғырлануы мемлекет үшін пайдассыз деп біледі екен. Қаржы көлемінің бір бөлігі айналымға түспей, сұраусыз жатса, оны басып калуға карекет ететін күштер арасында нағыз майдан басталатын көрінеді, т.б.

Шындығында солай ғой. Бүгінде биліктін бүйрін түсіре жаздал, бұлік шығарып жүргендер айналымнан тыс жаткан мол қаржыны көріп бүлінгендердін бір парасы емес пе? Мавродидін казакша нұсқасы Мұхтар Әбләзовтар ұрлайтынын үрлап, жырлайтынын жырлап Батыска баяғы да көшіп барып алған. Әйткенмен де ұрлық-карлық әбіләзовтермен әл-әзірге тыйыла қоймасы анық. Енді міне, «Хопер-инвест», РДС, «Властилин» сиякты «қаржы пирамидаларынан» халықтың есесін қайтарамын деп Алматыға Сергей Мавроди келмек. Ол әрине, биліктін «жарылқауынан» жалықкан жұртты жалаңақ қалдырып тайып тұратынын іштей жақсы біледі. Ал, алданып қалатынын халық біле ме? Біздің мақсат көпке осы жайты ескерту. Ескертпеске амал кем, өйткені, Ресейдін Федеральді қызметі алаяқтық деп таныған Мавродидін «МММ» паракшалары мен жергілікті «шарик-мариктерге» Алматы билігі тыйым салып жаткан жок. Сондықтан, мmm, алаяктар тағы да тайрандай бастады деп тынудан баска амалымыз қалмай отыр.

Abai.kz
2012.02.21

ОРДАНЫ ФІРАНДАУ

Андрей Прошкин деген орыстың дарынсыз бір режиссерсімәғи «Орда» атты фильм түсіріпті. Онысы кино туынды емес, өзінің сасық пиғылын әшкерелеп, та сала торайы мегежініне артылатын «талпак танаудын» корсылы болып шықкан. Әлгі идиот «Орданы» тарихи фактілерге бой ұрмай аныздын желісімен түсіргенін айтып көкітін көрінеді. «Сыншыларым мені сынағанда осы жағын ескерсін» деп және дөн айбат көрсетіп койыпты өзінше. Бұл – жалпы сынайтын да фильмге ұқсамайды, тіпті, сөз шығындаудың өзі күнә. Әйткенмен де, кайтеміз, таспаға түсіпті, анда-мында көрсетіліп жатыр. Астана мен Алматының кинотеатрларынан жұрттың алды көре де бастады. Ұзамай «Ұлттық» арнадан, «Хабардан», ол екеуі болмаса, өзге де быки-тыки арналардың бірінен шыға келуі мүмкін. Сондыктан үндемей кала алмайды екенбіз. Неге? Әйткені, фильм мынандай соракылықпен басталады.

«Фильм басталмай жатып, Римнің елшілерімен сөйлесіп тұрған хан-ағасын Жәнібек деген бір мескарын, такырбас біреу эй-шәй жок, мойынына аркан салып, буындырып өлтіріп тастайды. Артынша, жаңа ғана өлген байғұстың саусағынан (курығанда ортасында бір асыл тасы болсай-шы!) қаңылтырдан да жұка күміс жүзігін шешіп алып, астауда сұып қалған етті комағайлана асай бастайды. «Астапыралла!» – дедік. Ал, мына қылмыска куә болған хан әулеті үн-тұнсіз туысының өлімін қызықтап отырады да, артынша бәрі Жәнібектің алдына тізе бүгіп, оны билеушіміз деп мойындауға көшеді» (Ақберен Елгезек. «Алтынға күйе жасағылған күн» <http://www.ult.kz>).

«Бір кезде, кинокартинада басты кейіпкерлердің бірі – Жәнібектің анасы Тайдулла ханым сахнаға шығады. Бетіне аппак опа далап жағып алған тірі аруақтай кемпір әлгі қылмыс болған жерге келе қалады. Мән-жайды ұғынған сон, Жәнібекті қылышымен бетінен тіліп (о заман да бұ заман!), хан қылып сайлап та тастайды. Кенет Жәнібек хан өз анасын еркелете таққа отырғызады да, екі бұтының

арасына басын салып тұрып: «Әттең, анам болмағанында ғой, өзінді дәл қазір катын қылып алар едім» – деп мәселеңі төтесінен кояды. Оған кәрі анасы қәдімгідей қылмындалап, топас баласы ыржаландап, мәз болып, каркылданап тұрып құледі дерсін. Жағамызды ұстадық. Жүректің айнығаны былай тұрсын, бұлай ешқашан корланбаған шығармын» (*Ақберен Елгезек. «Аттынға күйе жасағылған күн* <http://www.ult.kz>).

«Анасын катын қылып алмакқа аңсары ауған» күрдым (Ұлы баһадүр бабаларымызға аруакты есім болған Хан Жәнібек атынан садаға кетсін!) Прошкіннің «Ордасында» тұмсығына тұтік тығып тағылықпен көз жұмады. Караныз:

«Әз Жәнібек хан ордасына ойын-сауық қойып жатқан бір сайқымазактың теріден жасалған сыйбызығы секілді берденесіне мұрынын тығып алып, елді құлдірем деп тұншығып өледі. Ауа жетпей, жерде жанталасып жатқан ханға ешкім көмекке келмей, билеушіні коршаған кауым ханның мына қылышын ойын деп ұғынып, даракылана күле береді. Хан өлгенін көрген Бердібек атты жас бала «енді менің кезегім» – дегендей жан-жағына жанарынан от шаша қарайды. Мұнымен, демек, фильм авторлары тарих толқынына жаңа ханның шығуы деп «өте парасатты» астар анғартса керек... Жас Бердібек Тайдулла хатунға маған бата бер деп сұрайды. Тайдулла болса, кап-кара атқа қарғып мініп, борап тұрған далаға «мен ештеңе білмеймін!» – деп жанұшыра шаба жөнеледі. Неге екенін үқсам, бұйырмасын» (*Ақберен Елгезек. «Аттынға күйе жасағылған күн* <http://www.ult.kz>).

Айтпакшы, фильмнің шарықтау бір тұсында «баласына қылмандаған» -Тайдулла хатун зағип болып қалады. Тайдулланы таласа емдемекке ұмтылған баксы-балгер, құшынаш-диуана атаулының басы Орданың іргесінде до-малап, акырында жанары суалған міскінді Мәскеуге елші жіберіп келтірген митрополит Алексей жазады.

Ммм, деп койыныз. Тайдулла сорлының митрополит Алексейдің шипалы колы тиғен сон жарық дүниені кайта көретіндей жөні бар сиякты. Өйткені, «Орданы» ойрандалап баккан кинокартинаға тапсырыс берген Орыс православиялық Шіркеуі мен христиан әулиелерін дәріптеуге арналған көркем дүниelerді қаржыландыратын «Правос-

лавная энциклопедия» үйімі екен. Фильмге Ресей мемлекеті 12 миллион АҚШ долларын бөліпті. Христиан әулиелерін дәріптеуге арналған фильмнің жөні осы десе керек, режиссер Мәскеу княздігін жаудан корғаған Алтын Орда тұсындағы әулие әкей Алексей дейтінді әспеттеп бағады.

Хош, делік... Ал, осы шынымен киногүйінды ма? Болса, киноның кай жанрына жатады? Комедия ма, фантазия ма? Прошкінге салсак, фантазия көрінеді. Солай-ақ болсын. Алайда, кинодағы фантазиялық картиналар адам киялышын шексіздігін әйгілеп, тосын жайттарды табан астында таба билетіндігімен еліктіріп, тылсым ғажайыптардың өзін шынайлыққа жеткізіп, көрерменді баурап алатын көркемдігімен қызықты дүние емес пе? Сонда мынау не? Бұл ештеге де емес. Бұл – түркі халқын мазак етудін, корлаудың кезекті сценарийі. Баяғы әдет. Баяғы аяғын жимайтын астамшылықтың бүтінде аскынған, жана міnez тапкан соракы түрі. Әйтпесе, аныз бер тарихка катысты түсірлген фильмнің сол аныз бер тарихка катысы бар ұрпактың жүргегін жарапаласын режиссер білмеді дейсіз бе? Енді шалық ұрып, жын соккан біреу болмаса, білуі керек. Әбден біледі. Біле тұра осылай істейді. Өйткені, бұрынғы Алтын Орда мемлекетін құрған елдердің бүтінде бас көтерері кем. Татар-башқұрт – боданда. Монгол сыртта бейхабар жатыр. Өзбек өзімен өзі. «Ортак өгізден онаша бұзауын артық» көреді. Қырғыздың Манасты кайта колға алуға уақыты жок. Күнде ереуіл. Ноғайлы ұлысы бытырап, тарап кеткен. Бірақ, казак бар! Данкты Алтын Орданың астаналары ірге тепкен ұлы далада қазак дейтін пәле халық кайтадан бой түзеп келеді. «Бұғін бетін қайтарып, санасын улап ұстамасак, ертен кеш калуымыз кәдік». Осыны ойлай салысымен етек-жени далактап орыс саясаткерлері Еуразиялық ортак парламент, Кедендей одак, т.б. дегенге ауыз салса, Михалков, Бодров сиякты Ресейдін көзірігі киноиндустриясында қызмет етіп жүргендег түркі тарихын кинокартиналармен келемеждеуге кіріскең. Олардың катарына тағы бір кемдарын, шовинистік пиғылы шиканның аузындай алаулаған Прошкин деген біреу косылыпты. Апыр-ай, ә дейміз осында, Голливудтың фантазерлары Алтын Орда заманындағы орыс княздіктері туралы осындағы бір маска-

ра фильм түсірсе, орыстар қайтер еді. Қырылып калмаса да, қылғынып айқайлар еді. БҰҰ-ның сарайында бұзаубас бәтенкесімен еденді токпактаған Хрушев аталарының салтына салынып шуаш сасыған керзі етіктерімен жер тепкілеп, жінігіп кетер еді. Көз алдынызға елестетіңізші, көзі шүнірейіп, жағы сорайған Михалков самогонның бөшкесіне камалып ойбайлап жатыр. Бодров асылып өлерге аркан таппай алактап жүр, удай мас. Қыз-катаңы өлген иттін басындағы емшектерін салақтатып мұжықтардың бұтын сауып мәз. Кой, бұдан әріге бармайық. Прошкіндерде жок тек бізде бар. Қала берді бүтін бір ұлтты, ол ұлттың тарихын, мәдениетін, дәстүрін мансұктап, мазак ету, бұра тартып бұрмалтау – түркі баласына жат нәрсе. Оның үстінегінен біз жаксыны жаксы деп, асылды жасықтан айыра білетін ұлттың ұрпағымыз. Сондыктан да шығар, орыс әдебиетіне, орыс киносына құрметіміз ерекше.

«Орданы» Прошкін фантазиялық кинокартина атапты. Оттайды. Оттайды деуімізге себеп – фантазия мен комедияның озық ұлгісі орыс киносында жетіп-артылады. Бі рак, Ресейдегі әйгілі режиссерлерден калған ізгі дәстүр Прошкін байқұстың бойына дарынапты. Қайтеміз. Жаңымыз ашиды. Әлгі бейбактың дарынсыздығына емес, орыс киносының осыншалыкты денгейге құлдырағанына, құрдымға бет алғанына. «Иван Васильевич меняет профессию» фильмін таспалап, фантазия мен комедияны катар өрген Леонид Гайдай сиякты аксакалы бар орыс киносы Прошкін секілді сілімітікпен ауыз жаласкан «Православная энциклопедия» ұйымының ұйығына батып барады. Обал-ак.

Прошкін қу «Орданы» тарихи деректердің ізінегін түспей экранға алып шықтым» деп жакауратқанымен бір сұмдықты тап басқан. Ол сұмдық – «Ордада» жанарымен жан-жағына от шаша карайтын Бердібек.

Бердібек – 1357 жылы ұлы хан Жәнібек өлгеннен соң мұрагерлікпен такқа отырған хан. Жәнібек ханның ұлы. «Нар мойыны кесіліп, Бердібек хан өлген жер» дейтін мақалдың кейіпкері осы – Бердібек. Бердібек іші тар, залым адам болған дейді көне күндердің кәуесі ескі тарих. Залым хан тақты төнірегіндегі туыстарынан кызғанып бәрін баудай түсіреді. Ол туралы «Қазақ тарихының әліппесі» атты деректі толғамында Мұхтар Мағуин: «Бердібектен

соң шынында да нар мойыны кесіледі, яғни, Алтын Орданың негізін салған Бату ханың тұқымы құриды» деп жазады (*M. Магаун. 11 том, 14 бет*). «Орданы» басынып ойнектаған Прошкін Алтын Орданың іргесін шайқаған қорқау хан арқылы не айтқысы келгенін түсінетін шығармыз. Бірақ, дәл осы фильмге катысты біз түсінбеген бір сөз бар. Ол сөз – Мемлекет тарихы институтының директоры, профессор Бұркіт Аяғаның сөзі. Прошкін аруағын корлаған Жәнібекті қаралаудан Аяғанымыз да аянып калмапты. "Апта.kz" сараптамалық бағдарламасына берген сұхбатында Мемлекет тарихы институтының директоры Бұркіт Аяған беті бұлк етпестен: «Мен «Орда» фильмінен катты бір тарихи ауытқу көріп отырған жокпын. Ол кезде адамдардың мәдениеті төмен болғаны рас. Жәнібек ханының образы дұрыс ашылған. Ол бір өзі әлсіз, данқой адам болған сиякты!» – деп лағеелееп отыр. Менінше, ой-санасы бүкір «бұркіттер» мен іркіттірге 1991 жылдан бері қарайғы тарихка ешкім тимесе, жетеді. Басқасына бас катырмайды. Сондыктан сайкымазак Саша Коэннің «Боратынан» өзге ол үшін намысқа шабатын дүние жок. «Мемлекет тарихына» жауапты адам «Бораттың» «боратына» ғана калтырамай, казак елінің тамыр бастауларына құрметпен карай алса, «Прошкіннің бұл фильмі Қазақстанда көрсетілмеу керек!» деп мәселені тік көтерер еді. Өйтпейді. Өйте алмайды. Ендеше, соны біз айтайык. Мемелекеттік хатшымыз бар, Мәдениет және акпарат министріміз бар еліміздегі кинотеатрлардың басшылағына пәрмен етіп Прошкіннің көзін (өзін емес, әрине, фильмін) құрту керек. Осылай карсылық танытпасак орыс ойына келгенін істеп, ойранын сала береді.

Abai.kz
2012.10.18

ҚАЗАҚТЫ ҚОРКЕЙТЕПІН ДЕ, ҚӨБЕЙТЕПІН ДЕ – ҚОҚ ҮЙЛЕР

Ілкіде жолым түсіп бірер мәрте шетелдерде болғаным бар. Құрама штатты Америкада, Біріккен Араб әмірліктерінде дегендей. Түркияның Анкара қаласына да аз ғана уақытка аялдағаным есімде. Сонда әлгі елдердің тұрмысы, салтанаты біз пакырды қәдімгідей тамсандырған еді. Мен ғана емес, совет өкіметінің темір шымылдығы тасалаған мемлекеттерге казір жиі катынап тұратын ағайындардың өзі таңғала таңдай қағып тамсанумен жүр. «Анаусы кандай, мынаусы кандай», – деп аузының суы құрып тамылжытканда дүниеден тұніліп кетесін. Бірак, кереметтің бәрі Оңтүстік Азияда, Жапонияда, Батыста еken деп туған жерінді, әз-ұяңды, отаныңды тастап кете алмайсың. Бір-ак күнде мұқомал мұлкін алып әуе кемесіне мелдектете тиеп тайып тұратын Храпунов емеспіз, басқа емеспіз, біздің тағдыр бабамекенізге байлаулы. Сондыктан, өз заманымыздың зарын жұтып, запыранын құсамыз. Жаманына жанымыз қүйеді, соны жазамыз. Жаксы болса еken деп жазамыз. Әйтпесе, мемлекеттік қызмет лауазымындағы азаматтарда жеке басымыздың араздығы жок. Тіпті, бізді жек көретін ағайынға да өкпе назымыз кем. Қайткенде өз казағын, өз қаның. Осыны ойлағанда бұ дүниенің жарық жағын, нұрлы келбетін қөбірек насиҳат еткін келеді. Қазір Батыстың мильтары бастары баспасөзге токтау салып жатыр. Токтау салғанда біздегідей жауып тастап, кудалап, сottап, боктап, боралап емес, «каныпезерлік, катыгездік көп жазылып кетті, енді жасампаздықты, жаксылықты, кайырымды айттайық, әйтпесе, мына әлемді құртып тынамыз, адамдар адам болудан калып барады» деп ұсыныс білдіруде.

Сонымен, негізгі әнгімемізге оралайык. Иә, ғажайыптардың бәрі сыртта: бізден алыс – киыр жайлап, шет қонған. Ол рас. Әйткенмен де, сол ғажайыптар елі үшін Қазакстанымызды қарадай киып кете алмайды еkenбіз: айналамыздың келенсіздіктерге қынжылсақта, жылт етер сәуле, жалқы үміт калмай бара жатқан сиякты болса да... Жоқ, шындығына жүгінsek, казак қоғамы соншалықты

сорлы емес. Мәселе игілікті істі көре білуде, тани білуде, бағалай білуде. Меніңше, біздің бір олкы соғар тұсымыз – осы. Біз деп отырғаным – журналистер қауымы. Біреу тауық кепе салса, тарпа бас салып таптап тастаймыз. Елімізді кедейшілікпен, замананың зауалы соккан бар соракылықпен шендестьіріп сынағанда жерге тығып жібере жаздаймыз. Тұрасына қошсек, Қазақстанды қара пиармен ластанап құрдымға жіберуді қалайтын қараниеттілердің жағында жарбандап жүргенге ұқсаймыз. Ендеше, казак баспасөзінің барды «бар» деп бағалауында, жокты «жок» деп сынауында ұлттық, мемлекеттік айқын ұстаным болуы керек.

Мысалы, Шымкент қаласы. Оңтүстіктің жұрты «шырайлы Шымқала» деп ерекше леппен атайдын еліміздің іргелі қаласы – әйгілі Шымкент соңғы бес-алты жылдың ширегінде каншалықты түлеп, жаңарған десенізші. Сәнімен бой түзеген биік үйлер, саябақтар, демалыс орындары, жасыл аландар, зәулім ескерткіштер. Қазақстанда қабындал тұратын қымбатшылықтың Шымкент «шәйләсін тігіп» жіберген сиякты: алам деген нәрсе әмияның аса ауыр тие бермейді. Әріптестерімнің тілімен айтқанда, бәрі «кол жетімді» бағада. Әрине, кала тұрғындары тегіс «кол жетімдіге» кол жеткізіп жатпаған шығар, себебі ресми түрде 650 мыңнан астам адамы бар шахардың аумағын 40 мың гектардан 117 мың гектарға дейін ұлғайту бас жоспарға еніпті. Неге? Өйткені, каланың 30 пайызының ғана әзірге көп қабатты үйлер күрайды. Қалған 70 пайыз жекеменшік секторлардың үлесінде. Әлі жеткен тырбанып басына баспана соғуда. Сондықтан да бүгінгі Шымқала шынында да шымнан соғылған үйлері көп қала болып тұр. Сол үйлерден сәні де, салтанаты да бөлек Шымкентте көк үйлер бар. Қалаға жолым түсіп барған сайын көк үйлерге көзім сүрініп қайтамын. «Не шыкса да Шымкенттен шығады» демекші, Шымкенттің байлары өздерінше оқшауланып тұру үшін самсатып салған коттеджді қалашық шығар бүл деп, өзімше байлам да жасап койған едім. Сөйтсем мұнда репатриант мәртебесімен Атажұртына оралған кандастарымыз тұрады екен! Мына кереметті көріп ертегілер әлеміне еніп кеткендей болдық. Артық әсірелеуден аулақпыз, расында солай. Екі қабатты көк үйлер. Қатарласа канат жайып, жайнап тұр. Әр үйдің алдында жылышай.

Үш сотыктан. Бұл – «Асар» ауылы. Жұрт аузында ауыл атанғанымен Шымкент қаласының көрнекті ықшам ауданына айналған «Асарда» 2750 үй бар екен. Әр шаңыракта орта есеппен төрт адам тұрады деп есептесек, – 110 000 тұрғын. Біз беріден қайтып отырмыз, ал, шындығында одан әлдекайда көп. Міне, қалың елін, кара орман жүртің – казағын. Бак қуатты, барға мәз. Жұмыс іздең сандалмайды. Аттап басса, есігінің алдында «мені күт, бапта, өсір, апар да сат» деп жылышайдағы көкөніс жайқалады.

– Бұл жылышайдың басында пайдасын білмеппін. Біз деңген күн астында күнісіп, кетпен сүйреп қалған елміз ғой. «Жылышайы несі, бұдан қалай егін алады?» деп таң қалумен болдым, – дейді бізбен әнгімесінде Жанәділ аға Илисов.

Жанәділ аға көршилес Өзбекстан Республикасының Сырдария облысы, Сейхунабад ауданынан келіпті. Ол жакта үй-жайы, кора-копсысы болған. Біреуден ілгері, біреуден кейін тірлік кешкен. Ол үшін мандай тері сінген әр дүние кымбат еді, ыстық еді. Алайда, ұрпағының болашағы ақылды әкеге тіпті кымбатқа түсті.

– Өзбекстанда мектептің тілі түгелімен өзбек тіліне көшіп жатыр. Латын жазуы кірді. Тойғанымызға томпиып журе берсек ұл-қызымыз бір күні казак екенін ұмытып қалуы әбден мүмкін екенін ойладым, – дейді Жәкен.

Содан Жәкен «көшемінде көшемін» деп киғылыкты салады. Марқұм зайыбы карсылық таныткан екен, кара-марты. Бар шаруасын 2 мын долларға пұлдаپ «Қазақстанным, кайдастың?» деп тартып отырған.

– Көшіп келген бетте мына Тұлкібас стансасында тұрдық. Ел-жұртқа ризамын. Қанатының астына алды. Бала-ларым казак мектебіне барды. Мұғалімдер жақсы білім берді, – дейді Жәкен ағынан жарылып.

Сөйтіп жүргенде Жанәділ аға Шымкент қаласының іргесінен «Асар» атты ықшам аудан бой көтеретінін, ол аудан Атажұрттына оралған бауырларға арналып салынатынын, құрылысты «Ақ Ордасы» дейтін құрылыс компаниясы колға алғанын құлағы шалады.

– «Асарға» жан-жақтан құйылып бердік, – деп жалғады ағамыз әнгімесін. – Біреу машина жүргізді, біреу лай езді, біреу шеге қақты – қыскасы кімнін колынан не келді, соны қадеге жаратып жұмылдык.

Міне, бек құрметті оқырман, асар осылай болады. Қан қызыл кеудеше киіп алып саяси партия құрғандар ешқа-

шан дәл мұндай асар жасай алмайды. Жасай алған да жок. Асар дегеніміз – ортак іске, елдік мұратка жұмылып, күш біріктіру. Демек, Шымкенттегі «Асар» ауылының тарихын барша казакка үлгі етуіміз кажет. Қазактың санын «кек көрпені бұлқілдет» дейтін біртүрлі ұран емес, көк үйлер көбейтеді. Көк үйлер көркейтеді. Осы ойымызда жүрсін.

«Асарға» ат салыскан Жанәділ Ілиясов қазір 166 шаршы метрлі, екі кабатты коттеджде бала-шағасымен тұрып жатыр. 5 жыл тегін, 5 жылдан соң 10 миллион теңгеге бағаланған баспанасының құнын өкіметке жайлап кайтара бастайды. Өткен көктемде жылыжайынан 3 тонна кияр алған екен, делдалдар бір талын калдыrmай сатып әкетілті. Эй, байкаймын, оған 10 миллион дегенін түк емес сиякты. Өзі қазір мектептегі ата-аналар комитетінің төрағасы екен. Мектепте жолығысып әнгімелестік. Жылыжайын айтып мактай түседі. Аталған құрылыш компаниясы «Асар» ауылындағы жылыжайдын барлығына газ бен тамшылатып суаратын құбыр тартып беріпті. «Жыл он екі ай жылыжай жылыжай калпында жұмыс істейді, тек ерінбесек болғаны», – деп кояды Жәкен.

Жылыжайды әр үйдін албарынан ғана емес, мектептің ауласынан да көрдік.

№89 жалпы орта мектепте 900-ден астам бала оқитын көрінеді. 2011 жылы берілген мектепті спортшылар мектебі десе болғандай екен. Аталған білім ұсының окушылары өткен оку жылында спорттың әр түрінен 240 медаль алғып үлгеріпті. Біз мектеп директоры Қасымбай Өмірбекұлымен мектепті аралап жүргенде бір өнкей домалак бас кара балалар спорт залдарында жұдырықтасып, алысып-жұлысып жатты. Айтпақшы, бұл мектепте 3 спорт залы бар екен. Бір әжеміздің: «Төбеме жұн шыққалы бұндаиды естімеппін», – дегенідей, үш спорт залы бар орта мектепті мен де бұрын сонды коре қоймаппын.

Жә, аттың басын осы арадан іркейік те бастапкы сөзімізді көртындылайық.

Көп дүние менінше пифылға байланысты. Тіпті, мемлекеттің тағдыры да ұлттың пифылына орай қалыптасуы мүмкін. Біз токсаныншы жылдардағы токырау мен құлдырауды, үмітсіздікті, күдікті ғана серік етіп өмір суре бермеуіміз керек. Бұндай көnl-күй ұлттың дамуын тежейді. Осыны жа зарман кауым, әсіресе, мықтап ескерсек жөн болар еді.

*Abai.kz
2012.10.01*

«ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ДӘУІРІ БАСТАЛДЫ»

Еткен жылдын желтоксан айының аяғын ала Еуразия жазушылар одағының шакыруымен Түркияға жолымыз түсті. Анадолы жеріне осы күні кім аяқ баспай жатыр дерсіз, тәйірі. Ала қап арқалаған сәудегер бақалшы да, екі елдің арасын жакындана тұскісі келетін «макалшы» да, Гүленге, Пәлен-Түгенге ергендер де барып жатыр. Сондыктан біздін сапарымыз мына жалпак жердің бетіндегі сапырылысты кешіп үйрәнген жұртқа пәлендей жаналық болмауы әбден мүмкін. Эйткенменде, төрт теңізге шомылдып, Еуропа мен Азия құрлығын жалғастырған Түркия туралы әңгіме көргендердің аузымен түрлене түседі. Соған қарағанда осы бір ғажайып мекенді тұрак еткен елдің қалтарыс-катпары әлі ашылып бітпесе керек. Тұқпірлеп түбіне үнілген адам үшін Түркия дегеніміз – өрекпи шалқып барып өз ошағында шалаға айналған Османлы империясының отаны ғана емес, түркі жұртына Гильгамеш жырын жеткізген хеттердің, кала берді әйгілі Трояның бесігі болған өнір. Діндер мен мәдениеттерді, Шығыс пен Батыстың бояуына канық архитектураларды тоғыстара алған алып мегаполисте осы бүгінгі – Түркия. Дертіне шипа, деніне саулық тілейтіндердің де ағылатын жері – Түркия. Сауда саттық пен ду-думанның хан базары да – Түркия. Ал біз үшін Түркия алдымен түркі әлеміндегі бірден-бір мықты мемлекет. Ешкімнің бетінде қарап жаутаңдап, боданы болып босағасында жатқан жок. Жылдар бойы жалғыз өзі ер түрік жұртының намысын ойлап егеске түскендей еңсесін тік алып келеді. Түркшілердің Түркияға қарап көз тігіп отыратыны да содан шығар. Бірак бүгінгі Түркия жөнінде айтканда «бұл мемлекет түгел түркшілердің жұмырияты» деген ойдан аулағырақ болған абзal. Өйткені, Түркияда Басбакан Тайып Ердоғанның әсіре еуропашылдығының салдарынан үлттық ерекшелік, үлттық дәстүр дегендерді ұрып койған кауымның карасы көбейіп кеткенге ұксайды. Тағы да сол Тайып Ердоғанның Сауд Араб

елімен аса қымбат қарым-қатынасының нәтижесінде елде тақуа діндарлар, адам ұғып болмайтын діни ағымдар, со-пилар мен сакалдар, шолак балактар мен жалактар кап-тап кеткен көрінеді. Бұлардың сыртында «туркпін» деп кеудесін дүңк-дүңк ұратын ұрдаражық ұлтшылдар да жетіп-артылады-мыс. Осының бәрін және Тайып билігімен ғана байланыста кару кате. Себебі, бұның бәрі Тайыпқа дейін канатын жайып, каулап өсіп болған жайттар. Алайда, Түр-кияда (тек Түркияда ғана емес, жалпы түркі елдерінің ішінде), түркі жұртының түгел болғанын іші-бауыры езіле ойлайтын ағайын да табылады. Әзірге олар аз. Сондыктан түркі бірлігі мәселесіндегі ойлар мен идеяларға қарсылар, жалаңаш скептиктер көп заманда «Түркі әлемінің дәуірі басталды» деп отырған бізді біреулер үдай утопистің өзі еken деріне әддім жок. Оның үстіне, расы керек, осындай батыл болжамды айткан казак мен емес, Ресейдің құр-сауындағы Алтай Республикасы парламентінің экс-тера-фасы Иван Беликов. Иванымыздың аты – Иван, сойы Бе-ликов болғанымен затым алтайлық деп атойладап тұр. Сұлы көз, кап-кара кайратты қатты шашы кайыруға көне бер-мейтінін байқатады. Сондай келбеті мен мінезіне бағып ол Анкарадағы Турксойдың үлкен жиынында осылай деді.

Оқырманға ұғыныкты болудың ретімен айта кетейін, Түркия астанасы Анкара қаласында 2012 жылы желтоқ-сан айның 21-і күні Лев Николайұлы Гумилевтің 100 жылдығына орай «Лев Гумилев және оның түркологиялық ғылыми мұрасы» атты конференция болды. Иә-иә, адам санасына түрлі эксперименттер жасап жаткан заманың акпарат көздеріндегі алып-қашпа сөзге илана қалатын қауым «қиямет-қайымды» күтіп отырған күн еді бұл күн. Коференция барысында сөз алған алтайлық бауырымыз Беликов: «Бүгін Мая күнтізбесі бойынша тұтас бір ке-зен аяқталып, түркі жұртының дәуірі басталды!» – деді салған жерден. Жалпы, XXI ғасыр Түркі мәдениетінің ға-сыры болатыны туралы казір көп айтылуда. Бұның және алғашқы белгілері де қылан беруде. Казір Орта Азиядағы түркі мемелекеттері археологиялық қазба жұмыстарына ашық, археологтар мен антропологтардың назарын өзіне шұғыл бүрган елге айналды. Мәдениеті мен тарихының тылсымы да парасатты адамдарды тарта түсуде. Оны аз десеніз, түркі жұрты Еуразия кеңістігін игеріп кететін

кабілетке де ие екендігін аңғартып келеді. Ал осы Еуразия кеңістігінің тұтастығын заманында бек түсінген айтулы тұлға, турколог – Лев Николайұлы Гумилев еді.

«Сонау орта ғасырдан бастап-ак Еуразия құрлығының ұлан-ғайыр даласын мекен еткен түбі бір түркі жұртының терен тарихын зерттеуші Батыс, Шығыс ғалымдары көп болған. Солардың ішінде Гумилев зерттеулерінің ерекшелігі – оның кешенділігі мен ауқымдылығында. Кеңестік кезеңнің үнемі бакылауы мен құфынында жүрсе де алған мақсатынан бас тартпай, кенес ғалымдарының түркі тарихына қатысты қасаң қағидаларын түбегейлі теріске шығаруында. Бүгінгі ұрпак оның енбектері арқылы түркілер тарихының ең ежелгі кезеңінен бастап, қазіргі дәүірімізге дейінгі дереккөздерін сараптай алады... Оның ұлыстардың пассионарлығы туралы тұжырымы мен Еуразия халықтарының тағдырлас тарихы туралы тұжырымдары бүтінгі еуразияшылдық қозғалысқа негіз болды» деді аталған конференцияны үйімдастырушылардың бірі ТҮРКСОЙ халықаралық үйімінің төрағасы Дүйсен Касейінов.

«Енді осы Еуразиялық кеңістікті толтыра беруіміз кепрек. Түрктің бойындағы пассионралық касиет қайта оянуда. Түркі мәдениетінсіз, түркілік санасыз, түркі тарихынсыз Еуразия кеңістігін елестету мүмкін емес. Ежелгі түркілер, сактар мен скифтер, ғұндар мен қыпшактар Еуразияның ең даласын еркін коныстанған. Бүгінгі түсінікпен алғанда, Алтын Орданы да Еуразиялық мемлекет деп атауға болады. Біздінше, Шыңғысхан идеялық тұрғыда ұлы түркілік идеяны көтеріп, кос мұхиттың арасын мекендеген халықтың жадындағы тарихи сананы қайта жаңғырткан» дейді Түркі кенесі Бас хатшысының орынбасары, профессор Дархан Қыдырәлі.

Шығыстану, түркітану мәселесі заманында Батысты катты қызықтырды әлі де қызықтырып келеді. Бұндай қызығушылықтың бәсінен Ресей ғалымдары да құралақан калған жок. Бір қызығы біз бүгінгі күнге дейін сол енбектермен жете таныс емеспіз. Аталған конференция барысында осы мәселеге екпін түсіре сөйлеген Дүйсен Корабайұлының сөзінен кейін Түрік тарихы қоғамының төрағасы Мехмет Құлағұл Гумилев зерттеулерін түрік тіліне аударуға және деректі фильм түсіруге уәде берді.

БІЗГЕ ҚАРСЫ... БІЗДІҢ ӨЗІМІЗ

Жоғарыда түркі жұртының бірлігін түптеп ойлайтын жандардың бар екендігін, әзірге олардың аздығын айттық. Әйтседе, бірліктің алғашкы қадамдары накты тірлікпен де көрініс табуда. Мысалы, 2012 жылдың ширегінде Түркі елдерінің кенесі құрылды. Астана түркі елдерінің мәдени астанасы мәртебесін иеленді (2013 жылтың бұл мәртебе Түркияның *Ескішашар* қаласына берілді. Осылайша мәдени астаналар ауысып тұрады).

Түркі Кенесі түркі елдері үшін ортак әліпби жасактауды ұсынды.

Түркі академиясының басылымдары: «Асыл мұра» антологиясы мен «Түркі дүниесі» альманағы жарық көрді.

Істамбұлда Түркі кенесі жанындағы терминологиялық комитеттің алғашкы отырысы болып, түркітілді елдерге ортак терминдерді тұзу мен енгізу мәселесі қаралды.

Осылай тізе берсек, біраз жиын мен келелі кенестердің басын шаларымыз анық. Алайда, осыдан кейін түркі бірлігінің оп-онай орнай қалмайтынын да іштей түсінеміз. Өйткені, біз... бізге қарсымыз. Турасына көшсек, біздің бір-бірімізден жылдар бойы алшак өмір сүруіміз, бір-бірімізге бөтенси қарайтынымыз, жазудың, каріп, таңбалардың ала-құлалығы, «сенен мен мықтымын» дегенге саятын панкөкіректігіміз, арамызға жік салған арам пиғылдардың алабұлігінен туған алауыздықтың жағында болатынымыз, кала берді бүтінгі ел басшыларының саяси амбіциялары мен пантүркізм үрейінен арыла алмауымыз бізді бір колдың саласындай етіп біркітруге де, кіркітруге де қарсылық факторы болып табылады.

«Саясат дергіті нәрсе, – дейді замана ойшылы Ошо, – оны емдеу керек. Саясаттың емі – мәдениет». Мәдениеттің ел мен елді жақындастыра алатын құбылыс екендігі сан мәрте дәлелденгенімен үнді философның аузынан оның кезекті рет кайталануы XXI ғасырда тағы да мәдениетсіз өмір сүре алмасымызға дәлел болса керек. Демек, Әлемнің Әуезові мен Адамзаттың Айтиматовына табынып отыра бермей, мәселен казак-қырғыз жазушылары баяғы емен-жарқын жүздесулерді қайта жанғыртып, табысуы ләзім іс. Осындай қалам бірлігі саны 20-дан асып жығылатын түркі елдерін тұтас қамтуы керек. Ол үшін «кітабынды поштамен салып жібер» деп салбексе-

ленбей бүгінгі ғаламтор игілігін пайдалануға ден кою қажет. Қаламбірлігі ғана емес, киногерлер мен композиторлар, баспасөз өкілдері мен ғалымдар, т.б. бірлігі де қазіргі түркі жүртyn жакындастыра түсер еді. Зиялы қауым өз ішінен бірлік, ұғыныстық тауып кимылдаса, оған кім кой деп жатыр. Оған кім қарсы? Сөз жок. бәріміздің ішікі «меніміз» бен көртартпалығымыз, жатып ішер жалқаулығымыз, өз котанымыздан әріге өріп бара алмайтын кортыксанамыз қарсы.

Мына бір жайды айтайын. ТҮРКІСОЙ мен Еуразия жа-зушылар одағынын жиынында койкандал бір әзіrbайжан бауырым жүрді. Сонымен әжүк-гүжік әңгімелесіп отырдык. «Сендер, казактар, каншасындар?» деп сұрады ол. Мен елдегі казактын 11 миллионнан асып кеткендігін айттым.

—Азсындар,— деді әзірім.

—Өздерін каншасындар? Білуімше, 8 жарым 9 миллионсындар.

—Бұл Азыrbайжандағы азыrbайжандар, — деді таулық бауырым шалқайып, — сырттағы азыrbайжандарды косқанда 50 миллионның желкесіндеміз!

—Біз де 50 миллионға жетіп қалар ма едік, кемінде 20 миллион боларымыз анық еді, 1920-30-шы жылдары халықтын тен жартысынан астамы қырылып калды, асылып-айдалып кетті.

—Даааа, — деді әзірім шон мұрынын көтеріп, — сендер мекен ететін жердің табиғаты тым катал ғой.

— Осыны айтып отырған сенін Құдай тас төбеннен ұрсын! — дедім мен оған, — Табиғаттың каталдығынан қырылып қалатындақ қазақ саған тышқан ба? Сталин деген дәдән туралы естіп пе едің? Естіген болсан казактың жағдайын сол дәдәннан барып сұра.

Бұл нені білдіреді? Менінше бұл жанағы әзіrbайжан бауырымының біз туралы азды-көпті мағлұматтардан макұрымсыздығымен бірге жанашымастығын, біздің Ахмет Байтұрсыновтай даналармен катар жүрген өз ұлтының әзіз ұлдарынан, ағалар салтынан кол үзіп қалған-дығын білдіреді. Менің де бүтінгі Әзіrbайжан туралы аппаратым аз, түсінгім кем. Карабак оны қалай зарлатты? Қаншама бейқунә тағдыр қыршынынан киылды? Қаншама сұлу саз, қаншама арман өшті? Білмеймін. Ептең білгеніммен кабырғам аса кайыса қоймайтын сиякты.

Еждер Ол. Жаңағы менімен әнгімелескен әзіrbайжан. Жазушы еken. Барабында әлгіндей әжік-гүжік әнгімеміз болғанымен ақырында біз бір-бірімізді елдерімізге шакырысып, төс түйістіріп қоштастық. Ол маған Карабак тура-лы материалдар, мен оған большевиктер колдан жасаған алапат сұмдықтардың бетін ашатын деректер беретін болып тарастық. Женуге болады деп ойлаймын мен: біз... өзімізге катастырылғандаң бәрін түбі жеңеміз.

АНКАРАДАҒЫ «АРҒЫН» ҚЫЗ

ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының ғылыми конференциясы мен Еуразия жазушылар одағының Махмұт Қашқарі атындағы түркі әлемі жазушыларының бәйгесіне олжасалған қаламгерлерді маралптау салтанатының соны жанарларға алау жағып, жанды тербекен концертке ұласты. Ерған Гүрдал жетекшілік ететін мемлекеттік Түркі әлемі музикалық ансамблінің репертуарында түркі елдерінің 800-ден астам әні мен жыры бар еken. Өзімізге таныс татар сазы дейсіз бе, тыңдаған адамды ұйытып әкететін ұйғыр макамы дейсіз бе, сыңсып сыр айтатын салар (кытайдың ішкі жағында тұрып жатқан түркі ұлысы) әні дейсіз бе, канынды қыздыратын қашқар-малкар әуені дейсіз бе, бірінен соң бірі төгіліп жатыр. Осындай бір рахман сәтте ансамбльдің жетекшісі Ерған бей: «Нартуған. «Кәнекей тілім, сөйлеші». Орындағы Фериял Түзүн» деп хабарлады. Сахнаға сәмбі талдай солқылдаған ашаң жүзді, ақмандай қызы батыл басып шыкты да, «Нартуғанды» шалқытып коя берді. Миллизм, дыбыс, тыныс – түгел қазактікі. Қазак Нартуғанның жырын айттып түрғанына жан-жүргімен толқиды ма, Фериял біздің әншилдер ағып өте беретін қайырманы ерекше құбылтады еken. Жыр аякталды. Қөрермен бір сәтке тып-тыныш отырып калды да артынша дүркіретіп кол соғып жіберді. Фериял сахнаның сыртына басын иіп кетіп калса, айқай-дүрмекпен кайта шакырып алады. Кияр емес. Аялы қөздері жарқ-жүрк етіп әншінің өзі де шаттыққа бөлөнді. Оның да мынандай ықыласты жүрттың алдында тұра бергісі бар. «Қайран бабам, Нартуған!», «Қайран бабам, Нартуған!»... көкейге бұдан өзге сөз оралар емес. Ансамбльдің репертуарындағы барлық дүниелер осыдан кейін менин кеудемде Нартуған жырымен үндесіп, күмбір қакты.

Фериялмен концерттің сонынан ғана ұшырасып тілдесу мүмкін болды.

– Қазақстанға мен жиі барып тұрамын, – дейді Фериял таза казак тілінде.

- Қазақстанда оқып па едін?
- Жоқ. Менің қазақша тілімді жетілдірген Нартуған ғой. «Қәнекей тілім, сөйлеші!».

...Бағана, ансамбльдің құрамында прима-кобыз тартып отырған бір әйелді байқағанмын. Қарлығашканаттанып біткен көзінің киығына қарап: «Не қазақ, не қырғыздың қызы шығарсың» деп ойлағанымын ішімнен. Қазак қызы екен. Қазак қызы болғанда менің Қапалымға (бұрынғы Талдыкорған облысының іргелі ауданы еді) баар жолдағы Ешкіөлмес тауының етегіндегі «Абай» атындағы ауылдың қызы болып шыкты! Жамырастық та калдық. Түрік жігітінің етегінен ұстапты. Ләzzат Мұлазымоғылы. Ләzzат маған Фериял жайында айтып жатыр.

– Бұл Фериял өткенде Қарағандыға барып «Керей» болып келген, таяуда Павлодарға барып «Арғын» болып келді.

– Иә, мен – Арғынмын, – дейді Фериял. – Ләzzат екеуміз осында «АН-2» болып журміз!

Ал, керек болса!

ТУРКИЯДА ТҮРІК ТІЛІН ОҚЫП ЖҮР...

Анкарадағы аз күндік сапарымызда студент іні-карындастарымызды да жолықтырдық. Сұрап коямын: «Не оқып жүрсіндер?» «Түрік тілін». «Жән екен». «Сонда қандай маман иесі боласындар?». «Түрік тілінің маманы боламыз». «Қазақстанда елдің бері жаппай түрік тілін оки бермейді ғой, ал, бұнда түрік тілінің маманы болып калуларың екіталай. Оны ойладындар ма?». «Енді көреміз, дипломатиялық қызметтерге тұратын шығармыз».

Бұл менін Түркиядағы барлық казак жастарымен жасаған сұхбатым және содан түйген ойым емес, сонда да ашығын айтайын: мынандай оку – «пәленбайдың баласы, ойбай, шетелде оқиды» дегенді ғана әйгілейтін әншнейін оку. Әрине, казак жастарының туыскан түрік тілін білгені, білгенде терен білгені өте дұрыс! Түрік тілі арқылы казак ұланы ғылым мен техниканың тілін менгерсе тіпті, керемет. Өйткені, Түркия – өндірісті ел. Құрылыш саласы, әсіресе, дамыған. Жастарымыз түрік тілі арқылы түріктерге

тән отаншылдыкты, ұлтын сүюді бойына сініріп оралса, бөркімізді аспанға атып куанар едік. Ал, түрік тілінің ма-маны болуды қалайтын жастарымыз мүйізі қарағайдай түркологтарға айналып жатса ше? Міне, бізге Құдай та-ғаланын бергені осы емес пе?! Басқа елдерді қоспағанда бір ғана Ресейдің өзінен атакты Аристов, Астахов, В. Зерновтар бастаған екі жұзден астам түркітанушы ғалым шықкан. Олардың енбектерінің бәрі құнды. Бірақ, орыс патшасының пиғылы, сәбет коммунистерінің ниеті олардың түркі әлеміне деген қозқарастарын да бұғаулап бакты. Ал, бүгін алтайлық бауырымыз Беликов айтпакшы, «Түркі дәуірі басталып жатыр». Бұл деген түркіні әлемге, әлемнен бұрын өзіне өзін танытудың арайлы таны атты дегенді мензейтін мезгілдің туған шағы.

Ойыма түріктер «Гұлнәр ханым» деп құрметтеген Ольга Сергейқызы Лебедеваның ерлігі түсіп отыр. Түрік, араб тілін тәп-тауір біліп алған ол 1881 жылы Константинопольге жол тартады. Сондағы мақсаты – Пушкинді түріктерге жеткізу екен. Сол кездегі түрік пашасы Лебедеваның әрекетін тыңшылықка, дін таратушы миссионерлікке балап, өзін катан бақылауға алады. Сейтіп, құндердің бір қунінде Ольга ханым түріктің мықты жазушысы, әдебиетшісі Ахмет Мидхатпен жолығады да ойындағы бар сырын актарып салады. Ақырында мұратына жетеді. Ол түрік тіліне Пушкинді, Лермонтовты, Толстойды аударды. Орыс әдебиетін Кіші Азияның кіндігіне байлады. Кейін оны түріктер жаксы көріп кетті. Түрік сұлтанды оны «Шапағат» орденімен марарапаттады.

Сонда деймін ғой, біздін «түрік тілін оқып жүрміз» дейтін жастарымыз казактың ақындары мен жазушыларын Гұлнәр ханым сияқты түрік тілінде насиҳаттай алса, қалай болар еді. Түрік тілі арқылы қазак әдебиеті Кіші Азияға, Қапказға, Иранға кетер еді. ТҮРКСОЙ, Түркі елдері кенесі, жалпы түркі бірлігіне қатысы бар ұйымдар мен жекелеген тұлғалар осына да бір ойға алса дейміз.

Біз, түркі әлемі вербальді мәдениеттің аясындағыз: ашықтықты, еркін карым-қатынаска түсуді қалаймыз. Еуразия кеністігін толтырып, құлаш ұруға мүмкіндік ту-дыратын да біздің осы касиетіміз болса керек.

Abai.kz
2013.01.10

ҚАРАШАЙ ДЕГЕН Е.ПИМ БАР

Жақып Өмерұлы басқарматын Еуразия жазушылар одагының шақырымымен Түркияда болғанымызды, Түркия астанасы Анкарада TURKSOЙ халықаралық ұйымы откізген «Лев Гумилев және оның түркологиялық гылтым мұрасы» атты халықаралық конференцияга қатысқанымыз туралы осыдан бірер күн бұрын баян еткен болатынбыз. Енді ұгып білгенімізді, көңілге түйгенімізді әріқарай тағыда әңгіне етіп көреік.

«Нұрсұлтан Аға», «Нұрсұлтан Аға»

Анкарадағы еңселі биік үйлерді көріп Алматы мен Астананы аралап жүргендей болдым. Өйткені, біздегі тұрғынжайлардың дені түрік бауырлардың колынан өткен. Баска-баска, түріктер құрылыш саласын әбден-ак менгеріп алған сиякты. Басбакан Тайып Ердоған «жасы» елуғе жеткен көпкабатты үйлерді бұзғызып, орнына жаңасын салдырып жатыр екен. Түріктер бұны маған мактанашибен айтты. Сыртта жүрген адам өз слінен де жетістік тауып сөйлеуге шебер ғой, мен де біздегі ескі үйлердің «сноскіге» кетіп бастағанын білдірдім. «Соның бәрінін бастамашысы Нұрсұлтан аға шығар» дейді түріктер. Түрік ағайын казак басшысы Нұрсұлтан Назарбаевты Кемал Ататүрікпен тең көреді (бұл жерде барлық түріктің байламы осы екен деп пікір түюге бола коймас, бірак, менің қасымдағы қардаштардың сөзіне қарағанда солай). «Нұрсұлтан аға», «Нұрсұлтан аға» деседі олар. Менін түркішіл түрік ағайындарымның Назарбаевты жақсы көретін себебін ілгерідегі макаламызда еттеп анғартқандай болғанбыз: казіргі Түркияны діни ағымдар жайлаған, діни ағымдар өкімет тарарапынан да барынша қолдауға ие. Олар әлемнің кай түкпіріне барып діни уағыз жүргізсе де, мектеп ашса да, каржыдан киналмайды. Қаражатты Басбакан Сауд Араб елінен алып бере береді. «Түркия сыртқы қарызды кайтаруды бастағанымен, Сауд Арабияның алдындағы борышка белшесінен батуда. Киім-кешек

нарығын қытай жаулап алды. Түріктер өнім шығарудан қалды», – дейді менің жолбасшым Уфук Тузман.

Түрік жерінде мұнайдың мол коры да бар көрінеді. Алайда, түріктер ол қазынаны игеруге асықпайды. Себебі: Еуропамен мұнайды кейінрек игеру туралы келісім жасалған. «Батыс бәтua бермесе, егін егуден де қалармыз түбі. Егін жердін астындағы минералды жердін бетіне тартады екен ғой. Егініміз күндердін бір күні «мұнайды сора бастаса», Еуорпа бізге егінді ектірмейді», – дейді Уфук.

Түркия – Премьер-министрдің басқаруындағы ел. Премьерді «Басбакан» атайды. Қазіргі Басбакан Тайып Ердоған елде Президенттік билік институтын қалыптастырғысы келеді. Сөйтіп, алдағы жылдары сайлауға түспекші. Ердоғанның ертерек әрекетке көшуіне орай оппозиция да кимылға кіріскеңге ұқсайды. Көше толған ереуіл. Полициямен қактығыс. Ердоған болса полицияға ерікті беріп койған. Пәрменін Парламент арқылы зандастырып алған Ердоғанның полициясы құш жұмсауға, кажет жерінде кару колдануға дайын. Түрік телаараналары полицияның халыққа оқ атқанын да біз барған екі үш күндікте көрсетіп қалды. Міне, осындаі халді бастаң кешіп жатқан түркішіл түріктер Назарбаевты түркі әлемінің қөшбасшысы, аксақалы, еліне жақсы қарайтын бейбіт адам деп біледі. Байқауымша, түріктер Нұрсұлтан ағаның артында қалын қазактың тұрғанын да ұлken есепке алатын секілді. Неге? Өйткені, түркі әлемінде Түркия жалғыз емес. Түркия бойындағы өз қуатын жақсы сезінеді, Қазактың да қуатын капысыз анғарады. Алдыңғы жазуымызда әзіrbайжан жазушысы Еждер Ол «біз елу миллионбыз!» деп кеудесін көтергенімен, Иранға сініп кеткен 40-45 миллион әзіrbайжанды енді әзіrbайжан жасау да, Қапқазға оралту да мүмкін емес. Ал, Бакудегі әзіrbайжандар тілінің ұқастығына қарай түріктердің бауырына кіре түсude. Ендеشه алдағы замандарда түрік тілі әзіrbайжан тілін «жұтып» койса, оған танқалмаймыз. Өзбек өзімен өзі отыр. Түркі тілінің қыпшак тобына кіретін елдер казак тілінің аясына бірігуі мүмкін. Демек, түркілер арасында екі тіл, екі ел: казак пен түрік жетекшілік тізгінін ұстайды. Әрине, бұл болжам. Менің болжамымғана емес, түркілердің бүгіні мен ертеніне сергек қарайтын азаматтардың ортак көзкарасы.

Біз, әрине, Қазақстанның ішкі ахуалы, сез бостандығы, әлеуметтік жағдайы жөнінде Батысқа барып баяндама жасап кайтатындардың қатарынан емеспіз. Түркияға баруымыздың себебі де мулде басқа. Сондыктан Қазақстан жөнінде, Қазак Президенті Назарбаев тұрасында мактау марапат айтып, акжарылып сөйлеген ағайынның аузына қарап койып қана отырдық. Әдеп солай. Оның үстіне өз еліндегі адами құндылыкты, гуманизмді, ұлт пен ұлыс өкілдеріне деген құрметті бағалаудың кисыны да осындайда туып жатады.

«Нұрсұлтан аға барша түркі баласына қамкор ғой», – дейді түрік бауырларым. «Жалпы казак сондай. Бауырмал, дархан, кен. Қазак қытымыр болса, казак өзімшіл болса, жалғыз адам не істей алады? Нұрсұлтан ағаларыңыз да казактың бір баласы. Сондыктан басқаша бола алмайды», – деп сәл түсінік беруіме тұра келді осы арада. Расында, жабықканға жаны ашымайтын, мұқтажбен мұндас бола коймайтын казак баласы кем. Альстағы қарашайлардың басындағы кепті ойлағанда біздін де сол жанашырылғы сезіміміз лап берді.

ҚАРАШАЙ ДЕГЕН ЕЛІМ БАР

Анкараның шығыс жак бетінде, қаладан 20-30 шақырымдай жерде, қарашайлардың ауылы бар. Ауыл түрікше – Яғлыпинар, қарашай тілінде – Жаулы аталады. Қарашайлармен Анкараның шетіндегі бір дәмханада ұшырастым. Түріктерге қарағанда көздері сәл қысықтау. Кайсібірінікі дәңгелек. Сондай рен сипаттарымен де, тілдерімен де қарашайдың қазағыма жакындығын бек ұққандаймын. Аудармашысыз анқылдап сөйлесіп отырмыз. Есімдері де казакка келеді: Ақын, Әділхан, Сәлім. Ақын бұрын әкімдік қызмет атқарыпты. Әділхан тәржімашы ақын екен. Қарашай-малқар тілінен түрік тіліне өлеңдер аударып танылыпты. Сәлім – құрылысшы. Сәлім Итез. Астанадағы Ақ Орданың жобасын сыйып, құрылысын жүргізген осы азамат болып шыкты. Өзі тым қарапайым. «Құрылыстың басы-қасында болдық кой», – деп сыпайығана тіл катты. Одан әрісін мен де казбалап сұрамадым. Өйткені бұл жігіттер ас үстінде әлденеге аландаپ, асығып отырғандай болды. Жаулыға барған кездे Әділхан, Сәлімдердің алаң қөнілдерінің сырына жеттім.

Сүрия. Түріктер Шам – Сирия елін осылай атайды. Сүрияда мыннан астам қарашай тұрады екен. «Біздін колымыз жеткен есеп бойынша, 1200 қарашай», – деп нак-

тылай түсті жолбасшым Уфук. Сол Сүрияда басталған сұргіннен қарашайларды қалай аман алып шығамыз десіп Түркияның қарашайлары бір қараша үйде бас кости.

Түркия қарашайлары 2006 жылы алыс-жақыннан сұрастыра жүріп қарашайлардың жалпы саны 400 мың екендігін аныктапты. Түркияда 20 000 қарашай, АҚШ-та 5500 қарашай, т.б. тұрады деп келетін мәліметтері және бар. Қарашайлар Түркияға 1886-1889 жылдар аралығында ауып барған. Одесса арқылы қара тенізді кешіп өткен қарашайлардың дінді берік ұстанған такуалары кезінде Сүрияға өтіп кеткен көрінеді.

— Біз азбыз, — дейді Түркия қарашайлары қамысып, — жер бетінен жойылып кету қауіп төніп тұр бізге. Сондықтан бірімізді-біріміз көзіміздің қарашығындаи сактауымыз керек. Мекен-тұрағына көзіміз жетіп, біле тұра бір қарашай баласын жоғалтып алсақ, о дүниеге күнәһар болып аттанамыз. Із-түссіз жоғалған бір қарашай баласы үшін фәніге барғанда жауап береміз.

Капқаздағы қарашай-малкарлардың не қам-тірлік жасап жатқандығынан хабарсызын, ал, Түркия қарашайлары көр күрып, барын ортаға салып Сүриядағы қарашайларды «сатып» алуда. Сүрия азаматтарына шетке шығатын төлкүжат бере бермейді. Сондықтан Түркия қарашайлары Сүрия қарашайларын алдымен төлкүжатпен камтамасыз етуі керек. Ол үшін Сүриядағы берекесі кеткен әкімшілік орындарына астырытын пәре береді. Сөйтіп, колдарына төлкүжат ұстаған қарашайларды босқын ретінде Түркияға әкеліп коныстандырмак. Осы күндері Сүрия мен Түркияның арасындағы ғатай қаласында босқындардың алды орналасып та үлгеріпті.

Мен катысқан жыында Сәлімдер АҚШ-тағы қарашайлармен байланыска шығатындығын, олардың күй жақсы екендігін айтып отырды. Осылайша олар елбесіп-себесіп Сүрия сұргіннен қандастарын құткарып қалмак.

Сыртқа шыктық. Шағын ауыл аба жадай қаланың жарайығынан жасқанғандай бұйырып шамын тегіс сөндірген. Алашабыр бұлттардың арасында жүдеу ай жүзіп барады. Қарашайлар мені кезек-кезек күшағына алып қоштасып жатыр. «Келіп тұр, осында бір елің бар» дейді. Қарашайлар ауылды «ел» депте айтады. «Иә, — дедім мен, — қаршай деген елім бар!»

Карашай – казактың тіліне етene жақын түркінің бір бұтағы. Ономостикалық атаулар, жер-су аттары, жанжануар, күс атаулары, тұрмыс жабдықтары казак тіліндегі қалай аталса, карашай тілінде де солай аталады. Мысалы, біз сиякты олар да жұлдызды -жұлдыз, жолды – жол, пышакты – пышак, қылышты – қылыш, құсты – құш деседі.

Карашайлар өздерін «кара қыпшак», казакты «сары қыпшак» дейді. Карашайлардың түсіндіруінше, казактың «сары қыпшак» аталуы далада, ойда өмір сүретіндігіне байланысты екен.

Жауылға барғанымда білдім, менің жолбасшым – Уфук мырза карашай болып шыкты. Түркістанда біздің әйгілі айтыскеріміз Бекарыс Шойбековпен бірге оқыпты. «Бекарыстың үйіне талай барғанымын, тіпті айтысқанмыны», – дейді. Уфук казак тіл әдебиетінің арадгерлері – Рахманқұл Бердібай, Мырзахмет Мекемтас, Алма Қыраубаевлардың дәрісін тындалап, сабак алышты. Қазакша ағып тұр. Макалдан-мәтелден сөйлейді. Жары казак кызы екен. Нарынкол жактан.

– Қазакстанның шекарасы ашылғанда окуға баратын талапкерлердің тізіміне жазылып, сынак тапсырып қойғанымен картадан Түркістан қаласын таптай дал болғаным бар, – дейді Уфук. Түркістанды бастанқыда картадан таба алмаған Уфуктің талабына ата-анасы да карсы шығып: «Қазакстан деген не ел? Онда барғанда не табасын? Қазактың тілін үйреніп қайда бармаксын?» деп карсы да болышты. Бірак алған бетінен кайтпаған Уфук Түркістанда оқып казак арасынан достар табады. Қазакты өз еліндегі көріп кетеді. Назарбаевтың бір реткі сапарында, тіпті, тілмәштық кызмет те аткарады.

Уфук Тұзманның арғы тегі де Қапқаздан 1900 жылдары Түркияға ауып келіпті. «Ұлы атам заманында еті тірі, өжет кісі болса керек. Карашайлардың көшін ұйымдастырып жүріп елге кайтып бір барғанында басқыншы орыстардың колына түсіп итжеккенге айдалып кетеді. Әжемнің сінілісі Жұлдызхан жәргектегі күйінде шырылдап кала береді. Оны біреулер асырап алыш титтей Жұлдызхан ақырында казак жерінен бір-ак шығады. Қазіргі Жамбыл облысының Кемер деген ауылында казак отбасында тәрбиеленіп казак жігітімен бас құрайды. Әжем 107 жасқа келіп кайтты. Жарықтық өле-өлгенінше сінілісін іздел, ах ұрып отыратын. Түркістанда оқып жүр-

ген кезімде мен сол Жұлдызханды таптым. Жұлдызхан өмірден озған екен. Алайда ұрпағымен табыстым. Қазір хат-хабар алысып, барып-келіп тұрамыз, – дейді Уфук.

«Қазақ болып кеткен» (өз сөзі) Уфуктың балалары да казак топырағында дүниеге келіпті. Үлкені Юнұс Еміре 2003 жылы Түркістанда туза, қызы Анишат 2008 жылы Тараз қаласында інгәлапты.

Уфук казір Түркияның Мемлекеттік телерадио компаниясында казак редакциясында қызмет етеді. Қазақ тілінде интернет паракшасын жүргізеді.

Түркиядағы сапарымызда карашай-малқар жазушысы Мұтәліп Бекпаевпен танысып, аға-іні болып кеттік. Мұтәліп аға да біздін Жамбылда туып өсіпті. Қазақ десеніз елжіреп тұр. «Олжас аға бір кітабына «Мұтәліп туысқаныма» деп қолтаңба жазып берді» дегенді кайта-кайта айтады.

Карашибайлар туралы сөзімді осы Мұтәліп ағанын «Қаскыр-адам» әңгімесімен тиянактамақпын.

Еуразия жазушылар одағы жариялаған Махмұт Қашқарі атындағы байқаудың жүлдесін иеленген шығармасында Мұтәліп аға Совет әкіметінен қашып, қырық жыл Қапқаз тауларын паналяған адамның ерлігін әйгілепті. Елсіз-жансыз аспан тауларды мекен еткен адам өзіне тек каскырды ғана серік тұтып, бірге өмір сүреді.

Күндердің күнінде әлті адам әбден картайып таудан ел ішіне оралады. Қаскыр-адамды көргендер сұрайды: «Қырық жыл қашып жүргенде не таптың? Оданда сотталып кеткенін дұрыс еді ғой. Сотталсан 10-15 жылда жазанды етеп аман-есен шығар едін. Енді мынандай болып келіп тұрсын. Осы тірлігіндегі калай түсіндіресін?» деп. Сонда қаскыр-адам:

– Мен қырық жыл қашкын болып өмір сүрген жокпын. Азат ғұмыр кештім. Тәнім ғана емес, жаным мен рухым да азаттықтың ауасымен тыныстады. Енді таяуда мәңгілік азат әлемге аттанамын, сонын алдында басын сорға байлаған елдің жайын бір рет көріп кетуді жөн көрдім, – дейді.

Қаскыры да, адамы да, каламгері де казактын табиғатымен үндесетін карашай деген елдің ендігі тағдыры не болар екен? Нұрсұлтан ағаның құзырындағы казакты, сырттағы жаутанқөз бауырларымды, көші-конның бүйдасын бұра тартып жүрген сүмпайыларды ойлай отырып осы сауалдың жауабына да аландаپ Алматыма оралдым

*Abai.kz
2013.01.14*

ҚАЗАҚЫЛАНҒАН СӨЗДЕРГЕ ҚАРСЫЛЫҚ ПА, ӘЛДЕ ҚАЗАҚҚА ҚАРСЫЛЫҚ ПА?

Тіл – жаңарып, түрленіп, дамып, күрделеніп тұратын құбылыс. Бірақ, осының бәрі тілге тән екен деп, тілді «тілім-тілім» етуге әсте болмайды. Әсте болмайдымыз аз, мүлде болмайды. Әңгімеміз ана тіліміз – қазак тіліне катысты өрбитіндіктен турасына көшейін, казір «әлілті таяқ» деп білмейтіндер әдебиетке әлекедей жаланып келіп әлек салып жатыр. Әйткенмен де, Жүсіпбек Корғасбек ағамның тәмсіліне салып қайырсам, айтайын дегенім бұл емес. Оның үстіне казак тілінің бар мүмкіндігіне көркем әдебиет тілі өлшем бола алмайды. Қазак тілінің қорында кәсіптік, салалық сөздер жетіп артылады. Мал шаруашылығына, аңшылыққа, диханшылыққа, балық шаруашылығына, медицинаға, тұрмыстық заттарға, астрономияға, т.б. катысты сөздер қаншама! Марқұм, жаңы жәннэтта болсын, Жағда Бабалық аксакал қөзінің тірісінде казак тіліндегі тубір сөздердің өзі бір миллионға жетеді деп жүретін. Міне, керемет! Ал, казір осы кереметіміз қазак тілінен баламасын тапкан, жас ұрпақтың қунделікті колданыстағы тіліне айналған жана ғылыми техника тілімен, саясат тілімен, мәдениет, философия тілімен ілгерлеп барады. Бүтінгі жас буын үлкендер сиякты «самолет» деп «самбырламайды», «ұшак» деп «ұшып-конып» кете береді. «Класс» деп тыраштанбай-ақ «сынып» деп сырғи салады. Осы «ұшак»», «класс» дегеннен шығады. Менің бір жакын досымның баласы ілгеріде, ұмытпасам, 2004-2005 жылдар-ау деймін, мектеп табалдырығын аттайтын болып апасы (досымның жұбайы) баласын жетектеп дәрігерлердің тексеруіне барады. Барса, бәрі дұрыс! Баланың денсаулығы, окуға кабілеті толығымен жетеді. Ак халатты абзal жандар кітапшаға он бағаларын беріп, жазып жатады. Тек... көз дәрігері ғана «баланыздың көзі нашар көретін сиякты» деп тұжырым жасай жаздайды.

Сейтсе, әңгіме былай болған екен. Дәрігер баламызды арқалығы бар орындыққа отырғызып кояды да, бір көзін дәнгелек табакшамен жапқызып, қабыргада ілінген суреттердің сүрай басатайды. «Мынау не?» дейді ол күшікті көрсетіп. Күшік көріп өскен бала күліп жіберіп, «күшік» дейді. «Мы-

нау не дейді?» баланың көзінен көзін алмай қарап тұрған медбикеміз тағы бір макұлқаттың әлде бір заттың суретін сұқ саусағымен мензеп. Баламыз жаңылмайды. Бірақ, медбикеміз «ал, мынау не?» деп «қанатты құсты» көрсеткенде «ұшак» дейді біздін мемлекеттік тіл мәселеісімен ерте шұғылданып койған «кағынды келгір» кара сирағымыз. «Не дейсін?» деп кайталап сұрайды қайран ак халатты абзал жан әлдебір «акауды» баланың бойынан байқап қалғандай. «Ұшак» дейді ұлымыз ұмтылып. Осы кезде медбике байқұс күрсініп жіберіп: «Татеша, айыпқа айып етпеніз, баланың дұрыс көрмейді» дейді досымның жұбайына қарап. «Неге көрмейді? Көреді», – дейді асықпай сөйлейтін біздін құрдас. «Көрмейді. – дейді медбике кыз қызынып кетіп. – Көрсе, самолетті «пышак» деп ножикпен шатастырмас еді ғой». «Ол «пышак» деген жок, «ұшак» деді. Өйткені, бұла «самолет» дегенді естімеген. Самолеттін аудармасын – ұшакты біледі», – дейді мән-жайды бабымен баяндайтын құрдасамыз. Сол кезде барып медбике шіркін, «е-е» десе керек.

Ал, біз «е-е», десек те, «не» десек те, кейінгі бірер жылдың жүзінде әлгі «ұшакқа» қарсы «құшак-құшак» пікірлерді қаулатып жүрміз. Неге десеніз, «ұшак» деген түріктің сөзі еken. Сол түріктің түкке тұрмайтын сөзіне байланбай самолетімізге қайта мінгеніміз дұрыс еken. Тілшілер сөй деп жатыр. Галымдар сөй деп жатыр. Тілші-галымдар былай тұрыпты, ойбай-оу, ақжағалы ұлықтардың өзі сөй деп жатыр емес пе? Құдай-ау, бізде ұлықтар айтқан соң жан кала ма, бәріміз жарбандап, жабыла ұрандан ұшакты расында пышактап тастауға бел буып, түнеріп алғанбыз. «Ұшак» деген «ұшынып өлсін» дегендей жағдайдамыз. Сонда деймін ғой, ұршығы айналғыр «ұшак» деген сөздін казакка не қастығы болып еді бұрын соңды? Не істеп қойды ол казакқа?! «Кәрікүртан, шал-шауқан, аға буын енді казак тілін үйренбейді, үйренсе, жастар үйренеді» деді билігіміз бір кезде. Келісе кеттік, әдетімізше көне қойдык. «Жас буын бірер жылда казакша сайрап шыға келетін шығар» дестік. Қайдам. Казак тілінен айну, қағынан жеру казак ортасында сәбет өкіметі кезіндегісінен әрі каркын алып кетті. Қазак жастарының «тілін сындырған» бірер сөздін бірегейі айналайын «ұшак» еді, соның өзін көп көріп ұшырып әкетпекпіз осы күндері.

Казак билігі кит етсе, «халықаралық термин сөздерді казакшалай берудің кажеті жок» деп ежірейіп, каскыр көр-

ген ешкі көзденіп шыға келеді. Онысын бір реттен дұрыс та делік. Бірак, кейде катты кетіп қалады. Мысалы, самолетті әлем халықтары бірауыздан «самолет» деп атамайды. Бүгінгі жер шары тұрғындарына ортақ тіл – ағылшын тілі десек ұшакты. кешірініздер, самолетті ағылшын тілін білетіндер – «плейн» (plane) дейді. Солай еken. ендеше алғи халықаралықшылдығымыз кайда қалды? Сірә, бұл біздің «халықаралық термин сөздерді сактайық» дейтін сактығымыздан емес, ұшак деген пәлені айтып, түркішілдіктің ұшығына шалдықпай, самолетімізben салып ұрып сол баяғы «конысымызыға», ормандай қалың орыссымызыға оралағыктың ашық беті болса керек. Эйтпесе, казак тілді ортаға әбден сінісп, тіпті, онай айтылатын ұшакта неміз бар? Оны аз десеніз, «ұшак» сөзі казактың тәуелсіздігімен бірге жасасып, бірге өмір сүріп келеді. Сондыктан бір катал зан шығарып, катан бакылап, «ұшак» дегендерді каракшы, каныпезерлермен теңдей етіп камап тастамасақ, халықтың аузы үйреніп қалды, әй, енді тыйлмайды-ау...

Ұшак сорлының күйін кешіп бастаған тағы бір сөз бізде – мұражай. Мұражай, рас музей. Ағылшын тілінде – museum. Мұражай, бірақ, музейдің казак тілінде әп-әдемі баламасы болып қалыптасып үлгерді. «Жай» деп казак тұрак-мекенді, шаныракты, т.б. атайды. Сонда мұражайымыз мұраға калған заттардың – жәдігерлердің жайы, баспанасы, үйі деген ұфымды білдіреді емес пе? Музейді мұражай десек, еліміздің өткен-кеткенін экспонаттар арқылы танығысы келетіндер мандайшадағы «мұражайды» көріп, мұрның шүйіріп кетіп қала ма? Түсінбедім. Бұл да сол «сұмдық-ай», казакшаланып бітіппіз фой, бүйтүге болмайды» деген касарыспа мінезден туған қырыс бірдене. «Зертхана», «мұрағат» деген сөздердің де казакылығына билігіміз бишік үйіріп бастады казір. Ендеше ешбір сөзді, әсіресе, орыстан келген кірме сөздерді аудармай, казакша баламасын іздемей, тұртінбей, шұқынбай тыныш жүреік. Сол дұрыс. Сол дұрыс десек те, тілдің жаңарап, түрленіп, жаңа куат алып, жаңалыққа бейімделіп өмір сүретін мәдени құбылыс екендігін ойласақ. кайран қазак тіліне жаңын ашиды. Биліктің жаңағындағы сөздерге жармасуы – казак тілі ғылымға, заманға икемделмей «коғын құрттап, айранын ұрттап», «жер тырмалап», «қаң қағып» далада қалсын деген күмәнді пиғылын анғартады біздінше. Кезінде Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алаш ардагерлері

бөтен тілден еніп жатқан сөздерді аударғанда оның қазақша баламасын дәл табайык, қазактан табылмаса, түбі бір түркі жүртұмыздан іздейік, олардан да табылмаса, сол сөзді қазақ тілінің табиғи занұлығына орай пайдалана берейік десіп бәтуаласқан еken. Соны бүгінгі тілші ғалымдарымыз да пайдаланып отыр. Тілшілерімізді «түк білмейтін топас» деуге өз басым есте келіспеймін. Әйткені, тілші ғалымдардың саясат бакпай алансыз жұмыс істеуіне биліктегі бүттышаттымен жүрген шолақ белсенділер мүмкіндік бермей келеді. Соның салдарынан болып қазір қәсіби білігі кем, қазак тілінен макұрым біреулер адам ұялатын аудармалар жасап, былай да қағажу көріп жасып қалған қазақ тілін мазак тілге айналдырып бітті. Қазактың мазакка айналған тілі қазір қайда жок дейсіз. Әуе компанияларының ұшактарында, по-йызда, халыққа қызмет көрсететін орталыктарда, банктер мен салық органдарында, биліктің дәліздері мен бөлмелерінде, компьютерде, ұялы телефондарда, т.б. Бір қызығы қазақ тілінің төл сөздеріне айналып үлгерген «мұражайлар» мен «мұрагаттарды» «мұрнынан тесіп жетекке алған» билік әлгіндей маскараның біріне міз бакпайды, селт етпейді. Әйтпесе, соны қазақ баспасөзі санырау естіп, меніреу ұғынтай дәрежеде айтып, жазып болды емес пе? Байқұс қазақ жорналшысына сондай сорақы сөздер мен сөйлемдердің алдында өртеніп өлу ғана калды. Басқасының бәрі тынды.

Біздің етеп білуімізше, «ұшак» пен «мұражайға» байланысты пікір алдымен Елбасымыздың аузынан естілді. Сол сол-ақ еken, қазакқа, қазақ тіліне, қазактың ұлттық наимына карсы ойланбастан тұра шабатын белсенділер жінігіп кетті. Жә, Елбасымыз да адам баласы. Ана тілінде сөйлеп, ән салғанымен тіл маманы емес. Жаңылысыу бек мүмкін. Соны маңындағы жауапты адамдар жігін жаткызып жеткізсе, түсінетін шығар. Әншейінде «Елбасымыздың тапсырмасы» дегенде ауыздарынан жалын төгіп, ақырында істің сонын бұлдыратып жіберетін шенеуніктеріміз неге осы тілге катысты мәселеде Елбасының «тапсырмасын» артығымен орындауға құлшынып тұрады? Түсіне алмай-ақ қойдым. Жо-жок, сіздер түсінетінді мен де түсінемін. Білемін әбден. Бірак, сіздер мына жайты да біле жүрініздер: басқа жағдайда басқа, біздің орыс тілді жігіттердің өзі қазақ мәселесіне келгенде Ғабит Мұсіреповтің «Этнографиялық әнгімесінің» кейіпкерлері сияқты «атекем айтсынның» алдына түссе коя-

ды. Қанша дегенімен қазак қой, өйткені. Әнгіме есінізде ме? Заманнан іргесін аулак салған, тозған, сол сорлы халіне кара-май өзінше мықтымысған ауылдың бейбактары кимылдауға ерініп «атакем айтсын» деп мұлгіп отырады ғой. Біздің ше-неуніктер де сондай – Елбасы айтпай ерін кимылдатпайды. Олар осы күндері екі иыктарының ортасындағы мойынға мінген домалактың не екендігін де ұмытып қалғанға ұқсайды. Әйтпесе, казақыланған сөздерге карсылық – казактықка карсылық екендігін ұғатын жағдайға жетті емес пе?

Abai.kz
2013.02.07

БУЛ ҚАЙДАН ШЫҚКАН 60 ПАЙЫЗ?

Тәуелсіздік алған жылдардың алғашқы айтарында-ак казак тілінде сөйлем кетуге саяси ерік-жігері мен сауаты жетпеген казак билігі қырық сылтау тауып бакканын жақсы білеміз. Сол қырық сылтаудың бірі «казактың тен жартысы ана тілінде сөйлей алмайды» дегенге саятын. «Тен жартысы» деген текенін мүйізіндей тенеуден кейін ұялды ма, әлде, қандайда бір статистикалық мәліметтер ықпал етті ме, биліктегілер кейін казактың қырық пайызының қазақша тіл сындыра алмағанына «көзімізді жеткізді». «Көзімізді жеткізіп» кана қоймай, әлгі «шындықты» күнделікті дәлелдеумен келеді: ресми жиындардан бастап, ұсак-түйек бас қосулардың бәрі бәз-баяғы қалыптында, орыс тілінде өтеді. Мемлекеттік денгейдегі шешімдер мен мәстек мекемелерде қабылданатын бұйрықтар мен тапсырмалар да қып-қызыл сәбеттік кезендегі «келбетінен» өзгерген емес. Бірақ, соның өзінде қырық пайызыға «қырымыз сынбай» жүр еді, біздін ұлтшыл аксақалдарымыз алпыс пайызға ауыз салыпты. Тұрасына көшсек, казактың 60 пайызы казак тілінен макұрым көрінеді. Осы «60 пайызға» аса нана қоймайтынымызды ілгеріде, 2008 жылы «Жас казак» газетінде жазған едік. Ол кезде халық санағына бір жыл бар-тұғын. Сонда да еліміздегі демографиялық деректерге сүйене отырып, «60 пайыздың» тым артыкка сілтенгенін анғартқанбыз. Алайда, атан коки «60 пайыз» алдымыздан шыға беретін болды. Ендеше, мына деректерге бір рет көз жүгіртіп алып, әнгімсемізді әрікарай жалғайык:

2013 жылдың 1 акпанына дейін елімізде жалпы жан саны 16 миллион 911 мың 911 болыпты. Соның 9 миллион 264 мың 946-сы калада, 7 миллион 646 мың 965-сі ауылды жерлерде өмір сүреді еken. Қыр казағы тұтас зәузатымен ана тілінен айнымағанын есепке алсак, жаңағы «60 пайыздың» адымы дәл осы жерде тұсалады. Эрине, 7 миллион 646 мың 965-тің бәрі түгел казак емес делік. Ауылды жерлерде дүнгөн, ұйғыр, кәріс, орыс диаспорасы да кара көрсетеді. Алайда, аталған диаспорлар тілі (оның

ішінде орыс тілі) ауылдағы казак тілімен бәсекелесетін кабілетінен тоlyктай айрылуға жақынады. Жастары қалаларға, көбі Ресейге біржола коныс аударды. Мәселенки, орысколды кала саналатын Карагандыдан 2010 жылы 29 971 адам, Павлодардан 15 758 адам. Солтүстік Қазакстан облысынан 17 058 адам, Шығыс Қазакстан облысынан 38 402 адам көшіп кетіпті. Есесіне, Карагандыға дәл осы жылы 27 597, Павлодарға 13 529, Солтүстік Қазакстан облысына 12 992, Шығыс Қазакстан облысына 31 946 казак коныстанған. Коныстанып, коныр тірлік бастап жатқанның бәрі Атажұртына оралған казактар екені анық. Ал, олардың орыс тілінде сөйлеу былай тұрыпты, ләм деп түсінбейтіні бесенеден белгілі.

Баспасөзге оқырман жинау науқаны кезінде казак газеттерін баскарып жүрген мырзалардың онтүстігімізге ат басын жиі бұратыны бар. Ондағысы – қалын отырған казак арасына сүйенгені, «газетіме жазылса, осылар жазылады-ау» деп дәме еткені. Одан кала берді, аяғы жеткені батыска шабады. Орталыкты шолып, онтүстік шығысымыздығы жұрт ішіне де сұғынып қайтады. Өйткені, бұл өнірлерде казак басым. Қазактың тілі басым. Ендеше, казағы мен казак тілі қаскайып тұрған сол өнірлердегі халық санына карайықшы, міне, бір ғана Онтүстік Қазакстан облысы 2 678 335 тұрғынға ие. Онтүстіктің өзбекі де, өзгесі де казакша ағып тұр. Жуырда Алматы облысының халықы да 1 миллион 700 мыңнан асты. Манғыстау мен Қызылордада табиғи өсім жоғары. Онтайландыру ісінің бір ондысы Семей мен Торғай қазағының есебінен Өсекемен мен Қостанайдың көшелері казакқа толып калды.

Елордамыз Арка төсінен ірге тепкен күннің ертеңінде қаптаған казакты қөріп сол кездегі Целиноградтың бір орысы: «Мынанша казак осы күнге дейін қайда жүрген?» – деп таңқалыпты. Әлгі айтқандай, Арканың арда казағы казір алшан басып Астанада жүр. Солардың арасынан қадірлі «отандастарымыздың» бірлі-жарымын көре калсан, ан қөргендей антарыласын. Қықасы, 60 пайыз деген асыра сілтенген артық статистика. Дұрысы статистика емес, эмоция. Президент Назарбаев бір сөзінде еліміздегі жан саны бойынша казакты «65 пайыз» деді. Казак 65 пайыз болса, 35 пайызымыз өзге ұлт өкілдерінен құраладығой. Ол 35 пайыздың казақша білмейтіндігіне кім кепіл.

Мейлі, тіпті білмесін. Енді солардың катарына казактың «ана тілін білмейтін» 60 пайзызын алып барып коссак не болды? Қазақ пен казақ тілі қайда калды? Бұндай есептің шешуі кімді болсада «казақ тілі азшылықтың тілі, мемлекет жұмысына қажеті жок тіл» деген байламға жеткізбей ме? Былайда казақ тілін қақпайлап жүретін биліктің мынандай «статистикадан» кейін Құдайы бермейді ме? Оны неге ескермейміз? Менің бір Бакуде тұратын әзербайжан танысым: «Біз, азербайжандар, 80 миллионбыз» деп соккан еді. Онысымен қоймай «21 декабрь дүниежүзі азыrbайжандарының тілі» деп шіренді. Не десе де дұрыс оныкі. Сырттағы әзербайжандардың тілі иранға сініп парсыланып кетсе де бәрібір еңсесін тік алып тұр. Рухы биік. Ал, біз алдымыздан шүлдірлеп шықкан бірер желекпеге ренжіп, қазақ жастарын ана тілінен мақұрым ете саламыз. Рас, бізде орыстілділер көп сиякты көрінеді. Себебі – белсенді. Белсенді әм Қазақстанда «қөрпесі ашық» көпшілік мәдениетін қалыптастырушу ортаға айналғандыктан да олар көзге жиі түседі. Телеарналар мен саржағал басылым беттерін бермейді. Ақжағалы ұлыктарымыз катысатын ұланасыр жыындарда да сапылдан сөйлеп, санқылдан пәле қылады. Өйткені, біз сөз етіп отырған белсенді буынның бойынан әлі комсомолдық рухтың буы кете койған жок. Көшедегілерінің түрі анау. Қай киырдан шалынса да, әйтеуір, қалын кол, кара орман секілді қапатап көрінеді. Бірақ, бұл шындық емес. Алайда, казақ тілі мен мәдениеті салтанат құрып үлгерген коғамды казақ билігі де, өздерін элита сарайтын қауым да көргісі келмейді. Әйткенмен де, «тан атпаймын десе де күн қоймайды». Қазактың қуысырып келе жатқанын бүгін бәрі біліп отыр. Тек соған өзіміз кедергі болмасак игі еді. Эне, қырғыздар орыс тілін «ресми мәртебесінен» оп-онай түсіре салды. Қырғызға сол үшін орыс не істей алады? Шулайды-шұрқырайды, жылайды, жер тепкілейді, кіжінеді, кояды. Өйткені қырғыздың шаруасы – ол алдымен қырғыздың шаруасы. «Сыртқы саясаттан себеп іздеудің қажеті жоқ, бұл елдің ішкі мұқтаждығынан туған қалыпты шара. Қазір орыс тілін білмейтін ауыл тұрғындарының арасында оппозицияның беделі өсіп барады. Сондықтан олар үлттық мұддені батыл көтере бастады. Қайда карасаныз да «Қазір қырғызды орыстілділер мен «жаттілде сейлейтін» саясаткерлер баскарып отыр» деген пікірді ес-

тисіз. Билік үшін бұл қауіпті құбылыс. Сондыктан үкімет оппозициядан бұл бастаманы тартып алып, бірінші болып электораттың көnlіn табуға талпынуда» – дейді саясаттаушы қырғыз азаматы Марс Сариеv.

Алатадын ар жағындағы айыркалпакты ағайынымыз осындай жігерлі қадам жасап жатқанда біз «Қазактың 60 пайызы қазақша білмейді» деп күмәнді әнгіме айтканнан гөрі көптігімізді, алапат күшке айналғанымызды, ұлттық мұрат тілектеріміздің жанарып, өсө түскенін жоғары жакка ескертіп жүргеніміз жөн. «Көп коркытады, терен батырады» дегеннің ақиқатына сонда жететін боламыз.

Abai.kz
2013.03.19

ӨЗ ЕРЛІГІН ЖОҚТАМАЙТЫН ЕЛ БАР МА?

(Арнайы жазылған мақала емес, әріптестер сұраган соң айтып берген пікірім еді. Оқырманның ой-талқысына жеткізуіді құп көрдім).

Президент Назарбаев «казақ халқының тарихы – бірігү тарихы» деп келеді. Рас сөз. Қазақ кашан да бірлігін бекем ұстап, елдігін срлігімен сактап қалудың камышда келе жатқан ел. Бұның көнедегі көрінісі – казақ хандығының тұсындағы дүбірлі кезең екені даусыз. Қазақ Ордасы – Алтын Орда империясына мұрагерлік етуге ұмтылған баҳадұр хандар мен батыр бабаларымыздың заманын әйгілейді. Бұл жайт оқулыкка еніп, жалпы көпке мәлім болмағанымен үркердей топтың ортасында белгілі сөз.

Елбасымыздың «Қазақфильм» АҚ-ның президенті Ермек Аманшаев мырзамен жүздесе отырып, хандар турали, хандар өмір сүрген дәуір туралы көркем фильмдер түсіруге кенес бергенін естіп «е, міне, әнгіме» деп елең еткеннін бірі мен болған шығармын. Жөн-ак. Алайда, біздін режиссерлар бар, «Қазақфильм» бар Елбасының тапсырмасын күтіп отырмай-ак, осыған баяғыда кірісіп кететін жөндері бар еді. Амал кем, тапсырма түспейінше, осылай тапжылмай отыра беруді әдетке айналдырып алғанбыз фой... Дегенмен де, ештен кеш жаксы. Президент Назарбаев бұның алдында да отандық экраннан ел тарихын көргісі келіп, «Көшпенілдердің» түсірілуіне пәр-

мен еткен. Ол фильмге шетелдерден режиссерлар мен актерлар шакырылып (аталған фильмнің сәтсіздігін Талғат Теменовке жаба беруге болмайды), ақыры су аяғы құрдымға кетті. Оның есесіне телеарналарымызды кәрістің батырлары жауап алды. Бірақ, осы арада Акан Сатаевтың ерлігін ерекше атап өтпесек болмайды. Ол өзінің жеке студиясының шекті мүмкіндігіне барын сала отырып, «Жаужүрек мың бала» атты фильм түсірді. Азды-кепті кемшілігі болғанымен Сатаевтың «Мың баласы» ел ішінде өте жылы қабылданды. Жастар дуылдата кол сокты. Өз тарихына деген құрмет пен мактаныш сезімі серпіліп бас көтерді. Көрдіңіз бе, казактың тарих пен бабалар ерлігін паш ететін кисса дастандарға рухани құранысы тым жоғары екен. Өз тарихын, өз ерлігін жоктамайтын ел бола ма? Казак та жоктайды, өзгелердің кереметіне бас шайкай отырып өзінікін іздейді. Ендігі сөздін кыскасы, хандар мен батырлар туралы фильмдер жарық көруі керек. Алайда, оған бүгінгі заманын қөзқарасын танып, бүгінгі уақыттын талабын қоюдын қажеті жоқ. Жәнібек пен Керейден бастап, Қасым хан, Бұрындық хан, Есім хан, Тәуекел хан, т.б. түгелімен «қайта тіріліп» Кенесары хан. Сыздық сұлтанға дейінгі уақытты тегіс камти алса, «Казакфильм» тарихта мәнгі қалар іс тындырғанға есеп дер едік. Бұлармен ілесе казактың азаттығын ансаған алашордашылар мен коммунист атанған, бірақ, шын мағынасында ұлтын сүйген ұлы тұлғалар – ғазиз ағалар жайында, ғаламат аштық, Карлаг пен Алжир касіреті, шетелдерге ауып, жер бетінің тозағын кешіп өткен еніреулі ел тағдыры таспаға тартылып жатса, және сонын бәрі кәсіби деңгейде түсіріліп, кино туындыға айналса, бек куанар едік.

Abai.kz
2014.08.25.

МАЗМҰНЫ:

I БӨЛІМ. Әңгімелер

Он сом (әңгіме).....	4
Байғыз әйсл (әңгіме).....	9
Жалбызым мениң – жалғызым (гротеск-әңгіме).....	15
Мүйіз тарак (хикаят).....	23
Күнгірт кеп (әңгіме-элегия).....	31
Әлімбектің әулеті (хикаят).....	33
Мысық пен Маруся (әңгіме).....	43
Әлкисса. Шахмаранның кітабы (хикаят).....	54
Қызыр әулие мен Мұса ғалайассалам (хикаят).....	68
Бөрі сокпак (әңгіме).....	87
Каска айғыр қайтып соғар ма? (толғай).....	99
Карататудың кабылан ұлы (әңгіме-эссе).....	102
Барлық жол данғылға бастайды (әңгіме-эссе).....	106
Д: Хармс Окиғалар (аударма).....	111
Әмірхантану әлеміне саяхат (эссе-толғай).....	116
Замандас. Мұндаст. Қаламгер (эссе).....	122

II БӨЛІМ. Abai.kz-тін кітабы

1.Кейіпкерлер каталогы.....	133
2.Дәстүрлі БАҚ және Жана медиа.....	174
3.Қоғамның жатыры.....	232

Дәурен ҚУАТ

ӘЛҚИССА (Қазак тілінде)

**«Каратай КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасының директоры –
Қасымхан БЕГМАНОВ**

Редакторы: Асан Қарамырза

Техникалық редакторы: Тағат Әлімжанұлы

Безендірген: Мейрамбек Еңсепбай

Басуға 06.04.2015ж.кол койылды

Каріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.

Пішімі 84x108 1\32. Шартты баспа табағы 15,12.

Таралымы 2000+150дана.

Тапсырыс № 428.

«Каратай КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,

Абай даңғылы, 143. офис 400

Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87772119934.

Эл.пошта: dastur_09@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басытып шыкты.



ЖШС РПБК «Дауір». 050009.

Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.

E-mail: priemn1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz

ISBN 978-601-7204-28-0





Дәурен Қасенұлы ҚУАТ – 1973 жылды, 10 ақпанда бұрынғы Талдықорған облысы (қазіргі Алматы облысы), Қапал ауданы (бүгінгі Ақсу ауданы), Ашыбұлақ ауылында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің журналистика факультетін бітірген.

Аудандық «Қапал еңбеккери» газетінде тілші болып қолына қалам алған ол әр жылдары: облыстық «Жерүйық», республикалық «Халық Кеңесі», «Қазақ елі», «Жас Алаш», «Алтын Орда» газеттерінде бөлім менгерушісі, бас редактордың орынбасары, бас редактор қызметін атқарған. Осы күндері «Абай-ақпарат» қазақ интернет кеңістігін дамыту қоры» ҚҚ-ның президенті әрі «Abai.kz» ақпараттық порталының бас редакторы. Еуразия жазушылары одағының мүшесі, түркі әлемі ақын-жазушыларына арналған М. Қашқари атындағы сыйлық пен F. Мұсірепов атындағы сыйлықтардың лауреаты.